ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



QAZAQSTAN

Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
АРҚАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ

«ҮШТІЛДІЛІК – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ»

тақырыбындағы республикалық
ғылыми-тәжірибелік
конференция

М А Т Е Р И А Л Д А Р Ы

М А Т Е Р И А Л Ы

THE MATERIALS

Республиканская
научно-практическая
конференция на тему:
«ТРЁХЪЯЗЫЧИЕ – ОСНОВА
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ»

Of the
Republican Scientific-practical
Conference
«TRILINGUALISM – THE BASIS
OF COMPETITIVENESS»

16 ҚАРАША НОЯБРЬ NOVEMBER 2018

Арқалық / Аркалык / Arkalyk

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Аркалыкский государственный педагогический институт им. И.Алтынсарина

Ministry of Education and Science of Kazakh Republic
Arkalyk State pedagogical institute named after Y.Altynsarin

«ҮШТІЛДІЛІК – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ»
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

16 қараша 2018 жыл

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научной-практической конференции
«ТРЁХЪЯЗЫЧИЕ – ОСНОВА КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ»

16 ноябрь 2018 года

Republican Scientific-practical Conference
«TRILINGUALISM – THE BASIS OF COMPETITIVENESS»

November 16, 2018

ӘОЖ 612.312.3
КБЖ 74.04
Ү98

Бас редакторы / Главный редактор:
Қуанышбаев С.Б. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректоры,
география ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:
Тимирбеков Н.М. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ проректоры,
техника ғылымдарының кандидаты.

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:
Педагогика және филология факультетінің деканы ф.ғ.к., АрқМПИ профессоры Калиев А.К., «Рухани жаңғыру» офисының директоры Тасмағанбетов С.Н., шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, магистр, а.о. Асанова А.К., п.ғ.к., доцент, профессор, Колдасбаева З.Ш., магистр, а.о. Багитжанова Ш.С., а.о. Жумабаева Г.С., магистр, а.о. Ахметова Г.Х.

Басылымға жауапты / Ответственные за выпуск:
а.о. Жумабаева Г.С.; магистр, а.о. Ахметова Г.Х.; редакциялық-баспа бөлімінің бастығы Амирбеков О.А.

Ү98 «Үштілділік – бәсекеге қабілеттіліктің негізі» / «Трёхъязычие – основа конкурентоспособности»/ «Trilingualism – the basis of competitiveness» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. (16 қараша 2018 ж.). - /Жалпы ред. г.ғ.д. С.Б. Қуанышбаев - Арқалық, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты 2018. 321 б./ Под общ.ред. Қуанышбаев С.Б. – Аркалыкский государственный педагогический институт им. Ы.Алтынсарина . Арқалық: АрқМПИ, 2018. – 321 б.- қазақша, орысша.

ISBN 978-601-7947-33-0

«Үштілділік – бәсекеге қабілеттіліктің негізі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілген.

В сборник вошли материалы республиканской научно-практической конференции: «Трёхъязычие-основа конкурентоспособности»

ӘОЖ 612.312.3
КБЖ 74.04

© Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты. 2018

Институт ректоры, г.ғ.д., профессор С.Б. Қуанышбаевтың
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Құрметті конференцияға қатысушылар!
Аса қадірлі қонақтар!

«Үштілділік – бәсекеге қабілеттіліктің негізі» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Конференцияның мақсаты:«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында көптілділікті дамыту, ұлттық кодты сақтау және бағдарламада белгіленген басқа да өзекті мәселелерді қарап, талқылау.

Бүгінгі жаһандану заманында көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған. Келшекке терең біліммен қадам басып, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр.Үштілді оқыту – заман талабы. Көптілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты жолдардың бірі.

Табысты болудың ең басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана зор табыстарға жете алады.

Жоғарыда аталған бағдарламаны жүзеге асыру барысында бүгінгі ғылыми-практикалық конференциясының маңызы зор.

Конференцияға Ресейдің Омск қаласынан, Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан, атап айтқанда Астана, Алматы, Қостанайқалаларынан мақалалар келіп түсті.

Қадірменді әріптестер!

Қазақстанның тілдер саясатындағы басты бағыт – тілдердің үштұғырлылығын кеңінен қолдану жолында Сіздерге сәттілік, дендеріңізге саулық және шығармашылық табыс тілеймін.

Конференцияның жоғары деңгейде өтуіне тілектеспін!

1 СЕКЦИЯ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ

ФИЗИКА ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Садыкова Б.С.
Темирханова А.К.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ

Аннотация: Физика является одним из инструментов обучения и воспитания студентов по своим содержанием и методом исследования и их способности мыслить, развивать логическое мышление, обучать их воле и поведению. Поэтому в данной статье даны задачи для развития творческих, коммуникативных способностей, абстрактно-теоретических и практических мышлении обучающихся, а также разговорные речи на английском языке.

Ключевые слова: Английский язык, система образования, среднее образование, трехязычие.

Annotation: Physics is one of the tools for teaching and educating students in their content and research method and their ability to think, develop logical thinking, teach them to the will and behavior. Therefore, this article provides tasks for the development of creative, communicative abilities, abstract theoretical and practical thinking of students, as well as spoken language in English.

Keywords: English language, education system, secondary education, trilingual.

Ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек. Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады». Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда. Сонымен қазіргі заман талаптарына сай білім беру жүйесі де жетіліп, жаңа қырларын ашуда. Демек бұл орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді, жүзеге асыруды және оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді.

Шетел тілін оқушыларға,студенттерге үйретудегі негізгі қағидалар: олардың сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау дағдыларын дамыту, қалыптастыру, оқушылардың,студенттердің белгілі бір дәрежеде шетел тілінде сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін ағылшын тілін сабақта жаңа технологиялардың тиімді тәсілдерін пайдалана білу. Төменде «Materials science» тақырыбына келесідей тапсырмаларды беруге болады. Мұндай тапсырмалар білім алушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Ең бастысы білім алушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Materials science

Materials science is an interdisciplinary field involving the study of different types of materials and the applications of knowledge about these materials to various areas of science and engineering. It combines elements of applied physics and chemistry, as well as chemical, mechanical, civil and electrical engineering. Materials science and materials engineering are often combined into a larger field of study.

Materials used in early human history included metals, glasses, and clay-based ceramics. The past century has witnessed a surge in the development of new materials, including plastics, advanced, ceramics, semiconductors, superconductors, liquid crystals, Bose-Einstein condensates, and nanoscale substances, with a wide range of applications. Furthermore, materials science has grown to include testing these more exotic forms of condensed matter and developing new physics theories to explain their behavior. Consequently, materials science has been propelled to the forefront at many academic institutions and research facilities.

Materials research at the basic level can lead to unprecedented influence on society. For example, semiconductor materials, which are ubiquitous in cars, telephones, computers, clocks, kitchen appliances, children’s toys, satellites, telescopes, and more, were a product of materials science research – into the electronic properties of the element germanium.

Task №1

Answer the following questions

1) What is the materials science?
2) What elements does materials science combine?
3) What did materials used in early human history include?
4) Why has materials science been propelled to the forefront at many academic institutions and research facilities?
5) What was the reason of the discovery of many important elements of modern materials science?

Task 2

Find the equivalents to the following words in the text and make up sentences with them

For instance, ancient, include, university, investigation, period of time, appear.

Task № 3

Give explanations for the following words: applied physics, telescope, discovery, civilization, stone age, quest, environmental degradation, physical properties, greenhouse gases.

Task № 4

Put definite or indefinite articles

Materials science is one of _oldest forms of applied science and engineering. In _ the history of human civilization, different eras have often been retrospectively identified according to _ advance in _ human ability to work with _ new type of material. Examples are _ Stone Age, Bronze Age, and Iron Age.

Active vocabulary

Ubiquitous – барлық жерде

Unprecedented - бұрын-соңды болмаған

Alloy - қорытпа

Century - ғасыр

Integral - маңызды, бөлінбейтін; толық, тұтас

Influence – әсер

Fiber optic – талшықты-оптикалық

Interdisciplinary – пәнаралық

Implant –ендіру

Demand – талап

Solutions – шешім

Task 5

Put words in brackets into the correct form

Many important elements of modern materials science (result) from the space race. In particular, the understanding and engineering of metallic alloys, ceramics, and other materials (be) useful for the construction of space vehicles, space suits, and so forth, and the new knowledge (find) valuable for various consumer and industrial applications as well. Materials science (lay) the physical foundations of 21st century civilization, (be) integral to everything from fiber optic cables to tennis shoes, and from solar cells to sail boats. Materials science (continue) to be centrally important in the quest for (find) technological solutions toward sustainable development in the face of environmental degradation and the continued buildup of greenhouse gases due to the burning of carbon – based fuels [2, 32].

Қорыта келгенде, білім алушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. Сондықтан, мұғалім жаңашылдыққа бейім болып, әрдайым ізденісте болуы тиіс. Қоғамда ағылшын тілінің өзіндік алатын орны ерекше. Әлем күн сайын өзгеруде,заман талаптары жоғары,сондықтан біз заманның ағымына ілесіп, жаңашылдықпен жаңарып отыруымыз керек. Сол себепті бәсекелістікке қабілетті болуы үшін, заман талабына сай білім берілу керек. Үш тілділік–бәсекеге

қабілетті елдер қатарына апарар жол десек, үш тұғырлы тіл - бәсекеге қабілетті ұлт болудың игі бастамасы.Үш тілді меңгерген жас ұрпақтың болашағы жарқын,алар асуы мен бағындырар белесі мол болары анық.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Елбасы жолдауы. 2014ж. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 2016 ж.
2. L.E.Strautman, Sh.B.Gumarova, N.K. Sabyrbaeva Introduction to the world of physics. Teaching manual. Almaty, 2015. -164 p.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА CLIL ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Дәуренбек Б.С.
Родина жалпы орта білім беретін мектебі
Арқалық қаласы

Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі. Мәселен, ежелгі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған көрінеді. Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз [1].

Елбасымыз үштілді білім беру жүйесін енгізе отырып қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде ал әлемдік экономикаға үйлесімді тіл ретінде ағылшын тілін меңгерту мақсатын көздеп отыр. Осы мақсатта тіл емес пәндерді ағылшын тілінде оқыту арқылы ел болашағын дамытуды көздейтініміз сөзсіз.Тіл емес пәндерді басқа тілде оқыту әлімнің бірнеше мемлекеттерінде ұтымды жүзеге асырылып келеді. Мектептерде ағылшын тілдерінен басқа да қытай, жапон, француз, орыс тілдерін үйретіп жоғары жетістіктер көрсетіп отырған Еуропалық елдер елдер де бар.

Тіл емес пәндерді ағылшын тілінде оқытуда тиімді әдістердің бірі “Content and Language Integrated Learning” деп аталады. Аталған әдісті алғашқылардың бірі болып тәжірибеге енгізген Дэвид Марш атты лингвист, еуропалық профессор.Бұл әдістің ерекшелігі CLIL – физика, математика, биология, география, информатика сияқты пәндерге қолдану арқылы тілді үйретуде өте тиімді болып келеді. CLIL әдісін қолданудың барысында мақсаты пәнді басқа тіл арқылы оқу. Ғалымдар әдістің ерекшелігі тілді жай екінші тіл ретінде мақсатсыз оқудан гөрі белгілі материалды игеру мақсатында оқу

айтарлықтай нәтиже беретіндігін дәлелдеген. Бұл үйренушіге мақсаттылық және мотивация, материалды игеруге қызығушылық береді. Кейбір тіл үйренушілер граммматиканы оқудан жалығады,әсіресе оқушылар грамматиканы есте сақтауды жақсы көрмейді,сондай жағдайларда CLIL әдісі оқушының ағылшын тілін меңгеруіне көмектесе алады.CLIL әдісін пайдалану ұстаздан тіл және контентті игерту мақсатында алдын ала дайындықты талап етеді. Осы орайда CLIL арқылы сабақ өткізетін ұстаз қандай болу керек деген сұрақ туындайды. Сабақ өткізу тілін игерген,яғни ағылшын тілінде өткізетін болса, ағылшын тілін кем дегенде интермедиат деңгейде білетін, сол тілде еркін сөйлеп оқушылармен қарым-қатынас жасай алатын кәсиби маман.Ұстаз барлығын идеалды түрде білуге, басқа тілдің қыр- сырын ана тілімен тең деңгейде білуге міндетті болып есептелмейді. Өз тәжірибемде көргендей, оқушыға түсінікті қиын емес сөйлемдер мен сөз тіркестерін ұтымды пайдаланып пәнді оқыту маңызды. CLIL әдісін сабақта пайдалануда ұстаз үшін де, оқушылар үшін де бірқатар кедергілер кездеседі [2].

Олар: Ағылшын тілінде сөйлеудегі барьердің пайда болуы;

Ағылшын тілін тыңдаудағы барьердің болуы;

Оқушылардың ағылшын тілін білу деңгейлерінің әр түрлілігі;

Ойын жеткізуде толық сөйлемдерді қолдана алмауы;

Жоғарыдағы кедергілерді жеңу үшін сыныпта қолайлы атмосфера жасай білу қажет, конфликтті немес өте қатал жағдайда тілдік барьер тереңдей береді. Сондықтан ұстаздың оқушылармен бірге білім алушы ролі мен бағыттаушы ролін қатар меңгеруі маңызды.Тыңдау және түсіну барьерін жеңу оқушылар мен ұстаздан ұзақ уақытты талап етеді.Кейбір оқушыларда түсіну мен сөйлеу процестері қатар жүрмейді, оқушы сөйлей алуы мүмкін де тыңдаған кезде ештеңе түсінбейді, немесе керісінше үрдіс жүреді. Бұл кедергілерді жеңу үшін мұғалім мәтінді аудиоларды тыңдатуына болады.Бұл үрдістер оқушылардың индивидуалдық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне байланысты болғанмен ұстаздың көмегінсіз кедергілерді жою қиынға түседі. Ойын толық жеткізе алмайтын оқушылардың сөздік қорын толықтыру мен аудитория алдында сөйлеу қорқыныш сезімдері болуы мүмкін, оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеу еркіндігі біртіндеп байқалады Бұл заңды құбылыс болып табылады және ұзақ шыдамдылықты қажет етеді [3].

Тәжирибе жүзінде оқушылардың жас ерекшелігі мен жеке қызығушылықтарына мән беру оқушының мотивациясысна әсер етеді. Мысалы, 6-сынып оқушылары ұзақ, қиын сөздері көп мәтіндерді көргенде тез шаршап оқуға қызығушылығы жоғалады. Сондықтан оларды оқытуда анимациялық фильмдер тыңдату, қысқа мәтіндер оқытудан бастаған жөн. CLIL әдісін пайдалануда оң нәтижеге жету үшін ағылшын тілін аз мөлшерде пайдаланудан бастау оқушылардың психологиялық дайындығын арттырады.Ұстаз бірден сабақ бойы ағылшын тілінде сөйлеп, барлық сабақ материалдарын ағылшын тілінде ұсынатын болса оқушылардың қабылдау қабілетіне теріс әсерін тигізеді. Алғашында 5-10 минут қана кейін сабақ уақытын ұзарту тиімді нәтиже береді. Оқушылар 5-6 сыныптарда өзге тілді

жақсы қабылдайды, неғұрлым есейіп 15-16 жасқа толған оқушылардың қабылдаудағы кедергілерін жою қиындай береді.Индивидуалдық ерекшеліктеріне байланысты көру арқылы қабылдап есте сақтап оқитын, жазу арқылы немесе дыбысты тыңдау арқылы есте сақтайтын оқушылардың ерекшеліктері болады. Көбінесе есту арқылы есте сақтауға бейім балалар ағылшын тілінде тез сөйлейді де айтылымда қатесін аз жібереді,мұндай оқушылар ән айтуға музыкалық қабілеттері бар балаларды жатқызуға болады. Жазу арқылы және көру арқылы есте сақтайтын визуалдарды словарь және дәптерді кеңінен пайдалануға бағыттау қажет.Олар мұғалім сөйлеу барысында тақтаға жазып экраннан көрсетіп отыруды қажет етеді. Күнделікті сабақта қолданылатын сөйлемдерді оқушы есту арқылы есте сақтайды, оқушыға “сыныпқа кір”, “басқа сыныпқа барамыз”, “қандай қиындықтар бар” т.б ескертулерді ағылшын тілінде айту олардың есту арқылы есте сақтауын дамытады. Әдісті пайдалануда қатып қалған қағида жоқ, өйткені оқушылар әр түрлі дамиды, мұғалім бір немесе үш ай аралығында сабақты толық ағылшын тілінде өткізуге ауыса алады. Алғашқы сабақтарды бастамас бұрын оқушыларды психологиялық дайындықтан өткізудің қажеттілігі бар, мінезі байсалды емес оқушылар әр түрлі себептерді айтып мұғалімнің тапсырмаларына селсоқ қарауы мүмкін, ол үшін алдымен сынып жетекші және ата-анасына қажеттіліктерді түсіндіріп айтудың маңызы бар.Оқуда дислексиясы бар, ерекше назарды қажет ететін оқушылары бар сыныптарда ата-анасына ескерту мен қосымша жұмыстар жасау қажет етіледі. Демек, оқушылардың ерекше қабілеттерін пайдалана білудің маңызы бар [4].

CLIL-әдісін қолданып сабақ өткізу кезінде аударма сөздік,”translator”, сөздіктер қолдануға рұқсат етіледі. Оқушының мәтінді аударуына электронды нұсқадағы сөздіктерді қолдануына болады. Мысалы, Алғашқы сабақтарда 5-7 минутқа сиятын, тақырыпқа сай ағылшын тіліндегі видео материалдарды тыңдатудан бастаған тиімді, өйткені оқушы тыңдау және көру арқылы өтетін сабақтардан кейін стреске түсу мүмкіндігі азаяды. Бірнеше сабақтардан кейін оқушыларға қазақ және ағылшын тілдегі нұсқаларда сұрақтар қойып бейнелерде қандай құбылыстарды көргендерін сұрауға болады. Оқушыларға ілестірме сұрақтарды қою арқылы диалог дамытуға болады, сыныптағы барлық оқушылар толық жауап бере алмаса да, жай сөйлемдермен ғана жауап бере алатын оқушылардың жауабын әрі қарай дамытуға болады. Үй тапсырмасына тақырыпқа сай жаңа сөздер жазып келуге тапсырылса келесі сабақта жаңа сөздерді пайдалануға тапсырмалар беріледі.

CLIL әдісін қолдануда қарапайым диалог құрастыру, қысқа мәтінді эсселер жазғызу, суретті әңгімелеу, ойындар ойнату, подкасттар тыңдату тиімді нәтиже береді. Күнделікті сабақта айтылатын сынып тілі ағылшын тіліне толығымен ауыстырылғаны да маңызды. Сабақтың құрылымы бастапқыда қайталанбалы болса оқушы тәртіпке үйренеді, әдістерді де өте қарапайымнан күрделіге қарай ауыстыруға болады.Өйткені белгілі бір қайталанбалы сабақты оқушы меңгергенге дейін сол сабақта қолданылатын қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдерге құлақтары үйренеді [5].

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, сабақта белгілі дәрежеде қиындықтардың да болуы мүмкін. Сонымен қатар контентті игеруге уақыттың жетіспей қалуы, мұғалімнің жоспарының толыққанды жүзеге аспауы мүмкіндіктері болуы CLIL сабақтары барысында қалыпты деп есептеледі. Оқушыларда барлық тіл үйренушілерге қатысты қателіктер кездеседі, жазу мен сөйлем мүшелерінің орындарының ауысуы, айту кезіндегі қателіктер, орфографиялық, пунктуациялық қателер көпжіберіледі. Бастапқыда сөйлеу кедергісі бар оқушылар сабақта белсенділік таныта бастаған кезде олардың қателіктерін сөзін бөлмей сабақтың соңына қарай барып түсіндірген жөн, өйткені ең бастысы сөйлеу кедергілерін жою мақсатында жұмыс жасау деңгейінде бұл қателіктергі аса назар аудармаған жөн [6].

Өз тәжірибемде байқағандай Фин балалары мен қазақ оқушыларының ағылшын тілін меңгеруге деген қызығушылығында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ, оқушылар барлық тапсырманы да қызығушылықпен орындайды, сынып ішінде өте белсенді білім алушылармен қатар белсенді емес оқушылар да кездеседі. Бірақ Фин балаларының ағылшын тіліне қолжетімділігі жоғары, тіл тасымалдаушылармен сөйлесуге, субтитрлермен бейнефильмдер, жаңалықтарды оңайлықпен пайдалануға жағдайы бар. Ағылшын тілін үйрену кезінде оқушыларды бірнеше топтарда жұмыс жасауға үйретудің маңызы бар. Олар бір-біріне көмектесу арқылы оқуына жағдай жасау мұғалімге көмек бола алады. География пәнін ағылшын тілінде оқытуда тақырыпқа сай терминдерді видеолар мен мультфильмдер, оңай кинолар арқылы есте сақтауға үйретуге, мәтіндік тапсырмалар, түртіп алу әдістерін пайдалану арқылы оқытуға болады.

Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу – біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде.Сондықтан тиімді әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқыту нәтижеге жеткізеді [7].

Әдебиеттер

1. Б.Айтмағанбетов. Оқыту прцесін ұйымдастыру. Алматы 1991ж.
2. Ә.Бейсенова. Электрондық оқулық. Алматы, АОРО, 2001
3. Географиялық білімнің мемлекеттік стандарты.Алматы 2008
4. Географиялық энциклопедия.1988
5. Қазақстан Республикасынң білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасы.
6. Ә.Жүнісбек.Жаңа технология негізі- сапалы білім.- //Қазақстан мектебі,№4,2008
7. Ғ. Мутанов. Білім беру жүйесін ақпараттандырудағы жаңа қадам. Информатика негіздері.№1 2005

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА CLIL ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ

Мырзалиева Ж. Б.
Ахмедина А. Қ.
Ы.Алтынсарин атындағы гимназия
Арқалық қаласы

Қазақ елінің тәуелсіздігі нығайып, қоғамдағы демократияның өрісі кең қанат жайған шақта адамның қоғамдағы және жеке тұлға ретіндегі рөлі жаңа сипатқа ие болуда.Соған орай рухани құндылықтар жаңарып, мұғалімнің кәсіби дамуындағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді.Жалпы айтқанда, мектепте оқытылатын әрбір пән оқушы тұлғасын жетілдіріп қана қоймай, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді.Мұғалімнің өзі оқушыға жан-жақты білім алуына бағыт-бағдар беруі үшін мәдениетті, шығармашыл, инновациялық тұрғыдан ойлай алатын және бірнеше тілді білетін маман болуы шарт.

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін (CLIL- Content and Language Integrated Learning) яғни, кіріктірілген бағдарлама арқылы екінші тілді меңгеру.Қазіргі уақытта аталмыш әдіс үздіксіз өзгеріс үстіндегі мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттіліктерін бір белгісі болып табылатын тілдерді және екінші тіл шетел тілінде пәндерді игеруді жүзеге асыру үшін әзірленген.Осыған байланысты, пәндерді екінші және үшінші тілдерде оқытуда мұғалімдер CLIL әдісін кеңінен қолдануда.Бұл әдістің тиімділігін бірден айту қиын, себебі, бұл бірнеше жылдың жемісі.Ең алдымен, бұл әдіс оқушылардың тілдік құндылығын артырып, өз мәдениетін бағалауға, өзге мәдениетті құрметтеуге үйретеді.Оқушылар бірден екінші тілде сөйлеп кетпейді. Уақыт өте келе, оқушыларға берілетін тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы керек.Скаффолдинг тапсырмалары арқасында оқушылар тілді базалық қарым-қатынас дағдысынан (BICS) академиялық тіл білу дағдысына (CALP) біртіндеп көшеді.Олар сұрақты бірінші тілде қойса, мұғалім екінші тілде жауап беруге тырысу керек.Ең басты қағидат, оқушылардың сыныпта меңгерген дағдысын өмірде қолдана білу керек.Сабақ жоспарын құрғанда ескеретін жағдай оқушыларға берілетін тапсырма шынайы нақты өмірден алынған болуы керек, себебі, оқушылар бұл проблеманы шешу барысында қызығушылығын жоғалтпауы тиіс.Шешуге болатын проблеманы беріп, оның шешімінің бір нұсқасы мұғалімде болуы керек.Сонымен қатар, оқушылар топта,жұпта жұмыс жасауға дағдылану арқылы бір-бірін үйрету, жетелеу арқылы тілді тез меңгереді.Оларға ой еркіндігін беріп, көбірек сөйлетуді үйрету керек [1].

Екінші тілде оқыту төрт дағдыға негізделеді.Олар тыңдалым,оқылым, жазылым және айтылым.Тыңдалымға арналған өте көп тапсырмалар бар. Мысалы, тыңдалым мәтінін бірінші тілде, яғни, қазақ

тілінде тыңдап, оны екінші тілде айтуға дағдыландырады.Оған қоса ақпаратты мазмұнды, жүйелі, жалпы алғанда сапалы болуға жетелейді.Тыңдалған мәтіннің негізгі ақпаратын бөліп алып оны өзінше айтуға тырысады.Тындалған ақпараттағы автордың көзқарасын, кілтті сөздерді іріктеп алып дұрыс топтастырғаны бойынша оқушылармен ой бөлісуді ұмытпау керек.Тыңдалым арқылы оқушылардың сөздік қорлары молайып, оқылым және жазылым дағдыларының жетілуіне әсер етеді.Осы тыңдалым тапсырмасы негізінде оқушыларға кесте, диаграмма, ментальді картаны жасауға болады [2].

Үлгі **"Шын және жалған "тапсырмасы.**

Тұжырымдар	Шын	Жалған
Азот тыныс алуды қолдайды		✓
Ауаның 78%-ін азот құрайды	✓	
Азот белсенді газ		✓

Келесі дағды ол оқушылардың оқылым дағдысын жетілдіру қарапайым тапсырмалардан басталып, проблемалық оқыту тапсырмаларына дейін қамтуға болады. Оқу сауаттылығы деп оқушы өзіне берілген мәтіндерді түсініп, оларға рефлексия жасап, мазмұнын өмірмен байланыстыра білу дегенді білдіреді.Оқылым дағдысының да өзіндік ерекшелігі бар. Ең бастысы, түсініп оқу, зерттеп оқу, сын тұрғысынан ойлау, аргументтер келтіріп оны дәлелдей білу. Оқылым дағдысына негізделген тапсырмалардың бірі - ол перифраз. Оқушы өзіне берілген мәтінді түсініп, өз сөзімен қайта жазу. Бұл тапсырма арқылы оқушының мәтінді қаншалықты түсінгендігін айқындайды әрі екінші тілде сөйлемдерді дұрыс құрастыруға үйретеді. Түсінуге жеңіл әрі сабақтың қызығушылығын арттыру мақсатында сурет, кесте, диаграмма арқылы да ақпаратты бірінші тілде оқып, екінші тілде сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйретеді.Сингапур мемлекетінен алынған **FILA кестесі** немесе ойлау шаблоны. FILA кестесін толтырмас бұрын топ ішінде оқушылар проблемалық ситуацияны жан-жақты талдап алады. Содан кейін кестені толтыруға кіріседі. Бұл кесте оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып, ситуациядан шығу жолдарын қарастырады. **Мақсаты** проблемалық ситуация құру арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігінің ойлау қабілетінің дамуын көрсету [3].

Үлгі Марат "Құнарлы нан" наубайханасынан бір бөлке нан сатып алады.Ол үйіне келген соң, нанда жасыл дақты байқайды.Бұған налынған Марат қайта барып, ақшасын қайтаруды талап етеді.Наубайханашылар бұл нанда дақтың қалай пайда болғанын білмейтінін, бұған наубайхананың ешбір қатысы жоқ екеніндігін айтады. Марат бұл ситуациядан қалай шығады? Көмектесіңіздер?

Ситуацияның шешімі әртүрлі болуы мүмкін.

FACTS-мәліметтер	**IDEAS-идеялар**	**LEARNINGISSUES-зерттеуді талап ететін сұрақтар**	**ACTION PLAN-шешімдер жоспары**
• "Құнарлы нан" наубайханасы • Нан бөтелкесі • Жасыл дақ • Марат наубайханадан нан сатып алды • Ақша қайтарылмады	• Дина өтірік айтады • Наубайханадағылар өтірік айтады • Жасыл дақ- ол көк • Тұрып қалған нан • Арнайы нан сорты • Марат сорттарды ажырата алмайды	• Жасыл дақтың табиғаты қандай? • Көгеру қалай пайда болады? • Көгерудің адам денсаулығына кері әсері қандай? • Көгерудің пайда болуына не әсер етті?	• Нанды зертханаға өткізу • Наубайхананың жағдайын зерттеу • Диетологпен кеңесу • Жоспар құру

FILA кестесін қолдану үшін уақытты тиімді пайдалану топтың өз еркіне беріледі.Топ құрамы мұғалімнің ұйғарымымен құрылуы мүмкін [4].

Жазылым дағдысы кезінде шағын өлең жолдар, шағын әңгіме, ашық хат (құттықтау), диалогтер, оқиғаны аяқтау, пікір, хат, эссе және тағы басқа тапсырмаларды қолдануға болады. Мысалы, берілген сюжетті сурет пайдаланып, досқа хат немесе блогқа ақпарат жаз деген тапсырмалар беруге болады. Кез-келген жұмысты орындау барысында оқушы жазба жұмысының орындау стилін ұмытпағаны жөн.Егер ол досына жазған хат болса хат жазу үлгісін, егер мінездеме болса ресми іс-қағаздар толтырудың ерекшеліктерін назарда ұстап жазу керек. Жазылым дағдысындағы ерекше тапсырмалардың бірі- ол эссе жазу. Эссе жазудың өзіндік жүйесі бар. Яғни, тезис, тезиске сай аргументтер келтіру, себебі және қорытынды болуы керек.Тілді меңгерудегі ең негізгі есте ұстайтыны-айтатын ойын түсінікті етіп жеткізу керек.Талдау жұмыстарын жүргізген уақытта мысалы, мәтінді, фильм,мультфильм, кино, видеоролик, суретке қарап төмендегі кестені қолдануға болады [5].



Үлгі

№	Видеокөрініс атауы?	
1	Идеясы	
2	Кейіпкерлері кімдер? Мұндай кейіпкерлер өмірде кездесе ме?	
3	Видеокөріністің екі мықты жағы қандай?	
4	Видеокөріністің екі әлсіз жағы қандай?	
5	Видеокөрініс сізді қандай сезімге бөледі?	
6	Қандай өмірлік сабақ алуға болады?	

Айтылым – адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасу, диалог құру, хабарлау т.б. үрдістермен іске асады.Айтылымда оқушы айтатын ойын түсінікті етіп жеткізу. Әр оқушы өзінің ой-пікірімен бөлісіп, ортаға салады.Сонымен бірге айтылым дағдысын жетілдіруде рөлдерге бөлініп ойнау, интервью, монолог және т.б.қолдануға болады. Ойлануды қажет ететін тапсырмаларды қолданған кезде, оқушылар оларға анализ жасап, өз пікірлерін қорғауда, дәлелдемелерін келтіріп айтуда – **SWOT** әдісі кеңінен қолданады.

S(мықты жақтары)	**W** (әлсіз жақтары)
O(мүмкіндіктер)	**T** (қауіп)

Қорыта келе,енгізіліп жатқан білім саласындағы өзгерістер оңтайлы нәтижесін беруде.Бірнеше жыл бойы жүргізіліп жүрген зерттеулердің нәтижесінде CLIL әдісінің ұтымды тұстарын барлық ел көріп отыр.

Әдебиеттер

1. Б.Әлімекеева« Педагогикалықоқытутехнологиялары» 5-6 бет
2. География в школе. №4 1997ж 7-8 бет. А.Байжанов «География сабақтарында оқыту үрдістері»
3. Биология, география жәнехимия.№3 2002ж 8бет. Ә. Сәулеева «Жаңапедагогикалық технология»
4. Биология, география және химия.№2 2008№ 17 бет. Р. Жұмаділов «Оқытудың жаңа технологиялары»
5. Қазақстан Республикасынң білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасы.

ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ

Молдағажиева З.С.
А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебі
Арқалық қаласы

Аннотация: В статье излагается возможности интеграции химии и английского языка в учебном процессе.

Annotation: The article describes the possibilities of integration of chemistry and English language in the educational process.

Педагогикалық жүйе әр тарихи дәуірде елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Экономикасы дамыған елдердің білім беру жүйесінде реформа орташа есеппен алғанда әр он жыл сайын жүргізілетінін әлемдік тәжірибеден көруге болады. Бұл ретте қоғам дамуының барлық кезеңдерінде жаңа стратегиялар және педагогикалық жаңа технологияларды талап ететін білім алушылардың сапалы дайындығына назар аудару қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін, оның ішінде жалпы орта білім беруді жетілдіру бойынша кең көлемді іс-шаралар

жүзеге асырылуда. Сондықтан да пән бойынша оқу материалы оқушылардың ана тіліндегі пәндік білім деңгейінен сәл төмен күрделілік деңгейінде іріктеліп алынуы тиіс. Оқу материалдарын таңдау пәннің құрылымы мен ерекшелігіне байланысты болады.

Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, химиялық элемент терминдерін ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамуға болады.

Сонымен бұл әдіс оқушылардың тілдік қарым-қатынас қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағдай жасайды және бір мезгілде екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге де аударылуы мүмкін. Сондай-ақ ағылшын тілін жаратылыстану бағыты пәндерімен кіріктіріп оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерін атап көрсетер болсақ. Олар:

1. Оқушылар арысында диктанттар жүргізу;
2. Диалогтік немесе монологтік түрде оқушыларды бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау.
3. Жаңа мәтіндер арқылы оқушылармен жұмыстар жасау.
4. Сөздер мен сөйлемдерді жаздыру арқылы бір-бірімен өзара тексерулер жүргізу.
5. Қолданылған мәліметтің көлемін арттырып отыру.
6. Оқушыларды әр түрлі терминдерді жатқа айтуға дағдыландыру.

Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану-математика бағытындағы атап айтқанда, физика, информатика, биология, химия пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдерін қазіргі білім жүйесінде кеңінен ауқымды түрде қарастырып жатқаны мәлім.

Осыған орай жаратылыстану пәндерінің ішінде химия пәнін ағылшын тілінде оқытудың маңыздылығын айта кетер болсақ, ең алдымен оқушылардың химиялық терминдерге байланысты сөздік қорын кеңейте отырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, өмірде болып жатқан әрбір химиялық құбылыстарды ағылшын тілінде жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік туғызады. Химия пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қарапайым көрсетулер оқушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды.

Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Мысалы: *Химиялық элементтердің периодтық кестесі жалпы түсінікті үш тілде жазу тапсырмаларын беруге болады. Сабақ барысында қосымша берілетін*

химиялық элементтерді үш тілде жазу және айту оқушының сөз қорын қалыптастырады.

Қазіргі уақытта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылып, енгізілуде. Білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары оқушылардың бойына рухани құндылықтар мен дағдыларды сіңіре отырып оқыту мақсатында қаламызда химия-биология-физика-информатика мұғалімдері білімін жетілдіруде.

Мектептерде көптілді білім бере отырып тілді терең меңгерген шәкірттер білім алып шығуы тиіс. Жалпы пәнді үш тілде оқыту қазіргі кезде көп қолдауға ие болып отыр. Бұл қажеттіліктен туындады. Көптеген қазақстан мектептерінде пәндерді ағылшын тілінде жүргізу жүзеге асырылуда.

Мектеп оқушылары халықаралық олимпиадаларға химия пәнінен көптеп қатысуда. Ал осы олимпиадалар мен ғылыми жобалар ағылшын тілінде қорғауды қажет етеді. Көп жағдайда химия пәнін жақсы меңгерген оқушылар ағылшын тілін жетік білмегендіктен осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмай жатады. Осы кедергілерді жою мақсатында, мектепте өтілетін пәндерді үш тілге негіздей отырып өткізген тиімді. Осыған орай елімізде ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдер дайындалуда. Мен ағылшын тілі курсын оқу барысында химия пәнінде жаңа әдіс тәсілдерді тиімді қолдану жолдарын, оқушыларға жаңа ақпаратты іздеп табуға зор мүмкіндік бар екенін үйрену үстіндемін.

Қазіргі оқыту үдерісінде – жаратылыстану-математикалық, химия-биологиялық пәндерді ағылшын тілінде оқытып, ғылыми дайындықтың әлдеқайда жоғары деңгейін көтеруді қамтамасыз етуде.

Ағылшын тілінде химия пәнін оқытудың себебі шетел тіліндегі сөйлеудің пәндік мазмұны басқа білім салаларынан мағлұматтар алатынын түсіндім. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру шет тілдік қарым-қатынастың пәндік мазмұндық аспектісін байытуда, оқу мотивациясын арттыруда, жеке тұлғаны және оның білім алу мен өзін-өзі жетілдіруін дамытуынан көрінеді.

Химия пәнінде қолданылатын негізгі терминдерді ағылшын және орыс тілдеріндегі аудармаларын бірге үйрету. глоссариймен жұмыс істеу.

Бұл кесте бойынша мұғалім кез келген кестедегі қажетті бағандарды толтырта алады. Элементтердің қазақша атауын, орысша атауын немесе ағылшын тіліндегі атауын, элементтің таңбасын, оқылуын немесе салыстырмалы атомдық массасын толтыртуға болады. Сонымен бірге тапсырмадағы бағандар да мұғалімнің қалауына қарай таңдалып алынады.

Қазақша атауы	*Орысша атауы*	*Ағылшынша атауы*	*Элементтің таңбасы*
Сутегі	*Водород*		*H*
Оттегі	*Кислород*		*O*
Сынап	*Ртуть*		*Hg*
Алтын	*Золото*		*Au*
Көміртек	*Углерод*		*C*
Калий	*Калий*		*K*
Мыс	*Медь*		*Cu*

Темір	*Железо*		*Fe*
Күміс	*Серебро*		*Ag*
Қорғасын	*Свинец*		*Pb*
Азот	*Азот*		*N*
Барий	*Барий*		*Ba*
Йод	*Йод*		*I*
Мырыш	*Цинк*		*Zn*
Хлор	*Хлор*		*L*
Фосфор	*Фосфор*		*P*
Фтор	*Фтор*		*F*
Марганец	*Марганец*		*Mn*

Жалпы пәнді үш тілде оқыту қазіргі кезде көп қолдауға ие болып отыр. Бұл қажеттіліктен туындады. Мектеп оқушылары халықаралық олимпиадаларға көптеп қатысуда, ал осы олимпиадалар мен ғылыми жобалар ағылшын тілінде қорғауды қажет етеді. Көп жағдайда химия пәнін жақсы меңгерген оқушылар ағылшын тілін жетік білмегендіктен осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмай жатады. Осы кедергілерді жою мақсатында, мектепте өтілетін пәндерді үш тілге негіздей отырып өткізген тиімді. Көптеген Қазақстан мектептерінде пәндерді ағылшын тілінде жүргізу жүзеге асырылуда. Осының барлығын негізге ала отырып химия пәнін үш тілді үндестіре оқытудың маңызы өте зор деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік:Педагогика /О74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
2. Белоусова Татьяна Геннадьевна, Интерактивный урок по химии на английском языке «Фантастическая периодическая система» “Fntsti Periodi Tble” https://infourok.ru 2016
3. Павлова Елена Сергеевна Вестник Челябинского государственного педагогического университета 2015. С. 85-86 б
4. Г.Е.Азимбаева,Иманбаева А.Б. /Билингвалды оқыту жағдайында химиялық тілді қалыптастыру/Алматы 2017 261б.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2015.
6. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік:Педагогика /О74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
7. Белоусова Татьяна Геннадьевна, Интерактивный урок по химии на английском языке «Фантастическая периодическая система» “Fntstic Periodic Tble” https://infourok.ru 2016
8. Павлова Елена Сергеевна Вестник Челябинского государственного педагогического университета 2015. С. 85-86 б
9. Г.Е.Азимбаева,Иманбаева А.Б. /Билингвалды оқыту жағдайында химиялық тілді қалыптастыру/Алматы 2017 261б.

2 СЕКЦИЯ
ҰЛТТЫҚ КОДТЫ САҚТАУДАҒЫ ТІЛ, ӘДЕБИЕТ, ТАРИХ ПӘНДЕРІНІҢ РОЛІ, ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЖАҺАНДАНУ ТАЛАБЫ

С.Б.Қуанышбаев
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры

Қазақстан жағдайында латын әліпбиіне көшу мәселесі тәуелсіздік алғалы бері дүркін-дүркін көтеріліп, әсіресе соңғы он жылда күн тәртібінен түспей келеді.

«Қазақстан -2050» стратегиясында ел алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі ретінде алға қойылғаннан соң, бұл мәселе ерекше қарқын алып, латын жазуын енгізудің саяси - әлеуметтік, экономикалық, мәдени - рухани, техникалық - психологиялық сияқты жақтарын ғылыми - қоғамдық сараптамадан өткізу шаралары жүргізілді. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірудің теориялық, практикалық жақтарын талқылаған түрлі жиындар, баспасөз беттерінде пікіралысулар ұйымдастырылды.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлкеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл ұлт – болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін, осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деген болатын.

Қазақстан мемлекет болып құрылғалы бері, XX ғасырдың басында араб әліпбиі біраз қолданыста болды. Одан бертінде Ахмет Байтұсрыновтың төте жазуы енді. 1939-40 жылдары қазір тілге тиек етіліп отырған латын әліпбиін қолдандық. Содан кейін кеңестік саясаттың ықпалымен кирилицаға көштік. Осылай қазақ халқы біраз әліпбиді басынан өткерді.

Ал, тәуелсіз ел болғалы латынға көшу туралы мәселе жиі көтеріле бастады.

Биылғы 2017 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үш бірдей жаңа бастама көтеріп отыр. Жыл басындағы Жолдауын Президент саяси жаңғыруға орайластырса, одан кейінгі экономикалық жаңғырудан соң, рухани жаңғыру бағдарламасы сынды. Сондағы түпкі мақсат – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы руханият саласындағы алда тұрған міндеттерді айқындап берді. Соның ішінде негізгісі – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру.

Дерек көздеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 112 мемлекеті, яғни 80 пайызы латын әліпбиін, 48 мемлекет араб әліпбиін қолданады екен. Ал, Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекші алты тілінің ішінде үш тіл латын әліпбиін қолданады. Тілдік отбасы үндіеуропа жазуы латын тілінен алынған. Қазіргі заманауи тілдердің негізгі – осы латын тілінен бастау алады.

Кешегі Кеңес Одағынан түркітілдес мемлекеттердің ішінен екі ел, яғни Қазақстан мен Қырғызстан ғана криллицаны қолдануда. Әзірбайжан, Түрікменстан, Өзбекстан және Түркия мемлекеті латын әліпбиіне өткен.

Әлемдік ақпарат кеңістігіне шығатын бірден-бір төте жол – тек латын жазуы. Ал, латын әліпбиі тарихи дайын тұрған дүние. Қазірдің өзінде латын қарпі мектептерде оқытылып, электронды ақпарат құралдарында кеңінен қолданылуда. Латын әліпбиі бүгін интернет пен технологияның тіліне айналып отыр.

Латын тілінің тиімділігіне тоқталсақ

- латын жазуды қолдануға, фонетикасы бойынша функционалды және бастауын мектептердің оқушылары үшін меңгеруге жеңіл;
- латын фонетикалық транскрипция негізінен түркі тілдерге ыңғайлы. Қазақтардың латынға көшуі – өзге үлттардың қазақ тілін зерттеуге және үйренуге сұранысын туғызады;
- латын басқа ұлт өкілдерімен жеңіл қабылданады. Өйткені, латын қарпі көпшілікке таныс, ал кирилицадағы спецификалық әріптер қиын қабылданады;
- латынға көшу – ағылшын және басқа шет тілдерін үйренуге тиімді.

Бүгінде Қазақстан тұрақты, қалыпты экономикасы бар мемлекеттердің қатарына кірді. Сондықтан да латын әліпбиі замана сұранысы, жаһандану талабы. Латын әліпбиі мемлекеттік тілді дамытуға қызмет етіп қана қоймай, оны әлемдік қоғамдастық қажет еткен заманауи ақпарат тіліне айналдырады. Латын әліпбиі – түркі дүниесінің басын қосатын фактордың бірі. Екінші жағынан, бұл – түркі әлемімен Қазақстанның бірігуі.

Сонымен, негізгі ойымызды түйіндеп айтар болсақ, латын әліпбиіне көшу – қазіргі жаһандану барынша қарқын алып, ұлттық тілдерге, мәдениеттерге қауіп-қатерді күшейтіп тұрған кездегі заманның ұлт алдына қойып отыран басты талабы.

Жаһандану үдерісі үдеген сайын әлем халықтарының арасында түрлі қарым – қатынастардағы тілдің рөлі де арта түседі.

Қорытындылай келе айтарым, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына негіздеу арқылы ұтарымыз: тіл тазалығы сақталады, тіліміздің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашылады, түркі әлемімен байланыс нығайтылады. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін жаңаша биіктерге бастайтынына сенеміз.

Біз жаңа әліпбиге көшу арқылы ғана жат сөздермен барынша былғанған тіліміздің түркілік бомысын,бұзыла бастаған заңдылықтарды қалпына келтіріп, туысқан түркі тілдерімен табиғи түрде жақындай түсіп, сонымен бірге әлемдік өркениетке де жақындай беретін боламыз.

Осы игілікті істі ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру – баршамыздың парызымыз. Ендеше, іске сәт демекпін.

Әдебиеттер тізімі

1. Н. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Egemen.kz
2. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010.
3. Айталы А. Қазақ тіліне сұраныс жоқ елде, латын әліпбиіне сұраныс бола ма? «Жалын» журналы, №3, 2013.
4. Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана: Елорда. – 2000.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.

СОҒЫСТАН СОҢҒЫ ҚАСІРЕТ (ШЕРХАН МҰРТАЗА ӘҢГІМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Рахметова Б.А.
Таутина Б.А.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Bazar-65@mail.ru

Аннотация. В статье анализируются рассказы на военную тематику известного писателя Шерхана Муртазы.

Ключевые слова: писатель, образ, идея

Annotation. The article analyzes the stories on the military theme of the famous writer SherkhanMurtaza.

Key words: writer, character, idea

Тарихта Ұлы Отан соғысы деп аталып кеткен алапат жылдардың адам санасындағы жаңғырығы ұзақ сақталары анық. Балалық шақтары зобалаң тудырған заманмен тұспа-тұс келген қаламгерлердің бұл тақырыпты айналып өткені жоқтың қасы десек болар. Осы қатарда көрнекті жазушы Шерхан Мұртазаның есімі ерекше атауға лайық.

Жазушының «41 жылғы келіншек» [1.381]атты шағын әңгімесінде кейіпкердің көңіл-күй ауаны, оның түсінде өзімен-өзі сөйлесуі - монолог арқылы берілген.

« - Сен мені танымай қалдың ба, неге үндемейсің, Мақсұт?

Ол тіл қатпады. Босағада тұрды да қойды.

-Бір-бірімізді көрмегелі отыз жылға жуық болды, Мақсұт. Сен соғысқа кеткенде, мен жиырма сегізде едім ғой.

Ол үндемеді.

-Танымадың ба, Мақсұт? Мен Хадишамын ғой! Сені әне келеді, міне келеді деп отыр едім. Жұрт көрсе, сені менің балам дер. Сен, сірә, сол сөзден қорқып тұрсың ғой.

Ол үндемеді.

-Босағада тұрғаның қалай, Мақсұт! Төрге шық, өз үйің ғой» [1.381].

Сөз жоқ. Соғыс зардабы сұмдық ауыр. Майданда жан алып, жан беріскен жауынгер мен елдегі ата – ана, бала – шаға, ағайын – бауырдың басынан өткен қасіреттің ара жігін ашып айту қиын. Салмақтау мүмкін емес. Ауыртпалықтың көбі жаны нәзік саналатын әйелдерге түскені тағы рас.

Күйеуі соғыстан қайтпаған Хадиша онымен түсінде сырласады. Өңінде орындалмаған арманы, отыз жыл күткен Мақсұты Хадишаға түсінде келеді. Түс арқылы кейіпкер психологиясын ашу - әлемдік әдебиетте ертеден бар көркемдік тәсіл. Жазушы түс пен монологты астастыру арқылы кейіпкерінің жан – дүниесіне тереңдей енеді. Жүрек сырын жарқырата ашады. Сағынышқа айналып жылдардың тасасында бұғып қалған сезім иірімдері жүрек сыздатар, жан тебірентер күйде көрініс береді.

« - Сенің келгенің жақсы болды, Мақсұт, - дейді Хадиша.

-Туысың Шалабайдың қорлығына шыдай алмай, сені айқайлап тұрып шақырып ем, естіген екенсің»[1.381].

Хадиша түсінде ауыл арасында ағайыннан көрген шетқақпай жағдайын Мақсұтына мұң қылып шағады. Күйеуі Мақсұттың аталас туысы болып келетін Шалабайдың өткен жылы күйеуге тиген қызы төркіндей келеді. Ауыл болып жиналып, дәстүр бойынша күйеу мен Күләй алып келген қоржынның аузы ашылуы тиіс.Қоржын ашу құрметі жөн – жоралғы бойынша Хадишаға тиесілі еді. Бірақ қоржынды Ақшай кемпір ұстады. «Ақшай кемпірдің бүгінде мұрнынан есекқұрт түседі. Шалы қасында, үш бірдей келіні қызметін істеп тұр. Шифрлеп сегіз бөлмелі үй салдырған балаларының бас басына мотоциклі бар» - дейді Хадиша түсінде Мақсұтқа. Дау, реніш осы жерден басталады. Мұндай кемшісітушілікке төзе алмаған Хадиша мінез көрсетеді.

« - Әй, шырақ, – дедім Шалабайға, - аруақ атып кетпесін, - дедім.

- Егер Мақсұт болса, мен кіммін? Хадиша болар едім, алдымнан көлденең жүрмес едің сен шірік, - дедім. Мақсұт жоқ болған соң, мен сияқты жетім кемпірді елемейсің, - дедім»[1.381].

Өзін қақбасқа теңеген Ақшай кемпірге де айтып тастайды.

« - Әй, Ақшай, - дедім мен де. Қаным қарайып кетті.

- Алды – артымды жалмап, жалмауыз болайын деп құдайдан тілеген жоқпын, - дедім. Мақсұт көппен бірге әскер кетті. Сенің байың Құрақбас құсап әскерден қашып, үш жыл бойы тауда тағы боп жүрген жоқ дедім».

Түсінде күйеуімен «сырласатын» монологтардан Хадишаның ағайыннан көрген теперіші, сартап болған сағынышымен бірге қазақ әйелінің тағдыр қосқан жарына адалдығы, шаңырағына құрметі көрінеді.

«...Сенің жалғыз қызың Жанар да әлдеқашан тұрмыс құрып, бала шағалы боп кеткен. «Қолыма көшіп кел, жалғыздан – жалғыз қайтіп отырасың» деп мың айтып жалынды, бармадым.

– «Мақсұттың үйінің түтіні өшпесін, отырамын осында», - дейді»[1.381] Хадиша.

Қазақ әйелінің қайтпас рухы, құдай қосқан қосағы алдындағы антына адалдығы, сертіне беріктігі осы туындының заңды жалғасы іспеттес жазушының «Соғыстың соңғы жесірі» [2.222]атты әңгімесінде қайта көрініс табады.

Заңды жалғасы дейтініміз мұнда да алғашқы әңгімедегі негізгі кейіпкер Хадиша ойындағы күйеуі Мақсұтпен сырласып отырады. Бұл ретте ауылда емес қалада. Жетім қарттар үйінде. Қатал тағдыр Хадишаны күйеуі Мақсұтты соғыста хабарсыз кетіріп бір сынаса ендігіде, жалғыз қызы Жанар, Жанардан қалған ұлы Арман қайтыс болып бірнеше сынайды. Сексеннің сеңгіріне шыққан Хадишаның жұбанышы қиялында көмескі тартқан Мақсұттың бейнесін жандандырып, өткенді еске алу. Мектепте оны тұңғыш көруі, бір партада отырғандығы, қосылуы, сәбилі болуы... Осылай кете береді.

Жабырқаған сәттерде сырашары, мұңашары Мақсұт, Мақсұттың елесі.

« -Егер Мақсұт болсаң, тыңда. Әңгіме көп. Әлі есім дұрыс. Есептеп жүрмін. Мен сені көрмегелі алпыс жыл болды. Алпыс жыл! Сенен қалған жалғыз қыз Жанат бой жетіп, оны Терісаққандағы бір бақа Қаңлыға ұзаттық. Одан бір ұл туды. Атын Арман қойдық. Көп ұзамай әкесі көкпардан аттан құлап, мойны үзіліп өлді. Артынша Жанат қызың ауырып өлді. Күйіктен өлді – ау деймін байғұс. Кішкентай Арман менің қолымда қалды. Ешкінің сүтін беріп асырап, итшілеп жүріп өсірдім. Пәмиләсін «Мақсұтов» деп жаздырдым... Әне – міне үйленемін деп жүргенде, бақталастары оны да өлтіріп кетті »[2.222].

Адам жаны қандай сірі! Үміт оты қандай қуатты! Хадиша кемпірді осы жасқа жеткізген маздаған үміт оты. Мақсұтпен әйтеуір бір қауышатындығына сенген, жетелеген үміт...

« - Мақсұт өлді деп естіп пе едіңдер» - дейді тағы бірде Хадиша.

-Бір жапырақ қара қағазы да жоқ. Үмітсіз шайтан деген » [2.222].

Шығарма соңында Хадиша Мақсұтпен бірге кемпірқосаққа мініп аспанға, Жаннат жұлдызға ұшып кетеді. Жаннатқа баруға лайық ғұмыр кешкен кейіпкерінің жер бетіндегі өмірін жазушы осылай аяқтайды.

Әдебиеттер

1. Мұртазаев Ш. Екі томдық таңдамалық шығармалары, Т.1.– Алматы,1982 .-504 б.
2. Мұртаза Ш. Соғыстың соңғы жесірі. –Алматы, 2003.-256 б.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ- ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Ауезова Ш.С.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
auezova_shynar@mail.ru

Key words: Kazakh writing, Latin alphabet, preparation of specialists, globalization, Turkic world.

Ключевые слова: казахская письменность, латинский алфавит, подготовка специалистов, глобализация, тюркский мир.

Аннотация: В этой статье рассматривается латинский алфавит, подготовка специалистов и обсуждаются различные вопросы на эти темы.

Переход казахского языка на латинский алфавит: во первых, является требованием современного мира; во вторых, латинский алфавит – это цивилизация в процессе глобализации и объединении с тюркским миром.

Abstract. This article examines different issues concerning the transition of Kazakhstan to the Latinalphabet. It discusses such topics as preparation of specialists, processes of the transition and various problems, appearing during the transition.

First of all, the transfer of Kazakh language to the Latin script – is a requirement of the modern world. Secondly, Latin writing contributes to the globalization and integration of Kazakh nation to the Turkic world.

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың биылғы сәуір айындағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласы қоғамда зор сілкініс туғызғаны бәрімізге мәлім. «Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек...», - деді Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің мақаласында [1.]. Иә, бұл мәселе осыдан 5 жыл бұрын көтерілген еді. Содан бері санамызда «ерте ме, кеш пе, еліміз латын әліпбиіне көшеді, соған дайындала беруіміз керек» деген салмақты ой сақталып келді. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, біз 3 әліпбиді ауыстырыппыз. Сонау III-VI ғасырларда араб графикасында, кейін 1929 жылдан - 40- жылдарға дейін латын әліпбиінде, 40-жылдан бастап, орыс графикасына көшті. Латын әліпбиі жазу тарихында 10 жылдай салтанат құрды. Сол тұста көптеген ақын-жазушыларымыздың шығармалары, сонымен қатар сол кезде жарық көрген газет-журналдар да латын қарпімен жазылып шықты. Он шақты жылдың ішінде бұл жазу сол уақыттағы қазақ тілінің құлдырауын біршама тоқтатты. Себебі, латын әліпбиінің басым бөлігі фонетикаға негізделді, яғни, сөздің таза айтылуын сақтап қалды. Түркі дүниесіне ортақ заңдылықты сақтады. Енді сол жазуға оралу мәселесі қазіргі таңның өзегіне айналып отыр. Осы мәселе қозғалғалы бері, қоғамда көптеген

көзқарастар туындап, екі жақты пікірлер де айтылып жатыр. Кейбіреулері жазуды ауыстыру-құрдымға кету деп топшыласа, ал кейбірі керісінше батыл қадам санап, болашағынан зор үміт күтеді. Ал кейбірі тіпті латын жазуына көшуді, латын тіліне ауысу деп те қабылдап жатыр. Қарсы пікір айтушылар, сонау 1940 жылдан бергі жарық көрген көптеген әдеби дүниелеріміз, тарихымыз туралы құнды деректерді кім латын жазуына ауыстырып, қайта бастырып шыға алады. Ол оңай шаруа емес, сонда біздің кейінгі ұрпағымыз өз тамырынан, әдебиеті мен мәдениетінен, тарихынан қол үзіп қалмай ма деп қауіптеніп отыр. Сонымен қатар бір мемлекет ішіндегі қос графиканың қатар пайдалануына күмәнмен қарайтындар да аз емес. Оған себеп, латын жазуына тек қазақ мектептері көшетіні, ал орыс тілінде оқытылатын мектептер орыс графикасымен жүре беретіндігі де айтылған-ды. Қашан да қабылданатын маңызды мәселе қоғам талқысына түсіп, қызу талданатыны белгілі. Десек те, іс басталып кетті. Жақында елбасы болашақ қолданысқа енер әліпбиді бекіткен де болатын. Енді тек жүзеге асыру шаралары жүргізілетін болады. Бұл жаңалық, әсіресе, жастарымыздың қызығушылығын арттыруда. Өйткені қазіргі кезде жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей сәнге айналады деп ойлаймын. Өйткені, қоғамдағы жарнаманың өзі ағылшынша жазылса, адам назарын бірден аудартады. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде ағылшынша жазатын жастар көбейіп барады. Қуантарлық жайт, әрине. Сол сияқты қазақ телеарналары да өз атауларын латын жазуымен ауыстырып та үлгерген. Өз басым, тіл маманы ретінде, бұл бастаманы қолдаймын. Өйткені, бұл жазу - елдігіміз бен егемендігімізді айқындайтын, халықтың сауаттылығын танытатын көрсеткіш деп білемін. Латын әліпбиі бұрын тарихымызда 10 жылдай уақыт өмір сүрді. Сол кезде біз көптеген елге, жерге танылдық. Ал қазіргідей қуатты мемлекетте өмір сүріп жатқан кезеңде біз халық болып бұл жазуды қолдап алып кетпесек, өркениетті елдердің қатарына ілесе алмаймыз. Себебі, латын әліпбиі әлемдегі ең танымал жазулардың бірі саналады, яғни, болашағы зор. Сондықтан Елбасының шешімін қолдап, оның ары қарай жүзеге асуына үлес қосуымыз қажет. «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты»,- деп Елбасы айтқандай латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда. Ендігі кезекте жаңа графикаға сай әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ, жаңа әліпбиді үйретететін сапалы мамандар қатарын көбейтіп, мектептерге арналған оқулықтар дайындалуы қажет. Міне, осы мақсатқа қол жеткізіп, соның жемісін көру үшін қаймақ бетінде жүрген білікті тіл мамандары мен оқытушы-профессорлар аянбай тер төгуі керек деп ойлаймын. Ал ғалымдардың еңбегін бағалап, ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау көрсету, жақсыны үйренбекке ұмтылу - жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті болмақ.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Ол - қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Оқушылар көпұлтты қоғамдағы әртүрлі жағдайларда табысты ынтымақтастық пен өзара түсіністікте өздерінің коммуникативтік қарым-қатынас жасау құзыреттіліктері мен тілдік дағдыларын жетілдіре алады. Осының нәтижесінде оқушылар сөздік қорларын тақырып аясында меңгерілетін сөздермен және фразеологиялық тіркестермен толықтырып, оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым дағдыларын жетілдіреді, нақты тақырыптар бойынша рөлдік ойындардың көмегімен тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіріп, қазақ және орыс мәдениетін, сондай-ақ басқа да халықтардың мәдениетін түсініп, құндылықтарын бағалауды үйренеді. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп атап өткені бұл өз тілінің болашағын ойлаған тіл мамандары мен тілге жанашыр зиялы қауымның көкейіндегі ойды дөп басқандай. Латын тілі жазбаша ең көне тілдің бірі болып табылады. Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Әрине, ол үшін ең алдымен, болашақ ұрпақты осы әліпбимен оқытатын мамандарды даярлап алу міндеті тұр. Қазақ тілі жазуының латын әліпбиіне көшуі біріншіден, заман талабы, екіншіден, латын әліпбиі жаһандану үдерісінде өркениетке жол ашып, Түркі әлемімен бірігуге негіз болып отыр. Бұрынғы жазбаларда: «Қазақтар сөйлегенде ән салып тұрғандай» депті. Мұның себебі тілімізде сөздің қос дауыссыздан басталмауы, бір дауысты бір дауыссызды соңына ертіп немесе бір дауыссыз бір дауыстыны ертіп, өзара үндесіп айтылуы болса керек [2.84б.].

Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы оның тек тұңғыш оқу құралын жазғанымен өлшенбесе керек, ең бастысы алғашқы оқулық тілінің терең халықтығында, сапалылығы мен біліктілігінде. А.Байтұрсыновтың ойынша, жақсы әліпбидің мынадай қасиеттері болу керек: жақсы әліпби тілге шақ болу керек; Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс; сонымен қатар, қазақ тіліне тән дыбыстардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың жазылу ретін, орнын, ерекшеліктері мен айырмашылықтарын көрсеткен. Сонымен қатар, латын әліпбиінің түбі бір туыс елдермен өзара байланысты арттырудың да бір жолы екені анық және латын әліпбиіне көшудің қажеттіліктері анықталуда [3. 114б.].

1. Лингвистикалық қажеттілік: қазақ әліпбиіндегі дыбыстар құрамын қайта қарап, оның табиғи заңдылықтарын сақтау.

2. Саяси қажеттілік: түркі тілдес елдермен белгілі бір дәрежеде қарым-қатынас жасалады.

3. Жаһандану тұрғысындағы қажеттілік: ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, өркениетті ел қатарына қосылуда тілді сақтап, дамыту, кез келген ел мамандарымен бәсекеге қабілетті, әлемдік білім, ғылым, техниканы меңгеруіне жол ашуға мүмкіндік жасайды. Қазіргі уақытта қазақстанда білім беру мазмұнын жаңартуға көшу басты басымдықтар болып тұр. Осындай басымдықтар педагог кадрлар үшін Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта қадамдап көрсетілген. Сонымен қатар Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында таратуды ұйымдастыру болып табылады. Осы бағдарламалық құжаттың «Таяу жылдардағы міндеттер» тарауында алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынады. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау қажет. Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Үшіншіден, Президент «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынады. Сонымен қатар, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Оның 3- уі жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты. 76-қадам. 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру. 79-қадам. Білім беру жүйесінде - жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшу. 89-қадам. «Нұрлы Болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу. Осы қадамдарды ескеріп, әдістемелік нұсқау құжатында білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басуда. Латын қаріптері біздің технологиялар тіліне жетік болуымызға, өскелең ұрпақтың шетел тілдерін, соның ішінде қазіргі үштұғырлы тілдің бір бөлігі болып есептелетін ағылшын тілін еркін меңгеруге мүмкіндік болады. Үш тілде білім берудің негізгі стратегиялық мақсаты – қазақстандықтардың бір уақытта үш мақсатты тілді халықаралық стандартқа сай меңгеруіне қажетті жағдай жасау, нақты айтқанда: -қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білу, ол азаматтардың үйлесімді бірлесуіне ықпал етеді; - орыс тілі, қазақ тілімен қатар қолданылатын ресми тіл ретінде; - ағылшын тілін әлемдік экономикаға бірігу құралы ретінде үйрену. Осы ретте «Өрлеу» «БАҰО» АҚФ

«СҚО ПҚ БАИ» базасында 2017 жылы «Пәнді ағылшын тілінде оқытудың инновациялық әдістемесін меңгеру бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» білім беру бағдарламасы бойынша елімізде алғашқы 3 айлық пәндік-тілдік курсы өткізілді. Аталған курстың өзектілігі мен маңыздылығы орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында Қазақстан Республикасында үштілді білім беруге кезеңмен көшу республикамыздағы 17 филиалдың ішінен солтүстік қазақстандық педагогтер жоғары ұпай жинаумен ерекшеленіп, пәндерді ағылшын тілінде оқытудың жаңа әдістемесін меңгеріп, пәндік-тілдік оқытуды табысты аяқтады. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. Ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау көрсету, жақсыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті болмақ. Латын әліпбиіне көшу - әлемдік көштен қалмаудың бір жолы. Екіншіден, түркітектес халықтарды жақындастыру, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, көпшілігі қолдап отырған латын әліпбиіне біздің де көшкеніміз дұрыс деп ойлаймын және келешекте жаңа әліпбиді үйретететін сапалы мамандар қатарын көбейтіп, әдістемелік жұмыстар жүргізумен қатар біліктілікті арттыру жүйесінде өз үлесімізді қосамыз деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Egemen.kz.
2. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010. 84 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы, 1992.

ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Казыгулова М.Я.
Астана қаласы
Гуманитарлық колледж
Kazygulova.m@mail.ru

Аннотация: Рассмотрены пути развития творческих способностей студентов на уроках общественных дисциплин через осмысление исторических источников.

Annotation: The article discusses the development of the students' creative abilities through historical data in humanitarian subjects.

«Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын»

Н.Назарбаев.
«Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан

Жастардың рухани байлығы дегенде бірінші олардың білімділігі, ана тілін білуі, мәдени деңгейі, дүниетанымдық ой-өрісі тұрады. Сондықтан да Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жас ұрпақтың терең білім алуы мен тәрбиесіне арналған. Бұл тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы үшін жасалып жатқан жұмыс және туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Жастар – еліміздің ертеңі мен болашағы деп сенім артады. Тәуелсіздігіміздің арқасында қазіргі күні жастардың оқып білім алуына, жұмыс істеуіне көп жағдайлар жасалуда.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда білім мен іскерліктің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Білім берудің негізгі міндеті - маманды тек қана біліммен қаруландырып қоймай,сонымен қатар олардың жеке басының жан-жақты қалыптасуына, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби мәдениетінің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, мүмкіндік жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты «Білім туралы» Қазақстан республикасының Заңына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік білім саласында мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайды. Білім беру жүйесінде мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты - мамандықты игеру ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау. Заман талабы «білу аз, сол білгеніңді өмірде қолдана білу» керек.

Кәсіби оқу орындарында оқу үрдісінде болашақ маман даярлауда мынадай басты міндеттердің шешімін табу мәселесі туындайды:

- оқытудың жетік жолдарын меңгерген маман даярлау;
- кәсіби пәндерді игерумен қатар, адамгершілік, рухани-мәдени құндылықтарды меңгерген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- болашақ құзіретті маманның қоғамдағы әлеуметтік белсенділігін арттыру;
- әдіскерлік іскерлігін арттыру ;
- өз бетінше білім ала білу қабілеттерін қалыптастыру ;
- іскерлік пен шеберлігін үздіксіз арттырып отыру.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» керектігін атап көрсетті.

Болашақ мамандар даярлауда тұлғаның ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға, олардың қызығушылығын арттыруда қоғамдық пәндердің де үлесі зор. Қазақ халқы «Отан» деген ұғымды бала бойына ерте бастан сіңіруге тырысқан. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен,талпынумен бітеді. Келешек ұрпағын өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу - қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Мұны ең алдымен туған жер, атамекен, ел, жұрт деген ұғымдармен барынша кеңінен байланыстырған. Сондықтан да болар, соншама кең далада өмір сүрсе де, ата-бабаларымыз үшін «Атамекен, туған жер» ұғымы - әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары тұрған.

Тарихи білім берудің ең басты элементі - ол білім. Тарихты тану процесінде деректің маңызы зор, ол тарихи байланыстарды айқындау, салыстыру және жинақтауда аса қажет. Сондықтан да әр тақырып студенттің мүддесіне, шамасына сай болса, оларды құлшындыра түседі. Олардың шығармашылығы деректерді игеруден басталады.

Қажетті деректер, өлке тарихынан алынатын фактілер мен оқиғалардың мынадай талаптарға сәйкес келгені дұрыс:

1. Алынған материалдың осы өлке тарихына ортақ, аса маңызды және де жеке тұлғаға бүкіл еліміз тарихымен қоса түсінуіне ыңғайлы, қиындық келтірмейтін болуы;
2. Анық, айқын фактілері олардың санасына да, сезіміне де әсер ететіндей болуы;
3. Студенттерге қарапайым болса да зерттеушілікке қатыстыруға жағдай жасалуы;

4. Жеке тұлғаның қоршаған ортаны бақылай алу білігін қалыптастыруы және оларда күнделікті қажетті істерге қатысу қабілетін дамыта алуы;
5. Студенттердің туған өлкеге деген құрметін оята отырып, сол арқылы туып-өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруы.

Қазақ елінің өткен тарихымен танысу үшін арнайы топ құрылып, тақырып бойынша терең мағлұмат жинап, онымен бүкіл топты таныстыру мақсатында олар мұражайға барып, тарихшыларға барып сұхбат алып, тақырыпқа байланысты материалдарды суретке түсіріп, мұрағат деректерін пайдаланып, жалпы толық бейнематериал жинақтайды. Осындай жұмыс түрлерін өткізу арқылы жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттері шыңдалып, олардың пәнге деген қызығушылығы артады.

Өздігінен жан-жақты оқуға дайындалып, өздеріне таныс емес сұрақтардың жауаптарын тауып, толықтыруға тырысады. Деректермен байланыстырып оқытудың нәтижесінде:

- Студент әр түрлі тапсырма алып, өз бетінше бір нәтижені анықтайды;
- Берілген тапсырманы өздігінен ізденеді;
- Сабақ үстінде білуге деген құлшынысы, жауапкершілігі артады;
- Қабілеті шыңдалып, талаптанады.

Тарихты тану үдерісінде деректің маңызы зор, ол тарихи байланыстарды айқындау, салыстыру және жинақтауда аса қажет. Тарихты білу – өзінің туып өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Елін, жерін қорғаған батыр бабаларымыздың, халқымыздың бостандығы мен гүлдену үшін күрескен ұл -қыздарымыздың ерлік істері бүгінгі жас ұрпақ үшін өнеге үлгі, әрі мақтаныш. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесі сияқты маңызды істе тарихын, мәдени мұрасын білудің орны ерекше.

Нақтытарихи деректерді сабақ материалдарында пайдаланудың мынадай тиімді жолдары байқалды:

- Туған өлке деректерін қосымша материал ретінде пайдалану тарих сабағына қызығушылығын арттырды;
- Тақырыпты өлке тарихымен байланыстыру оқушылардың ойлау және таным қызметін дамытуға мүмкіндік берді;
- Сабақта толықтыру мақсатында берілген шағын көлемде тартымды, нақты материалдарды пайдалану ізденіске талпындырды;
- Өлке деректерінің тиімді әдіс-тәсілдерін (Тарихи орындарға саяхат, ескерткіштер мен қайраткерлердің есімі берілген көшелерге таным жорықтарын ұйымдастыру және т.б) пайдалануда білімін жан-жақты дамытуға мүмкіндік туғызды;
- Мұрағат пен мұражайдағы өлке деректерін басқа сабақтарда да қолдана алу тиімді.

Білім берудің негізгі міндеті - болашақ мамандарды тек қана біліммен қаруландырып қоймай, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби мәдениетінің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, мүмкіндік жасау болып табылады. Студентті тек болашақ маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, шығармашылық тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. «Жетістік өзі келмейді, біз оған жетеміз».

Әдебиеттер

1. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – 2017ж
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007ж.
3. ҚРМемлекеттік білім стандарты , 2011ж
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың халқына Жолдауы, 2010ж
5. Тұрлығұл Т.Т «Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» Алматы, 2003ж
6. Атабаев К.М, Қадыртаева М.А «Деректанудың теориялық мәселелері» Алматы, 1999ж

РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІЛІГІМІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Калыбекова Э.С.
Калыбекова Г.С.
«Гуманитарлық колледж» МКҚК
Астана қаласы
elmira-25-03@mail.ru

Андатпа: «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс».

Annotation: Renewing cultural traditions based on the historical experience of its people is the very phenomenon that has legal signitificance in the lite of an independent country.

Тәуелсіздікке қол жеткізу біздің болашағымызға жарқын жол ашты. Егемендігіміздің арқасында, көптеген сұрақтарға шешім табылды, болашағымыз айқын болды. Түрлі ауырпалық әкелген Семей полигоны жабылды, Арал теңізі мәселесі шешіле бастады, тарихи мұра, мәдениетімізді қайтара алдық. Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстары қолға алынуда. Қазір біз – болашағымызға сеніммен қарай алатын, зайырлы, индустриалдық жаңғырту жолында жоғарғы қарқынмен дамып келе жатқан мемлекетпіз.

Тәуелсіздікке дейін экономика, ішкі және сыртқы саясатпен қатар, табиғи қорларымыз да КСРО-ның қарамағында еді. Сол қиын-қыстау кезеңдң, қазақ халқының сана-сезімі, намысы оянды. Жігерлі қазақ жастары өз жерімізде лайықты күн көруге, ана тілімізді, мәдениетімізді құқылы қолдануға талпынды.

1991 жыл – Еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жыл. Сол сәттен бері, міне, ширек ғасыр да өте шықыты. Қазірігі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз уақыт ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Менің елім, менің Отаным Қазақстан қазіргі таңда көптеген елдерден әлдеқайда озық тұр.

Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық мүдде, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі және экономикалық қарқынды дамуы – негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып қалыптасады. Ұлттық тәрбие – сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбенің алатын орны ерекше. Қазір білім беру орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар – біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын, Отанын сүйетін, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рұхы биік, парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық рухы биік, парасатты адам етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сабақ үдерісіне оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек.

Бүгінгі таңда қазақ халқы ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Өйткені кез-келген жаңа тәуелсіз мемлекеттің рухани даму үдерістерінің өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер оның аумағында мекен ететін халықтардың тұрмыс-тіршілігімен, дәстүрлі мәдениетімен, салт-дәстүрімен және өткенімен тарихи сабақтастығымен айқындалады. Даму үдерісінде қол жеткізген тарихи тәжірибесі іс-түзсіз жоғалып кетпейді, ұлттық санада, халықтық идеяда, мәдени-әлеуметтік және құндылықтар жүйесінде белгілі ретпен жинақталып, отырады. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінде: *«Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды*

құбылыс», - деп атап көрсеткен болатын /1/. Міне, сол ғасырлар қойнауында қорытылып, жинақталып қалыптасқан қазақ халқына тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерін жастар тәрбиесінде, соның ішінде жастардың еңбек тәрбиесінде, соның ішінде жастардың еңбек тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Себебі, ұлттық тәрбиенің қайнар көзіне, дәстүрлеріне қайта оралу заманның жай ағымы ғана емес, ол қоғамдық өмір талабынан туындаған қажеттілік, өйткені мәдениеттің әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрлі түрлерін танып білу арқылы адам баласы оның рухани бастауына терең бойлайды, туған-елінің, ұлтының өзіндік ерекшелігін аялап, сақтауға үйренеді. Қазақ халқының сондай дәстүрінің бірі жастарды дәстүрлі еңбекке тәрбиелеуі. Сондықтан, қазақ халқының әлеуметтік, рухани-мәдени құндылықтарын сақтай отырып, жастардың еңбек етуге белсенділік қасиетін, дәстүрлі еңбек үдерісін меңгертуде тұрақты дағдыларын, шығармашылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету өзекті мәселе.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде бастауыш сыныпта атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақша, мектептерге ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: *«Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан»,* - деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев болды. **Ол педагогикалық ұлттық тәрбиеден басталатыны жайлы айта келіп, «Педагогика» атты еңбегінде былай деді:** *«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».*

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру – ең маңызды шарттардың бірі. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Алатын тұстарымыз қатарына батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау сияқтыларды атауымызға болады. Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет десек те, Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік – жақсылықтың нышаны емес. *«Батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – бос әурешілік. Өкінішке орай, Батыс өркениеті бұд тұрғыда ешқандай*

жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқыраға ұшырады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды ешуақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға тиіс тетік, өмірлік ұстын ретінде қарастырады. Ал Батыс өркениетінде бұл тұрғыдағы ұстаным мүлдем басқа, олар мәдени құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, мақсат – сату (сатылу) және пайда табу. Уақыт қанша аз жұмсалса, соншапайдасы көп» /2/. Қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандыру үрдісінің ықпалынан өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды. Жаһанданудың қауіпті тұсынан арылу үшін, әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алу керек. Әрине, жаһанданудан ешкім де құтыла алмайды. Оған тек бейімделу керек, пл бейімделе алмағандар құриды. Бірақ бейімделу дегенді өзгенікін толық қабылдау деп ұқпау керек. *«Бізге дәл қазіргі заманда батыстың желімен домалай жөнелетін қаңбақ ұрпақ керек емес, пайдасын алып, зиянын бойына дарытпай, дауылына міз бақпай қасқайып қарап тұратын тамыры ұлт рухына терең бойлаған мәуелі бәйтерек керек. Сондықтан біздің міндетіміз – рухы биік ұрпақ тәрбиелеу»* /3, 5-б./.

Оған қарсы тұру үшін ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу керектігін басып айтуға болады. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастауға ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі. **Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға үйретуі.** Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бірулттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Ол бізге мынау ажһадай төніп келе жатқан дүлей дүниеде біржола жоғалып кетпеуімізге кепіл болуға тиіс. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін, дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындаймыз.

Белгілі қазақ ақыны, қоғам қайраткері М.Шахановтың «Компьютер басты жарты адамдар» поэмасынан қазіргі заманның хал-жағдайын көреміз. Ұлттық рухы, ұлттық ар-намысы, ұлттық сана-сезімі жоқ қазақтарды ақынның «компьютер басты жарты адамдарға» теңеуі бекер емес. Жүрегінде ұлттық сезімі жоқ, «мен – қазақпын» деуге, өзінің ана тілінде сөйлеуге, ата салтын құрметтеуге намыстанатын азаматты нағыз адам немесе Абай айтқандай, «толық адам» деуге бола ма? Оның жансыз компьютерден айырмасы қайсы? Компьютер – ғылым мен техниканың өлшеусіз қуатының арқасында ғана миллиондаған ақпаратты «есінде сақтайтын», мыңдаған операцияларды жаңылыспай жүзеге асыратын «құлтемір». Компьютерде

ұлттық, нәсілдік ерекшелік, сезім де, рух та болмайды. Ол – тек адамның басқаруымен жұмыс істейтін техника ғана. Бүгінгі замандастарымыз ұлтын, Отанын, елін, жерін, тарихын, тілін, ділін, дінін, ата салтын мансұқ еткен мәңгүрт ұрпаққа айналып кетпесе деген ақынның жанайқайы, өз ұлтының тағдырына деген жанашырлығының айғағы емес пе? /4/. «*Тәрбиесіз берген білім қауіпті»*,- деген екен әл-Фараби. Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – ұстаздар қауымының басты парызы. Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайлыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз.

Ел Президентінің сөйлеген сөзінде: *«...Барлық дүние мектептен басталады. Сондықтан әлемдік стандартқа сай жалпы орта білім беретін жүйеге көшіп, педагогтардың кәсіби деңгейі мен жаңа оқулықтар мен біліми технологиялардың сапасын арттыруымыз қажет...»,* - деп, атай келе «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: *«...Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп кемелденеді. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар аз заманының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болмақ. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады...»,* - делінген. Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды.

Бүгінгі нарықтық қатынасқа көшкен Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескеру және халықтың еңбек салт-дәстүрлеріне сүйену арқылы қоғам алдында өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, қоғамдық сана-сезімі оянған, парасаты мен ар-ожданы биік, іскер, қабілетті, шығармашыл, кәсіпкер, нарық жағдайында бәсекелестікпен еңбек ете білетін, әрбір жұмыстың пайдалы көзін тауып, өзінің таңдаған мамандығына деген білімділігін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеу қазіргі қоғамның талабы /5/.

Демек, жастарды дәстүрлі еңбектің қай саласында болмасын тек мәлімет жиынтығын меңгерумен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, еңбек іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өзінің ұлттық болмысын таныта алатын маман етіп тәрбиелеу қажеттілігі айқындалған.

Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы қоғамдағы ірі өзгерістермен бірге, ұлттық сананы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді, халықтық қадір-қасиетімізді, психологиялық табиғи белгілерімізді жандандыру мен жаңартуымызға елеулі септігін тигізуде. Ұлттық тәрбие халқымыздың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, отбасылық, қоғамдық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, ғасырлар бойы өсіп-өркендеп, сараланып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және асыл мұра.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. Стратегию 2030 претворять молодым // «Учитель Казахстана», 17 января, 1998. – С. 2-3.
2. Кенжеахметұлы С. «Жеті қазына». – Алматы, «Ана тілі», 2002. – Б. 16.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы. 1986. -640 б.
4. Асылов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. Оқу құралы.- Алматы, «Рауан», 1998. – 640 б.
5. Қабдиева С. Ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік мәселеледі //Бастауыш мектеп, №2, 2005. -32-36-бб.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Аділғазықызы Ж
Кенжебекова М.Б.
«Гуманитарлық колледж» МКҚК
Астана қаласы

Аннотация: На сегодняшний день национальное воспитание является актуальным вопросом. В целях стабилизации экономики страны, повышения патриотических чувств возникает необходимость в национальном воспитании. Для реализации данного вопроса мы должны правильно расставить акценты в духовном становлении нового поколения.

Annotation: Today, national education is a pressing issue. In order to stabilize the country's economy, increase patriotic feelings there is a need for national education. To implement this issue, we must correctly place the emphasis in the spiritual formation of the new generation.

Әрбір адам мен әрбір халықтың өзбетінше дербес өмір сүруге, дамуға деген ұмтылысы күшейіп отыр. Адам қолымен жасалған әлем шексіз мүмкіндіктер мен өзара байланыстылық дәуіріне қадам басты. Адамзаттың мәдениет пен діндердің бейбіт сұхбаты болмаған жағыдайда қандай да бір

қауіпсіздік туралы сөз қозғаудың мүмкін еместігіне көзі жетті.Сондай-ақ, әрбір халықтың өзінің тарихи, рухани және мәдени төлтума қасиеттеріне бойлауы арта түсуде. Бірақ осындай ұмтылыстар басқа халықтардың мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан Қазақстанның өркениет өміріне бастар бағыты – адамгершілік-ізгілік қасиеттерге негізделген ұлттық тәрбиеге табан тірейді.

Ұлттық тәрбие мақсаты – ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық болып табылатын құндылықтардың үйлесімді дамып, көркейіп, жалпыадамзаттың бүгіні мен келешегіне қызмет етуі. Ұлттық тәрбие дегеніміз – ана сүтінен, ата –ана тәрбиесінен және жан-жағындағы қоғамнан қалыптасатын мінез құлық. Яғни, ұлттық тәрбие қалаптасу үшін бірінші баланы сәби күнінен тәрбиелеу. «Ел болам десең-бесігіңді түзе» -деп бекер айтпаған ата – бабамыз осыдан шығатын түйін жас сәбиге анасы бесікке жатқан күнінен өз ана тілімізде әлдилесе мұның өзі ұлттық тәрбие. Ал екіншіден ата-ананың беретін тәрбиесінен былайша айтқанда ата-анасы өз арасында ана тілінде таза сөйлесіп, салт-дәстүр түрлерін күнделікті қолданса ол келешекте өсіп келе жатқан баланың мінез құлқында, санасында жатталып, қалыптасады. Үшіншіден бала жаңа қоғам көреді сол қоғамға қарай қалыптасуға тырысады.Яғни жаңа қоғам дегенім ол жаңа түскен мектеп табалдырығы немесе жоғары оқу орыны болуы мүмкін.Егер түскен оқу орнында ұлттық тәрбиеге байланысты тәрбие сағаттары, ұлттық ойындар өткізілсе,өз ұлттының-ұлт болып қалыптасу тарихын үйретсе мұның өзі ұлттық тәрбиенің қалыптасуы болып табылады. Енді тағы бір ұлттық тәрбиенің сақталуының ең маңызды факторы болып табылатын нәрсе - ұлттық рух. Ұлттық рух дегеніміз – бір ұлтты басқа ұлттан парықтандырып тұратын сол ұлттың өзіне тән ішкі рухани жан дүниесі, ұзақ уақыттар бойы біртіндеп қалыптастырған салт-дәстүрі, көзқарасы, мұрат-мақсаты негізіндегі психикалық даралығы, өзіне тән қажыр-қайраты мен намыс-жігері қатарлылардың шоғырлы бейнесі. Өскелең ұлттық рухтың болуы бір ұлттың қоғамдық ортада өмір сүруі мен дамуында, ұлттық образын өзге жұртқа танытуында, ұлттың жалпы тұлғалық бітімін жоғары деңгейге көтеруде, сол ұлттың экономикалық, қоғамдық дамуын алға ілгерілетуде шешуші рөл атқарады. Қажыр-қайраты мықты намыс-жігері күшті ұлттың ұлттық рухы дәуірдің алға ілгерілеп, қоғамның дамуына сай жаңарып, әрленіп,толықтанып отырады. Ұттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз

ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін рухта қалыптастыру.

Енді ұлттық биік сананы қалай қалыптастырамыз, оны жүзеге асырудың жолдары қандай деген мәселеге келейік. Ұлттық тәрбиенің көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады.

Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Қазір өкінішке орай, тәрбиеде сондай үрдістің жүріп жатқанын ащы да болса мойындауға тура келеді. Біздіңше, кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады.

Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек.Қазіргі жастарымыздың ой-сана жағынан бүкіл әлеммен бірге дамуына толық мүмкіндіктер бар. Тұтас қоғамды сол шынайы қалпында, өз болмыс-бітімімен түсіну жастарымыз үшін өте қажетті. Жастарымыз өзге ұлт халықтарына көзсіздікпен еліктемей, өз ұлттық болмыс-бітімімізді сақтай отырып жасампаздықпен, талғампаздықпен еліктегені жөн. Қазір біздің мүлде басым сандағы жастарымыз жақсы, олар еңбекшіл, парасатты, батыл, іскер, білімді, ибалы. Күнделікті реал өміріміздің әр сала, әр шебінде ұлтымыздың «Қазақ» деген ардақты атын аспандатып жүрген азаматтарымыз да баршылық. Біз мұндай жастарымыздың болғанына мақтануға қақылымыз. Ал өміріміздің қараңғы жағында жоғарыдағыдай қасиеттерден жұрдай қалған жастарымыз да жоқ емес, бар. Бірақ олар азшылық. Өкінішке орай олар азшылық болғанымен ұлтымыз өміріне

тигізіп отырған кері ықпалы төтенше зор, сондықтан ондай жастарымызға қаратылған тәлім-тарбиені барынша күшейтуіміз қажет. Білім беру мен тәлім-тарбие қашанда етене егіз болуға тиіс. Тұтас тәлім-тарбие қызметінде ата-аналармен ұстаздардың назарында мұның біреуі дәріптеліп, енді бірі қағыс қалса, натижесі нөлге тең болады.

Қортып келгенде, ұлттық рух – ұлттың өмір сүруі мен дамуындағы рухани тірек. Ұлттың ар-ұжданын қозғап алға қарай жетелейтін, бейнесин әйгілеп, күш-қуатын саулелендіретін қозғаушы күш. Жастарымызда болуға тиісті ғылым-біліммен сабақтасқан терең ойлы тектілік пен кемелді кісілік, мұқалмай асқақ тұратын ұжданды ұлттық рух өздігінен пайда болмайды, оны жастарымыздың бойына жалықпай жүргізілген тағылымды тәрбие арқылы біртіндеп сіңіруге болады. Өсер ұрпақты тағылымды тәрбиемен өзіміз баурай алмасақ, әрине, еліктіріп, баурап әкететіндер табылады. «Ертеңін ойлаған ел азбайды» дейді дана халқымыз. Сондықтан өсер ұрпаққа жүргізілетін білімдік сапа мен жалпы ұлттық рухани тәрбиені ұлт рухын серпілтудің, оны одан ары жоғары деңгейге көтерудің бірден-бір қажетті шарты деп білуіміз қажет. Өйткені, тек өз ұлтын сүйе білген терең ойлы текті ұрпақ ғана тұтас ұлт рухын жоғары көтеруге өзіндік үлесін шынайы қоса алатын болады.Олай болса, солжаһандану уақытында ұлт болып қалудың ең тиімді жолыұлттық тәрбиесінен келетін жеміс екенін ұмытпағанымыз абзал.

Әдебиеттер

1. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика.-Алматы, 1998, 2000.
2. Е.Сағындықұлы. Педагогика. - Алматы,1999.
3. С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001.
4. А.С.Макаренко. Тәрбие мақсаты. – 1958.
5. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы. – А,1995.

ЛИРИКАДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ БЕЙНЕСІ. М.МАҚАТАЕВ, Ф.ОҢҒАРСЫНОВА ЛИРИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ

Айтжанова Д.Б
Шакирова Қ.М
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Katira_1971@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается создание образов казахских девушек в современной казахской лирике. Выявляется стиль поэтов в создании образа казахской девушки. Произведен анализ художественно-изобразительных средств использованных в раскрытийхарактера героев, в созданий образе казахской девушки.

Annotation: The article considers the creation of Kazakh girls in modern Kazakh lyrics. It creating the image of Kazakh girl. The analysis of the artistic and artistic means used in the disclosures of the character, in the creations of the image of a Kazakh girl.

Ключевые слова: лирика**,** женщина, Казах, стихотворение, поэт, девушка, литература.

Keywords: lyrics, woman, Kazakh, poem, girl, literature, poet.

Поэзия дейтін құдыретті әлемнің тақырыбына айналған қыз бейнесі – мәңгілік тақырып. Лириканы жаттап өскен ұрпақ үшін қыз балаға деген құрмет, анаға деген сағыныш, сұлуға деген нәзік сезімді аңғармау мүмкін емес. Қазақ қыздарын лирикаға арқау ету қазақ поэзиясына көптеген мазмұндық және түрлік жаңа үлгілер әкелді. Еңбекте лирикадағы қыз бейнесінің суреттелуі, лириканың идеялық – көркемдік дәрежесі, тақырыпты өзінше жырлау ерекшеліктері, ақынның жан-жақты образ жасау шеберлігі сияқты мәселелер қарастырылады.

Әйел тақырыбы, әйел бейнесі XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетте орын алғанмен үлкен әлеуметтік мәселе деңгейіне көтеріле алмады да, ақын – жазушылар әйел бейнесін жырларына қосқанда «жақсы қатын», «жаман қатын» сияқты дидактикалық сипаттағы сарындардан әрі асқан жоқ. XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының туындылары әйел мәселесін жеке тақырып етіп қозғамаса да, жаңа мазмұндағы әйелге сипат беру, жақсы, жаман әйелді салыстырып тәрбиелік мәнге назар аудару жағынан ауыз әдебиетімен және осыған дейін XV – XVIII ғасырларда ғұмыр кешкен Асанқайғы, Шалкиіз сияқты жыраулар толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет түріндегі дидактикалық жырлар. Бұл ретте ауыз әдебиеті үлгісін ұстаған суырып салма ақын Шал Құлекеұлы өз өлеңдерінде ел өмірін, халық тұрмысын әйел бейнесіне де біршама назар аударған.

Қазақ жұртында нәзік жандылар қауымын ерекше ардақ тұтатын салт – дістүр бар. Қыз баланы аз күндік қонақ ретінде сыйлап, алтынның сынығы, шұғаның қиығы деп тақиясына үкі қадап, үлпілдетіп өсірген. Нәзіктік пен сұлулықтың бастауы болған қыздар қауымына ерекше құрметпен қараған.

Қоғамда Ару-қыздар орны тек мейірімділік, ынтымақтастық, сезімталдық, болжампаздық, шыдамдылықпен ғана шектелмейді.Сонымен бірге қазақ халқы қызды көктемнің күлімдеген күніне теңеген. Қызды сұлулық пен әсемдіктің белгісі ретінде сипаттаған. Қазақ қызы десе, қос бұрымы жотасында ойнаған, иман жүзді, ибалы мінезді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, көрген сәттен қылығымен тәнті қылар, биязы, нәзік жанды аруларымыз көз алдымызға еріксіз елестейді. Қыздар қауымын пәк махаббаттың иесі деп білген, оған дәлел – кешегі өткен Қыз Жібек, Еңілік, Баян сұлулардың сүйіктілеріне деген махаббаты. Қазақта ақын қыз да, батыр қыз да көп болған.

Қыз бала – болашақ ана. Кез – келген ата – ананы алсақ та, қызының ертең барған жерінде «тастай батып, судай сіңіп» кетуін, жақсы жар, аяулы ана болуын армандайды. Халқымыз әйелді ана деп, дана деп аялаған. Оған айғақ – қасиетті Домалақ анамыз, Айша бибі, Қарашаш аналарымыздың елдің анасы атанып, өзгелерге үлгі болып қалғандығы. Қарлыға, Құртқа, Баян, Ұлжан, Зерелердің бүгінгі ұрпағының ақылына көркі, пайымына парасаты сай.

Тарихқа үңілсек, өмір өзенінің ағысын өзге арнаға бұрып, тарихи оқиғаларды жасаған тұлғаларға көзіміз түседі. Түркі, оның ішінде қазақ даласында әлемді таңдандырған абзал аналар мен үкілі қыздар, қадірлі әжелер аз болған жоқ. Олардың бірсыпырасы қиын кезеңдерде ер азаматтармен бірге қолына қару алып, жауға аттанды. Халық жүріп өткен тарихқа барлау жасап қарап отырсақ, Гауһар батыр - Арғын Бәсентиін Малайсары батырдың туған қарындасы, Қаракерей Қабанбай батырдың жары XVIII ғасыр басында қазақ-жоңғар соғысында қанды жорықтарға қатынасып айрықша ерлік көрсеткен. Назым – Қабанбай батыр мен Гауһар батырдан туған қаһарман қыз әкесімен бірге XVIII ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатынасып, отанын қорғаған. Назым қыз есімі және оның ерлігі жұртқа аңыз болып тараған. Айтолқын – Абылай ханның қызы, XVIII ғасырдағы соғыстарға қатысып ерлік көрсеткен. Бопай – Қасым ханның қызы, Кенесарының апасы 1837-1847 жылдары Кенесеры, Наурызбай бастаған азаттық көтерілісте ерекше топты басқарған батыр әйел.

Біздің халқымызда қыз деген сөздің өзі әдемілiктің, әдептіліктің жан – жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Ұлтымыздың қазақ қызының бейнесі жөнінде ерте заманнан бергі жиып – терген мол тәжірибесі бар. “Қыздың жиған жүгіндей”, “қыз мінезді” деген теңеулер қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін көрсетеді. Халқымызда:

Қыз емес қыздың аты – қызыл алтын,
Көрінер толған айдай жүзі жарқын.
Үлкеннің алдын орап сөз сөйлемес,

Халқының сақтай білген ізгі – салтын, - деген өлең бар. Бұл дәстүрлі қазақ қызының бейнесі айтылған өлең жолдары десек болады.

Лирикадағы қазақ әйелінің қадір-қасиеті, болмыс-бітімі ерекше назар аударуды, терең үңіле зерттеуді аса қажет ететін құйылымы бөлек жыр-маржаны болып саналады. Қазіргі қазақ лирикасында әйел-ана, қыз-келіншектер бейнесін психологиялық пайымтанымда тереңнен толғап, жүректен қозғап келе жатқан ақындары қатары мол. Қазақ әдебиеттану ғылымында лирика жанры, жеке ақындар лирикасы жөнінде қомақты, жан-жақты зерттелген ғылыми зерттеу еңбектер бар. Сонымен қатар қазақ ақын-жазушы қыздарының шығармаларының ерекшеліктері таразыланған зерттеулер де кездеседі. Атап айтсақ, С.Айбергенова «Қазақ ақын әйелдер шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы»(А.,1962), Ф.Ысмайловалар «20-30-шы жылдардағы қазақ прозасындағы әйелдер образының типологиясы» (А., 1989) атты кандидаттық диссертация жазған. Алайда лирикадағы қазақ қызының бейнесі толық зерттелген жеке ғылыми еңбектер жоқтың қасы.

Қазақтың фольклорлық поэзиясында қыз бейнесін, характерін ардақтаған өлеңдер, әндер қомақты. Халықтың «Назқоңыр», «Қамажай», «Шынар-ай», «Ақ кербез», «Ақ дариға», «Бұраң бел», «Гауһар қыз» т.б, Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас», Жаяу Мұсаның «Сұрша қыз», Ақан серінің «Балқадиша», Естайдың «Қорлан», Қасымның «Дариға, сол қыз» өлеңдері қазіргі қазақ поэзиясында дәстүрлі жалғасын тауып келеді. Қазақ поэзиясында қыз бейнесін сомдауға арналған өлеңдердің тақырыбы кеңейіп, жанры түрленіп, көркемділігі шыңдалған.

Қара өлеңнің патшасы, жыр сұлтаны – Мұқағали Мақатаевтың қазақ қызының образын, тұлғасын сомдайтын жырлары – әдебиетке қосылған сүбелі жырлар.

«Қыздарға» өлеңінде ақындық сүйсіну, қыз тағдырына деген алаңдаушылық, аялау сезімі өрілуімен қымбат.

Қыздарды көрсем, бір түрлі
Өзімнен өзім мұнданам.
Тыйам да бейқам күлкімді,
Өзімнен өзім сыр бағам.
Қымбат-ау қыздың ар-мұңы,
Қиын-ау, қиын, тым қиын.
Не болар екен тағдыры?!
Үйіріліп соқса бір құйын.
Тоймайды көзім жүз көрсем,
Жайқалған менің гүлдерім!
Тоң тұрып жерге, күз келсе,
Не болар екен күндерің?!
Түрткілеп күдік жанымды,
Кетеді жүрек тыз етіп...
Әзірге жасыл бағымды,
Отырмын, міне, күзетіп [1, 106].

«Құйынның үйіріліп соғуы», «тоң тұрып жерге, күз келсе» бейнелі сөз қолданысы қыз бала тағдырындағы қатер, қорқыныш, азапты сәтті жеткізіп тұр. «Тоймайды көзім жүз көрсем» жолдарында аяулы жандардың сұлулығын, әсемдігін шебер жеткізе білген. Ақынның «жасыл бақты» күзетуі де азаматтық парасаттылығын, ақындық жүректің нәзіктігін көрсетеді. Жыр шумақтарында ақынның нәзік сыры қыз нәзіктігімен үндесіп, астастырыла бейнеленуімен тартымды.

«Жалаң аяқ қыз» өлеңі де қыз болмысын суреттей отырып, ақын жастық шағына деген сағынышын бейнелейді. Балдырған балалық шақтың бейғам да алаңсыз күндерін еске салып көркем өрнектейді.

Ойнақтаған далада қара көзім,
Еске түсіп кетті ме бала кезің?
Елең қылмай ешкімді барады өзі,
Жалаң аяқ жүргендей дала кезіп,
Еркін ұстап елігім барады өзін [1, 106].

Қазақ қызының бойындағы еркіндік («ойнақтаған далада қара көзім»), өзіне деген сенімділік («елең қылмай ешкімді барады өзі»), нәзіктік («елігім») тіркестері аса бір сүйіспеншілікпен жырланған.

Қара да тұр, қайтесің, қара да тұр,
Бұлаң еткен бұл сурет қалады ақыр.
Жалаң аяқ...
Балтыры жалт-жұлт етіп,
Ғайып болып жастығым бара жатыр [1, 106].

Қыз тұрпатына сүйсіне қарап, сұлулықты, әсемдікті, әдемілікті ардақтай отырып, жастықты аңсау көңіл-күйі өрілген.

Қазіргі қазақ лирикасында әйел-ана, қыз-келіншектер бейнесін психологиялық пайымтанымда тереңнен толғап, жүректен қозғап келе жатқан ақынның бірі - Фариза Оңғарсынова. Ақын лирикасындағы өзгешелік сол - ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілген бейне саналады. Ол - қыз, келіншек, әйтеуір, әйел заты мейлі, кәрі әже болсын, ана атты алыптың бар болмыс-бітімін тұлғалық тұрпатын танытуымен құнды. Нәзік жанды бейненің күллі құпиясын қопара көрсету арқылы ару – қыздар образын лирикада қаһармандық санатқа көтерудің бастауын біз Фаризадан анық байқаймыз. Әйел жанын, ана табиғатын ақын-әйелдің ой-діңгегі тұрғысынан таныту, қазақ аруының психологиялық ахуалын лирикада ашып айту Фаризаға тән қасиет. Олай дейтініміз - өлең өлкесінде қыз жанын, оның бұлқыныс атқан сезім сырларын сарапқа салып, ақын «мені» мен лирикалық кейіпкер тұлғасы арасында біте қайнасқан көзге көрінбес көпір тұрғызған суреткер өте сирек. Ақын лирикасындағы әйел-ана бейнесінің болмыс-бітімі өзіндік өзгеше бір құдірет-қырымен, қадір-қасиетімен ерекшеленеді. Ақынның көптеген өлендерінде, поэма мен циклдерінде әйел табиғатының жас ерекшеліктеріне сай ішкі сезім бұлқынысы (қыз қылығымен, ана ақылымен, әже парасатымен) күрескерлік тұлғасына дейін көтерілген. Өлеңдерінің дені әйел жамиғатының жаратылысына арналған ақынның аталған тақырыптағы шығармашылық шырайы «Шілде» (Таңдамалы өлеңдер, Алматы, 1978) жинағына, «Сенің махаббатың», (Алматы, 1979, Әйелдер әлемі жыр кітабында), қаламгердің қос қанатындай қос томдық «Таңдамалыда» (Алматы, 1987), «Қыз-ғұмыр» (Алматы, 1996) және «Мен саған ғашық емес ем» (Алматы, 1999) кітабында сырлы сипат табады. Өткен тарихты терең біліп барлау, бағзы заманның құм астында қалған асылын іздеп тауып, жан бітіру де ақынның өнер өлкесіндегі ізденісінің бір қыры. Фариза әйелдері сертке берік, махаббатта тұрақты, нәзік жанды, сұлу келбетті, тәтті қылықты қыздар мен адамдық арды ойлаған, ата-баба жолынан қия басып өтпеген ардақты ана, ер мінезді, ақ кимешекті абзал әйелдер болып келеді.

Фариза Оңғарсынованың «Бойжеткен сөзі» өлеңінде қыз сыры өрнектелген.

Сен маған көктем боп кел
нәзіктеу жанымды ұғатын,
Отты махаббатыңмен өктем боп кел,
Асқақтығымды табындыратын.
Қазақтың шалықтаған әні боп кел
Жүрегімді дірілдететін.
Сол әндердің сырлы әуен – нәрі боп кел,
Жанымнан мұңым кететін.
Сен айтпай-ақ ұғардай түсіністікпен кел
Осы бар қалпыммен мені.
Тек анамның алдына кішілікпен кел –
Қайғы шалмасын аяулы алтын іріңді.
Табындыр тауып тізгінін бұла көңілдің,
Сол шақта мүмкін өзіңе ғашық етпегің.
Сен әйтеуір ұмыттыр мынау өмірдің
мені толғандыратын қасіреттерін [2, 123]

Өлеңде ақын мінез табиғаты өрілген, әрі барша қыздың асқақ, өр, нәзік, жылулықты аңсайтын, ар-намысын бағалағанды жаны сүйетін, соны талап ететін арлы қыздың жан-дүниесі, бейнесі сомдалған. Көктем жылы, жайма шуақ болса, ақын жыл мезгіліндегі адам жанына жайлы сол бір жылуды қыз жанынының нәзіктін аялау қажеттілігімен тұтастыра, үйлесіммен өрнектейді. Кіршіксіз, таза махаббатты аңсайтын, соны бағалайтын асқақ мінезді, пәк махаббатты күткен қыз бейнесі бар.

«Қыз сөзі» өлеңінде жігерлі, намысшыл, өр қыз бейнесі суреттелуімен ерекше.

Көміліп көк теңіздей мұңға жаным,
Бойымда кейде менің тулар ағын:
Сыйлымын, сонда дағы өкініште-ақ
Өзімнің жігіт болып тумағаным.
Қашан да намыссыздың кек пе теңі,
Пысықай бала да оны шеттетеді.
Жер шұқып інім кейде отырғанда
Өзімнің жігіт болғым кеп кетеді.
Жасықтық қояды ердің бағын байлап,
Біразын шынықтырса-ау жалынға айдап...
Аузынан сөзі түскен жігіт үшін
Отырам намыс қысып, қаным қайнап.
Ел десе өз басының жыры қалып
Жүретін жігіт қайда нұры жарық.
Басыма өзім кигім кеп тұрады
Қалпағын кейбіреудің жұлып алып.
Көпір боп жалғасқанмен келешекке
жіңішке қыздың жолы не десек те.
Тумаппын жаман ер боп, тым құрыса
Жүретін жайдақ мініп көк есекке.

Кей ерде өз-өзінен үміт солып,
Бүрсиген шумақта да бұғып, тоңып.
Қыз болып туғаным да артық екен
Жүргенше намысы жоқ жігіт болып![2, 180]

Жырда Фариза ақынға тән мінез, характер кесіктігі, ерлерге тән азаматтық, парасаттылық, батылдық, жүректілік сомдалған. Өлеңде қыз бойындағы ЖІГЕР, НАМЫС, БАТЫЛДЫҚ пен жігіт бойындағы ЖІГЕРСІЗДІК, НАМЫССЫЗДЫҚ, ҚОРҚАҚТЫҚ қарама-қарсы салыстырыла суреттелген. Адамдықтың ұлы сипаттары толы қыз да болса бойында намыс, жігер бар қыздың бейнесі жасалған.

Әдебиеттер
1. "Қазақ совет поэзиясының антологиясы". –Алматы: Жазушы, 1977
2. Жүсіп Қ.М "Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік", - Алматы: 2000
3. Мақатаев М. "Таңдамалы шығармалар". –Алматы: "Жалын", 2001
4. Оңғарсынова Ф. "Дауа". –Алматы: "Атамұра", 2002
5. Кәрібаева Б. "Қазіргі қазақ лирикасы" – Қарағанды, 1990

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК КЕСТЕЛЕР

Арун Р.Ә.
Шакирова Қ.М.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Katira_1971@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается сфера применения художественных средств в песнях о батырах. В песнях «Камбар», «Алпамыс» при изображение батыров и невест анализируется эффективность использования художественных средств: эпитета, метафоры, сравнения.

Annotation: The article deals with the sphere of artistic means in the songs about batyrs. In describing batyrs and brides in the songs «Kambar», «Alpamys» analyse the effectiveness of using artistic means: epithet,metonymy,hyperbola.

Ключевые слова: батыр, песня, мужественность, художественность, красота.

Keywords: hero, beauty, song, masculinity, artistry.

Ауыз әдебиеті шығармаларының халыққа көп таралған үлгілерінің бірі-батырлар жыры. Батырлар жыры – заман тынысы мен батырлар тұлғасын ұштастыратын қаһармандық эпос.

Батырлар жыры жайында ең алғашқы пікірлерді В.В.Радлов, И.Е.Березин, Г.Н.Потанин, Ш.Ш.Уәлиханов, Н.И.Ильминский сынды ғалымдардың еңбектерінен кездестіреміз. Зерттеу еңбектерде батырлар

жырының көркемдік және мазмұндық сапаларына шолу жасалып, өзіндік ерекшеліктері сараланған. Сонымен қатар ел аузында түрлі нұсқада таралған эпос үлгілерін жинап, қағаз беттеріне түсіріп, орыс тіліне аударуда айрықша еңбек сіңірді.

Батырлар жыры – ең алдымен көркем шығарма. Құрылысы жағынан батырлар жырының өзіндік ерекшеліктері бар. Батыр - "Құдайдан тілеп алған" біреудің жалғыз баласы, төрт-бес жасында асқан күштің иесіне айналған тұлға. Кейін өзіне лайықты қалыңдығы мен тұлпары табылып, жасынан-ақ ел қамын, жұрт пайдасын ойлайды. Батырлар атса - оқ өтпейді, шапса - қылыш кеспейді, отқа салса - күймейді, суға салса - батпайды. Осындай қалыптасқан үлгілер батырлар жырының көркемдік тілі арқылы ашылады.

Қазақ халқында кеңінен таралған эпос үлгілері қатарынан "Алпамыс батыр", "Қобыланды батыр", "Ер Тарғын", "Қамбар батыр", "Ер Қосай", "Арқалық батыр" және т.б. жырлар табылады. Аталған батырлар жырларында белгілі бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғалар мен халық өмірінің тұтас бір дәуірі қамтылып, сол кезеңдегі батырлардың ерліктері, батырлық істері кестелі сөз орамдарымен дәріптелген. Осы орайда, «Қамбар батыр» жырының мына жолдарындағы ұтымды салыстыруларды мысал ретінде алуға болады:

Қылғи ілген торғайдай
Мойныңды жұлып алайын.
Сол сөзді айтып ер Қамбар,
Ақ тұйғындай құнтиды.
Қыз Назымға таласып
Патшаменен соғысты.
Бұлт шайнап, мұз бүркіп,
Үркер мен айдай тоғысты [1].

Келтірілген жолдардан салыстырудың кең қолданыстағы түрі – теңеуді анық байқай аламыз. Зерттеуші, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Теңеу заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей- ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді», - [2] деп анықтама береді.

Батырлар жырында көркемдік тәсілдердің ерекше бір түрі – әсірелеу жиі кездеседі. Батырдың асқан ерлігін туған жері, елі үшін қалың оққа қарсы жасаған қимылын, жомарттығы мен қайсарлығын, өжеттігін көрсету мақсатында жыршылар әсірелеуді өте шебер қолданғандығына «Ер Тарғын» жырындағы батыр бейнесін суреттеген жолдары дәлел бола алады:

Сары ала туы салбырап,
Қабағы тастай түйіліп.
Аллалап Тарғын шабады,
Ай бетінен кіреді,
Күн бетінен шығады,
Қойға кірді бір бөрі
Бөрліктіре қырады...
Толғады батыр найзаны
Жалғыз жаумен ойнады,

Көтеріп салған көк сүңгі
Тіріде қанға тоймады...
Адам шыдар ер емес,
Қар жаудырды қабақтан...[1]

Жыр жолдарында отаны үшін мұз төсеніп, қар жастанған, ел тағдырын ойлап, ел тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тіккен, еліне қамқор, пана болған хас батыр бейнесін көре аламыз.

Жаны жоқ кәллә не білсін,
Ұшқан кәллә жөнелді,
Қалың топты аралап...
Бес-алтауын өлтірді.
Он шақтысын жаралап...
Майданнан аққан қызыл қан
Өзенге симай ағылды... [3].

Жоғарыда келтірілген үзіндіден Алпамыс батырдың көзсіз ерлігі сәтті суреттеледі.

Жырларда қалыңдық бейнесі тамаша теңеулер мен әдеби айшықтаулармен беріледі. Қалыңдықтың көз сүйсінер сұлулығы, пейіштегі хор қызына теңелген мүсіні оқырманын таңқалдырады. «Қамбар батыр» жырындағы Назымның бойындағы жинақылығы, таңдай қақтырар сымбат пен сұлулығы, тәрбиесі, назды қылығы, кербез қағысы, белге түскен бұрымы ерекше өрнекпен, шымыр шумақпен бейнеленеді:

Сұлудың қылығы бар неше түрлі,
Мойнына лағыл,жақұт,тақты дүрді,
Барша жан форымына қайран қалды,
Көргендей жәннеттегі мыйсал хорды [1].

Жыр жолдарындағы метонимиялар қалыңдық образын жасауда шебер қолданыс тапқан. Метонимияның өзге троп түрлерінен ерекшелігі де осында. Ғалым Ахмет Байтұрсынов метонимияға былайша анықтама береді: «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту, алмастыру, ауысу (яғни метонимия) деп аталады» [2].

Сүйегі асыл дүр еді,
Құдайдың өзі біледі,
Он төртінде туған айдай боп
Түседі кімнің қасына?
Алпыс сомдық әр кезі
Үстіне асыл кигізді,
Жорғадан жегіп қара көк
Ашылған гүлдей нұрланып
Қылығымен сүйгізді,
Өз теңінің ішінде
Асырып дәурен сүргізді,
Уызында жарыған
Ерте туған бағландай
Толықсытып жүргізді [1].

Қамбар батырдың аңшылықтан оралуын тағатсыздана күткен Назым бейнесі жырда былайша беріледі:

Бұлттан шыққан айға ұқсап,
Тұр еді Назым нұрланып,
Атлас көйлек үстінде.
Көк арбаға сүйеніп,
Шыбықтай белі бұралып [1].

«Ер Тарғын» жырында Ақжүніс келбеті антитеза арқылы келісті кескінделген:

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр!
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр! [1].

Жыршы Ақжүніс образын оқырманға көркемдеп жеткізуде айшықты метафора түрлерін қоладанады. «Тіл білімі сөздігінде» метафораға «Метафора – троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылуы» [4] деген анықтама беріледі:

Шашын талдап тараған,
Билер мінген бедеудей
Бауырынан жараған.
Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай.
Ет ажарын қарасаң,
Терісінен айырған
Арпа, бидай ақ ұндай,
Қасы жайдай керілген.
Кірпігі оқтай тігілген.
Бұралып белі бүгілген[1].

«Алпамыс батыр» жырында Гүлбаршынның бейнесін «алмадай қызыл жүз», «он бесінде туған ай», «гөзел баудың гүлі» және «нәркес көз» секілді эпитеттер мен баламалардан анық байқауға болады.

Зерттеуші Г.Ө.Мұқаметқалиева «Эпитет дегеніміз - екі немесе одан да көп компоненттен тұратын өзара қабыса байланысқан, көркем, бейнелі образды сөз етеді», - дейді[2].

Жалғыз қызы Гүлбаршын
Он бесте туған ай еді.
Жасыңнан саған айттырған
Гүлбаршын сұлу жар еді[3].

Жырдағы суреттеу бойынша батырдың сүйген жары елден асқан сұлу, ақылына көркі сай, талдырмаш, сүмбіл қара шаш, оймақ ауыз, күлім көз, айқабақ, қызыл ерін, алма мойын, әсем қылықты болып келеді.

Көркем бейнені жасауда көркемдегіш құралдар батырлар жырының негізгі құралы болып табылады. Ол жырдағы кейіпкерлердің сыртқы сымбатын ішкі жан дүниесімен сабақтастыра суреттейді. Жырдағы

көркемдік кестелері халықтың дүниетанымын, көркем ой - сезімін, қоғамдық өмірінің нақтылы әлеуметтік – тарихи жағдайларын көрсетеді. Қорыта айтқанда, көркемдік кестелер – жырдағы кейіпкердің көркем келбеті мен ішкі болмысының келісті көрсеткіші.

Әдебиеттер
1. Батырлар жыры III-том. Алматы: Жазушы, 1978. 8б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: Жазушы, 1991. 463б.
3. Батырлар жыры. Алматы: Жазушы, 2009. 169б.
4. Сүлейменова Э. Мадиева Г. т.б Тіл білімі сөздігі. Алматы: Ғылым, 1988. 544б.

ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫНА ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Оразбекова Р.С.
Ахмет А.Р.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
roza_orazbekova@mail.ru

Аннотация: Тоталитарная система религии в духовном возрождении.

Abstract: Totalitarian system of religion in spiritual rebirth.

Қазіргі таңда діни толеранттылық ұстанымы өте өзекті мәселеге айналып отыр. Өйткені кез келген діннің мақсат-мұраты – адамдар арасындағы ымырасыздықты, келіспеушілікті жойып, олардың бейбіт әрі тату-тәтті өмір сүруіне жол ашу. Дегенмен бұл қағида бүгінгідей жаһандану дәуірінде көпе-көрінеу бұзылып отыр. Бір дінніің өкілінің басқа дін ұстанушыны бөлектеп, оның сенімін жоққа шығаруы қалыпты нәрсеге айналды. Тіпті мұның салдары қылмыстың ең ауыр түріне – адам өлтіруге дейін жетті. Сол себептен діни толеранттылық мұраттарына жүгініп, қағидаларын қалпына келтіру арқылы адамзатқа ортақ игі құндылықтарға қол жеткізуге болады. Ол үшін алдымен толеранттылық ұғымының бастауларына, түп – төркініне үңіліп, қалыптасу, даму жолдарын бағдарлауға тура келді. Әрбір түсінік өзінің мәдени – рухани ерекшелігіне сай баяндалады. Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. XVIII ғ. француз жазушысы және филосов Вольтер айтқандай, «сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын деген. Ол толеранттылықтың басты қағидаты. Бұл адамдар арасында өзара сыйластықтың, мейірбандылықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты сана: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір – біріне шапағат жасай білуі.

Дін – қоғам мүшелерін, елді кемелдікке, рухани өрлеуге жетелейтін, халықты азғындықтан, адасудан сақтайтын, адам бойына аксиологиялық қасиеттердің жинақталуына бірден бір себепкер фактор. Діннің әлеуметтік өмірге ықпалы, ең алдымен, оның адамдардың күнделікті тұрмыс тіршілігіне бейімделуінің арқасында жүзеге асырылады. Осы орайдағы діннің маңызды тіректерін санамалап, негізгі ұстындарын көрсеткеніміз жөн. Олар:

1. Дін адамдардың Құдай алдындағы тәуелділігін сипаттайтын, Тәңірінің қалауына сай берілген еркінің арқасында әрекет етуге келгендігін түсіндіретін, соған сай өмірдегі жүріс тұрыс нормаларын, тұрмыс тіршілік қағидаларын қалыптастыратын “ Мән” сипатына ие құбылыс.

2. Дін қоғам өмірінің , мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, т.б. салаларына да белгілі бір деңгейде қатысты болып келеді. Теократиялық мемлекеттерде, ең бастысы, дін арқылы мемлекеттің аталған салаларын дамытуға, жетілдіруге мән берген.

3. Діннің метафизикалық қыры, бұл адамның жеке өзінің ішкі сенімінің іргетасын қалайтын, рухани болмысына “қан жүгіртетін” стимул.

4. Дін мұрат мүддесі бір, бір мақсатқа жұмылған пікірлес, ниеттес адамдар мен сол сияқты бөгде, жат (ұлты, тайпасы, діні бөлек) адамдар арасындағы қарым қатынасты реттейтін фактор

Діни жаңғыру постатеистік және посттоталитарлық елдерге тән. Өйткені ұзақ жылдар бойы ұлттық және рухани құндылықтарынан ажыраған елдер өзінің арғытегінде өрнектелген тамырларына қайта оралуды мақсат көретіні даусыз. Діни өрлеу үдерісі және құндылықтар дағдарысы, діни негізде өзіндік бірегейленуді іздеу, түрлі субмәдениеттің құрылуы бұрынғы кеңестік елдер үшін тән құбылыс болып отыр. 1990 жылдары діни сананың жаңғыруы дәстүрлі діни бірлестіктердің позицияларының күшеюімен бірге Қазақстан үшін жат жаңа деструктивтік және тоталитарлық діни ұйымдардың пайда болуымен ерекшеленеді. Қазақстандағы дәстүрден тыс діни ілімдерді ұстанушылар қатарында түрлі әлеуметтік топтағылар, рухани ізденістерде жүргендер, жанына жұбаныш, сырқатына шипа іздегендер, жұмыссыздар мен қалталы азаматтар құрады. Жалған діни ағымдар өз қатарына 16-30 жас аралығындағы жастарды тартуы – болашақта ұлтымыздың діни бірегейлігі мен ынтымағына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Толеранттылық XXI ғасырда экономикалық дамудың маңызды факторы және әлемдік экономиканы рецессия жағдайынан алып шығушы тұтқа болып отыр. Қазақстанда бұл тәсіл уақытпен тексеріліп, сынақтан өткізілген, сондай-ақ оның тиімділігі тарихпен дәлелденген. Қазақстан осында өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың шынайы Отаны бола білді. Олардың жалпы тарихи тағдырлары ұқсас және біздің бәріміз үшін бейбітшілік пен достықты, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтау маңызды болып қала бермек. Тек өзінің ұлттық шығу тегін сыйлаған адам ғана басқалардың мәдениетін сыйлай алады. Басқа этностардың рухани дүниесін терең түсіне білгенде ғана сол түрлі ұлт адамдарының басын біріктіре алады.

Кез келген дін жер жүзіндегі сан түрлі халықтардың, тайпалардың ата бабаларының бір екендігін жоққа шығармайды. Осыған сәйкес басқалардың діни наным сеніміне, ұстанымына, салт дәстүріне құрметпен қарау қасиеті барлық діндердің тек табиғатында бар. Әсіресе Шығыстағы маңызды діни философиялық ілімдер жүйесі ретінде орныққан конфуцийшілдік және буддизмде бұл мәнді шарттар мифтер , аңыз әңгімелер, ғибратты хикаялар, сұхбаттар, дәрістер түрінде бекіп орныққан.

Алғаш төзімділік мәселесі діни концепцияларда бірінші кезекте шығыс елдерінің ежелгі діндерінде қарастырылады. Көптеген шығыс діндерінің сипаты ашықтығымен, өзіне жақын діни жүйелерге шоғырлануға ққабілеттілігімен ерекшеленеді. Олардың түпкі идеясы төзімділікті насихаттады.

Үндістан мен Қытайдағы діндердің толеранттылық төңірегінде "адамзатқа ортақ алтын қағидаға" айналған нақылдары төмендегідей сипатта:

Буддизм: Адам өзінің дос жарандары мен туысқандарына деген құрмет, ізгілік сезімдерін төмендегі бес түрлі тәсілмен көрсете алады: жомарттығымен, ілтипатымен, қайырымдылығымен, басқаларды өзіндей көрумен, сөзіне беріктігімен танытады.

Конфуций: Жұрттан нені қаламасаң, сол нәрсені басқаларға істеме.

Иидуизм: Жаныңа бататын нәрсені өзгеге істеме, бауырын жанындай жақсы көрмей тұрып ешкім де шынайы сенім иесі бола алмайды.

Жайнизм:Бақыт пен қайғыда , қуаныш пен қасіретте біз өзімізге қалай қарасақ, барлық жаратылысқа солай қарауымыз керек.

Индуизм: Өзіңе жаман нәрсені жақыныңа тілеме.

Сихкизм: Өзің туралы қалай ойласаң , өзгелер туралы да солай ойла. Сонда ғана көкте сендер тең боласыңдар.

Даосизм: Көршіңнің табысын өз табысыңа бала. Ал көршіңнің қайғысын өз қасіретің деп сана.

Ислам тарихында толеранттылықтың пайда болуы жөнінде көптеген құнды мысалдар келтіруге болады. Мұхаммед пайғамбардың әртүрлі сенімдегі рулармен, тайпалармен жасаған келісімі исламдағы толеранттылықтың айқын көрінісі. Осындай келісімдердің бірі – 622 жылы мұсылмандар мен өзге сенімдегілер арасындағы Мәдине келісімі немесе «Мәдина конституциясы». Зерттеушілер

Дін. Толеранттылық. Рухани құндылық. Жалпы бұл үш ұғым бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады. Яғни, дін –халықтың таңдамалы бойұсынатын құндылығы болса, ал дінді қабылдауы мен сол дінге деген төзімділігін айта аламыз. Бұл дін мен төзімділікті қосарлайтын тағы бір ұғым ол халықтың рухани құндылығы. Ендігі де адам бойындағы рухани құндылықты дінге деген төзімділі арқылы анықтауға болады. Бұл негізгі аспектілерді толығырақ ашу үшін психологияда зерттелуінің маңызы зор , психологияда белгілі бір этностың жалпы психикалық болмысына қатысты өзіндік мінез-құлқы бар деп есептеледі. Шындығында да, ол ата-бабаларымыздан жалғасқан-сабақтасқан, тектік-туыстық жағынан да берілетін адамдық сапалар болып табылады. Бірақ бұл жерде, бүкіл ұлтқа

біржақты баға беруге болмайды, сонымен қатар, психиканың басым бағыттары мен мінез-құлық ерекшеліктері де климат, қоршаған орта, көршілес мемлекеттер сияқты экзогенді ықпалдармен және ішкі түрткілер арқылы қалыптасып, өзгеріп отыратын эндогенді факторлардың бірлігімен айқындалады.

Қай ғасырда болсын, ұлт өмірін өркендетуші саналы да сауатты, ұлтжанды, рухы биік, ақыл парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі кең, төзімді тұлғаны қалыптастыру – қоғам алдындағы басты міндет. Халық өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны жинақтап пайдалана отырып, шынайы адамгершілік, табандылық қасиеттерге баулып тәрбиелеуді мақсат етіп отырған. Өйткені өмір сүру қаншалықты күрделі болса, алдындағы мақсатынан айнымай, жолда кездескен қиындықты өз бетімен шеше алатын, адами мінез –құлық қасиеттерін басқара алатын өмір сүруге бейімделген, тұрақты тұлғаны тәрбиелеу оңай мәселе емес.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан бастап сенім мен діни бостандыққа заң жүзінде рұқсат берілді. Бұл туралы Ата Заңымыздың I бөлімінің 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Ендеше елімізде 130-ға жуық ұлт тұратынын ескерсек, олардың баршасына бірдей төзіммен қарау көзқарасы өз кезегінде қоғамдық сананың да өзгеруіне әкеледі деген сөз.

Толеранттылық жеке тұлғаның ішкі рухани күйі. Қоғамда осындай толерантты тұлғалар неғұрлым көп болса, оның тұрақтылығы да жоғары болады. Жеке тұлғалық толеранттылық өмірлік тәжірибе мен әлеуметтік қарым-қатынастың, үздіксіз рухани ізденістің жемісі. Бұл үдерісте отбасынан басталатын тұлғалық әлеуметтенудің маңызы зор.

Қазақстан - көпұлтты мемлекеттердің бірі. Еліміздегі тұрақтылық, бейбіт өмір, халықтар арасындағы өзара сыйластық пен ынтымақтастық – Қазақстанның мақтанышы. Сондықтан, қоғамның негізгі міндеті – оқушыларды толеранттық пен ұлтаралық ынтымақтастыққа тәрбиелеу.

Бүгінгі біздің алдымызда тұрған негізігі міндет: ел президенті атап көрсеткендей «Республикадағы қазіргі ұлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындай сақтай білу – барлық ұлттың, әрбір азаматтың жауапты міндетін алдымен осы атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойынына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады» деген сөзі арқылы қазақ халқының атадан – балаға мирас болып келген рухан – имандылық қасиеттері бүгінгі жаһандандыру заманында қазақ елі өркениетті елдер қатарында болуына негізгі тірек болары сөзсіз деп сенім артады.

Астанада өткен Қазақстан халқының Ассамблеясының 15-ші сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамда білім беру жүйесі мен

тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып республикамыздың мектептеріне толеранттылық негіздері атты курстар енгізуді ұсынды.

Ұлттық дүниетаным мен ділдің қалыптасуына ықпал еткен рухани құндылықтарды зерттеу қазіргі қазақ қоғамының рухани түлеуі және діни санамыздың беріктігін нығайту үшін қажет. Осындай зерттеулер қазақ елінің рухани тұғырының бірі ретіндегі ислам құндылықтарының қоғам өміріндегі орны мен рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Ұлт руханияты үшін ұлттық тіл, ұлттық діл және дін рухани тұғыр болып табылады. Осы үш діңгек бір-бірімен ажырамас бірлікте болғанда ұлт тұтастығы да берік. Сондықтан да, ұлттық өмір салтымызды, әдет-ғұрпымызды, салтымызды, дәстүрлі діни мәдениетімізді және мұрамызды жүйелі де, толыққанды зерделеу уақыт талабы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында да: «Экстремизммен күрес әйтеуір жазықтыны іздеп табуға айналып кетпеуге және дінмен күреске жалғасып кетпеуге тиіс. Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», - деп атап өткен болатын. Яғни, бұдан шығатын қорытынды, біз діни фобияның қандай да болмасын көрінісіне тосқауыл қоя білуіміз керек.

XX ғасырдың белгілі педагогі М.Ғ.Арынның «... бір ұлтқа тәндігіңді, соған жататындығыңды дәлелдегің келсе, сол ұлттың дінін әрі терең, әрі жақсы білуің керек» деген ойларыммен түйіндегім келеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 2000ж
2. «Патриоттық және толеранттық қасиеттерді қалыптастыру – Қазақстандық тәрбиенің басты бағыттары» тақырыбындағы облыстық ғылыми – практикалық конференция материалдары
1. Құрманбаев Қ. Исламдағы адам құқықтары. Алматы, 2012 – 180-184 б.
2. Сейид Мухаммад Хатами. Диалог цивилизации: путь взаимопониманию. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 196-197б.
3. Керимов Г.М. Шариат: Закон жизни мусульман. Ответы Шариата на проблемы современности. – СПб: Издательство диля, 2007. 425-426 б.
4. Заринкуб А.Х. Исламская цивилизация. – М.: «Анадалус», 2004., 29-30 б.
5. Гайнутдин Р. Учение имама Абу Ханифы как основа толерантности в современном мире // Мазхаб Великого имама Абу Ханифы и современность: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: Атамұра, 2009. – 8-9 б.

Т.Х. Ғабитов, Қ.А.Затов

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУДІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Оразбекова Р. С.
Жамбыл Н. Ж.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
roza_orazbekova@mail.ru

Аннотация. Исторические этапы перехода на латинскую графику.

Abstract. In this article the author displays the historical changes in the process of moving to Latin graphics.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым, құмық, татар тілдеріне жақын. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына

негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Мысалы, айта кетсек, Қазақ тілі үшін әр кезеңдерде және әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында - кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да пайдаланылады. «Латын графикасы әлгіндей әлемдік үстемдікке қалай ие болды?» деген сауалға келер болсақ, оның жауабын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Өйткені олай деуге толық негіз бар. Біріншіден, латын графикасының таралуына, алдымен, Рим империясының тез нығайып, қанат жаюы түрткі болды. Екіншіден, христиан дінінің таралуымен байланысты бұл жазу үлгісі Батыс және Солтүстік Еуропа халықтарының байырғы руникалық таңбаларын толықтай ығыстырып шығарды. Үшіншіден, әлем тарихында теңдесі болмаған Британия империясының жер бетінің бестен біріне үстемдік етуі де латын графикасының кең таралуына тікелей себеп болды. Төртіншіден, латын графикасының Америка континенттеріне таралуына Британия империясымен қатар, роман тілді Франция, Испания, Португалия мемлекеттерінің ықпалы да аз болған жоқ. Бесіншіден, латын графикасының планета бетіне жаппай таралуына XX ғасырдың 50-60 жылдарында, алдымен АҚШ-та, содан соң Ұлыбритания мен Францияда өріс алған компьютер технологияларының жылдам дамуы мен сол технологиялардың негізінде, алдымен АҚШ-та өркен жайып, содан соң, өте қысқа уақыт ішінде күллі әлемді орап алған Интернет байланыс технологиялары да себеп болды. Алтыншыдан, күллі ғаламды шарпыған жаһандану үдерісі ағылшын тілі мен латын графикасының көкжиегін бұрынғыдан бетер кеңейтіп жіберді. Өйткені бүгінгі заманауи технологиялар мен инновациялық идеялардың басым көпшілігінің ағылшын тілді әлемнен бастау алып отырғаны жасырын емес. Сосын, латын графикасы Түркі әлемін де айналып өткен жоқ. Алдымен, бұл жазу жүйесін бірінші болып 1928 жылы Түркия мемлекеті қабылдаса, 1991 жылдан кейін бұл графикаға егемен Әзербайжан, Түрікменстан және Өзбекстан мемлекеттері де өткен болатын. Біздің елімізде латын әліпбиіне қайта оралу туралы қоғамдық көзқарас 1994 жылы көтерілген болатын. Содан бермен қарай, бұл көкейкесті бастама ондаған дөңгелек үстелдер мен ғылыми конференцияларға арқау болды және бұл мәселені жан-жақты талқылау барысында түйінделген пікірлер мен ұсыныстар әрдайым ақпарат құралдарында жарияланып отырды. Сосын, олардың басым көпшілігі әлгі бастамаға қолдау білдірді. Демек, осы уақытқа дейін тілге тиек болып келген көкейкесті мәселенің пісуі әбден жетті және, ең бастысы, біздің қоғам латын графикасына деген заманауи бетбұрысқа ешбір асығыссыз әрі тиянақты дайындалып алды. Осының нәтижесінде, илеуі әбден қанған қоғамдық пікірді ескере отырып, Президент Н.Назарбаев қазақ тілінің латын графикасына өтуі туралы нақты пайымын 2012 жылы «Қазақстан-

2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында алға тартқан болатын. Сондықтан Елбасының бұл тиянақты ұстанымы күллі халқымыздың көкейінен шығып, қоғам тарапынан жаппай қолдау тапты. Мемлекеттік тіліміздің латын графикасына көшуі туралы Президент бастамасы жуырда Парламентте халық қалаулылары мен белгілі саясаткерлер, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, сарапшылар, тіл мамандары, қоғамдық ұйым мүшелері және жаңа әліпбидің жобасын әзірлеген мамандар тобының қатысуымен өткен «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» парламенттік тыңдауда да жан-жақты қолдау тапты. Дәл осы тұста жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласында қазақ тілінің латын графикасына өтуін еліміздің рухани даму жолындағы тарихи бетбұрыс екеніне ғана назар аударып қоймай, Елбасының ағылшын тіліне де ерекше мән бергенін атап өтудің жөні бар.

Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр. Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу - ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Қанаш А. Д.
Айдарова Г. К.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Aydarova_1969@mail.ru

Аннотация. Статья включает исследования лингвистической природы пословиц. Он проанализировал устную традицию как образец национального образования. Сравнивается использование пословиц в произведениях поэтов и писателей

Ключевые слова: наследие, ум, мироаззрения, мудрость, хан

Annotation. The article includes research on the linguistic nature of the proverbs. He analyzed the oral tradition as a model of national education. The use of proverbs in the works of poets and writers is compared

Keywords: ьeritage, intelligense, world outlook, wisdom, hahn

Қазақ халқының асыл мұраларының ішінде ертеден біте қайнасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, әрі орны ерекше мұраларымыздың бірі – мақал- мәтелдер.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының, сөз өнерінің қазына байлығы. Олар – заманалар бойына қалыптасқан, сол халықпен мәңгі бірге жасасып келе жатқан жәдігерлер. Мақал – мәтелге аса бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ дүниетанымында қалыптасқан мақал-мәтелдердің халық өмірінде алатын орны мне маңызы туралы айтқан академик Ә.Қайдаровтың пікірін де келтірейік: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымның, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар[4,142] Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді. Алдымен, осы қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі, өзіндік жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер тақпақтан гөрі мақал маңызды мақалға жақын келеді. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде көрсеткен болатын. Демек, мақалда тұрмыста қолданып жүрген сөздеріміз шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелде тұрмыста қолданылатын сөздердің шындыққа жанаса қоймай, кесегімен айтылатын сөздердің қатарына жатқызуға болады.

Ал, енді бұл терминнің түркі тілдеріндегі қолданысына тоқталсақ; «өзбектерде – мақол, қырғыздарда – мақал мен лақаптар, татарларда мәкаль һәм әйтем, әзербайжандарда – аталар сөзі, ұйғырларда мақал вә тәмсил, алтайлықтарда – көп ле укаа сөстер» деп айтылған. Қазақ мақал-мәтелдерінің бастауы – сонау Орхон – Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады десек мақал-мәтелдер баршылық. Мысалы: орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп,тізеліні бүктірген», «Өлімнен ұят күшті» деген мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Бұл деректерге сүйен отырсақ, мақал-мәтелдердің басы сонау көне ескерткіштердің тілінде қолданыс тапқандығын байқауға болады. Мақал-мәтелдер осы кезден бастап дараланып шыға қоймаса да, халық аузында ауызша сақталды деуге болады. Ал оларды нақты жинап, қағаз бетіне түсіру, баспасөз беттеріне жариялау – XIX ғасырдың II жартысынан басталады.

Мақал-мәтелдер – көп салалы ауыз әдебиетіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім- тәрбиенің белгілі жүйесі болып табылады. Мәселен, Мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарды ақыл-ой тәрбиесі, өлең жыр-дастандарда әсемдік тәрбиенің негізгі қағидалары тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тілімдік бағытта пайдаланылған. Сондықтан да мақал-мәтел мен нақыл сөздерге тоқталуда атап өтетін факторлар көп. Өйткені халық «Жүздің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал» деп бағалаған.

Мақал – өмір құбылыстарын жинақтап көрсететін және оларға баға беріп, қорытынды пікір айтатын халық даналығы. «Мақал» араб сөзі, мағынасы «Тиісті орында айтылатын сөз» деген ұғымды білдірсе, бейнелі сөздер қатарына жататын мақал-мәтелдік мәні бар, аз сөзбен көп ойды білдіретін көркем сөз құралдарының бірі-нақыл сөздер. «Нақыл» жеген қазақтың өз сөзі емес, арабтың «Нақыл» мысал, өсиет айту деген сөзінен келіп, тілімізге сіңіп кеткен термин. Шығу тегі ортақ болып келетін бұл екі термин мағына берері анық. «Күлме досқа, келер басқа», «Ойнап сөйлесең де, ойнап сөйле» деген мақалдар ғибратты мағыналы нақыл сөз түрінде келген. «Ақыл – тозбас тон, білім – таусылмас кен» деген сияқты мақалды алсақ, ойды ұтымды, ұтқыр, тілге орамды, жарасымды жеткізуімен құнды.

Сөздің реңін кіргізіп, бір затты екінші затқа, бір құбылысты екінші құбылысқа салыстыра суреттеу арқылы ойшықтап көркемдік үйлесімге келтірудің бірі – теңеу. Мақал-мәтелдердегі теңеудің құбылысымен таныс құбылыстың тағы бір қырын тереңірек білуге жәрдемдеседі. Мысалы: «Күшті болсаң жердей бол, бәрімізді көтерген, таза болсаң судай бол, кірімізді кетірген», «Үндемеген үйдей пәледен құтылады», «Құдаң құрдасыңдай болсын, құдағиың сырласындай болсын», «Жақсылардың үлгісі, жанып тұрған шамдай, шешендердің сөздері ағып тұрған балдай».

Мақал – мәтелдерде қолданылатын теңеулер өнімділігі мен мазмұндылығына, белгілі бір стильдік ерекшелік үшін қолданылады.Мақал – мәтелдердегі теңеу дүниедегі заттар мен құбылыстардың мәнін анық, мәнді, ойды күшті білдіреді. Адамның өмірлік тәжірибесінен, мақсат-мұратынан туған мақал-мәтелдерге қолданылған теңеулер жан толғауын эмоционалды түрде шын бейнеленген және де теңеулерде қолданылатын – дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары көзделген мақсатқа арналған мақалдың қасіретін діл мәнде айтылуына маңызды рөл атқарады, тірі бейне тәрізді айтылған.Мысалы, «Ұлтарақтай болса да, ата қоныс жер қымбат, ат төбеліндей болса да, ата қоныс ел қымбат».Осы мақал-мәтелдерде қолданылған теңеулер – мақалдардың эмоцияналық мәнін, маңызын ашып айқындап берген. Мақал-мәтелдерде жұмсалған анықтауыш сөз түрінде келген доминанта сөзі бір үлкен ойды, түсініктерді айқындап, негізгі іс-әрекетке, оқиғаға арналған түсініктерді айқындай түседі, халық даналығы мақал-мәтелдің мағынасы ішкі жан дүниесін, сезімін, ұлттық танымын, айтар ойын астарлап мейлінше шынайы жеткізген.

Көркем шығармада сөз мәйегін келтіру үшін қолданылатын көркемдік амал-тәсілдің негізгі тілдік элементі метафора болып табылады. Метафораның мағына дамытудағы маңызы, күнделікті сөйлеу тілінде кездесетін қарапайым түрлері мақал- мәтелдер ішінде жиі кездеседі. Мысалы: «Көненің көзі – қымбат, сөзі –сымбат», «Арық атқа – қамшы жау, жыртық үйге тамшы жау», «Әкенің өлгені – асқар таудың құлағаны, ананың өлгені – таудан аққан бұлағыңның суалғаны». Мақал – мәтелдерде метафоралы қолданыс – сөздің бейнелік, суреттілік қасиетін арттырады.

Мақал-мәтелдерде метафораны қолдануда оның құрамына қосымша элементтерді сыналап енгізу кездеседі.Мысалы: «Мәстек шауып, бәйге алмас» деген мақалды «Мәстек шауып, тұлпардан бәйге ала ма, қадірлеп, асыл жабу жапқанменнен»,- деген екінші қосылған элементтер көрініп тұр. «Таспен атқанды аспен ат» деген мақалды «Таспен тақанды жібердім аспен атып, өзім де өкстім, қатайды жас қанатым» мұгда жа сыналып енгізген элементтер бар. «Еңкейгенде – еңкей, шалқайғанда – шалқай деген мақалдың құрамында толықтауыш элементтер есебінен өсуі «Еңкейгенге еңкей – атаңнан қалған құл емес, шалқайғанға шалқай – пайғамбардың ұлы емес». Мақал-мәтел құрылымының өзгеруі: «Тасың өрге домаламаса, тасыма, тауың шағылса, жасыма» арқылы «Егер сен сен жанып жүріп тасың өрге домаламаса, тасыма, Егер тауың шағылып, өзгелерден үстемдік көрсең, жасыма, қайта ашын» сияқты мақал-мәтелдің құрамын алсақ, оның тұлғасына сыналап енгізілген қосымша элементтер қазақтың құдіретті күйімен сөз байлығы, көркем де, бейнелі өрнегі.

Халық даналығының қайнар көзі – тіліміздің мыңдаған мақал-мәтелдер десек, онда даналықтың басқа да қыр-сырын білдіретін басқа сөздер бар, олар мақал- мәтелдермен қатар айтылып, шығу, даму тарихы ортақ отау болып табылатын – нақыл сөздер.

Сондай-ақ мақал мен мәтелдің айырмасын М.Ғабдуллин былайша көрсетеді: «Мәтелдер көбінесе сөз айшығы, көркем теңеу, сөз оброзы ретінде қолданылады [5,78]Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды , пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады. Халық даналығының ұйытқысы – мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер болып саналады. Ішкі арна бойыншы толассыз толығып, даналық қорын құрайтын сан алуан мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер көбінесе дана билер мен ақылман – айтқыщ, ділмәр-шешен, суырыпсалма ақындар мен сұңғыла жыраулардың ой- толғанысынан туындап, сөздердің құдыретті де күштілері мен әрі қысқа, әрі нұсқа етіп айтқан түйіндері болып саналады.

Халық жадында мынандай мақал бар: «Қырат жерге гүл өссе, жарасар, ауылдық жерге қыз өссе жарасар». Ал, ол негізінен бұл Тазша баланың Жиреншеге көңіл айтуға келгенде, Жиренше шешенннің Тазшаға берген жауабы еді. Бірақ ел аузында ол мақал болып сақталып қалды.

Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын
Инабатты болса, келінің жақын.

Қазыбек бидің «Кім жақын» деген сұрағына жауап берген жауабы. Бірақ қәзірге мақал жинақ кітабында осы бір шумақ, үш әр түрлі тақырыпқа бөлініп айтылған.Біріншіден, туған-туыс делінсе, екіншіден, тәрбие мен адамгершілік, үшіншіден, бірлік делінеді. Демек, нақыл сөз – мақал – мәтелге ең жақын тұрған, солардың қатарына қосылып кетуге ыңғайлы даналықтардың бірі. Нақыл сөздің тағы бір ерекшелігі – олардың мақал-мәтелдердің өлшем өрнегіне дәл келе бермей, құрылымы жағынан төрт жолдық өлең не одан да көп сөздермен баяндалуында, яғни ықшамдап, нақтылық шарттың бұзылуында.

Аты алты алашқа әйгілі Жиренше шешенді Жәнібек хан сапарға біге ала шықпақ болып тез келсіндеп, қызметкерін жібереді. Ол:

Ау, Жиренше, хан жолаушыға шығайын деп Сізге тез келсін деп жатыр,- дейді.Сонда Жиренше:

-Ханның жеккені не?-депті.

-Жеккені қып-қызыл алы нар әзір тұр.

Жиренше сонда:

-Қазір барамын, ханға сәлем айт, күн бұлт екен, - депті.

-Тақсыр, Жиреншені шақырдым, ол ханға сәлем айт, қазір барамын, күн бұлт екен, - дейді.

Айтылған сөздің астарын түсіне қойған хан:

-Алты нарды доғарып, арбаға алты тұлпар жегіңдер, - деп бұйырады. Хан мен Жиренше жолға шығып, жолда құбыладан қара бұлт пайда болып, жаңбыр құйып, жер батпаққа айналды. Соған қарамастан олар сыдырта желіп отырыпты. Сонда Жиренше ханға қарап:

- Жылқы малдың патшасы, түйе малдың – қасқасы депті.Міне, Жиренше шешеннің осы бір ұтқыр сөзі салшылар тілінде мақал болып қалыптасып, ел жадында сақталып, мақал-мәтелдер жинағына еніп келеді. Халық жадынды сақталған мақал-мәтелдер дана, билер мен ділмәр – шешендер сөздерінен құралып, нақыл сөз ретінде қолданылады. Жиренше шешеннің бір ауыз нақыл сөзі де уақыт өте келе мақұалға айналғандығы сөздің мәнділігіне байланысты болып келеді. Жиренше кезінде бұл «Жиренше сөзі» деп аталған шығар, бірақ ол кездегі жазу-сызудың болмауына байланысты нақыл сөздер ауыздан-ауызға айтылып келгендіктен мақалға айналып авторы белгісіз болып қалады. Нақыл сөздер – мақал-мәтелдің бастауы.Оған Төле би сөзін лаып қарастырайық:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі,
Өзіне келген ұятын,
Өзі біліп тұрса игі,
Жаудан бұққан немені,

Ортасына қуса игі, - деген жолдарын алдыңғы екі жолы «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» іс жүзінде бөлшектеніп, бұталанып өз алдына жеке мақал болып саналады. «Жүзге бөлінгендердің астарлы мағынада қолдану оған ерекше эмоционалды мән береді.Мысалы, Қазыбек өзіне қастық жасамақшы болған ағайындарына қылыш ала жүгірген кенже інісі Бөгде батырды тоқтатып:

«Шырағым, бір қолың ашуланса, екінші қолың арашашы, жауға сілтер қаруыңды жақыныңа сілтеме, өркенім өссің десең кекшіл болма» сияқты өсиет сөздерінде метафора сөздер эмоционалдық ерекше мән беріп отыр. Және де осы сөздер жеке мақал болып сақталып, қолданып жүргені белгілі.

Халықтық тағлыматтың кең өрісті, келісті табуы халық мақалдары мен нақыл, шешендік сөздерінде орын алған. Адамның өмірлік тәжірибесі, бастан кешерлері әр алуан, аса мол және сан салалы. Соған байланысты,

мақал мен нақыл сөздердің тақырыптық бағыты, мазмұны, мақсаты бірдей, ортақ, ұқсас болып келеді. Солардың ішінде ең күрделі бір саласы адам баласының еңбек ету жайларына арналған. Халық тәрбиесінің қазығы – еңбекке баулу, ел көсегесін көгертер азамат өсіру. Сондықтан да «Еңбек – екінші атаң», «Асырайтын да – еңбек, аялайтын да – еңбек, атаңдай аяулы да – еңбек», «Ер айнасы – еңбегі». Жан дүниенің рухани тұлғаның жамағат алдынды мұратқа жеткізуші, абырой әперетін іс екендігін халық мақалдары дәлелдеп көрсетті. «Еңбегі бардың –өнбегі бар» деп халық адал еңбекті ардақтады. Ал нақыл сөздерде – «Еңбек қылмай тапқан мал – дәулет болмас». Абай атамыз айтқандай ел арасындағы адал еңбекпен шұғылданбайтын, өнер-білімге талпынбайтын кейбір салдыр-салақ еріншектерді сынау ретінде қолданады. «Еңбегінен танылсын, ердің алып тұлғасы», «Ер өлсе де еңбегін ел өлтірмес» деген тәрізді тәрбиелік мәні зор нақыл сөздер еңбекті, еңбек еткенді халықтың қадірлейтінін баяндайды.

Көркем сөздің шебері Абай жасаған мынадай нақыл сөздер бар:

1) Бақпен асқан патшадан
   Мимен асқан қара артық.
   Сақалын сатқан кәріден
   Еңбегін сатқан бала артық.
2) Тамағы тоқтық,
   Жұмысы жоқтық,
   Аздырар адам баласын.
3) Әкесінің баласы – адамның дұшпаны
   Адамның баласы – бауырың
4) Биік мансап – биік жартас,
   Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
   Екпіндеп ұшып қыран да шығады.
5) Еңбек етсең ерінбей,
   Тояды қарның тіленбей [2,11]

Қазақ ақын жазушыларының қаламынан туған, мақал-мәтелдерге ұқсас әр нәрлі, әрі көркем, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерліктей» мынандай сөз түйдектерін кездестіреміз. «Шыр айналар шіркін тауық, жемің болса қолыңда» (С.Сейфуллин), «Бәрін айт та бірін айт, коллективтің жырын айт» (Б,Майлин), «Маңына ұрық шашпаған жақсылық жапанда жалғыз өскен бәйтерекше тұл болады да қалады» (М.Әуезов).

Мақал-мәтелдер – талай замандар бойында жасалып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген тарихи мұра.Мұнымен бірге, жаңа заманға, жаңа өмірге сай жаңа мақал-мәтелдер де жасалып отырады.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Көп томдық шығармалар жинағы - Алматы: «Алаш» , 2005-352б
2. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмдері. – Алматы «Қазақстан» ,1993 -11б
3. Қазақ мақал-мәтелдері . – Алматы: 2008.-25б
4. Қайдаров Ә. Халық даналығы – Алматы: 2004. – 142бет
5. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті.- Алматы: 1974 – 78 б

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ІРІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК ПЕН ШИЕЛЕНІС

Оразбекова Р. С.
Құдайберген А. А.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық
roza_orazbekova@mail.ru

Аннотация: Глобальные и региональные проблемы безопасности в процессе развитии мира.

Abstract: The global and regional security problems in the process of world development.

Қазіргі әлемдік саясаттың макро, мего, микро тәрізді түрлі деңгейлері өзара байланысып, біріне – бірі күшті ықпал жасап отырды.

Ұлттық мемлекеттер шеңберінен тысқары жүргізілетін, әлемдік мәселелерді реттеуге немесе оларға ықпал етуді мақсат тұтатын саясат келесідей категориялардан тұрады:

1. Сыртқы саясат – мемлекеттің немесе жеке халықтың сыртқы саладағы қызметі. Бұл саясат мемлекеттің басқа мемлекеттермен байланыс жасау, немесе жасамау деңгейін сипаттайды. Сыртқы саясат мемлекеттің өмір сүруіне қолайлы сыртқы жағдайларды жасауды көздейді. Әлемдік қауымдастықтан ұлттық мемлекеттің орнын табуына ықпал етеді.

2. Халықаралық саясат – мемлекеттердің халықаралық аренада бірлескен қызметі. Саясаттың бұл саласы мемлекеттерді оларға ортақ мәселелерді бірлесіп, келісімдер арқылы шешу жолдарын көрсетеді. Халықаралық саясаттың елдер мен халықтар арасындағы өзара тәуелділіктің шешімін табу үшін халықаралық әріптестікті талап ететін мәселелердің көбеюіне байланысты маңызы арта түседі.

3. Мемлекетаралық саясат жекелеген мемлекеттердің арасындағы қатынастар жүйесін белгілейді. Бұл саясат мемлекеттердің органдарының, қызметтерінің және өкілдерінің (президент, парламент, үкімет, сыртқы істер министрілігі, кеден т.б.) екі мемлекетке ортақ мәселелерін өзара келісіп шешуінің жолдарын анықтайды.

4. Ұлттық мемлекет үстіндегі саясат (наднациональная политика) – жекелеген мемлекеттердің өздерінің кейбір егеменді құқықтарын өз еріктерімен халықаралық ұйымдарға беруімен сипатталады. Мысалы, мұнай бағасын халықаралық нарықта реттеу құқығы.

5. Мультиұлттық саясат- бірнеше немесе одан да көп мемлекеттерден құралған біріккен саясат субъектілерлінің халықаралық қатынастарға ықпал етуі (ЕҚЫҰ, ЕО, ШЫҰ, БРИК). Бұл саясаттың субъектілері ұлттық мемлекеттер болып табылады.

6. Трансұлттық саясат – мемлекеттік емес саясат акторлары мен субъектілерінің: партиялар, кәсіподақтар, әлемдік діндердің ұйымдары, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық корпорациялардың т.б. халықаралық аренада қызмет етуі.

Аталған категориялардың барлығы әлемдік, немесе халықаралық саясат ұғымының түрлі аспектілерін, қырларын көрсетеді. Ал, әлемдік, халықаралық саясат ұғымына келетін болсақ бұл ұғым халықаралық құқық суъбектілерінің (мемлекеттер, мемлекетаралық және мемлекеттік емес ұйымдар, одақтар, діни ұйымдар, трансұлттық ұйымдар мен корпорациялар, т.б.) соғыс және бейбітшілік, адамзаттың сақталуы, жалпыға бірдей қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қарусыздану, ұлттық, аймақтық, жаһандық қайшылықтардың алдын алу және реттеу, қоршаған ортаны сақтау, аштық пен ауруларды азайту және басқа да әлемдік қайшылықтарды шеше отырып адамзат үшін әлемде неғұрлым әділетті тәртіптер орнатуға бағытталған мақсатты қызметін көрсетеді[1, 36 б.].

Әлемдік, немесе халықаралық саясат халықаралық қатынастардың негізгі субъектілерінің бірлескен саяси қызметі болып табылады. Әлемдік саясат мәні мен мазмұны БҰҰ, ЕО, ЕҚЫҰ, АМҰ (американ мемлекеттерінің ұйымы), АМҰ (африкандық мемлекеттер ұйымы), Социалистік интернационал, Гринпист.с.с. ұйымдардың қызметтерімен анықталады. Сонымен қатар әлемдік қауымдастық бірігіп жасаған заңды органдар мен ұйымдардың қызметтері арқылы әлемдік саясат іске асады. Әлем мемлекеттерінің өзара қарым-қатынас жасаудың принциптері мен жолдарын анықтайтын әлемдік саясат халықаралық қатынастарды реттеудегі шешуші фактор болып табылады.

Әлемдегі бейбітшілікті сақтау үшін дамыған мемлекеттер адамды және оның құқықтарын қорғауды міндет деп таниды. Осының негізінде әлем мемлекеттерінің озық елдері өздерінде құқықтық мемлекет және қоғамдық өмірді демократияландыру үдерісін бастады. Адам мәселесі өркениетті мемлекеттерді бір ортаға жинақтайтын, өзара консенсусқа, түсіністікке жетелейтін фундаменталды, өзекті мәселеге айналды. Өркениетті мемлекеттердің ықпалымен әлем халықтары адам құқықтарын қорғайтын саяси билік жүйелерін қалыптастыра бастады. Әлемдік ортақ мәселелерді шешу ғасырларға созылған әлемдік ізгілікті, әділетті тәртіптер орнатуға деген әлем халықтарының құлшынысының негізінде қалыптасады. Ал әр елдегі адам мәселесін шешу және оның құқықтарын қорғау үшін жаһандық мәселелерді шешу және жаһандық қауіптермен күресу қажет болды.

Әлем халықтары мен мемлекеттерінің демократиялық құндылықтар негізінде топтасуына XVIII ғасырдың соңында болған Ұлы Француз революциясының 1789 жылғы «Адам және азамат құқықтарының Декларациясы», БҰҰ 1948 жылы қабылдаған «Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы», 1966 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт», 1975 жылы Хельсинкиде қабылдаған «Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Кеңесінің Қортынды актісі», т.б. құжаттар көмектесті.

Аталмыш құжаттарды әлем халықтары мен мемлекеттерінің адамзатты сақтау үшін бейбітшілік пен соғыс мәселесін шешу жолындағы тәжірибесі синтезделді. Адам құқықтарын қорғау, демократия мен бейбітшілік үшін күрес ғаламдық саясат принциптерін айқындап берді. Адамзаттық тағдыр ортақтастығы мәселесі барлық халықтар мойындайтын бірінші

басымдылыққа айналды. Әлем мемлекеттері ортақ азаматтық мәселелерді бірлескен күшпен шешпейінше тұрақты даму болмайтындығын түсінетін дәрежеге жетті. XXI ғасырда жаһандық мәселелердің күрделене түсуі әлем мемлекеттерінің әлемдік саясатпен айналысуға деген зәрулігін тіптен күшейтіп жіберді[2, 37 б.].

Әлемдік саясат халықаралық, экономикалық, саяси, мәдени-ақпараттық, технологиялық байланыстардың жаңа деңгейге трансформациялануының нәтижесінен туды. Жаһандық мәселелер ұлттық мемлекеттік шекара көлемінде мүлдем шешілмейді. Көптеген күрделі мәселелер барлық мемлекеттерге ортақ жаһандық жүйеге айналып, жалпы әлемдік сипат алуда. Әлемдік мәселелерді шешу үшін әлемдік саясат мемлекеттердің шаруашылықтарының даму динамикасына, интеграциялық үдерістерді нығайтуға ықпал етуге тырысады. Осы арқылы әлемдік шаруашылық пен әлемдік нарықта мемлекеттердің өзара тәуелді байланысы күшейді. Бұл жағдай саяси қатынастардың бейбітшілік жолымен дамуына экономикалық тірек болады.

Қазіргі заманғы әлемдік тәртіп, оның барлық кемшіліктеріне қарамастан, оны өзгертуге тілек білдіріп отырған және қабілеті жететін айқын «контр-лидерлердің» байқалмауымен сипаталады. Тіпті қазіргі әлемнің енді туып келе жатқан державалары АҚШ жетегіндегі әлемдік тәртіпті қиратуға емес, оған өзіне тиімді шарттармен қосылуға талпынады. Бұл мақсаттар үшін олар тікелей конфронтация саясатын емес, саудаласу дипломатиясын қолданады, ШЫҰ немесе БРИКС сияқты аймақтық ұйымдарға антиамерикандық көрініс беруден жалтарады, ДСҰ мен ХВҚ сияқты американо-центристік ұйымдар шеңберінде өз құқықтарын сақтауға және кеңейтуге талпынады. Бұл орайда Ресейдің объективті сыртқы саяси және сыртқы экономикалық басымдылықтары жаһандық институтарға интеграциялануға бағыт алған оның азиаттық әріптестері – ҚХР немесе Үндістандікінен қатты ерекшеленбейді. Ресейлік гегемондық жүйені бұрынғы нұсқада қайта қалпына келтіру бірқатар белгілі себептерге байланысты тәжірибе жүзінде мүмкін болмайтындығына орай, Ресей Федерациясының стратегиясы ресейлік доктриналарда ресми түрде «көп полярлы әлем» аталып жүрген өзіндік институцияланған «ұлы державалардың концертін» құруға бағытталып отыр. Бір жағынан, «жұмсақ бір жақты тепе-теңдікке келу» саясатына, екінші жағынан – халықаралық институттарға Ресейдің біртіндеп қатысуы негізінде, бұл стратегия сақталып отырған американдық гегемондық жүйені көпжақты әріптестік жүйесіне трансформациялай отырып, оны «іштей» өзгертуге арналған[3, 30 б.].

Американдық және ресейлік егемендіктің мызғымастығын жақтайтындар биліктік қатынастардағы иерархия көлеміне байланысты қандай да бір елдердің артына бекитін мемлекеттердің халықаралық-құқықтық дәрежелеріндегі айырмашылықтарды туғызады. Бұл орайда «егемендік шеруінің» қатардағы қатысушыларына ұлттың өзін өзі анықтауға деген құқықтық қағидасы, Косово мен Оңтүстік Осетия тәжірибесі көрсеткендей, түсіндірмемен таралуға тиіс және ұлы державалардың тарапынан анықталуға тиіс.

Соңғы онжылдықта БҰҰ ҚК-не де, дербес елдердің сот органдарына да бағынбайтын Халықаралық қылмыстық сот (МУС) сияқты халықаралық құқық органдарының пайда болуы мен дамуын әлі күнге дейін Рим Статутын ратификацияламаған Мәскеуде де, Вашингтонда да энтузиазм қарсы алып тұрған жоқ. Алуан түрлі үкіметтік емес ұйымдар көтеріп жүрген Ирактағы, Ауғанстандағы немесе Оңтүстік Осетиядағы адам құқықтары тақырыбы да ресейлік мемлекетшілдер үшін де, американдық консерваторлар үшін де ыңғайлы болып табылмайды. Біржақты және көпжақты сыртқы саяси құралдарды таңдаудағы американдық және ресейлік істердің жақындығы қарусыздану саласында да байқалып отыр. Бұл орайда біржақты шаралар мен ұжымдық шешімдерді үйлестіру ұмтылысы кейбір логикалық-ойлық коллизияларға алып келеді. Қандай да бір халықаралық қауіпсіздік режимдерінің артықшылығы АҚШ пен РФ қарауындағы ракеталық-ядролық потенциалдар мен қарапайым қаруларға байланысты, сондай-ақ олардың нақты стратегиялық жағдайға қосатын роліне байланысты анықталады.

Бұл жағдайда қарусыздану риторикасы ДНЯО, ДВЗЯИ немесе ДОВСЕ сияқты көпжақты құжаттарға арқа сүйейтін ядролық немесе «қарапайым» қарусыздандудың өзіндік жарысында бір біріне кезектесіп эстафета беріп отырған екі ядролық державаның өзіндік әскеи-стратегиялық ойынының бейне бір тұтқынына айналады. АҚШ пен РФ саясатындағы біржақты бағыттар НАТО сияқты маңызды әскери-саяси институтты да айналып өтпеді. Отандық эксперттер атаған ресейлік-натолық қатынастардың ерекшелігі тек ресейлік-американдық қатынастардың жалпы климатына ғана емес, сонымен бірге евроатлантикалық қоғамдастықтың өз ішіндегі жағдайларға да байланысты. Мәскеу дәстүрлі түрде НАТО бойынша батысевропалық одақтастармен байланысындағы Вашингтонның біржақты тербелістеріне сезімталдық танытып, американдық унилатерализмге Альянспен өзара қатынастарының деңгейін - «шағын істер» саясатын ашық елемеу және төмен жүргізуден оған «стратегиялық әріптестікке» жақын ерекше артықшылық беруге дейін «көтеру» жане «төмендету» жолымен тез арада жауап қатып отыр.

Дегенмен, арасында тоқтап қалатын американдық әкімшіліктің НАТО-мен жұмысы ресейлік биліктің ОДКБ немесе ШЫҰ-мен жұмысына қарағанда жемісті болып отырғанын атап өту қажет. Көп жағдайларда соңғы халықаралық дағдарыстар жағдайларында онжылдықтарда Ресей Федерациясы ұшырасып жүрген бұл қос құрылымның да тарапынан қолдаудың болмауы Ресейге, әскери кампанияларды арандатқан АҚШ-тың қолы жеткен «псевдолегитимдікті» де қамтамасыз етпеді. Посткеңестік (евразиялық) кеңістік елдері арасындағы ұстанымдардың үйлесіміне жету барысындағы қиындықтарды ескерсек, көпполярлықтың ресейлік концепциясын іс жүзінде жүзеге асыруын жеңілдететін кең коалицияларды құрудың американдық тәжірибесін пайдалану үшін Ресейге көп күш пен өз көршілеріне «жұмсақ» ықпалының айтарлықтай ресурсы қажет.

Биполярлық конфонтация кезеңінің аяқталуымен АҚШ пен Ресейдің әлемдік қауымдастықтың басқа мүшелерімен қатынастарының геосаяси

контексті көптеген өзгерістерді басынан кешірді. Екі ел де әлі күнге дейін олардың әлемдік жүйедегі жаңа жағдайларына сәйкес келетін орны мен ролін іздеу, ұлттық қауіпсіздік пен сыртқы саясат саласындағы өз мүдделерін нақтылау қажеттілігі алдында тұр. Алайда, пайда болған шарттарда американдық билік те, ресейлік билік те қалыптасқан тәртіпке орайлас бағдарлар мен ережелерді соңына дейін жасамағандығын атап өтуге тура келеді. Әр уақыт бірін-бірі біржақты әрекеттер арқылы қазіргі тәртіпті бұзды деп айыптай отырып, Мәскеу мен Вашингтон мойындарына бұрыннан бар әлемдік тәртіптің негіздерін қайта қарау жауапкершілігін алудан бас тартады. Бірақ ақиқат ревизионизмнің қырлары да, статус-кво саясатының қырлары да қос елорданың саясатында да бар екендігіне куәлік етеді. Дегенмен, бұл әрекеттерде мөлшерленген сипат бар және сол себепті ол бұрыннан бар әлемдік тәртіптің институциялық негіздерін жылдам демонтаждауға емес, оның баяу эволюциясына бағытталған, оны ресейлік және американдық истеблишмент кейбір жағдайда әр түрлі, ал кейбір жағдайда бірдей елестетеді.

Осыған орай бүгінгі күні обьективті және субьективті сипаттағы көптеген себептерге байланысты қауіпсіздік проблемалары саласындағы зерттеу жұмыстарына едәуір көңіл бөліне бастады. Мұның өзі біріншіден XX ғасырдың екінші жартысындағы қасіретті оқиғалардың бүкіл адамзаттық тарихи дамуындағы терең де түйінді қарама-қайшылықтырды ашып көрсетуімен, екіншіден адамның өмір сүру жағдайының жоғарғы технологиялар дәуірінде шиеленісіп кетуімен, үшіншіден мемлекеттік, аймақтық және ғаламдық деңгейдегі дағдарыстарды әлеуметтік тұрғыдан болжамдау және болдырмау проблемаларының күрделене түсуімен түсіндіріледі. Ал әлемдегі қалыптасқан ірі державалар бар билікті қолына алып, әрбіреуі өзінің дегеніне жетіп, күллі дүние жүзі бағынатын өзіндік, баршаға ортақ саяси жүйе қалыптастыруды көздеуде.

Бұл басымдылыққа ие алпауыт мемлекеттердің әлемнің даму үрдісіндегі бүкіл халық мойындап, бой ұсынатын гегемондыққа жету жолында түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануда. Осы амалдардың нәтижесінде халықаралық қауіпсіздікке нұқсан келтіріп, одан тек адамзат қана жапа шегуде. Ал көптеген зерттеушілердің ойынша бұл жағдайлар тек әлемдік саясат пен әлемдік экономикаға әсер етуші альтернативті орталықтардың қажеттілігінен туындайды. Мәселен, АҚШ – ертеден келе жатқан басым держава, Қытай – экономикасы жөнінен құатты ел, Бразилияның ресурстық-экологиялық потенциалы жөнінен алдыңғы қатарда, Үндістан – халық саны және ғылыми жетістіктері турасында дамыған ел, ОАР – Африкаға ашылатын есік, Ресей – КСРО ыдыраса да, орнын бермей келе жатқан көшбасшы мемлекет[4, 159 б.].

Ирактағы орын алған соғыс АҚШ-тың қазіргі таңдағы әлемдік аренадағы рөліне айтарлықтай кері әсерін тигізді. Ол соғыс АҚШ-тың негізін қалаушылардың мақсаты орындалды деген шақта бүйірінен қадалған оқ тәрізді кенеттен АҚШ-тың даңқын терісінен шығарып, әлем қолдауын бір жұдырыққа жинаған ұлы держава бір мезетте оң көзқарастан айырылып, планетадағы мемлекеттер иерархиясында төменгі сатыға түсті.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін АҚШ әлемдік жүйеде экономика мен саясатын бір деңгейде ұстай білген жалғыз держава болып қалған еді және олар салған жол бойынша, көптеген ғалымдардың айтуынша, барлық елдер дамуын жалғастыруы керек еді. Алғашқы кездегі жеңісіне қарамастан, Ирактағы соғыс АҚШ-ты қолдаушылар мен қарсыластарының, тіпті американдықтардың АҚШ-тық әлемнің қалыптасу жолында үлкен күмән тудырды [5, 38 б.].

XX ғ. мен XXI ғ. басын қамтыған аралықта әлемдік қоғамдастық осы жерде қатаң халықаралық, казір болса қарулы, күрестің, әлемдік нарықта аймақтық мұнай үшін, яғни «мұнай долларларын» пайдалану үшін күрестің куәгері болды.

Жер бетінде Қытай мен оның басты бақталасы - АҚШ-тың геосаяси мүдделері қақтығысқан географиялық орын қалмаған шығар. Екі ел өз идеяларын қорғауға кірісті, олар өз ұлттарының тарихи миссиялары ерекше дегенге қатты сенеді. Бұл жерде қытайлықтар әлемнің жаңа жаулап алушылары болса, американдықтар өзгелерден сұрамай, құтқарушы ролін мойнына алып отыр.

Әдебиеттер

1. Казахстан и глобальные вызовы современности: материалы научно-практической конференции (Алматы, 19 мая 2010г.) Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ, 2010.- 120 с. (5).
2. Доклад о мировом социальном положении «Социальная уязвимость: источники и задачи». Департамент ООН по экономическим и социальным вопросам. A/58/153/Rev.1 2003.
3. Зорин А. Миграция: невеликое переселение народов / Политика и общество. – 2009. – № 2
4. Иенгар П.К. Атомная сделка США и Индии: десять неверных токований // http://www.atominfo.ru/news/air4586. htm
5. Цыганов Ю. Тайвань в структуре безопасности Восточной Азии. – М., 1998. – С. 46.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Толеуханова А. Д.
М.Әуезов атындағы №5 жалпы орта білім беретін мектеп
Арқалық қаласы
toleuxanova95@mail.ru

«Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешендіжобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады»

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауынан.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өміршең бағдарламасындағы мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру ұсынысын көпшілік толық қолдайды. Қазіргі заман қарыштап дамып, күн өткен сайын өзгеріп, ақпараттар сағат сайын жаңаланып жатқан уақытта, сәл ғана кешіксең артта қалып қоятын сияқты сезінесің. Осы дамып келе жатқан 21 ғасырда өз тіліміздің, дінімізді, тарихымыз бен салт- дәстүрімізді сақтап, өскелең ұрпаққа жеткізу үшін , әрине, оған ең бірінші таза тіліміз бен ұғымды сөз керек. Сондықтан қазіргі таңда қолдынылып келе жатқан кириллицаны латын қаріпіне ауыстыру тиімді тұжырым екендігіне келісемін.

Еліміздің бай мұрасы мен мәдениетін, ақын- жазушыларымыздың көптеген еңбектерін шетелдік оқырмандарға танытуда да латын әліпбиіне өтуіміз үлкен септігін тигізер еді. Өсіп келе жатқан жастар үшін өзге дамыған елдердің түпнұсқа мол жинақталған еңбектерін, техникалық , әдеби тағы да басқа туындыларымен танысуға жол ашады.

Латын әліпбиі, сонымен қатар тіліміздің дамуына да үлкен ықпал етері мәлім. «Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп атап көрсеткендей, қазақ жазуын латын әріптеріне көшірудің басты мақсаты- бұл қазақ тілін дамыту үшін де жасалып жатқан шаралардың бірі. Қазақ тілі - мемлекеттік тіліміз болып табылады. тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білемін. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр.

Сонымен бірге қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы - жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман - жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс - қағаздары, компьютер, интернет желісі арқылы хабарласулар - бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Бұл дегеніміз сөздің мән-мағынасы орфографиялық нормаға сай жазылуы тиісті. Ал латын әліпбиі осындай олқылықтардың орнын толтыруға жәрдем

етеді. Сонымен бірге жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатаны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер латын әліпбиімен байланысты екені анық. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру адамның мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білемін. Латын әліпбиінің енгізілуі көпұлтты мемлекетіміздің де ынтымағы артып, бірлігінің нығаюына үлкен ықпал етеді деп есептеймін. Сонымен бірге, түркі тілдес халықтар мен қарым-қатынас жасау, түсінісу жеңілдеп, өзге елдерде жүрген қандастарымыз үшін де ортақ әліпби, жазу болатынына кәміл сенемін. Бүгінгі компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бәріміздің электрондық поштамыз бар. Ол поштамыз кирил, араб, немесе басқа емес, латынмен жазылған. Астымыздағы көлігіміздің нөміріндегі әріптер латынмен берілген. Куәлігіміз бен паспортымызда латын әліпбиі тұр. Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Яғни латын әліпбиі бізге таңсық емес. Себебі қазір ойланып қарасақ, әліпбиді ауыстыруға ұзақ мерзім, көп қаражат, интеллектуалдық күш қажет. Көрші өзбек ағайындарымыз әліпбиін латынға баяғыда ауыстырып қойған. Елбасымыздың айтуынша латын әліпбиіне көшу келешек жастарға жаңа технологияны меңгеруге үлкен пайдасын тигізеді және дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат етсек латын әліпбиіне көшу шетелдіктерді еліміздің тарихын, мәдениетін түсіну үшін жасалған ең оңай жолдардың бірі болмақ. Латын әліпбиіне көшу арқылы біз әлемдік деңгейге өзімізді таныта аламыз. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз төмендегідей: Біріншіден тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді, Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден түбі бір түркі тілі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол да табиғи іс екендігін айтқым келеді. Қазақтың барлығы қазақ тілінде сөйлеп, монотілді ұлтқа айналған кезде қазақ тілін латынға көшіру жолдары жеңілдейді. Біз оны көрші әзірбайжан бауырларымыздан айқын байқай аламыз. Олардың жағдайы, өздерінің ана тілін жақсы білу мәселесі қазаққа қарағанда тәуір болғандығы кешегі кеңес кезінен белгілі еді. Өкінішке орай, біздің тарихымыз бен тағдырымыз өзгеше қалыптасты.

Сонымен, латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз төмендегідей: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол да табиғи іс екендігін айтқым келеді. Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек.

Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстар е әрпі созылыңқы және қысқа айтылуына байланысты мысалы: Liber - тәуелсіз, Liber – кітап сөздердің мағыналары өзгереді . Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды – деп айтты . Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап

салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр.

Қорыта келгенде, латын әліпбиі – өркениетке бастар жол. Жаңа әліпби бізді көптеген мүмкіндіктер мен жетістіктерге бастайтыны сөзсіз. Латын қаріпі – жаңа технологиялар мен ғылымның тілі. Сол себепті кездесер қиындықтарға төтеп беріп, осы аталған әліпбиді қолдасақ, рухани болмысымызды байытып, қоғамдық ой-санамызды жаңғыртады. Өз құндылығымызды, ерекшелігімізді сақтай отырып, жаңа әліпбиді енгізу тіліміздің халықаралық аренаға шығуына,әлемдік мәдени тұтастығымызды нығайтуға зор ықпал етеді. Және де ақпарат алу мүмкіндігіміз кеңейіп, көп ұлттың басын бір шаңырақ астында біріктіріп отырған еліміздің ынтымақ-бірлігі одан әрі бекемденіп, бүкіл түркітілдес халықтардың басын біріктіруге күш салары хақ. Сонымен бірге еліміздің үштілділікке көшу үдерісі жылдамдап, ғылымымыз қарыштап дамиды. Латын жазуына көшу еліміздің, тіліміздің болашағы үшін, бүгіннің кезек күттірмес өзекті мәселесі екендігін әрбір қазақстандық азамат білуі тиіс деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы / 14 желтоқсан 2012 ж. http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
3. Қазақ әліпбиі / https://kk.wikipedia.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы. 2004 ж. – 238 б.
5. Латын әліпбиі: рухани тәуелсіздік жолы / Қазақ үні, 11 сәуір 2017 ж. – 7 б.

ЖАЗУШЫ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ ТЕҢЕУДІҢ ҚЫЗМЕТІ (Жазушы Төлен Әбдік шығармалары негізінде)

Жиенбаева Н.Ғ.
Шакирова Қ.М.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
katira_191@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается сравнение, как одна из эстетических категорий и наряду с этим является средством познания. На основе произведений писателя Т.Абдика проанализировано, использование сравнений как рационального подхода в создании портрета литературных персонажей, поведения персонажей, в описании явлений природы.

Определяется, что индивидуальный языковой художественный стиль пистеля проявляется в использовании сравнения в соответствии с эстетическим вкусом.

Ключевые слова: Сравнение, метод, художественный стиль, литературный портрет, художественое произведение, язык произведения

Annotation: The article considers comparisons as one of the alsthetic categories, alond with beind a means of cognition. The use of comparison as a rational approach of the portrait of literary characters, the behavior of the charaeters in the description of the phenomena of nature on the basis of the works of the writer T.Abdyk is analyzed. It is determined that the writer's individual language artistic style is manifested in the use of comparison in accordance with aesthetic taste.

Key words: comparison, way, artistis style, literary portrait, artwork, Language of work

Көркем шығарма тілі – қыры да, сыры да мол дүние. Әрбір жазушының сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасы, сөз қолданыс тәсілі, сөз саптау мәнері бар. Көркем сөздің жан дүниемізге әсерлі де әсем сезім ұялататын сиқырлы сыры оның эстетикалық қызметіне байланысты. Көптеген жазушылардың шығармаларын қарағанда, олардың біразы маңызды тақырып көтеріп, оқиғаны қоюлатуға және тартымды баяндауға қабілетті болады да, көркемдік шеберлігі одан біршама қалыстау қалып жатады. Енді бір қаламгерлер керісінше, азды - көпті деректі көркем ой елегінен өткізіп, сөзді нәрімен сұлуландыра қолдану жағынан оқырмандардың назарын өзіне еріксіз аударып отырады.

Әр ұлттың тілдік сырын жете тану үшін сол тілдің өзіндік заңдылықтарын білу аз, оның түпкілікті тамыры сол тілде сөйлеуші халықтың жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде тұрмысына орнықтырған мәдениетімен, күнкөрісіне арқау болған рухымен, ой-санасымен тікелей байланысты. Қаламгер қаламының қуатын оның сөзінен, ойын қоғамдық ісінен, психологиясын ұлт перзенті ретінде халқын сүюінен көреміз. Жазушылар адам образын да, көркем сюжетті де, жеке адамға тән мінезді де, күйініш-сүйінішті де, табиғаттың әдемі көріністерін де көркем тіл арқылы жасайды. Тілсіз ешбір көркем шығарма жоқ. Тілге мән бермеу не оны білмеушілік әдебиеттің дамуына көп кеселдік келтіруі мүмкін. Жақсыны жаманнан, асылды жасықтан ажырату үшін қаламгерлер көркем тілді жақсы біліп, толық меңгеруі керек. Өмір көріністері адамдар арасында қарапайым сөздер арқылы жүзеге асып жатса, әдебиетте көркемдік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Көркем әдебиет көркемдік бейнелеу құралдарының нәтижесінде дүниеге келеді. Көркемдегіш құралдар – көркем шығарманы бөлек әлемге апаратын бірден-бір құрал. Осы орайда жазушы Т.Әбдік шығармаларындағы көркемдегіш тәсілдердің көркемдік қызметін анықтау, жазушы тіліне тән қолданыстар мен көркемдік айшықтарды ажыратып көрсету маңызды.

Жалпы әдебиеттану ғылымында әдеби шығармалардың табиғатын түсіну үшін олардың көркемдік ерекшеліктерін зерттеудің маңызы зор. Суреткердің шеберлік қырлары, көркем әдебиет туындысының эстетикалық қуаты суреткер қаламының көркемдік ерекшеліктерінен, поэтикалық ізденістерінен көрінеді.

Қай ақын-жазушы болмасын өз шығармаларында көркемдегіш құралдар ретінде теңеуді молынан қолданады. Әр жазушының жеке тілдік-көркемдік стилі теңеуді жасауынан, эстетикалық талғамына сай қолданысынан көрініс береді.

Теңеудің көмегімен адамдар өзін қоршаған ортаны танып біледі. Құбылыстар мен заттардың арасындағы байланыстарды айқындайды, олардың өзара ұқсас қасиеттеріне үңіледі. Теңеу таным құралы қызметін атқарумен қатар, эстетикалық категориялардың бірі болып табылады. Жазушылар теңеуді өз шығармасында әдеби персонаждардың портреттерін жасауда, кейіпкерлердің мінез-құлқын, табиғат көріністерін сипаттауда ұтымды тәсіл ретінде мейлінше мол қолданады.

«Теңеу» терминін қазақ филологиясында алғаш қолданған әдебиеттану ғылымының негізін салған Ахмет Байтұрсынұлы болды. А.Байтұрсынов: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз» [1, 198 б.],-дейді. Ахмет Байтұрсынұлы теңеудің суреттеу қасиетіне баса назар аударып, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеу арқылы нақтылап, көрнектеп беру деген тұжырым жасайды. Профессор А.И.Ефимов: «Теңеу деп суреттеліп отырған тұлғаларды, бейнелерді, оқиғаларды, көріністерді көп жағдайда оқырманға жақсы таныс образдармен салыстыру деп санаймыз» [2, 120 б.] ,-дейді. Ефимов теңеуде көбіне белгісіз нәрсенің белгілі, оқырманға таныс образға салыстырылатынына көңіл аударған.

Қазақ тіліндегі теңеуді арнайы зерттеген профессор Т.Қоңыров: «Теңеу-көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі. Сондықтан да теңеуді таным құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде әдебиеттану ғылымында, тілдің бейнелі конструкциясы ретінде тіл білімінде зерттейді» [3, 198 б.],-дейді. Көркем шығармалардағы теңеулер жазушы тілінің ұлттық нақышын танытып ғана қоймайды, сонымен қатар автордың өзіндік қолтаңбасын да аңғартады. Себебі теңеудің басты қасиеттерінің бірі жаңалығы әрі бейнелілігі болып табылады.

«Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі-теңеу. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. Сонда бұлар туралы оқырман түсінігі айқындалу үстіне тереңдейді де, өнер туындысының эстетикалық әсері күшейе түседі» [4, 217 б.],-дейді академик З.Қабдолов. Академик теңеуді әдеби тілдің көріктеу

құралы деп қарап, эстетикалық әсерлілігіне баса назар аударған. Осы ғылыми тұжырымдарға сүйене келе, жазушы шығармаларындағы теңеулердің қолданылуына арнайы тоқталуды жөн көрдік.

Т.Әбдіков өз шығармаларында тұрақты теңеулерді, яғни -дай, - дей,-тай,-тей арқылы жасалған теңеулерді көбірек қолданған. Төлен Әбдіковтің шығармаларында -дай,-дей,-тай,-тей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер мынадай: «Ештеңе көрінбейді, көрдің ішіне түсіп кеткендей тастай қараңғы» [5, 180 б.], «Жыланды бойы ол кезде қолдың саласындай тізілген ел» [5, 8 б.], «Кәрі қойдың жасындай жасы қалғанда жалғыз ұлдан айырылып, қираған бәйтеректей отырған отырысы мынау ғой» [6, 1 б.], «Сенің де бір айналшық жегендей шыр айналып, ісіңнің өнбейтіні-ай,-деп кейіді тап бір сау күніндегідей» [5, 13 б.].

Теңеулер дыбыс үйлесімділігі арқылы да жасалады. Өз кезегінде Т.Әбдіков те шығармаларында дыбыс үйлесімділігі негізінде жасалған теңеулерді ұтымды қолдана білген. Мысалы: «Қыста мойылдай қап-қара, атақты бәйге қарақасқасын, ал жер қарайысымен жұмыртқадай аппақ жорғасын мінетін» [5, 66 б.].

Т.Әбдіков адамға қатысты теңеулерді шығармаларында жиі қолданған. Мұндай теңеулерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Т.Әбдіков шығармаларындағы әке іс-әрекетін бейнелейтін теңеулер.

Мысалы, Әкесі өлгендей тұлан тұтып, ыдыс-аяқты салдыратып жүр

[5, 93 б.], Алманы көргенде, марқұм Рысмағамбетті көргендей боламын, әкесінің аузынан түскендей [5, 76 б.]. Келтірілген бірінші мысалда жазушы кейіпкердің ашу-ызасын беруде «әкесі өлгендей», екінші мысалда кейіпкердің бет-пішінін суреттеуде «әкесінің аузынан түскендей» деген тіркестерді қолданған.

2. Т.Әбдіковтің шығармаларында бала қылығын суреттейтін теңеулер. Мысалы, Нәрестедей уылжыған аңқау, үндемейтін Айгүлді мәңгілік сәбидей көретін [5, 358 б.], Алма менің мойнымнан құшақтап, жылап қоя берді. Кішкентай балаша көз жасына малшынған бет-аузын бетіме үйкеді [5, 330 б.].

3. Әже, ана, ене, шеше сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы: Анамдай қымбат жеңгеміз, Нұрыш мүшелге келіп жатыр [5, 138 б.], Торғай өзені шешемнің бесігіндей тербетеді [5, 163 б.]. Бірінші мысалда кейіпкердің ең жақын адамы туған анасына теңелсе, екінші мысалда теңеу ауыспалы мағынада қолданылған.

4. Адам, еркек сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, Доктор Бейкер есінен жаңылған адамша не істерін білмей шахмат тақтасына мелшие үңіліп отырып қалды [6, 74 б.], Бәріміз боп бас қосқан байлауға көнбесең, адамша, еркекше неге сол жерде ашып айтпадың? [5, 102 б.].

5. Үлкен, шал сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, Үлкендерше зіркілдеп той нанын сұрап тұрған кіп-кішкентай баланы көруге лашықтағылар сыртқа шықты [6, 83 б.], Оның оң жақ, сол жақ қапталындағы арса-арса тастары беттерін басқан кем иек шалдар сияқты

[5, 68 б.]. Бірінші сөйлемде «үлкендерше» теңеуі кейіпкерді мінездеуде жұмсалып тұр, екінші сөйлемде «шал» сөзі табиғатты суреттеуде қолданылған.

6. Қатын, әйел сөздерінің теңеу жасауда жұмсалуы. Мысалы, Өсекші қатынша жаман сөз жиғанша, құдайға тәубе қылсаңшы,-деймін [5, 156 б.], Кербез әйел секілді жүрісің [5, 124 б.]. Бірінші мысалда теңеу кейіпкердің жаман қасиетін суреттеуде қолданылса, екінші сөйлемде кейіпкердің жүрісі кербез әйелге теңеліп тұр.

Қазақ теңеулері сезім мүшелерімен қатынасына қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Қазақ теңеулерін ғалым Т.Қоңыров мынадай топтарға жіктеп қарастырады:көру теңеулері, есту теңеулері, дәм сезімі теңеулері, тері сезімі теңеулері, иіс сезімі теңеулері, сезім-күй теңеулері [3, 41 б.].

Т.Әбдіков те өз шығармаларында көру теңеулерін өте ұтымды қолдана білген. Сезім мүшелерінің бастысы – көз. Адамдар көз арқылы дүниедегі сан түрлі заттар мен құбылыстардың түрін көріп, олардың толып жатқан белгілерін таниды. Көру теңеулерінде бір-біріне теңелетін құбылыстар мен заттардың сыртқы ұқсастықтарына назар аударылады. Заттардың сыртқы ұқсастықтарының негізінде көру теңеулері жасалады. Көру теңеулерінің жасалуына заттардың түр-түсі себеп болады. Мысалы, Самаладай жарқыраған электр шамдарына, қаздай тізілген шамадан тыс үлкен самолеттерге таңырқай қараған күйі «япырмай, Тышқанбайы түскір келмей қалса қайттім»,- деп іштей қобалжып келе жатты [6, 176 б.], Отырғанда шөккен түйедей басқалардың төбесінен қарайды, ал түрегелгенде содан көп биіктеп жарытпайды [7, 17 б.]. Бұл мысалдарда заттың түр-түсі жай хабарланып тұрған жоқ, соған қоса сол бояудың түсі айқындалып тұр.

Т.Әбдіков прозасында эмоционалды-экспрессивті теңеулер де кездеседі. Жазушы әңгімелері мен повестерінде кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесінің өзгерісін беру үшін жоғары эмоциялық реңкті білдіретін теңеулерді қолданған. Мысалы, Ішіме тұз құйып жібергендей удай ашытып, қаным басыма шауып, бар тамырым сыздап жарылып кетердей жаным шығып барады [5, 312 б.]. Сонымен қатар жазушы эмоционалды-экспрессивті теңеулерді кейіпкерлердің жай-күйін беру үшін де қолданған. Мысалы, «Енді қазір жыланға арбалған бақадай аурудың ықпалынан шыға алмай жатыр. Қозғалғысы келеді – қозғала алмайды, сөйлегісі келеді – үні шықпайды. Әбеннің жан тері шықты. Беймәлім дерт ағаш кескен арадай төзімін жұқартып, біржола тауысуға жақындап қалған секілді» [5, 296 б.], «Сірке суын ішкендей қолқасына дейін ашытып, тесіп барады» [9, 296 б.].

Т.Әбдіков шығармаларындағы қай теңеуді алмайық, суреттеліп отырған нәрсені не құбылысты тура оқырманның көз алдына әкеліп, олар туралы дәл, нақты ұғым қалыптастырады. Бұл ретте теңеу белгісіз затты белгілі затқа айналдырып, шығармадағы авторлық идеяға қолма-қол көркемдік шешім табады. Мысалы:

1. «Асқар таудай әкеңнен айырылдық қой, жалғызым-ай» [5, 59 б.]. Мысалдағы «таудай» теңеуі әкені асқар тауға теңеу үшін қолданылған. Осы теңеуді қолдану арқылы жазушы сөйлемге көркемдікпен қатар, ерекше әсер берген.

2. «Екі көзім алақандай болды» [5, 50 б.]. Бұл жердегі теңеу «алақандай». –дай деген жұрнақ арқылы жасалып тұр. Жазушы адамның көзін алақанға теңей отырып, сөйлемге эстетикалық әсер бере отырып ұтымды пайдаланған.

3. «Әкем бақташы. Ермектің әр хаты біздің үйде тұмардай сақталады»

[5, 38 б.]. Мысалдағы «тұмардай» деген теңеу оқырманның ой-сезімін қозғап, әсер ету үшін пайдаланылған.

4. «Шаңы бұрқылдаған, қуықтай тар көше бойымен малта тастарға шоқалақтап, ағаш көпірден өтіп, поселканың сыртына шықтық» [8, 65 б.]. Бұл сөйлемдегі «қуықтай» деген сөз теңеу ретінде пайдаланылған. Көшені сипаттауда шеберлікпен қолданылған.

5. «Ат тырма жүргізетін Бағила деген келіншек бетін шиедей етіп тырнап тастапты» [8, 74 б.]. Кейіпкердің бет-пішінін суреттеуде «шиедей» теңеуі қолданылған.

6. «Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіріктей көтеріліп, ат жақты, қапсағай сары жігітті құшағына қысты» [9, 294 б.]. Келтірілген мысалдағы теңеу «ша» жұрнағы арқылы жасалған. Жазушы кейіпкердің іс-әркетін жаңа қаз тұрған балаға теңеп суреттеген. Осы теңеу адам образын жасауда ерекше қызмет етіп, адамның жан-дүниесін барынша тереңдей, мейлінше ашуға жұмсалған.

7. «Жаюлы сөреден құрт алып үлгерген аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды» [9, 295 б.]. Осы сөйлемдегі теңеу -«шидей». -«дей» деген жұрнақ арқылы жасала отырып, сөйлемнің көркемдік образдылығын күшейту үшін қолданылып, автордың шеберлігін айқындай түскен.

8. «Қыста мойылдай қап-қара, атақты бәйге қарақасқасын, ал жер қарайысымен жұмыртқадай аппақ жорғасын мінетін» [9, 9 б.]. Осы мысалдағы «мойылдай», «жұмыртқадай» деген сөздер теңеу мәнінде қолданылған. Осы мысалдардағы «-дай»деген жұрнақ арқылы жасалған теңеулер аттың сын-сипатын суреттеу мақсатында қолданысқа ие болған.

9. «Жапағы құлағы қалқиған, қалақтай, мұртты қара екен» [9, 18 б.]. Осы сөйлемдегі «қалақтай» теңеуі – тай жұрнағы арқылы жасалып, кейіпкердің бет-бейнесін суреттеген.

10. «Өзі сарнайтын бақсыдай көзін бағжаңдатып: «Бабам қайда, бабам», - дейді әлсін-әлсін» [9, 18 б.]. Келтірілген мысалдағы «бақсыдай» деген сөз теңеу ретінде қолданылған. Бұл теңеу оқырман түсінігін айқындату және өнер туындысының эстетикалық әсерін күшейте түсу үшін қолданылған.

11. «Бірақ өзінің шақшадай басы шарадай болды» [9,19 б.]. Осы сөйлемдегі «шақшадай» және «шарадай» сөздері теңеу ретінде кейіпкердің дәрменсіздігін сипаттау мақсатында қолданған.

12. «Көше жақ бетте машина да күтіп тұр екен, бұлар көп ұзамай-ақ екі бетін ағаш көмкерген оқтай түзу тас көшелермен жүріп Тышқанбайдың үйіне жетті» [6, 177 б.]. Бұл мысалдағы «оқтай» теңеуі көшені суреттеу үшін қолданылған.

13. «Сари жүгіре түсіп, найзасын жіберіп қалды да, жерге қонған құстай қолын жайып жалғыз аяғымен секектей, найза түскенше қадала қарады» [6, 80 б.]. Жазушы кейіпкердің іс-әрекетін бейнелеу үшін «құстай» теңеуін сәтті қолданған.

14. «Тіпті машинадан түсіп, жақтауы алтындай жарқыраған сұр басқышпен жоғары өрлеп кең коридор бойында алжапқыш байлаған қызметші әйелдердің кейбірімен амандасып, қаңқа сүйекке, қан тамырлары адырайған жалаңаш мүсіндерге толы бірнеше бөлмелі зәулім кабинетке енгенде де үн қатпады» [6, 68 б.]. Бұл сөйлемдегі теңеу «алтындай». -дай жұрнағы арқылы жасалған.

15. «Тілім-тілім беттеріне тұзы жоқ сары май жағып, киіз үй ішінде таң бозындай алагеуім сәуле шашып тұрған ошақ отына аяқ-қолын жылытып, қайнап жатқан қазанға мең-зең қарап, белгісіз бір себеппен жылап отыратын ауру қатындар елестейді»[9, 71 б.]. Осы сөйлемдегі - «дай» жұрнағы арқылы жасалған бозындай теңеуін жазушы енді атып келе жатқан таңның сәулесін көрсету үшін шеберлікпен қолданған.

16. «Күмістей аппақ сақалына сорғалаған жасты саусағымен қалай қағып қалып отырғанын байқап қалдым» [9, 74 б.]. Бұл мысалда кейіпкердің бейнесін көрсету үшін қолданылған теңеу «күмістей».

17. «Кенет Кенжебек мәлік болған сиырдай ала көзденіп бізге қарап тұрды» [9, 27 б.]. Осы сөйлемдегі «сиырдай» сөзі әдеттегіден тыс жаңа қолданыстарға, ішкі иірімдерге, нәзік ишараға, дәмді тұспалға, мағыналық астарға ие болады.

18. «Не мынаны ішесіңдер, не дін жолын қуған қожа-молданың құйыршығымыз деп мойындайсыңдар екінің бірі,-деп Кенжебек шегір көзі тікенектей қадалып, тұрып алды» [9, 27 б.]. Бұл мысалдағы «тікенектей» деген теңеу сөйлемнің мазмұны мен көркемдік сипаттының түрленуін нақтылап көрсетеді.

19. «Өмірі семья құрып, бала сүйіп, аталық сезімді басынан өткеріп көрмеген бейнетқор негр Эдуардқа жасаған бүкіл қайырынан кішкентай балалардың «семья» болып ойын ойнағанда, өздерін кәдімгідей үлкен адамдарша сезініп рахаттанып қалатыны секілді ләззат алатын» [6, 112 б.]. Жазушы «адамдарша» сөзі арқылы ересек адамдарға тән іс-әрекетті бейнелейді.

20. «Үлкендерше зіркілдеп той нанын сұрап тұрған кіп-кішкентай баланы көруге лашықтағылар сыртқа шықты» [9, 83 б.]. «Үлкендерше» теңеуі кіп-кішкентай баланың іс-әрекетін суреттеу үшін өте орынды қолданылған.

Сонымен Т.Әбдіков теңеу жасауда әсіреленген сөздерді қолданбаса да, қандай да бір зат не құбылыс болмасын сол заттың не құбылыстың сапасын, белгісін айқын, оқырман қабылдауына әсер ететіндей етіп жазады. Жазушының шығармаларында көркемдігі жоғары әдемі теңеулер сирек болғанымен, қолданылған теңеулер шыншылдығымен ерекшеленеді.

Әдебиеттер
1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. -Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Ефимов А.И Стилистика русского языка. –М:Просвещение, 1969. -262 с.
3. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. –Алматы: Мектеп, 1978. -331 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы: Жазушы, 1992. -360 б.
5. Әбдіков Т. Әке . –Алматы: Қайнар, 2005. -384 б.
6. Әбдіков Т. Айтылмаған ақиқат. –Алматы: Жалын, 1979. – 256 б.
7. Әбдіков Т. Өліара. –Алматы: Жалын, 1985. -352 б
8. Әбдіков Т. Оралу. –Алматы: Жалын, 2005. -65 б.
9. Әбдіков Т. Оң қол. –Алматы: Атамұра, 2002. -296 б.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

Оразбекова Р. С.
Мәлік Б.А.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық
roza_orazbekova@mail.ru

Аннотация: Взаимодействие на развитие историко-географический и городскую культуру через Щелковый путь.

Abstract: The influence of Kazakhstan’s historical, geographical and city culture development through the Silky Way.

Ұлы Жібек жолының пайда болуы мен тарихи дамуы барысында әлемдік сахнада бұрын соңды болмаған мәдени, экономикалық, саяси-әлеуметтік қарым-қатынастар пайда бола отырып тарих көкжиегінде сан алуан процестер пайда болды. Шығыс пен Батыс мәдениеттер алмасуы жүзеге асты.

Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы осынау тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. Ал «Ұлы» сөзінің оған қосылуы жолдың кең байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстыруы. Сондықтан бұл жол «Ұлы Жібек жолы» деп аталды.

Тарихи процестердің бірі Ұлы Жібек жолының бүгінгі қарастырылып отырған тарихи кезеңнің басқа процестерден айырмашылығын атап көрсетсек:

-мұсылмандық діни орындардың (мешіт, шығыс моншалары, ғибадатханалар, мавзолейлер т.б.) салынуы;

-жер жаһанның барлық территориясын белгілі дәрежеде қамтуы;

-әлемдік өркениеттердің осы маршрут барысында бір-бірімен ассимляцияға түсе отырып, саяси-мәдени жаңа өркеиеттердің қалыптасуына өз әсерін тигізді.

Қазір Жібек жолының тарихын зерттеу, оны жаңғырту, осы жол бойындағы елдердің саяси, экономикалық, мәдени байланыстарын ұлғайту қайта колға алынып отыр. 1987 жылы ЮНЕСКО-ның бас конференциясының XXIV сессиясы «Ұлы Жібек жолын зерттеудің халықаралық жобасын» қабылдады.

Оған Грекия, Португалия, Египет,Италия,Қытай, Индонезия,Оман, Моңғолия Шри Ланка, бұрынғы Кеңестер Одағы қатысты. «Адамды қоршаған орта, жер мен теңіз қорлары», «Мәдениет және болашақ» атты бағдарламалар бекітілді. Осы бағдарламаларды іске асыруға қатысты. 1991 жылы Қазақстанда «Жібек жолы» атты Ұлттық комитет құрылды. Ұлы Жібек жолы көне дәуірде де, қазір де Еуразия халқы үшін мәдени байланыс, саяси рухани мәселелерді шешуде маңызы үлкен. [1, 29 б.].

Ұлы Жібек жолының басы Қытай жеріндегі Хуанхэ өзенінің аңғарындағы аймақтан басталады. Ол Ұлы Қытай қорғанының батыс шетінен өтіп, Іле мен Ыстықкөлге жетеді. Жалпы, Ұлы Жібек жолы сол кезеңде территориямызда мекендеген көшпелі өркениетті қалыптастырушы мемлекеттік бірлестіктердің әлемдік аренада өз дәрежесін тигіздірді.

Ұлы Жібек жолы халықтардың достығы мен ынтымағының жарасымдылығы деп түсінген жөн. Оның қызметінің тарихынан тағылым ала отырып, бүгіндері жаңа мыңжылдықтың жолына түсе отырып, адамзат баласы қауіпсіздікке, тұрақтылыққа және дамудың беріктігіне ұмтылуда.

Ұлы Жібек жолы бүкіл әлемге танымал жол болатын. Батыс пен Шығысты, бітімгерлік пен ынтымақтастыққа ұмтылған халықтарды өзара байланыстырған бұл жол мәдени - экономикалық көпір іспетті еді.

Қазіргі уақытта осы көне керуен жолын жаңғыртудың, халықаралық мәдени - экономикалық байланыстағы рөлінің маңызы жөніндегі еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Ежелгі жібек жолының жалпы сұлбасымен XXI ғасырда мұнай - газ құбырлары тартылады, солар арқылы Орталық Азияның мұнай мен газы экспортын дамыту Орталық Азия халықтарына, ежелгі замандағы сияқты, бірыңғай сыртқы экономикалық саясат, бірыңғай кеден, салық бақылауы, бірыңғай қауіпсіздік жүйесі қажет, сол тиімді», - деп көрсетіп берді.

Бұл жол ондаған ғасырлар бойы өзі қамтыған елдер мен халықтардың экономикасының, мәдениетінің дамуында елеулі рөл атқарды. Қос құрылықты жалғастырған бұл жол бідің заманымыздан бұрынғы II-I ғасырлардан бастап Азия мен Еуропаның арасын жалғастырушы көпір, яғни Шығыс пен Батысты байланыстырушы желі болды. «Ұлы» сөзінің халықаралық сауда жолына келінуі Еуразия өлкелерін байланыстыруынан келіп шыққан. «Жібек жолы»— Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шынжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік жол бағыты. Атауды неміс ғалымдары Ф. фон Рихтьофен «— F. von Richthofen» бен А. Һерман «A Herman» 19 ғасырда ұсынған.

Қытайдың торғын-торқасы осы жолмен Орта Азияға, Батыс Азияға және Еуропаға толассыз тасылды, сонымен қатар тұт ағашын өсіру өнері де батысқа тарала бастады. Сондай-ақ Шыңжаннан шығатын қас тасы, былғары, жүн көрпе сияқты тауарлар мен орта жазықтың темір ыдыстары, фарфор ыдыстары, сырлы ыдыстары, шабдалы, өрік, рауағаш, дәршен сияқты өнімдері батыс базарына қатар кірді. Орта Азияның, Батыс Азияның және Еуропаның әйнегі, жақұты,дәнді дақылдары және хош иісті заттары, дәрілер,

сондай-ақ Отқа табыну діні, Будда діні, ислам діні сияқты діндер де Қытайға кірді және таралды. Шығыс пен Батыс арасындағы экономикалық, мәдени ауыс-күйіс адамзаттың материалдық мәдениетін байытты. Шығыс пен Батыстағы халықтар Жібек жолы арқылы сыртқы мәдениетті қабылдап, бұрынғыдан да салауатты мәдениет жарата алды.

Ұлы Жібек жолы көп халықтардың мәдениетін түйістіруімен бірге оның табиғатының ерекшеліктерін анықтауда тарихи қызмет атқарды. Бұл істе Қазақстан жерін мекендеген халықтардың еңбегі де бар. Олар тұрғын үйді (киіз үй), ат әбзелдерін жасау өнерін, кілем тоқуды, күмістен түрлі әсемдік бұйымдарды соғуды, бай ауыз әдебиетін мұра етіп қалдырған. Осының бір айғағы - Есік және Аралтөбе қорымдарынан табылған «Алтын киімді адам» ескерткіштері, Шығыс Қазақстандағы Берел қорымынан табылған олжалар, ежелгі Түрік жазба әдебиетінің орхон ескерткіштері [2, 39 б].

Орхон ескерткіштері - бұл түрік қағанатының Орхон, Сэлэнгі, Тоғыл дарияларының бойында қалдырған жазу үлгілерінің тарихи-мәдени мұралары болып табылады. Байырғы түріктер бұдан 1200-1500 жыл бұрын түріктік дүниетанымының алтын бағанасы - Бөгү «Тәңірлік» дінін ұстанып, елдік құрып, төр орнатып, тілі мен дінінің, тарихы мен әдебиетінің алтын сандығы - байырғы түрік алфавитін жетілдіріп, далалық өмір мен қалалық салтты ұштастыра қалалар тұрғызып, сәулет өнерін шыңдап, өткен аруақтарына арнап мүсін қашап, ұрпағына мол тарихи-мәдени мұралар қалдырды. Байырғы түрік жазба ескерткіштері ұзақ ғасырлар бізге беймәлім болып келген. Бүгінгі күні бұл ғылымда жаңаша сипат алып біздің тарихымыздың мұраларының тереңде жатқанын байырғы түрік ескерткіштері, монғол елінің аймағында табылған. Орталық Азия аймағында орналасқан байырғы түріктердің тарихи-мәдени мұралары ежелгі дәуірден түрік тектес тайпалар мен әр замандағы түрік қағанаттарының тұрғылықты мекені болған Қазақстан, Моңғолия, Шығыс Түркістан, Қытай, Сібір, Қырғыз жерінде мол сақталған. Оларды зерттеу XVII ғасырдың 20-жылдарынан басталды. Біздің өткен тарихымызға, Орхон ескерткіштеріне ұшан-теңіз еңбек сіңірген ғалымдар Н.М. Ядринцев, В.В. Радлов, А.О. Гейкель және т.б.

Қорқыт ата (VIII-IX ғасырда Сыр бойында өмір сүрген) - ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері. Қорқыт өз өмірінде үш хан тұсында (Инал, Көл-Еркен, Қаңлықожа) уәзірлік қызмет атқарған. Қорқыт әлеуметтік заң негізін жасап, ата-баба мекенін ұйық деп білу, оны сыртқы жау шабуылынан қорғау, жер-суды белгілі бір тәртіппен пайдалану, т.б. салаларға бөліп қарап, халық арасында туындаған кикілжіңдерді әділ шешіп отырған. Сырдария жағасында 1950 жылға дейін жергілікті халық қобыз атасы Қорқытқа теліген мазар тұрғызған. Қорқыт мазарын 19 ғасырда Ә.А. Диваев пен И.А. Кастенье зерттеді. 19 ғасырдың аяғында Қорқыттың сүйегі басқа жерге көшірілген. Сырдария арнасының ауытқуынан Қорқыт мазарының қалдығы 1960 жылы шайылып кетті. 1980 жылы Қызылорда облысындағы Жосалы ауылынан 18 км жердегі байырғы Қорқыт ата мазары орнынан Қорқыт ата ескерткіші кайта тұрғызылды.

Алаша хан күмбезі – X-XI ғасырлардағы архитектуралық ескерткіш. Қаракеңгір өзенінің оң жағалауында орналасқан. Пішіні төртбұрышты, биіктігі 10 м. Кірпіштер қолдан тоқылған кілем (алаша) өрнегімен қаланған. Алаша хан ел аузындағы аңыз бойынша қазақтардың басшысы, ақылды, батыр, байтақ далада тұңғыш рет ірі мемлекет құрған хан болған.

Ахмет Йасауи кесенесі – көне архитектуралық ескерткіш. Әуелі Қарахан дәуірінде XII ғасырда тұрғызылып, оның қираған іргесіне XIV ғасырдың аяқ шені мен XV ғасырдың басында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған. Бұл кесене Түркістанда түркі халықтарының тәу ететін орталығы болған. Ахмет Йасауи кесенесі - БҰҰ-ның дүниежүзілік ескерткіштері қатарына енгізілді. Бұл кесене - халық өнерінің лағыл маржанын біздің заманымызға дейін жеткізген ғажайып асыл туындылардың бірі. Сонымен бірге Жібек жолы бойында орналасқан Оңтүстік Қазақстан жеріндегі ірі қалалардың атқарған рөлі, көршілес елдермен байланыс жасауға қолайлылығы мен орналасу ерекшелігіне қысқаша мағлұматтар беріледі.

Сарайшық - Атырау қаласынан 55 шақырым жерде, Жайықтың оң жақ жағасында бір кездегі атақты Сарайджук (Сарайшық) қаласының қираған орны жатыр. Қаланың іргесі XI ғасырда қаланған, гүлденген дәуірі XIII-XIV ғасырлар аралығы. Қала Еуропа мен Азияны жалғастыратын керуен жолы бойында орналасқан. Мұнда салтанатты сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медреселер салынған. Қала Алтын Орда хандары жерленген қасиетті орынға айналған.

Қазіргі Тараз қаласының орнындағы ежелгі қала. Бұл жайындағы алғашқы дерек грек елшісі Земархтың хабарламасында айтылады, ал 630 жылы Сюань Цзанның жазбасында ірі сауда қаласы ретінде сипатталады. Тараз VII- VIII ғасырда Ұлы Жібек жолында орналасқан сауда және қолөнер орталығына айналған. Мұнда оңтүстіктің күміс кендері мен терістіктегі қимақтарға баратын керуен жолдары тоғысатын. X ғасырдағы араб географы әл-Мақдиси былай деп жазды: «Тараз – бақтары көп, халқы тығыз қоныстанған, қамал сыртынан терең орлар қазылған, төрт қақпасы және төңірегінде елді мекені бар ірі бекіністі қала». Тараз қазіргі Тараз қаласының орнында орналасқанын алғаш В.В.Бартольд дәлелдеген. Кейін археологтар М.Е.Массон, А.Н.Бернштам, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, Т.Н.Сениговалар қаланың көлемін, құрылысын, мәдени қабаттарының қалыңдығын анықтады. Соның нәтижесінде Тараздағы өмір б.з. I ғасырда пайда болып, XVI ғасырға дейін өмір сүрген деген қорытынды жасалды.

Отырар - Қазақстанның ортағасырлық ірі қалаларының бірі. Сырдариянының Арыс өзеніне құяр сағасына таяу орналасқан. Отырар қаласының аты VIII ғасырдан бастап аталғанмен, оның бастапқы тарихы б.з.б. II ғасырда Сырдариянының орта ағысында пайда болған Қаңлы (Кангюй) мемлекетінің тарихымен тығыз байланысты. IX ғасырдың ортасынан бастап Отырар Фараб деп те аталған) Самани әулеті мемлекетінің ықпалында болды. Осы кезеңнен бастап бұл өлкеде сауда-саттық жасау, ғалымдардың «білім кууды көздеген» саяхаттары адамдардың ой-өрісін кеңейтті, өнердің, ғылым мен колөнер кәсіпшілігінің таралуына ықпалын тигізді. Энциклопедист-ғалым Әл-Фарабидіңосы қаладан шығуы кездейсоқ емес. Отырардың алып

жатқан ауданы 200 гектарға жетіп, нағыз Шығыс қаласына айналды. Орта Азия мен Қазақстан қалаларының мәдениеті мен экономикасының дамуын монғол шапқыншылығы тежеді. 1219 жылы күзде монғолдар қаланы қоршап, 6 айдан кейін басып кіріп, халқын қырғынға ұшыратты. Қазіргі кезде қала орны ғана сақталған.

Құлан - орта ғасырдағы (VII-XII ғ.) шағын қаланың орны. Жамбыл облысындағы Тұрар Рысқұлов ауданының орталығы Құлан ауылы. Қала туралы алғашқы тарихи деректер VII ғасырдан бастап белгілі. Саяхатшылар Ибн Хордадбек, Құдам жолжазбаларында Құлан Тараз қаласының шығысына таман, Ұлы Жібек жолындағы қала деп көрсетіледі. Әл-Мақдиси Құланды 10 ғасырда былай сипаттады: «Күмбезді мешіті бар, мықты қоршалған қамал. Бұл үлкен Тараз жолының бойында орналасқан бекіністі қала». 1963—65 ж. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының (ҰҒА) археологиялық экспедициясы (Қ.А.Ақышев) зерттеп, қазіргі Тұрар Рысқұлов ауданындағы Құлан ауылы маңындағы төбе-төбе үйінділерді ежелгі Құлан қаласының орны деген қорытындыға келді.

Қойлық - Қаялық Іле алабындағы аса ірі ежелгі қаланың орны (IX-XIII ғ.). Қойлық қарлұқ қағаны - Арыслан ханның ордасы болған. Бұл қала туралы монғол қағаны Мөңкеге жіберілген француз елшісі Вильгельм де Рубрук 1253 жылы жол жазбаларында: «Біз сол жерден бұрын базары болған және оған көптеген көпестер катынап тұрған Қаялық деген үлкен қала таптық» - деп жазады. Қаланың тұрған орны туралы түрліше жорамалдар бар. Қазақстан Республикасы ҰҒА археологтары жүргізген соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер қаланың орны қазіргі Алматы облысы Сарқант ауданы Қойлық ауылы маңындағы қираған құрылыстар екенін анықтады.

Саудакент - орта ғасырлардағы ірі қалалардың бірі. Қаратаудың солтүстік беткейінде қазіргі Байқадам кентінің маңында орналасқан. Ежелгі деректерде ол Сугулхан (X ғ.), кейінірек Сулхан (XIII ғ.) деген атпен белгілі. Саудакент VII-XII ғасырларда Қаратаудың солтүстік бөктері арқылы өтетін керуен жолы бойындағы ірі сауда мен қолөнердің орталығына айналған. ҚазКСР ҒА-ның Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қазба жұмыстары кезінде 11 мұнаралы дуалмен қоршалған ескі қаланың орнын аршып алған. Қала орнынан табылған құмыралар, қыштан жасалған түрлі ыдыс-аяқтар оның VI-XV ғасырларда өмір сүргенін дәлелдейді[3, 198 б].

Қазіргі кезде тәуелсіздік алған Қазақстан өзінің жерінің байтақтығын икемді пайдалана біліп транспорттық көпір болу саясатын жүзеге асыра бастады, яғни Ұлы Жібек жолын қайта түзетудің бір көрінісі десек те болады.

Әрине ол кезең мен қазіргі уақытты салыстыру мүмкін де емес шығар. Бірақ көршіміз Қытай Халық Республикасынан ағылған жүк тасқыны қазір күннен-күнге еселеп артып, көбейіп келеді. Биыл ұшақтардың еркін еліміз территориясынан ұшып өтуіне терминал салынып отыр. Демек, Ұлы Жібек жолымен кезінде әуелеп ұшқан құстар жүрген ауамен де қатынасу күшейе түсуде. Бұл Жібек жолына жан біткендігін білдірсе керек.

Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы байланыстар нәтижесінде көшпелілер территориясында жаңа үлгідегі қалалық мәдениет орнықса, отырықшылар көшпелілердің көшіп-қонуға қажетті жүк көлік арбаларынан бастап, мал шаруашылығының көптеген әдістерін игерді.

Ұлы Жібек жолының саясат пен дипломатия тұрғысындағы негізгі жетістіктері өте көп. Қытай империясымен көшпелі үйсін, қаңлы, орта ғасырдағы түрік тілдес мемлекеттер арасындағы өзара байланысты нығайта білді. Ұлы Жібек жолының қаншалықты маңыздылығын осы жолдың маршрутымен қазіргі таңда «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» магистралының салынуынан көруге болады. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» маршруты біздің еліміздің территория аумағымен жүріп өтуі «Ұлы Жібек жолы» бойында сол заманда еліміз аумағында мекендеген мемлекеттердің осы жол арқылы Шығыс пен Батысты жақындастыруда саяси дипломатиялық маңызды рөл атқарғандығын көреміз.

Әлемнің, дүниенің шартарабының байланысы, қарым-қатынасы барған сайын күшейіп келе жатқан орта ғасырдың бастапқы кезінің өзінде-ақ елдерге әлемдегі төрт патшалық жөніндегі ортақ пікір кеңінен тарады. Бұлардың әрқайсысының тек өзіне ғана тән қайталанбайтын ерекшеліктері бар деп есептелді. Осыған орай, олар жұртшылық санасында оңтүстікте піл патшасы (үнді елі) батыста – бағалы, құнды заттар патшалығы (Иран, Византия), солтүстікте – арғымақтар патшалығының иелігі (түрік қағанаты), Шығыста – адамдар патшалығының империясы (Қытай) болып бөлінді. Осы патшалықтардың арасында тығыз қарым – қатынас, алыс-беріс, бірінің жетістігін екіншісінің игеруі сияқты игі істер кеңінен өрістеді. Оның өрістеуіне батыс пен шығысты, шығыс пен батысты жалғастырып сауда – саттық, мәдени байланысты өркендетуге арқау болған Жібек жолы мықты ықпал жасады. Шығыстан батысқа Қытайдың Жібек тауарларын тасымалдау үшін ашылған бұл жолмен батысқа ағылған саудагерлер батыстан алтын, алмаз, аң терісі, қару – жарақ, жылқы алып қайтты. Осы жолдың нақ ортасындағы Қазақстан қалалары шығыс пен батыстың байланыс аясына кеңінен таралды. «Ұлы Жібек жолы және Орта ғасырлық Қазақстан» деген еңбегінде К.Байпаков пен А.Нұржанов атап көрсеткендей, Шығыс пен Батыс, Азия мен Еуропа тоғысқан Қазақстан қалаларында біріне бірі ұқсамайтын мәдениеттердің өзара кірігіп, бір- бірін байыта түсулеріне аса қолайлы жағдай, ахуал туды. Өзара қарым – қатынас жасасу нәтижесінде отырықшы қалалықтар мен көшпенді тайпалар адамзаттың ежелгі мәдениеті алқасында маржандай жарқыраған мәдениет жасай алды[4, 43 б.].

Шынында, қалалар халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін қалыптастыруға, өнерін өркендетуге үлкен үлес қосты.

Ұлы Жібек жолының маңыздылығы соншалық, тарихи қиын процестерден өте отырып, қазіргі таңда осы жол торабының елдерді байланыстыру пайдалылығын ескере отырып, құрлық транспортын дамыту нәтижесінде «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жолының салына бастағандығының айқын дәлелі. Сондықтан, Ұлы Жібек жолы - саяси дипломатия айнасы болды десем қателеспейміз.

Әдебиеттер
1. Н.Ә.Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасы, Астана, 2005 жыл
2. А. Тұңғыш «Түркілер тарихы» Алматы, 2006 жыл.
3. М.Қани. Қазақтың көне тарихы. А., 1993.
4. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы, Қазақстан. 1992.

МОТИВЫ РУССКОЙ ВОЛШЕБНОЙ СКАЗКИ

Нурсали А.С.
Aigera-97ark@mail.ru
ЖумабаеваГ.С.
АркГПИ имени и.Алтынсарина
zhumabaeva_1970@list.ru

Түйін. Бұл мақалада ертегі уәжін талдау ұсынылады. Яғни, сиқырлы ертегілердің құрылымдық сипаттау бірліктері түрінде емес, бастапқыда мифте пайда болған, ұлттық сананың элементі ретінде, әртүрлі халықтардың ертегілерінде дамыған, дамып және әдеби ертегілер мен фольклордың бейнесі ретінде қалыптасқан.

Түйінді сөздер: фольклор, сиқырлы ертегі, миф, мотивация

Annotation: This article offers an analysis of the fairy-tale motif not just as a unit of the structural description of a fairy tale, but as an element of the national consciousness, which first appeared in the myth, then “developed” in fairy tales of different nations, already absorbed the national character and became its reflection in folklore and literary tale .

Key words: folklore, fairy tale, myth, motivation

С древнейших времён до наших дней фольклор стал своеобразным фильтром для мифологических сюжетов в культурном пространстве всего мира, пропустив в литературу только сюжеты универсальные, гуманистически значимые, самые жизнеспособные. В настоящее время в фольклористике многое сделано в области изучения жанра волшебной сказки, её генезиса, истории, поэтики, стиля, особенностей бытования.

Из всех фольклорных жанров сказка является наиболее структурированной и более всех других жанров подчиняющейся определенным законам. Законы строения сказки как фольклорного жанра, позволяют в даннойработе определить структуру и взаимосвязь сказочных мотивов в тексте русских волшебных сказок.

Слово «сказка» впервые встречается в семнадцатом веке в качестве термина, обозначающего те виды устной прозы, для которых в первую очередь характерен поэтический вымысел. Приблизительно с середины девятнадцатого века в среде русских литературоведов зреет интерес именно к подлинным русским сказкам – как к произведениям, могущим

стать фундаментом для изучения устного народного творчества русского народа, его поэтического творчества, а значит и могущим способствовать формированию русского литературоведения.

В то время считалось, что формирование национальной литературной школы возможно только в условиях существования литературы «подлинно народной». Для этого, собственно, и нужно было разобраться, что же за истоки у русской духовности, у русского национального характера. Таким образом, в середине девятнадцатого века возникли предпосылки для формирования в русском литературоведении мифологической школы, которая ставила своей целью исследование истоков национальной самобытности русского народа на материале фольклора.

Последователи мифологической школы в своих изысканиях опирались, в первую очередь на учение выдающихся немецких ученых – братьев Вильгельма и Якоба Гриммов. Основной мыслью этого учения, сформулированной в книге «Немецкая мифология» (1835), была мысль о том, что мифы – это ничто иное, как способ первобытного мышления. Мифы, как считали братья Гримм – это бессознательное, естественное отражение мира человеком.

Так, например, считалось, что природные факторы: солнце, звезды, ветер, буря, молнии, гром и т.д., характерны для всей планеты Земля, однако, в каждом её уголке эти явления проявляют себя по-разному.

Это различие и было положено в основу теории о причинах возникновения национальных особенностей разных народов, проявляющихся в их воззрениях на природу и окружающий мир.

Крупнейшим представителем русской мифологической школы был Федор Иванович Буслаев (1818-1897). Основной идеей Буслаева была идея неразрывности языка и мифа, языка и народного предания.

На первой стадии мифология подавляла и подчиняла себе любую индивидуальную фантазию: «Поэтическое воодушевление принадлежало всем и каждому… Поэтом был целый народ».Этому периоду соответствует расцвет мифологического эпоса.[1; с. 52]

Тот этап в развитии человечества, когда каждый человек начинает осознавать себя как творца, наравне с неведомыми силами творящего предметы, события, поступки и т.д., соответствует возникновению преданий, основанных на событиях из жизни самих людей. Этому периоду соответствует героический эпос в народном творчестве.

В данной статье не рассматривается всё многообразие мотивов русских волшебных сказок.Однако сделана попытка представить принцип семантической классификации сказочных мотивов, и представлен анализ **мотива дома и дороги** в русской волшебной сказке.

Мотив – это побудительная причина, повод, к какому либо действию.

Мотивировки действий в произведениях фольклора можно понять, обратившись к мифам и ритуалам, которые являются прародителями фольклорных жанров. Мифы, потеряв такие определяющие свои черты как

сакральность, безусловную веру слушателя и рассказчика, но сохранив свои мотивы, сюжеты и героев, трансформировались в волшебную сказку.

Мотивы волшебных сказок непонятны непосвященным, причинно-следственные связи трудноуловимы. Герой, зачастую без всяких видимых причин, отправляется в дорогу, покидает дом, такой поступок в сказке часто просто не мотивирован.

Психологи считают, что многими поступками человека движет страх, который является неизбежной принадлежностью нашей жизни. Человеку одновременно свойственны взаимоисключающие стремления – к постоянству и устойчивости и в то же время к изменениям и переменам. Ритуалы – это изобретённый человечеством способ преодолеть страх перед неизбежной изменчивостью и неизбежной необходимостью.

Пересечение границ привычного всегда сопровождается страхом, предупреждающем об опасности, но в то же время, страх этот содержит импульс к преодолению этой опасности.

Переосмысление и преодоление страха в архаическом обществе проходит через определённые стадии и формы его переживания – инициализацию. Инициальный ритуал включает символическое изъятие индивида из привычного социума, после чего человек проходит те или иные испытания, контактирует с демоническими силами вне социума.Далее следует ритуальное очищение и возвращение в своё общество уже в ином статусе.

На основе всего, изложенного выше, можно сделать вывод, что мотивы дома (социума) и дороги (священный маршрут главного героя) - побуждение архаического человеческого сознания к преодолению изначально присущего человеку страха перед риском всего нового, перед изменчивостью жизни и стремлением к изменчивости, развитию и преодолению.

Сюжет интересующих нас волшебных сказок строится на основе инициального ритуала: герой выезжает из дома, путь героя – ось повествования, конец – герой прибывает домой. Дом в волшебной сказке – тот же ритуальный социум. Сверхъестественные силы изымают человека оттуда и отправляют по магическому маршруту. Сказка, в силу специфики жанра, не располагает никакими топографическими сведениями, нобезусловно одно – дорога, по которой высшие силы ведут человека, ведёт его в волшебный мир.

Как известно, – начало волшебной сказки – это оставление дома. Дом родной, привычный, любимый. Изначально в нём «все было хорошо». “В некотором царстве жил был купец, двенадцать лет жил он в супружестве и нажил только одну дочь, Василису Прекрасную”, (“Василиса Прекрасная”), «Жили старичок со старушкою; у них была дочка да сыночек маленький», («Гуси-лебеди»). Если герой сказки социально ущемленный персонаж, то живется ему плохо, но в своем доме: «У мачехи была падчерица да родная дочка; родная что ни сделает, за все ее гладят по головке да приговаривают «Умница». А падчерица, как ни

угождает – ничем ни угодит, все не так, все худо,… у мачехи каждый день слезами умывалась», («Морозко»).

Пользуясь своеобразнымязыком, волшебная сказка как бы подсказывает причину, по которой герой покидает дом. Например, выгоняет родитель: «И придумала мачеха падчерицу со двора согнать…» («Морозко»). Герой отправляется что-либо искать, ликвидировать какую-нибудь «недостачу»: «Огня нет в целом доме, а уроки наши не кончены. Надо сбегать за огнём к бабе-яге… Тебе, Василиса за огнём идти… Ступай к бабе-яге!», (Василиса Прекрасная). Герой нарушает запрет покидать дом. Такой вариант сказочного начала, вероятно, отображение связи сказки с такой частью ритуала как запрет, табу на какие-либо действия. Нарушение табу есть высшая форма преодоления страха, ведь нарушивший табу по определению умрёт.

В сказке герой, нарушивший запрет лишается чего-то очень дорогого для него: «Старшие ушли, а дочка забыла, что ей приказывали; посадила братца на травке под окошком… Налетели гуси-лебеди, подхватили мальчика, унесли на крылышках», («Гуси-лебеди»).

Наиболее характерна для русских волшебных сказок инициальная (начальная) формула, включающая факт существования героя в некоем определенном месте: «В некотором царстве жил-был…», («Василиса Прекрасная») «Жили старик со старухой…», («Гуси-лебеди»). «В некотором царстве, в некотором государстве жил-был царь с царицею…», («Иван Быкович»).

Итак, герой вышел из Дома, покинул социум, зачем и почему он так поступил, нам уже понятно – преодолеть страх перед новым и неизвестным человек может, только покинув известное и привычное.Самым тесным образом с мотивом Дома в волшебной сказке связан мотив Дороги.

Покинувшему Дом человеку нужно пройти, преодолеть какой-то путь и прийти в определённую точку, противоположную Дому (социуму) – в точку, где человеческий и потусторонний мир сходятся вместе, в точку, где происходит самое важное – собственно преодоление и перерождение.

Перемещение героя в специфическом сказочном пространстве, его маршрут, путь, Дорога и составляют ось сказочного повествования. Конечная цель путешествия -независимо от причины, по которой герой отправился этой Дорогой – находится очень далеко, в «другом», «ином» царстве.

В.Я. Пропп приходит к следующим выводам: «Количество сказочных функций весьма ограниченно. Можно отметить лишь 31 функцию. В пределах этих сказок развивается действие решительно всех сказок нашего материала, а также и действие очень многих других сказок самых различных народов. Далее, если мы прочтем все функции подряд, то мы увидим, как с логической и художественной необходимостью одна функция вытекает из другой. Мы видим, что,

действительно, ни одна функция другой не исключает. Все они принадлежат одному стержню, а не нескольким…».[2; с 60]

В дополнение к этому следует заметить также, что композицию сказок В. Я. Пропп считал фактором стабильным, а сюжет переменным, композицию сказок определяет последовательность функций, множество сюжетов имеют в своей основе одну и ту же композицию. Сюжет – это совокупность действий и событий, которые конкретно развиваются в ходе повествования.

Это царство может лежать или очень далеко по горизонтали, или очень высоко или глубоко по вертикали. [2; с. 41]

Расстояние преодолевается различными способами: герой может лететь по воздуху, ехать по земле или воде, его могут вести (клубочек, например). Для всех этих способов передвижения волшебная сказка выработала специфические «внутренние медиальные формулы» – формулы, описывающие действия сказочных персонажей.[3; с. 22]

Чаще всего в сказках употребляются формулы, указывающие на длительность пути: «Бежала, бежала…», («Гуси-лебеди») «Дурень шёл-шёл…» («Летучий корабль»).

Усложнённый вариант такой формулы - глагол, обозначающий действие распространяется указанием на место и длительность процесса. Такая формула, как правило, троекратно повторяется:«Едет далеко-далеко, день коротается, к ночи подвигается», («Кощей Бессмертный»); «День шёл, другой шёл, на рассвете третьего дня видит…», («Марья Моревна»); «Долго шёл он не пивши, не евши», («Марья Моревна»).

Только для русских сказок характерна выразительная формула: «Долго ли, коротко ли, близко ли, далеко ли…». Например:«Долго ли, коротко ли, заехал он в тёмный лес», (Иван-Царевич и Белый Полянин).

По мнению Е. М. Мелетинского, происхождение сказки из мифов не вызывает сомнений, что касается волшебной сказки, то ее происхождение связывают с мифологическими мотивами, сопряженными с ритуалами посвятительного типа.[4; с. 149]

Как отмечает В. Я. Пропп, «волшебная сказка обязана посвятительным ритуалам рядом важнейших символов, мотивов, сюжетов и отчасти своей общей структурой». Помиморитуальных источников на жанровую форму волшебной сказки и на своеобразие сказочной фантастики оказали влияние первобытные фетишистские, тотемические, магические представления. Е. М. Мелетинский вычленяет следующие ступеньки трансформации мифа в сказку:

- ослабление строгой веры в истинность мифических событий;
- развитие сознательной выдумки;
- потеря этнографической конкретности;
- замена мифологических героев обыкновенными людьми, мифологического времени сказочно-неопределенным;
- перенесение внимания с коллективных судеб на

- индивидуальные, с космических событий на социальные.

Мифы и ритуалы в архаических обществах не всегда взаимосвязаны и взаимозависимы, но для мифов, тесно связанных с ритуалами, разрыв таких связей становится ступенькой на пути превращения мифа в сказку. Миф, уже не связанный с ритуалом, становится достоянием широкого круга «непосвященных слушателей», что приводит к акцентированию в рассказываемом вымышленных и развлекательных моментов. Соответственно вера в рассказываемые события ослабляется, открывая путь для выдумки.

В архаическом фольклоре сказочная фантастика также «этнографична», как и в мифах, но в классической европейской волшебной сказке фантастика оторвана от племенных верований, создается достаточно условная поэтическая мифология сказки. По мере движения от мифа к сказке сужается «масштаб» повествования — интерес переносится на личную судьбу героя. Цель героев не космически важные элементы природы и культуры, а пища, женщины, чудесные предметы — все, что может способствовать благополучию героя. В сказке ничто не возникает, не появляется, не сотворяется впервые — все только перераспределяется героем, как правило, в свою пользу. Сказочные герои уже не мифологические полубоги-демиурги, высокое происхождение героя имеет чаще всего социальные формы. Процесс демифологизации делает героем нарочито социально-обездоленного персонажа, что как раз и характерно для анализируемой нами сказки «Золушка».

Литература

1. Буслаев Ф. И. Исторические очерки русской народной словесности и искусства Т. 1–2. -СПб.: Издание Д. Е. Кожанчикова:Типогр. товарищества «Общественная польза», 1861. – 643 с.
2. Пропп В. Я. Морфология сказки. - Л.: Академия, 1928.- 143с.
3. Рошияну Н. Традиционные формулы сказки / НиколаеРошияну. – М. : Наука, 1974. – 216 с. 22.
4. Мелетинский Е. М. Поэтика мифа. 3-е изд. — М.: Наука, 1976. — 407 с.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІ (ҚАЗТУҒАН, ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Өмірбек Б.А.
Шакирова Қ.М.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық қ.
katira_19711@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается значение концепции «Родная земля» в поэзии жырау. На основе произведения жырауов Казтугана, Жиембета выявлены и проанализированы масштабность концепции «Родная земля».Указывается, что понятие «Родная земля» передается через несколько моделей.

Ключевые слова: концепт, Родная земля, понятие, значение, модель

Annotation. The article deals with the meaning of the concept of «Native land» in the poetry of storytellers. The magnitude of the concept «Native land»identifield and analyzed on basev of the storytellers works Kaztugan, Jiembet. It is analyzed that the concept of «Native land» is transmitted through several models.

Keywords: concept, Native land, notion, meaning, model.

Қазіргі тіл білімінің басты мақсаттарының бірі – тілді тіл үшін емес, адамзат үшін зерттеу, зерделеу. Осыған орай тілтанымдағы антропологиялық парадигманың негізінде адам болмысын жан-жақты тануға жол ашылып келе жатқаны мәлім. Соның ішінде,ең алдымен, тіл білімінде антропоцентристік бағыттың негізінде туындаған «концепт» термині және оның шығу тарихы мен зерттелуі жайында зерделеудің маңызы зор. «Концепт» ұғымы бүгінгі таңда белсенді ғылыми айналыстағы когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттанудың басты терминдерінің бірі болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда«концепт» көптеген зерттеуші-мамандардың зерттелу нысанына айналды. Ең алдымен, «концепт дегеніміз не?», «концепт пен ұғым екеуі бір ме?» деген мәселе төңірегінде біраз зерттеушілер пікіріне тоқталып, жалпы «концепт» ұғымының мағынасын тарқатқанымыз жөн деп санаймыз.

Тіл білімінде «концепт» терминін талдау ортағасырлық ғалымдардың еңбектерінен байқалады. Аталған терминді ең алғаш «Латын-орыс сөздігінде» философ Ансельм (1033-1109) пайдаланған болатын. Қазіргі тіл білімінде «концепт»терминін алғаш енгізушілердің бірі - орыс ойшылы С.А. Аскольдов (1870-1945). «Концепт» терминінің теориялық негізі Е.Ф.Карский, А.А.Шахматов, А.А.Потебня, А.Н.Афанасьев, В.Н.Телия, А.Н.Соболевский, Д.С.Лихачев, В.В.Воробьев, В.А.Маслова, Н.Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский,

Н.К.Рябцева, В.Айрапетян, В.В.Колесов, А.Я.Гуревич, А.Вежбицкая, М.Минский, т.б. ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылып қаланды.

Концепт мәселесі жөнінде ғалымдардың пікірі әртүрлі. Қазақ тіл білімінде профессор Е.Абақан: «Концепт (ұғым) сөздің мағынасы ретінде түсініледі. Бірақ ол жалпылаудың (абстракцияның) ең жоғарғы деңгейін білдіретін ұғым – концепт емес – «оқиға процесс «дерек» туралы ұғым. Сондықтан «концептуальды талдауда» сөздің немесе сөйлемнің контекске, яғни нақтылы мағынаға қатысты анықталуы тиіс» – деп, лингвистикадағы «концепт» пен логикадағы «ұғым» терминдерінің ара жігін ажыратып көрсетеді [1,6б]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «концепт»терминіне «бір мәселе туралы теориялық пікір, негізгі көзқарас» деген анықтама береді [2, 264б].

Концептілердің табиғатын жан-жақты талдап, терең тану үшін сөз мағынасын жетік меңгеру және концептілік талдау арқылы мол ақпарат алуға болады. Осы бағытта біз «туған жер», «ел» концептісінің қазақ танымында қандай ұғым беретінін жыраулар поэзиясын талдау негізінде көз жеткізуді мақсат еттік. «Туған жер» концептісін зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап, тілдің этнолингвистикалық сипатын айқындауға болады. Мақалада қазақ халқы үшін ерекше құнды болып табылатын «туған жер» концептісі қандай модельдер арқылы анықталатындығы сарапталады.

Ғалым І.Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «туған жер» сөзіне мынадай анықтама беріледі: «Туған ел – торғын бесік. Туған жер - Отан, өз елі, кіндік кесіп туып-өскен жері [3, 519 б.]. Туған жер – атадан балаға аманатталған асыл мұра, киелі мекен. «Туған жер» тақырыбы - қазақ жыршы-жырау, ақын-жазушыларының қалам тартатын маңдайалды тақырыптарының бірі. Соның ішінде, әсіресе, өмірі жаугершілік заманымен тұспа-тұс болған жыраулар шығармаларындағы «туған жер» тақырыбы мағыналық жағынан кең ауқымды, мол философиялы. Мәселен, Қазтуған жыраудың шоқтығы биік шығармасы – «Туған жермен қоштасу жыры». Жырда жыраудың туған жерге деген ыстық махаббаты, сағынышы адамды елжіретер түйдек-түйдек сөз тізбектері арқылы көрініп, туған жерінен үдере көшкен ел көрінісін еріксіз көз алдымызға әкеледі.

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт...[4,19б] – деген жыр жолдарында «туған жер» концептісінің мазмұны ең алдымен, «туған жұрт»

логикалық моделі арқылы айқындалады. «Жұрт» сөзінің мағыналық ауқымына өзінің ата-бабалары мекен еткен, көсем болып, отты би атанған, Еділдің Ақтұба және Бозан салаларын мекендеген «Менен қалған мынау Еділ жұрт» деген жыр жолымен бейнелеп, сыйғызады. Және «кіндігімді кескен жұрт» тармағындағы «кіндік кескен жер» моделі «туған жер» концептісінің тағы да бір концептілік мазмұнын ашады. Бұл туралы қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде «Кіндік кесіп, кір жуған жер» немесе керісінше «Кір жуып, кіндік кескен жер» деп көрсетіледі. Адам баласының дене мүшесіндегі ең қасиеттісі - кіндік. «Кіндік кесу» тіркесінің «туған жер» ұғымымен астысып жатуында сол қасиеттілік негізге алынған. Одан әрі қарай:

Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менім ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалып бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер,[4,19б] - жолдарында өз ордасының қоныс тепкен жерін, ондағы жан-жануары, өзен-көлі, балығы мен бақасын сипаттай келе, осы ұғымдарды толық қамтушы «дала» лексемасы негізінде жырлайды. «Дала» лексемасының жырда берілген мәні – жыраудың өмір сүріп, тіршілік еткен ортасы.

«Туған жер» концептісінің сан салалы көрінісін біз Жиембет жыраудың жоңғар басқыншылығының зардабы мен елдің жерінен айыруын, зар-заманның туындауы жайында жырланған мынашумағынан да анық көруімізге болады:

Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ кең жерім.
Арманда болып барамын,
Қоштасуға аял жоқ,
Қалқаман,Шолан ерлерім!
Қайырылып,қадам басарға.
Күн болар ма екен сорға,
Өзен,Арал жерлерім?!..[4,41б]

«Тарылды байтақ кең жерім» тармағында «кеңістік» концептісімен астарлас мағына жатыр. Ғалым Б.Нұрдәулетова: «Кеңістік дегеніміз қазақтар үшін шексіз космос деп таниды. Осы космоста олардың «өз микрокосмосы бар», ол – «атамекен» деп аталатын олардың бүкіл болмысын өзге «ықпал етуші, үйлесімділігін бұзушы» күштерден сақтайтын, ата-бабасынан мұраға қалып келе жатқан өздері үшін ерекше «жұмақ, жайлы жер» деп сипаттайды. Жалпы ұлттық стереотиптік ұғымда атамекен европалық ғалымдардың түсінігіндей «көшпелілердің көшіп-қонып жүретін территориясы, малға жайлы жайылымдық жерлері емес», атамекен ата-бабасының кіндік қаны тамған жері, екіншіден, ата-бабасының бейіті жатқан жері, үшіншіден, атамекен болатын жердің

таңдалуы қасиетті әулиелердің, пайғамбарлардың батасымен, Алланың қалауымен жүзеге асырылады, төртіншіден, ата-бабаның қаны төгіліп, жаудан қорғап алып қалған жері. Бесіншіден, ол – ағайын-тума ортасы» [5], - деп анықтайды.

Осы арқылы «туған жер» концептісінің «кеңістік» концептісімен тығыз байланысын көруге болады.

Қорытындылай келгенде, концептілердің табиғатын жан-жақты саралап, терең тану үшін тілге қатысты сөз мағынасын жетік меңгерумен қатар концептілік талдау арқылы мол мәлімет алуға болатындығын айқындадық. Тілдің ойды материалдандыру ерекшелігі - концептінің әр түрлі тілдік ақпараттарды тарату функциясын жете зерттеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірінен саналады. Бұл мақаламызға арқау болған Қазтуған, Жиембет жыраулардың шығармаларының көпшілігінде «туған жер», «ел», «ата қоныс», «дала» концептісі ұшырасады.Аталған концептілер жыраулардың ішкі жан дүниесін ашатын, тебіреніс-толғанысын көрсететін, бір-бірімен астасып, байланысып жатқан модельдер есебінде жұмсалған, патриоттық тәрбиеге бейімдейтін, отансүйгіштікке шақыратын құрал ретінде қызмет атқарады.

Әдебиеттер

1. Абақан Е. Тілдің мәдени философиясы. - Алматы: Айкос, 2000. -184 б.
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008.- 680б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.
4. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. - Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. – 400 б.
5. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2006

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚАБАТТАРЫ

Оналбек С.
Ауезова Ш.С.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық қаласы

Аннотация: В статье рассмотрено применение лексики в произведениях Ибрая Алтынсарина. Устаревшие слова в произведениях Ибрая Алтынсарина, связанные с обычаями и традициями народа, были исследованы по их лексической значимости, изучены слова с диалектическими и фонетическими особенностями.

Ключевые слова: Ибрай Алтынсарин, лексика, лексические пласты, устаревшие слова, культура языка народности, диалект, фонетика.

Abstract: Ybray Altynsarin’s article considers the lexical meaning of use of words. The obsolete words in the works of YbrayAltynsarin, connected with wstoms and traditions, were examined from the lexical point of view. Along with this were the words in works with dialectical and phonetic features.

Key words: Ybray Altynsarin, lexical, lexical layers, obsolete words, cultyra of national language, dialect, phonetika.

ЫБырай шығармаларының лексикалық құрамын қарап отырсақ, сол бір шағатаизммен тіліміздің шұбарланған кезінің өзінде оның шет тіл элементтерін өте аз қолданғанын және оларды еш уақытта орынсыз жұмсамағанын көреміз.

ЫБырай қоғамдық тіршілік пен өмір құбылыстарын таразыға тартып, олардың жас буын білім, нәр алар деген, тәлім-тәрбие, ғибрат берерлік жайларын шеберлік көрігінен өткізіп, бейнелеген жазбаша көркем шығарма ұсынды дедік. Онда, негізінен, қазақ тұрмысы суреттелді. Сондықтан да біз ЫБырай шығармаларын, оның тіл өрнегін өткен өміріміздің куәсі ретінде қабылдаймыз. Оның сөз өрнегі сол тұстағы тұрмысты айқындай түседі. Сондықтан ЫБырай шығармаларын тарихи мұра ретінде бағалаймыз. Бұл ретте Ы.Алтынсариннің хрестоматиялық материялдарымен қатар, басқа да еңбек, мақалаларын ескердік.

Қазір кемелденген жазба әдебиетіміздің, атап айтқанда, педагогикалық мұралардың, публицистика, поэзия, проза жанрларының алғашқы үлгісі ЫБырай қаламынан туған еді. Олай болса, ЫБырай шығармаларының тілі – көне тұрмыс куәсі.

ЫБырай шығармаларында кездесетін көнерген сөздерді бірнеше салаға бөліп қарауға болады:

1. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты сөздер.

Шанаш – ешкі терісінен істелген ас құятын ыдыс. Мысалы, Қыз тұрып *шанаштан* бір уыс тұз алып, бір аяқшаға салып, Жиреншенің алдына қойды. Қазір бұл сөз ауыспалы мағынасында болмаса, тікелей өз мағынасында жұмсалмайды.

Жылу - сөзі бұрын жәрдем, көмек мағынасында жұмсалатын. Мысалы, Бірнеше тәуір кісілер бір жетім-жесір қалған үй үшін *жылу* жиямыз деп, әр үйге қыдырып барып жүріп, бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті жаңбырға ұмытып далада қалдырыпсың деп, қатты ұрсып тұр екен. Бұл сөз де қазір қолданылмайды.

Барымта - жаулық, өшпенділік салдарынан екі рулы елдің бір-бірінен мал айдап әкетуі, дүние-мүлкін шауып алып, сіңіріп кетуі. Мысалы, Қыпшақ Сейтқұл отыз үйлі тобырымен жұрттың аттаныс, *барымтасы* бар уақытта, бұл отыз үйлі кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Тағы бір жерде: «... *барымтамен* мал алсам бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Осы сөздің екі рулы елдің жауласуымен бірге ұрлық-қарлық деген қосымша мағынасы да бар сияқты. Мысалы, *Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық барымтаны әдет еткен.* Соған қарағанда, аз да болса мағыналық айырмашылықтары бар осы екі түсінік сол XIX ғасырдың екінші жартысына тән лексика болуы керек.

Жамағат - «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» - халық, көпшілік деген мағынадағы ескі сөз екені айтылады. Ал Ыбырай оны туыс, жақын-жуық түсінігінде қолданған. Мысалы, ... *жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.*

2. Мал шаруашылығына байланысты: Діни ұғым бойынша сиыр малының атасы - *Зеңгі баба; түйе атасы - Ойсыл қара:*

Қорлама кем адамды болсаң дана,
Қарыпты құдай сүйсе неді шара?!
Ер болған сиыр бағып Зеңгі баба,
Бір болды түйешіден Ойсыл қара.

Ыбырай шығармашылығында әдет-ғұрып ерекшеліктеріне, салт-санаға байланысты көнерген сөздер де бар. Бұл жерде айта кететін бір жайт - Ыбырай шығармаларындағы көнерген сөздерді зерттеуде «Қазақ хрестоматиясы» мен «Орынбор ведомствосы» қазақтарының қыз ұзатып, құда түсу әдеттерінен очерк» деген еңбектерін пайдаландық. Ыбырайдың соңғы аталған еңбегі - ескі әдет-ғұрпты таныстыратын тарихи документ. Бұл еңбек негізінде орысша жазылған да, ұлттық ұғымды білдіретін кейбір терминдер ғана қазақша берілген. Төменде осы қызықты материалдан қазақтың әдет-ғұрпына байланысты сөздер келтіріп, Ыбырайдың орысша берген түсініктемесін сол күйінде бергенді жөн көрдік [1].

Жесір сөзінің сол кездегі мағынасы қазіргіден басқашарақ. Бұрынғы кезде әйелі өлген еркек те жесір деп аталған. Тағы да бір қызығы, ол еркек жесірлігі үшін екінші үйленбекші әйелінің (қалыңдығының) шешесіне белгілі мөлшерде ақашалай айып төлейтін болған.

Үйсынық - егер жесір еркек тұрмысқа шықпаған қызға құда түссе, туыстары оны кемсініп үйсынық деп атаған.

Бәйбіше - алғашқы алған әйел.

Тоқал - бәйбішеден кейінгі әйел.

Қалың мал - күйеудің әке-шешесінің қалыңдықтың үйіне сыйлық ретінде беретін 47 ат.

Бас жақсы - күйеуден қалыңдыққа бас киім дайындауға беретін сыйлық (сол кездегі ақшамен 500,600 сом).

Ілу - құда түскеннен соң екі-үш жылдан кейін күйеудің қалыңдықтың туыстарына әкелетін бағалы сыйлығы.

Ұрын келу - күйеудің қалыңдықтың үйіне алғаш келуі.

Тәжім - күйеудің екі қолын төмен түсіріп, иіліп сәлем беруі.

Отағасы - құда түскендегі ең үлкен құда.

Екі тоғыз - тойға келген құдалар жақтан күйеу атынан ерттеулі атпен қоса екі рет тоғыз бөлектен әкелінетін сыйлық.

Тартыс - ұлттық ойын. Ойында күйеу мен қызды кездестірердің алдында екі жақтың адамдары бөлініп қызды тартысады. Күйеу жақтың адамдары жеңіп шығуы керек.

Қыз ашар - күйеудің қалыңдыққа ат, не жақсы шапан ретінде беретін сыйлығы.

Кемпір өлді - қалыңдықты күйеуге әкелердегі есіктің алдында көлденеңдеп өліп жатқан болып алатын ырым.

Ит ырылдар - қалыңдықты төсекке қарай жібермей, қабатын ит сияқты болып жатып күйеуден алынатын ырым.

Сәукеле - тойдан кейін бір жыл бойына киетін қалыңдықтың бас киімі.

Сүт ақы - қалыңдықтың анасына берілетін сыйлық (бір түйе)

Жанама жақсы - бұл да осы сыйлыққа қоса беріледі**,** тікелей көрсеткіші жоқ. Әркім өзінің халіне қарай.

Танысу - қалыңдықтың кетердегі туыстарымен қоштасуы (туыстары қызға халінің келгенінше сыйлық береді)

Сәлем - тұңғыш босаға аттаған келінді күйеудің туыстарымен таныстыру. Бұны бет ашар деп те атаған.

Май құю - бұл қыздың үйінде де, күйеудің үйінде де жасалатын ырым. Күйеуге не келінге отқа май құйғызып, от әулие, май әулие деп тұрған адамдардың бәрі сиынады екен.

Көне дәуірден мәлімет беретін Ыбырай еңбектерінің қатарында «Орынбор ведомствосы» (1870) деп аталатын тоғыз беттік мақала-очеркін деп атауымыз керек. Мысалы, *исхат* деген сөз, автордың түсіндіруі бойынша, адам өлгеннен кейін оның тірі кезіндегі жіберген қате-күнәларын молдаға сату әдет-ғұрпын білдіреді. Адам жай күндері өлсе, исхат күніне 30 қадақ астықпен өлшенеді де, ораза (бұрынғыша рамазан) айында өлсе, 35 қадақ астықпен төленеді. Сонда бұл исхат әрекеті адам өлгеннен кейінгі әдет бойынша (365 *күнге созылса),* өлген адамның артында қалған үйелменінің не туған-туысқандарының (астықтай 277 пұт 20 қадақ) молдаға төлейтін төлемі.

Ыбырайдың баяндауы бойынша, бұл іс-әрекет былай орындалады: «Өліктің бас жағына оның артында қалған баласы не туысқандарының бірі отырады, аяқ жағына қолына құран ұстаған молда отырады. Содан кейін өліктің туысы қолындағы беретін затын молдаға ұсынып: «Мен әкемнің не.. ораза уақытында, намаз кездерінде жіберген күнәларын көтересің бе?» - деп сұрайды, молда оған «... көтеремін», - деп жауап беріп, жаңағы ұсынған затты (астық, мал түрінде болуы да мүмкін) алады. Осылай өлік өлген күннен бастап, бұл әрекет 365 күнге созылады». Ыбырай бұған байланысты мынайдай ескерту жасайды: «Шариғат заңы бойынша, жоғарыдағы әдіспен өліктің денесі арқылы оның бағалы заттарын, киімдерін де береді. Әсіресе осы әрекет соңғы кезде Ордада етек алып келеді», - дейді. Соған қарағанда, осы әдет-ғұрыптың өзі сол кездің өзінде өзгеріп келе жатқанын Ыбырай ескертіп отырған сияқты.

Жаназа - өліктің молаға әкетердің алдында молдалардың бас қосып дұға оқуы деп түсіндірілген.

Бақан, піспек - әйел адамның басына қойылған ескерткіштің төбесіне, баланың ескерткішінің басына бесіктің белгісі салынатын болған.

Қара - өлген ер адамның артында қалған әйелінің, қызының ас өткенге дейінгі басына салып жүретін қара матадан жасалған бас киім. Бұл бас киімді тек өліктің асынан кейін ғана біреу шешіп алатын болған.

Дауыс - өліктің асы берілгенге дейін күнде таңертең ертемен әйелінің, қызының, туыстарының беттерін киіз үйдің керегесіне қаратып, қосылып жылап тұрып айтатын қайғылы өленделері.

Аза - жақын-жуықтарының көңіл айтуға келгенде жылқылай, түйелей әкелетін көмектері. Ол екі, үш кейде, жеті-он жылқы не түйеге жеткен.

Бата - көңіл айтуға келген адамдардың оқитын дұғасы.

Әдет-ғұрыпты, ескі салтты көрсететін көнерген сөздер «Қазақ хрестоматиясында» өте аз кездеседі. Оның себебі бұл кітаптың көбіне балалар оқитын оқу құралына ыңғайланып жазылғандығынан болу керек. Бұл еңбектегі салт ерекшелігін көрсететін сөздер мыналар ғана: *түлкі байлау, неке қию, сүндет, ысқат*. Мысалы, *Қазақшылық әдетте жасы үлкенге мұндай соғып алған түлкіні байлаушы еді, мынау бала бізге байламайды деп, заманындағы ханына арызға келісіпті. Молда жазу да танымайтын дадан сарт екен, балалардың қолына қағаз беріп, шимайлап оқытатын оқуы: - Неке қияр ат болыр, бала туса шат болыр - оған асыл зат болыр, ат қояры семіз ат, сүндет басы үш түйе, ысқат деген бес түйе.*

Ыбырай бұл сөздердің қай-қайсысын қолданса да, надан молданы келеке қылып, осындай жат істермен айналысып, халықты алдайтынын әшкерелеп отыр.

Әлеуметтік қоғам өміріне, әкімшілік, ел басқару істерімен байланысты сөздер:

Патса: Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патса болған.

Патсазада: Патсазада мұны көріп, мұңсыз кісі таптым деп патсаға хабар берді.

Хан: Бұл сөзбен мұны ханға алып келісті.

Ханым: ... хан ханымсыз болмас, ханым ханымсыз болмас, құс мойынсыз болмас, олай болса ханым сіздің мойыныңыз деп оған қаздың кеңірдегін кесіп алдына қойды.

Уәзір: Қызылбас патсасының Абдулла деген уәзірі бар еді.

Тақ: Азған елдің хандары,
Тақ үстінде отырғандары-
Жарлыдан алып байларға
Сыйлар берсе керек-ті.

Таж - Біреуі айтты: - мен ақ боз атқа мініп, алтын таж киіп, көкке ұшып жүр екенмін.

Жасауыл: Патса қуанып, жасауылдарын жберді, ол мұңсызды алып келіңіз деп.

Би: -Аа! Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің, сөз бастап би болайын деген ұл екенсің, алдыңа келсе, әділдігіңді аяма, аймағың кетпес алдыңнан...

Қазы: Сен болысты күнә деп білсең кітабыңды көрсет, болмаса қазыға алып барып жазаландырамыз...

Қожа: Аю жылап айтты дейді: -Қожам мені баласындай күтіп, асыраушы еді, ол ауырған уақытта мені күткен кісі болмай, қожамның жазылуын күтіп зарықтым.

Азған елдің қожасы,

Қыдырып келер есікке...

Ұлық:

Азған елдің хандары,

Ұлық тұтар басын-ай,

Қайда дәулетті адам болса,

Берер соған асын-ай.

Мырза: Бір мырза орманнан бір аю баласын ұстап алып, үйіне алып келіп, сонша жақсы күтіп асырапты.

Төре: Жаздың бір әдемі күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштар мен гүл жапырақтарын көріп жүрді. .. ұялып, тақсыр, жүрмеңіз, мұның төресін оңдап бере алмай.

Соңғы екі мысалда, төре сөзі екі мағынада айтылып отыр. Біріншісі - феодалдық қоғам туғызған үстем тап мағынасында, екіншісі - билік, шешім деген мағынада жұмсалып тұр.

Ескі діни нанымға байланысты:

Құдай:

Бір құдайға сиынып,

Кел, балалар, оқылық.

Ыбырай шығармаларында құдай сөзі әр түрлі сипаттағы сөздермен тіркескен күйінде кездесіп отырады. Сірә, бұл сол кезге дейін де, сол кез үшін де тұрақты тіркеске айналып кеткен болуы тиіс. *Жаратқан құдай, құдай рақымы, құдайдың құдіреті т.б.* Бірақ бұл қолданыстардың қай-қайсысын да Ыбырай өзін қоршаған ортаның ескі нанымына байланысты, жаратушы дүлей күш бар деген сеніміне әсер ету үшін жазған болса керек.

Сол сияқты:

Істің болыр қайыры

Бастасаңыз алдалап,

Қорек тап бейнеттен де тәңірім жәрдем

Телмірме бір адамға мұздықпенен,

дегендегі Ыбырайдың *алда, тәңірім, жәрдем* сөздері *құдай* сөзімен синонимдік қатар түзеп қолданылып отырылады. Атауы басқа-басқа болғанмен, мағынасы бір әр түрлі тілден енген осы *құдай, алла, тәңір* сөздері сол Ыбырай заманында жарыса, актив қолданылған болу керек. Өйткені оның шығармаларынан жиі кездесіп отырады.

Ыбырайдың еңбектерінде мұсылман дініне тән *Пайғамбар, Қыдыр ата (әулие, болжағыш)* діни атақ мағынасын білдіретін *әзірет, қазірет* деген сөздер кездеседі. Бірақ бұлар өте аз қолданылған.

Бір мысал келтірелік. *Үсен айтты: - Жоқ, әкем: үйрек-қаз, адал құстар, мұқтаждықта құдай-тағала бұларды адамға алып, тамақ етуге бұйырады, бірақ тірілей байлап-матап әуре ету обал,- деп үйретуші еді.*

Осы мысалдағыдай, оқу-өнерді уағыздап, Үсеннің әкесі сияқты көпті көрген, аз еңбегімен өмірдің ащы-тұщысын тани білген еңбек адамын үлгі тұтып, айналасындағыларға әрдайым қайырымды бол, қолыңнан келсе, пайда келтір деп ағынан жарылып отырған Ыбырайдың құдай сөзін пайдалануы халықты өзіне қаратып алу үшін керек болғанға ұқсайды. Алайда оның жалпы дінді уағыздаушыларға қарсы шығып, олардың қиянат істерін халыққа әшкерелегені әркімге аян. Сол үшін де Ыбырай қуғын көрген ғой.

Ыбырай *молда* сөзін екі түрлі мағынада қолданған. Біріншісі - оқыған, медреседе сабақ берген молда. Оны Ыбырай шын молда деп есептейді. Мысалы, *бір күндерде сол елге бір шын молда* келіп, әлгі бала оқыған медресеге келіпті. Екіншісі - оқуы жоқ, тек басты айналдыратын, алыммен күн көретін, арамза молда. Мысалы, Сонда *арамза молда жалма-жан бір балаға, келген молдаға есіттіріп, сабақ берді дейді: Е-е, ме-е демелік, өзге былшыл не керек, он бес түйем, бір атым, жартысы сенікі, жартысы менікі.*

Ыбырай осы молдалардың қай-қайсысын да жек көрді. Олардың іс-әрекетіне ашықтан-ашық қарсы шығып, қара қауымды солардың жалған қылықтарынан сақтандырып отырды. Сол мақсатта ол мынадай діни сөздерді қолданды: *бақсы, қақтыру, жын-бәлекет, тұмар т.б.* мысалы,

Бас ауырса бақсыларды
Алып келіп бақтырарсың,
Жазықсыз жануарды сойып,
Өкпеменен қақтырарсың,
Жын-бәлекет қашады деп,
Тұмар алып тақтырарсың,-

деген Ыбырай, молдалардың көз бояушылық әрекетінен ешқандай нәтиже шықпайтындығын білдіріп бұл өлеңін былай аяқтайды:

Білмес надан еткен істен
Ешбір қайыр табылмас.

Ыбырай шығармаларын оқып отырсаңыз, *ораза, намаз иман, дуа, тауба, ұшбақ, хор, қызы, дозақ* сияқты көнерген сөздер кездеседі. Автор бұл сөздердің кейбіреуін халық аузында айтылып, түйреншікті болып кеткендіктен қолданса, кейбіреулерін қожа молдалардың іс-әрекетін әшкерелеу үшін, халықтың надандықтың шырмауында отырғанын көрсету үшін қолданады. Мысалы, *Оразаның түбіне мақсатым жетер, Азған елдің түбіне тақсыр жетер.*

«Қазақ хрестоматиясының» «Сөз басы» деп аталатын бірінші бетіндегі өлеңінде Ыбырай*:*

Біз болмасақ сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды... дейді [1]. Бұл жолдағы оның айтып отырған бата сөзі діни бағыттағы тура мағынасы емес. Дінге қарсы күресіп, оқу-өнерді, ізгі мәдениетті ілгі тұтып, халықты соған жетелеп отырған Ыбырайдың ол сөздің тура мағынасын айтып отыруы мүмкін емес. Ол бұл жерде келешекке үміт артып, өзі үлгере алмай кеткен игі істерді болашақ жастар одан әрі жалғастырады деп сенім білдіремін деп бата сөзін келтіріпді сағынада қолданып отыр.

Ыбырай шығармаларындағы жоғарыда келтірілген көне сөздер сол кез үшін көне болмай күнделікті тілде қолданылып жүрген актив лексикалар болуы да мүмкін. Бірақ қазіргі заман үшін тек өткен өмірді ғана елестетін, өткеннен хабар беретін сөздер қатарына жатады. Қай кез үшін қалай саналса да, бұл сөздерді автор белгілі бір мақсатпен қолданғанына көз жеткіземіз. Сондықтан да Ыбырай бұл сөздерге стильдік мән бере қолданған деп айтуымызға болады. Ол сол көне сөздер арқылы туындыларына көркемдік бояу, шынайы түр беріп, оқушыларының эстетикасына жан-жақты әсер-етіп, сезім дүниесін оятады. Кертартпалықтан, жаман іс-қылықтардан жирендіріп, жақсылыққа, болашаққа ұмтылуға итермелейді. Ыбырай шығармаларының негізгі идеясы да сол. Сондықтан оның сөз қолданыстары мен шығармаларынң идеялық мазмұны бір-бірімен үндесіп, жымдасып жатыр дейміз.

Қазақ тіліндегі көнерген сөздерді зерттеуде Ыбырайдың «Орынбор ведомоствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрлерінің очеркі» деген еңбегі аса көңіл аударарлық. Бұл еңбек орысша жазылғанымен ондағы нағыз керекті қазақ сөздерін қазақша беріп отырған. Ондағы *үйсынық, бас жақсы, екі тоғық, кемпір өлді, ит ырылдар, сүт ақы, жанама жақсы, ұрын келу т.б.* ырым атаулары қазір көнеріп, кейбіреулері ұмыт болғанмен, бұл сөздер өткен ғасырдағы қазақ тілі лексикасының байлығын көрсетеді. Екінші жағынан, бұл сөздерді қазақша берудің өзіндік стильдік мән авторлық ерекшелеу, астын сызу бар. Бұл жерде оларды Ыбырай мәнерлеу тәсілі ретінде жұмсайды. Қалай болғанда да, ол осы көне сөздер арқылы өз заманының айқын көрінісін, ұлттық колоритін беріп отыр.

Қысқасы, Ыбырай шығармалары, тарихи тұрғыдан алғанда, өткен өмірден елес берер мұра. Мұндағы қолданылған кейбір сөздердің мағынасы да ол кезде басқашарақ болғанын байқаймыз. Мысалы, ол кезде қыздың үйіне келген құдалардың ішіндегі ең үлкені, жолы үлкені *отағасы* деп аталған, қазіргіше *бас құда.* Бұның өзі сол уақыттағы қыздың үйінде де, күйеудің үйіне келгеннен кейін де отқа «май құю» әдетіне байланысты болса керек. Қазіргі уақытта бұл *отағасының* мағынасы біраз өзгерген. Осы кезде *отағасы* деп ауылдық жерлерде бір үйдің азаматын, ер адамын, айтып отырғанын байқауға болады. Соған қарағанда, бұл - Ыбырай кезінде қолданылған, мағынасын аздап өзгерткен сөз болуы тиіс.

Қазіргі қазақ тілінің сөз байлығы алуан салалы. Солардың бірі - әр жердегі, яғни бір облыс, аудан немесе бір ауыл-аймақ тұрғындарының өзара ауызекі сөйлеуінде ғана кездесетін, жалпы жұртшылыққа белгісіз сөздер, яғни жалпы халықтық лексикадан, әдеби тілдің нормасынан тыс элементтер. Міне, осындай жергілікті тілдік ерекшеліктер көркем әдебиет бетінде кездесе береді [3]

Бірден-бір қажет болған сөзді тауып жазу, тиісті грамматикалық форманы тауып, орнына қолдану айтайын деген ойдың дәл арқылы айқын болуын көздейді. Тегінде, жазушының шеберлігі де осыдан байқалады.

Қалам қайраткерлерінің лексикасын қарап отырсаңыз, сөз байлығынан неше түрлі тілдік элементтерді табассыз. Солардың бірі- жоғарыда айтқан, жалпы халыққа белгісіз, белгілі бір территориядағы адамдарға ғана белгілі сөздер. Оларды қолданудың сырына үңіле түссек, көбіне екі түрлі жағдайға байланысты екеін байқаймыз. Біріншіден, жазушының сөзге шебер болмауынан, тіл байлығының кедейлігінен, сөзді сұрыптау, саралау дегенді білмеуден, яғни білместіктен, екіншіден, әдейі қолданудың нәтижесінде кездестіреміз. Соңғы жағдай жазушының шеберлігін байқатады. Ыбырай Алтынсарин, негізінен, өмірін қазіргі Қостанай жерінде өткізген. Сондықтан да оның тілінде басқа жерлердегі емес, дәл сол маңайды мекендеген қазақтардың сөйлеу дәстүріне тән сөздерді ұштастырамыз. Алайда сол кез үшін ыбырайдың тілінен солтүстік қазақтарының тіліне сөздердің табылуы да орынды. Өйткені кең-байтақ жерді ата қоныс қылған қазақтардың баспа материалдары әөнінен байланысы әсте мықты емес еді.

Ыбырай тілінде диалектілік ерекшеліктердің кездесуінің тағы бір заңдылық жағы бар. Жазушы сол диалектілік ерекшеліктерді қолдану арқылы жаңа ғана іргесі қалана бастаған қазақтың әдеби тілінің қорын кеңейтіп, стильдік мүмкіншіліктерін молайтуды мақсат еткен болса керек. Әйтпесе, Ыбырай- тілдің таза болуын, сөздің жатық, түсінікті болуын ізгі мақсат еткен жазушы.

Сонда Ыбырай тілінде диалектизмдерді не себептен кездестіреміз? Оларды қолданудағы жазушының көздеген мақсаты қандай?

Егер жазушы немесе ақын диалектизмдерді авторлық көрсетуде, сол кейіпкерді даралай түсу үшін қолданған болса, ол-жергілікті сөзді орынды қолдану болмақ. Алайда персонажға үйіп-төгіп жергілікті тұрғындар тіліне тән сөздерді сөйлете беруде болмайды. Өйткені жазушы ондай сөзді белгілі шамадан тыс қолдана беру арқылы шығармаға эститикалық, бейнелік жағынан нұқсан келтіреді, сөйлеудегі натуарализмге әкеліп соқтырады.

Ыбырай тілін мұқият байқап қарастырсақ, диалектизмдерді авторлық ремаркасынан да, баяндауларынан да, кейіакерлер сөзінен де байқаймыз.

Ыбырай тілінде жалпы халықтық сипат алмаған, әдеби тілдің нормасына жатпайтын лексикалық құбылыстар, фонетикалық ерекшеліктер, грамматикалық тұлғалардағы айырмашылықтар да кездеседі. Сондықтан оларды жеке-жеке сөз еткенді дұрыс деп таптық.

Әдетте көркем сөз шеберлері диалектілік сөзді кейіпкердің аузына сол жергілікті тұрағына қарай, әдейі салады. Ондағы мақсат - кейіпкер сөзін бұлжытпай беру, әрқайсысын даралау. Ыбырайда да солай қолданылған сияқты. Мысалы, *баланың* аузынан - *Әй, ата, бекер сөйлейсің, осы қолыңдағы кіп-кішкентай қобдиға мойныңа үш оралған әйдік жылан сыюшы ма еді?*- деген сөз шығуы, яғни үлкен деудің орнына *әйдік* деу орынды болған. Осыған тағы бір мысал: ... осы күнде екі *әйдік* тас *жұртым* бар. Міне, мұнда екінші диалектизм- *жұрт.* Мұның мағынасы- *үй.* Ал - *Аласа бойлы қолында қысқантақ мылтығы бар, соңында тарақ құйрық кішкентай иті бар, бір қарт адам көрдіңіз бе?* Деген диалогта да *қысқантақ* деген

диалектілік элемент кездеседі. Тағы бір мысал: *«Сіз жазасыз, ата, Қасенге қорасан шықты деп»...* Мұндағы *қорасан* сөзінің ауру ұғымында қолданылуы қазір өте сирек кездеседі, архаизмдік сипат алды.

ЫбырайдыҢ сөз байлығын саралау үстінде Қазақстанның солтүстік, шығысындағы қазақтар тіліне тән диалектілер кездеседі және олардың көпшілігі автордың баяндауында ұшырайды. Алдымен қазіргі оқырмандарға түсініксіз сөздерді келтірейік.

Шақат - бетінде соры шығып жатқан сүрлеу жер. *Күн сәскеге шейін жүріп отырып, сәскеде сүрлеу бір қатаң шақаттау жерге түсіп көрінбей кетті.*

Мәзір: Жиреніше, өзі де ақылды, данышпан кісі, ойлап отырып бұл сөздерге түсінді және өзінің үй иесінің берген мәзірін күтпей, тәтті тамағыңды бер деп сұрағанына ұялды.

Түсіндірме сөздікте *мәзір* - қолдағы нақты бар нәрсе деген ұғымды беретін сөз делінген. Біздіңше, бұл «Барым - әзір, жоғым - жай» деген мәтелден тараған. Сондықтан қазірде де қолданылып жүргеніндей *бар мәзір емес, Барым әзір.* Ал *мәзір* деген сөз жаңсақ тараған ұғымға ие болып кеткен болса керек.

Мық - уақ шеге. *Етікшілер істеген мығын ұнатқан соң, әскердің етігіне мық істеудің міндетін алып, көп мал тауып, ақыр өміріне шейін кемдік көрмей өтіпті-міс.* Бұны диалектизмге жатқызудың өзі қиын. Бірақ бұл сөзді осы мағынада солтүстік, шығыс Қазақстан қазақтары қолданады.

Қандел: Біраз қарап тұрсақ та, кішкентай қанделдің ойнақтағанына, тістегеніне полкан ашуланып қозғалмады.

ЫбырайдыҢ жерлестері иттің ең кішкене түрін *қандал* деген болса керек. Немесе олардың ауызекі сөйлеуінде *қандел* деуі мүмкін. Бірақ бұл атау бүгінде *қанден* делініп өзгерді.

Мазар: Кенжебайдың ақ боз үйі
Артымызда тұрып қалды-ау
Далада жаңғыз қалған мазардай...

*Әбзел: Сөйтіп, қармағы әбзелімен даяр болған соң, үсен суға барып, Асанның жиған шегірткесін жемге шаншып, қармағын суға салды. Б*ұл сөз, жалпы алғанда, тілімізде, ер-тұрман, құрал-сайман мағынасында қолданылады. Бірақ ЫбырайдыҢ (қармақтың құралдары) деген мағынада жұмсаған. Алайда қазір бұл аталған ұғымда қолданылмайды. ЫбырайдыҢ оны кәсіби сөз ретінде қолдануы орынды болған.

Кейбір сөз диалектілік элемент болғанмен, белгілі бір ойды бейнелі беруде көңілге қонымды көрініп, қисыны көрініп тұрады. Әдейі көз тоқтатқанда болмаса, әдеби тілден жігі білінбей тұрады. *Келіп екеуі енді молалы қырға шықты, қараса, қырдың жығылар асты үлкен көл екен, көлдің айналасы да, іші де жыңылдаған мал.* Бұл арада *жыңылдаған* деген сөз арқылы көз алдымызға жың-жың етіп шулаған көрініс келеді. Демек, ЫбырайдыҢ бұндай сөзді қолдану арқылы стильдік мүмкіншілігімізді жетілдіруне болатынын байқатады. Мысалы, *Бітегене тұрған соң, үй төбесінде*

маңыраған лақтардың даусы шықты. Бітегене сөзі *аз, азғана* деген мағынада қолданылады. Бұл, негізінен, қарапайым сөйлеу тілінің элементі болуы керек.

Ыбырай қазіргі әдеби тілдегі *надан* сөзін *дадан* түрінде жиі қолданған. Мысалы,

Біз надан боп өстірдік
Иектегі сақалды,
Надандықтың белгісі-
Еш ақылға жарымас.

Дадан сөзі «Хрестоматияның» 52, 97-беттерінде де ұшырасады, ал *надандық* кездеспейді. Ыбырайдың замандасы Абайда *дадандық* деген сөз кездеспейді, тек *надандық* сөзі ғана бар.

Ә. Байжолов Қостанай облысында (Тобыл бойында) тұратын қазақтар тілінде *н/д* дыбыстарының өз ара алмасатынын айта келіп, *адайы- анайы, дадан- надан* сөздерін мысалға келтіреді [1].

Белгілі диалектологтардың бірі Ж.Досқараев «Зайсан, Тарбағатай аудандары тұрғындарының тілінде кейбір сөздерде *н* орнына *д* дыбысы қолданылатынын айтып, оған *жазғытұрым өзеннің ардасы суға молаяды* дегендегі *ардасы* мен әдеби тілдегі *арна* сөзін мысалға келтіреді де, *н* орнына *д* дыбысының қолданылуы шығыс говорының ерте кезде қырғыз, алтай тілдерімен қарым-қатынасына байланысты болса керек», - деген тұжырым жасайды. Біздің ойымызша, Ыбырай қолданған осы бір тілдік ерекшеліктің төркіні де соған барып саятын сияқты.

Жалпы халық тілінің нормасынан тыс, оқшауланып естілетін дыбыстық элементтер ретінде фонетикалық ерекшеліктер кездеседі.

Жазушының тіліндегі фонетикалық ерекшелік - дыбыстардың алмасуы, ауысуы, кейбіреулерінің орынсыз қосылуы, дауыстылардың жуан-жіңішке болып құбылуы реттерінде ұшырайды. Тілімізде *ә* мен *е* дыбыстарының алмасуы (мысалы, *кәкпір-кекпір), әбдірә-әбдіре, зәмбіл-зембіл*) кездеседі. *Кәсіп-кесіп: Бөтен кесібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінге айналады.*

Сондай-ақ Ыбырай шығармаларының тілінен *а* мен *е* дыбыстарының алмасуы байқалады.

Шаттауық-шеттеуік: Сыртын алтындаған шеттеуіктерге қызығып, соны маған бер деп қоймады.

Ыбырай *у* мен *ұ* дыбыстарының орнына *ы*-ны қолданған:

Сандуғаш- сандығаш, бұлбұл- былбыл:
Сандығаш, былбылдарды көріп едім,
Жүзіңді бір көруге келіп едім,
Даусыңды бір шығаршы, шаттанайын,
Сырттан асық болғаннан өліп едім [2].

Әдеби тілдегі кейбір сөз ішіндегі *ң* дыбысы жергілікті халық тілінде *ғ, г* дыбыстарына (мысалы, *маңыз-мағыз)* ауыса береді. Бұндай факт Ыбырайдың сөз қолданыстарында да бар.

Төңірек- төгірек: Төңіректегі халық жиылып, бұлардың дауын есітіп, бәрі де ...

Мұндағы *і* мен *е* алмасуын біз ерекшелік деп танымаймыз, өйткені Ыбырай *ы, і*-ні жазбай тастап кетіп отырған. Ал мына арада і-ні е-мен (әдейі) ауыстырған.

Ыбырай шығармаларында кездесетін кейбір сөзді әдеби тілдегі сөздермен салыстырғанда, төмендегі дыбыстардың алмасуын байқаймыз.

С/Т **(***ыстық-ыссық, саяз-таяз): ыссықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен,-деді. Үсен, Үсен! Мынау таяз жердегі балықтарды қарашы!*

П/Б (пайда-байда, пәрменінше-бәрменінше): байдасын халқына үйретті дейді. Мақтау сөзге семіріп, судай тасып, Бәрменінше «қарқ» етті аузын ашып...

Ш/С **(***шүкір-сүкір, қош-қос): Қырда орман, жер жүзінде бәйшешектер, Шуылдап сүкір етер мұның бәрі! Жан-жәндік рахат тауып тұру үшін, ұшпақтан қос иісті желдер есер.*

Д/Т **(***таға-даға): Манағы дағаны соларға үш тиынға сатты.*

Қ/П (қақпан-қапқан): ...қапқан тарс етіп тышқанды жанжып тастады.

Ыбырайдың сөз қолдану ерекшелігінен дыбыстардың қосағымен алмасуын да байқаймыз. Мысалы, *жамғыр, тамға, беркіту, өстіру т.б.*

Ыбырай шығармаларының тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерді сөз еткенде, негізінен, олардың метатезалық құбылысқа құрылғанын айтар едік.

Қазақтың халықтық тілін жете меңгерген Ыбырай оның сөздік қорын, жалпы лексикалық байлығын өз шығармаларында орынды пайдаланған. Ыбырай қарапайым сөйлеу тілінің элементтерін эстетикалық әсері күшті, көркемдік сапасы жоғары поэтикалық тілге, әсерлеп, бейнелеп сөйлеу дәрежесіне көтерген.

Өткен ғасырдағы қазақ тілінің күйін, оның құрамын білу үшін бізге Ыбырай шығармаларының сөздік құрамын талдап білудің маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. –Алматы: Білім, 2007. – 112б.
2. Алтынсарин Ы. Кел балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 168б.
3. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1999. – 118 б.

ӨЛКЕТАНУДЫ ОҚУДА САТЫБАЛДЫ ИШАННЫҢ ТАРИХТА АЛАТЫН ОРНЫ

Оразбекова Р. С.
Серікұлы Ш.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық
roza_orazbekova@mail.ru

Аннотация: В статье описывается жизненный путь, религиозная и социальная деятельность известного религиозного деятеля, проповедника Сатыбалды (Кыпшак) ишана.

Abstract: The article describes the life path, religious and social activities of a well-known religious figure, the Satybaldy (Kipshak) ichan preacher.

Сатыбалды Ишан (лақап аты Қыпшақ ишан) Ғабдоллаұлы 1826 жылы Торғай уезіндегі Қайдауыл болысының Шомақ Қарасуы мекенінде дүниеге келген. Руы – Ұзын Қыпшақтың Алтысы. Ұзыннан – Алтыс, Алтыбас туады. Алтыстан (шын аты Алтытіс екен) – Келімбет, Құлдербіс (лақап аты Құттық), Өзен, Самар, Бөкей, Сығай (лақап аты хан Сығай) атты алты бала туады. Сатыбалды ишан осының хан Сығайына жатады. Әкесі Ғабдолланың балалары туып, шетінен кете береді. Жасы елуге келгенде Мұғалима (Ұлмас) деген қыз көреді. Одан кейін Сатыбалды туады. Бала шыр етіп дүниеге келген күні немере ағасы Шомақ пен оның кемпірі сәбидің кіндігі кесілісімен етегіне орап, үйлеріне алып кетеді. Бала қырқынан шыққан соң Шомақ пен кемпірі оны құндақтап орап, қазақтың ежелден келе жатқан ескі ырымымен жеті кемпірдің бұтынан, жеті ошақтың астынан өткізіп, ауылды шетінен түсіп шарлап, жар салады. «Бала сатамыз кім алады?» - деп. Сонда Ғабдолла атамыз қара нарға қалы кілем жауып, Шомақ ағасы мен жеңгесіне тарту-таралғы сыйлап, баланы сатып алады. Атын ырымдап Сатыбалды қояды. Бала 7-8 жасқа келгенде Ғабдолла қайтыс болады, арада бірер жыл өткенде туған анасы да дүниеден өтеді. Сатыбалды кіндік әкесі Шомақ қарт өз қамқорлығына алады. Бір күндері балаға түсінде бабасы Ақбура әулие аян береді: «Сен Тәшкен, Бұхара жаққа барып оқу оқы, дін исламның жолына түс» - дейді. Сатыбалды көрген түсін Шомақ атасына айтады. Шомақ оған «онда сен алдымен туған апң Мұғалимаға бар» - дейді. Мұғалима Арғын ішінде Қарабас Бақтыбй деген кісіде тұрмыста екен, қоныстары Торғайдың Тосын құмында (қазіргі Шақшақ Жәнібек батыр ауылы) болады. (Бақтыбай жездемізден Мұқан, Мұқанның немере, шөберелері бар). Апасы қарсы алып, ауылдағы молдадан бір жыл оқытып, Шомақ әкесінің рұқсатын алып, Ташкентке оқу іздеп шығады. Шыршыққа барған жерінде қарақшылар кездесіп, азық-түлік, киім-кешегін, түйесін тартып алып, өзін жаяу қалдырып кетеді. Көп қиындықпен Ташкентке жетеді, медресеге

оқуға түседі. Соған жақын орналасқан шайханаға сушы, отыншы, шай қайнатушы болып жалданады. Екі жыл оқығаннан кейін ұстазы оған көңіл аударып, сабаққа жақсы, бірақ киім-кешегі нашар баланы сөзге тартып, жайын сұрайды. «Бала етейін, маға бала боласың ба?» - деп сұрайды. Сатыбалды бұл ұсынысқа шын ықыласымен келісім береді. Ұстаз әкесі Ташкенттегі оқуды бітіргеннен кейін оны Бұхараға жіберіп, бас-аяғы 14 жыл оқытады бұхарадағы оқуынан кейін бір өзбек қызына үйлендіреді. Асырап алған әкесі ғұлама кісі екен, баласы Сатыбалдыны Орта Азия діни мұсылмандар басқармасының алқы мүшелерінің алдына сынақ тапсырттырып, ол ғұлама-ғалым ретінде ишан атағын алды. Ол кезде ишан атағы ақсүйек қожаларға берілген екен.

1862 жылы Сатыбалды тұңғыш рет Мекке, Мәдинаға қажылыққа барады. Ол заманда Торғайды төре Сүлейман правитель билеген екен. Соған Сүйін Орысұлы деген есті азамат жасауыл болыпты. Сол Сүйін Срыға барып, Сайрамдағы мешітте «Қыпшақ имам» деп аталып жүрген Сатыбалдыны елге шақырады. Бұл шамамен 1870-1880 жылдары болса керек. Ол уақытта Батпаққара батпақты жер болғандықтан, игерілмей жатыпты. Ит тұмсығы өтпейтін қалың тоғай болып, ішінде әртүрлі аң, әсіресе жылан көп болған көрінеді. Сатыбалды ишан келіп, Батпаққараны көріп, дұға оқып, жыландарды көшірген. Мұнда оқыған қыпшақтар үй салып берген және Торы Кәлмен ұрпақтарына да үй салғызады. Шағын мешіт салдырып, оған Кәлменді имам қылып, «мен алдағы жылдары келем» деп жолға жиналады. Сонда сол кездегі Арғын-Қыпшақтың игі жақсылары жиналып, «елге дін керек,мынау ишан келемін деп келмей кете ме, мұның аяғын шідерлемесек болмас» деп ақылдасып, бір қыз беріп үйлендіруге баталасады. Торғайда 40 жыл болыс болған Мадияр Бөлтірік, Қабақтармен ақылдасып, солардың бір қыз беруін сұрайды. Ол кезде жақсылар сөзде тұрған ғой, бәрі келісіп Қабақтың қарындасы Әйің деген аяулы бойжеткенді Сатыбалды ишанға қосады. 4-5 ай тұрып, келесі жылы бүтіндей көшіп-қонып келуге уәде етіп кетеді. Ол жақта екі әйелі болған. Кейін көшіп келіп орнығып, ағаштан үлкен мешіт, медресе, бірнеше үй салғызып, әр түрлі ағаш, қауын-қарбыз еккізеді.

Ел сатыбалды ишанды әулие деп таныған. Өйткені оқумен пері түсірген, оттың, судың тілін білген дұғамен жанған өртті сөндірген, әртүрлі қолайсыз науқастарды емдеп жазған дейді ақсақалдар. Ишанның үш әйелінен тоғызз бала (алты ұл, үш қыз) туған. Олар Мырза ишан (Жамалидден), Әкімал (Ақмалидден), Файзолла, Қамбатша, Әсияхан, Шарайхан.

Мырза ишан, Әкімал, Жамал (Сатыбалдин Жамал, 1881 г.р., аул №4 Амангельдинского района Кустанайской области, казах, арестован 1.12.1937 года. Постановлением тройки НКВД по Кустанайской области от 8.12.1936 года расстрелян 11.12.1937 года. Реабилитирован 11.09.1989 года), Шаһауидден және Файзолла ишан дінбасы ретінде ұсталып, жазаға тартылады. Ал Зияуйден (постановлением Кустанайского ОГПУ

17.01.1930 года обвинен вместе с Мурзиным Нуриддином, 16 лет, по ст. 58-2 УК РСФСР. Постановлением ОО ОГПУ 2.09.1931 года6 в связи с отсутствием конкретных материалов, изобличающих контрреволюционной деятельности, из-под стражи немедленно освобождены. Уголовное дело №702) Сайрамға кетіп, сонда қайтыс болады. Айдауға кетекен бес баласынан аман оралғаны Файзолла ғана. Мырза ишан, зияуйдден мухтасиф, Файзолла ишан Торғайдағы бірнеше мешіттерде имам болып, мұсылмандық жолына қалтқысыз қызмет етеді.

Ескі Бұқарада ежелден келе жатқан Көкілташ атты діни оқу орнының заманында қалай атақты болғаны белгілі. Діни оқумен қатар, мұнда ғылыми және мәдениеттік мәні бар танымдық пәндердің оқытылғаны көпке аян. Шәкірттер араб, парсы тілдерін үйренген. Бұл әйгілі медресенің оқу орындары Ташкент қаласында да болған. Тәжіктің атақты жазушы ғалымы С.Айни мен қазақтың белгілі ақыны Т.Ізтілеуов осында оқыған.

Бұқарадағы Көкілташ медресесіндегі дін ғұламаларынанда білім алып, «құран-ілімін», шариғатты жете меңгерген Сатыбалды ұстаз-әкесінің ұсынысы бойынша, «сансыз бап» жатқан Сайрамға келіп, дін жолындағы үлкен жұмысын бастайды. Ұлы әулие Қожа Ахмет Ясауидің ата-бабалары мен әке-шешесі, тағы да басқа әз-әулиелер жатқан жерге келіп, Сатыбалдының мешіт салуы оған деген Алла Тағаланың зор шапағаты мен жақсылығы еді. Өйткені, оның әулиелік – «тылсым күш» қасиеті Сайрамда ашылып, осындағы мұсылман қауымын қайран қалдырады. Мешіт салынады деп ұйғарылған жер жер ордалы жыланның ордасы екен. Мұны білмей, құрылысты бастауға келген тиісті адамдар жағдайды Сатыбалдыға айтады. Сатекең: «Іске ешнәрсе кедергі болмайды», деп ертеңінде жылан шұбырған жерге келіп, дұға оқиды. Алланың қалауымен, «Жыланды обадағы» өріп жүрген жылан бір түннің ішінде жоқ болады.

Бұқарада жүргенде Сатакең «Ишан» деген діни лауазым атағын алады. Бұрын тек ақсүйек қожаларға ғана берілетін бұл атаққа арқа қазағы Сатыбалды ілінеді. Атақ алу үшін арнайы дін қазыларының сынағынан өтеді. Бұл жерде «ұстаз әкесінің» көмегі тиген көрінеді. Ғұламалық білім алға қамқор болған өкіл әке оны Ханша есімді өзбек қызына үйлендіреді. Кейін жетіліп, толысқан соң, өзі тағы екі әйел алады. Бір әйелі Нұрақ кәлпеннің қызы болса керек. Сатекең Бұқарада атақты Ахон хазіретпен бірге оқыған. Ахан хазірет қазақтың небір жақсы-жайсаңдары, зиялылары оқыған Троицк қаласында Ислам дінін орнықтырудың шараларын жолға қойған діндар екені белгілі.

Ескі Бұқарада ежелден келе жатқан Көкілташ атты діни оқу орнының заманында қалай атақты болғаны белгілі. Діни оқумен қатар, мұнда ғылыми және мәдениеттік мәні бар танымдық пәндердің оқытылғаны көпке аян. Шәкірттер араб, парсы тілдерін үйренген. Бұл әйгілі медресенің оқу орындары Ташкент қаласында да болған. Тәжіктің атақты жазушы ғалымы С.Айни мен қазақтың белгілі ақыны Т.Ізтілеуов осында оқыған.

Бұқарадағы Көкілташ медресесіндегі дін ғұламаларынанда білім алып, «құран-ілімін», шариғатты жете меңгерген Сатыбалды ұстаз-әкесінің ұсынысы бойынша, «сансыз бап» жатқан Сайрамға келіп, дін жолындағы үлкен жұмысын бастайды. Ұлы әулие Қожа Ахмет Ясауидің ата-бабалары мен әке-шешесі, тағы да басқа әз-әулиелер жатқан жерге келіп, Сатыбалдының мешіт салуы оған деген Алла Тағаланың зор шапағаты мен жақсылығы еді. Өйткені, оның әулиелік – «тылсым күш» қасиеті Сайрамда ашылып, осындағы мұсылман қауымын қайран қалдырады. Мешіт салынады деп ұйғарылған жер жер ордалы жыланның ордасы екен. Мұны білмей, құрылысты бастауға келген тиісті адамдар жағдайды Сатыбалдыға айтады. Сатекең: «Іске ешнәрсе кедергі болмайды», деп ертеңінде жылан шұбырған жерге келіп, дұға оқиды. Алланың қалауымен, «Жыланды обадағы» өріп жүрген жылан бір түннің ішінде жоқ болады.

Бұқарада жүргенде Сатакең «Ишан» деген діни лауазым атағын алады. Бұрын тек ақсүйек қожаларға ғана берілетін бұл атаққа арқа қазағы Сатыбалды ілінеді. Атақ алу үшін арнайы дін қазыларының сынағынан өтеді. Бұл жерде «ұстаз әкесінің» көмегі тиген көрінеді. Ғұламалық білім алға қамқор болған өкіл әке оны Ханша есімді өзбек қызына үйлендіреді. Кейін жетіліп, толысқан соң, өзі тағы екі әйел алады. Бір әйелі Нұрақ кәлпеннің қызы болса керек. Сатекең Бұқарада атақты Ахон хазіретпен бірге оқыған. Ахан хазірет қазақтың небір жақсы-жайсаңдары, зиялылары оқыған Троицк қаласында Ислам дінін орнықтырудың шараларын жолға қойған діндар екені белгілі.

«Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген даналық мақал бар ғой. Туған ел, атажұртының шақыруын қабыл алып, Сатекең кіндік қаны тамған атамекеніне 1880 жылдары оралады. Ержетіп, өскен, білім алған, үйленіп, бала сүйген, 40 жыл дін ағартушылық ұмыры өткен қасиетті Қазығұрт, Шыршық, Сайрам, Ташкент өңірін, ондағы дос-жарандарын қиып кете алмайды. «У ішсең руыңмен» деген. Ол кезде күллі рулы ел Сатекеңді «хан көтереді». Алғаш елді көруге келгенде, жас қыз алуға уәде берген елдің марқасқа жақсылары сөздерінде тұрып, Қабақтың қарындасы Әйін деген бойжеткенді Сатыбалдыға қосады. Қазіргі Амангелді ауыл кенті тұрған өңір ол кезде әлі ел қоныстанбаған ашық дала, ну ноғай екен. Алғаш ел қоныстандырып, үй-жай салып, қазіргі «кент-ауылдың» негізін Сатыбалды ишан қалайды. Сөйтіп, алғашында бұл қоныс «Сатыбалды ишан ауылы» атанады. Бір жерге жиналған рулы ел (Қыпшақ құттық) жаппай үй салып, егін егіп, астық жинап, отырықшылыққа бейімделеді. Сатекең ағаштан мешіт салдырады. Шығаршық арқылы жел күшін пайдаланып, диірмен жүргізеді. Бұрын онда-мұнда көшіп берекесі кетіп жүрген халық орнықта тіршілікке үйренеді. Дінге қарсы, молда, софы, ишанға жау Кеңес үкіметі орнағанда Сатыбалды ишанның игілікті істері мен діни ағарту жұмысы тарихтан өшірілді. «Ишан ауылы» деген сөз ұмытылды.

Ұлы әулиелер жайындағы Ислам аңыздарына олардың кейде бір намаз-құлшылықты Меккеге барып, «рухы арқылы» орындап келетіні жайында қызықты хикаялардың, «тылсым тәсілдердің» бар екені ежелден белгілі. Ұлы софы, әулие-хазірет Әзірет сұлтанның (Қожа Ахмет Ясауи) түркістанда тұрып-ақ кейде «рух-жаны» арқылы Меккеге барып, бесін намазды сонда оқып келетіні жайында айтылады.

«Рух күштері» арқылы Меккедегі құлшылықты көріп, рухы арқылы ондағы нәрселердің бәрін көріп отыратын әулиелердің бірі осы атақты Сатыбалды ишан болған.

Сатыбалды бабам 1898 жылы күзде өз ажалынан қайтыс болған. Келесі 1899 жылы Мырза атам Ташкенттен арнайы шеберлер алдырып, күйдірілген қызыл кірпіштен қос күмбезді әсем кесене салдырады.Ғимарат екі бөлмеден тұрады. Төргі бөлмесінде Сатыбалды бабам жатыр. Екінші бөлмесін Мырза атам өзіне арнаған. Бірақ Аллаһтың бұйрығымен бұл бөлмеде әулиенің кіші баласы Файзолла қари жатыр. 1960 жылдың 2 қаңтары күні жерленген. Сүйегі кіре берісте оң жақта.Сол жағындағы мүрде Тепекұлы Омар кәлпенікі. Ол кісі 1876-1878 жылдары торы Қыпшақтың ішінде руы Лақ Мұстафа қажы ауылында дүниеге келген.

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасы, Астана, 2005 жыл
2.А. Тұңғыш «Түркілер тарихы» Алматы, 2006 жыл.
3.М.Қани. Қазақтың көне тарихы. А., 1993.

3 СЕКЦИЯ
ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИГЕРУ – ЗАМАНАУИ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

КӨПТІЛДІ ТОПТАРДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА PREZI БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ

Кулдашева Надежда Утегалиевна,
аға оқытушы, магистр,
Калаханова Светлана Бактыбаевна,
аға оқытушы, магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Орал қ.
Svetlaya_as@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются особенности использования программы prezi на лекциях по психологическим дисциплинам в полиязычных группах. Был сделан анализ процесса обучения и преподавания профилирующих дисциплин в полиязычных группах, а также разработка и обновление методичеких пособий.

Ключевые слова: полиязычные группы, программа prezi, лекция, психологические предметы, фрейм.

Abstract. The article discusses the features of the use of the ppresi program in lectures on psychological disciplines in multilingual groups. An analysis was made of the learning and teaching process of the main disciplines in multilingual groups, as well as the development and updating of teaching aids.

Keywords: multilingual group, prezi program, lecture, psychological disciplines, frame.

Жаһандану тенденциялары коммуникативті құзыреттіліктерді меңгерумен қатар әртүрлі елдің өкілдерімен іскери қатынастарға түсе алатын, мәдениаралық коммуникация мен мәдениеттер диалогын жүргізуге қабілетті, көптілді кәсіби маманның жаңа типін қалыптастыру қажеттілігін тудырады.

Осы орайда, жоғары оқу орнына қойылған осы мақсатты орындауда кәсіби пәндерді оқыту әдістемесін жаңғырту, көптілді топтар ашу, қос дипломды білім беру тәжірибесін енгізу, ғылымның қазіргі заманға сай жетістіктері мен білім берудегі ақпараттық технологияларды пайдалану, және білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен өз бетімен жұмыс істеу қабілетін арттыру арқылы дайындық сапасын жақсартуға бағытталған жаңа инновациялық технологияларды өңдеу, іздестіру және қолдану жүзеге асырылуда. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келуде.

Соңғы он жылдықтарда пәндерді оқытуда жаңашыл педагогтар арасында фрейм теориясы кең танымал бола бастады. Бұл теория бойынша білім біздің санамызда фрейм немесе фреймдер жүйесі ретінде ұйымдасқан қандай да бір концептуалды сызба немесе стереотипті жағдаят модельдері ретінде сақталады. Фрейм теориясын қолданып оқытудың ұтымды жақтары көп, ол студенттермен аудиториялық жұмыс жасағанда және жеке жұмыс ұйымдастырғанда да тиімді.

ЖОО оқу үрдісінде дәріс сабақтары жетекші оқыту формасы болып табылады, сондықтан осы сабақтарда фреймдік тұрғыны заманауи бағдарламалардың бірі - Prezi бағдарламасымен ұштастырып қолдануды тиімді деп анықтадым, әсіресе бұл көптілді топтарда ағылшын тілінде оқытылатын сабақтарда көп мүмкіндіктер береді.

Мақалада тәжірибемізге сәйкес психологиялық пәндерден дәріс сабақтарында аталған фрейм технологиясымен құрған сызбалар мен кестелерді Prezi бағдарламасы арқылы ұштастыра қолданудың тиімді жақтарын ұсынамыз.

Мысалы, ағылшын тіліне оқытқанда нақты лексикалық бірліктер жиынтығын механикалық жаттаудан гөрі студенттерде олардың меңгеріп жатқан жағдаяттар мен құбылыстарды және т.б. санасында фрейм ретінде қалыптастырған дұрыс. Сонымен бірге, соған ұқсас фреймдердің туған тілі мен ағылшын тілінде сәйкестігі мен айырмашылығын талдауға болады.

«Фрейм» терминін алғаш М.Минский жасанды интеллектіні зерттеу кезінде енгізді. Түсініктің мәнін сипаттағанда: «...жаңа затты немесе жағдаятты танып білу үшін өз жадысынан біз фрейм деп атап отырған қандай да бір мәліметтер (бейнелер) құрылымын таңдайды, бұл оның бір бөліктерін өзгерту жолы арқылы түсінемін деп есеппен жасалады... фрейм стереотипті жағдаяттарды елестетуге арналған құрылымдар қоры болып табылады»; - деп жазған [1]. М.Минский бойынша фрейм түйіндері мен байланыстары бар тор сияқты сипатталады. Тордың жоғары түйіндері (суперординантты) берілген жағдаятқа сай нақты ұғымдардан құрылған, сондықтан олар әркез анықталған. Төменде орналасқан түйіндер (субординантты) көптеген терминал-шыңдарға ие, олар таныс жағдаяттың негізінде жеке мәліметтермен толтырылған.

Фреймнің жоғары деңгейлерінде негізгі орталық түсініктерді белгілейтін лексикалық бірліктер орналасқан. Мұндай бірліктерге жатады: іс-әрекеттер; қатысушылар; өтетін орын.

Фреймнің төменгі деңгейлеріндегі лексикалық бірліктер қолдану жиілігі төмен және жоғары ұяшықтарға сай апеляцияланады: мақсаты; сипаттамасы; нәтижесі.

Негізгі білім құрылымдары ретінде қарастырылады: фреймдер (стереотипті жағдаяттарды бейнелейтін мәліметтер құрылымы - М.Минский); сызбалар (өткен тәжірибені құрайтын құрылымдар - F.Bartlett); скрипттер (сценарийлер) (каузальды байланысқан әрекеттердің менталды репрезентациясы-R.Abelson, R.Schank) [2, 3 б].

Фреймдік тұрғы бойынша сөздер тобына енетін бір сөздің мағынасын түсіну үшін сол сөздердің барлығының мағынасын белгілі бір деңгейде ұғыну керек. Бұл сөздер тобы бір-бірімен ерекше білім конструкцияларымен немесе тәжірибе сызбаларымен байланысқан, Ч.Филлмор [3] оларды жалпы ұғыммен «фрейм» деп атайды.


Р.В.Гурина оқытуда фреймдік тұрғыны зерттеп: «педагогикада білімді фреймдік тәсілмен көрсету объективті инновация болып табылады, ол ақпараттардың өсуі мен білімдерді жинақтаудың қарқынының күшеюінен ғылыми-техникалық үрдістің тез жүруіне байланысты оқу үрдісінің қарқынын күшейту қажеттілігінен туындаған» - , деп жазған [4].

Фрейм - ағылшын тілінен аударғанда құрылым, сүйек, каркас, жүйе, қалыпдегенді білдіреді. Психологияда зерттелгендей, ақпараттар меңгерілген соң ұзақ мерзімді жадыда когнитивті ментальды құрылымдар түрінде сақталады. Бұл құрылымдарды фрейм деп атауға болады. Фреймдік тұрғы бойынша егер ақпараттар мен білімдер жадыда фреймдер түрінде сақталса, онда оларды да фреймдер түрінде меңгеру керек. Осылайша кез келген пәнді оқытқандағы фреймдік тұрғының негізгі мәні ашылады. Фрейм құрылымындағы тапсырма ақыл-ой әрекеттерін біртіндеп кезеңмен қалыптастыратындай құрылуы тиіс. Нәтижесінде ақпарат тез игеріліп, қарқынды оқу үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік аламыз. Фрейм сызбалары классикалық Шаталов тірек сызбаларына қарағанда жоғары тәртіпке ие. Фреймдік сызбаның көлемі өте ауқымды, себебі оның құрылу принципі – стереотиптілік және алгоритм. Басым фрейм түрлері: фрейм; сценарий; трансфрейм.

Фреймдік теорияда танымдық-әрекеттік тұрғы жүзеге асырылады, себебі мұнда студент тек фреймдерден ақпарат алып қана қоймайды, сонымен қатар оларды өңдеп, сызбаға сай жаттығулар жүйесі арылы жаңа фрейм құрастыруға қатысады [5].

Фреймдік тұрғыны дәріс оқуда мәтіндер құрылымымен жұмыстанғанда қолдану ұтымды келеді. Мысалы, мәтінді мағыналы блоктарға бөліп, олардың байланысы мен бірізділігін қарастыру. Әрбір мәтінде маңызды параметрлермен сипатталатын субъект немесе объект болады. Бұл параметрлер фреймнің құрылымасты блоктарына сәйкес келеді. Құрылымастылардың арасында ақпараттық мәніне және көлеміне қарай маңызды блоктары анықталады. Мысалы, «Тұлға психологиясы» пәні бойынша қандайда бір психологиялық теориялық бағытты алсақ, оның құрылымына пайда болу жылдарын, оның дамуында қалыптасқан маңызды ұғымдары мен қағидаларын, негізгі өкілдері - ғалымдардың жеке тұлғаларын, еңбектерін, теорияның сыртқы және ішкі сипаттамаларын, психология ғылымының дамуына қосқан үлесін жіне т.б. туралы ақпараттық блоктарды қосу керек. Мұндай фреймнің ортақ ұғымын сипаттайтын блоктар сипаттаушы мәтіннің тұтас моделін анықтайтын болады.

«Тұлға психологиясы» пәні бойынша қандайда бір психологиялық теориялық бағыттың өзін емес оны сол бағыттың өкілі арқылы зерттеп білуге болады. Соколова Е.Е. және Федорова С.И. зерттеулеріне сәйкес тарихи тұлғаны зерттеудің бес кезеңді алгоритмге сай жүргізуге болады [6]. Бұл әдіс жеке тұлғаны зерттеуде ғылыми тұрғыдан қарауға көмектеседі (Сур. 1).



Сурет 1. Жеке тұлғаны зертеудің бес кезеңдік зерттеудің фрейм сызбасы

Келесі кесте тарихи тұлғаларды матрицалық типтегі фрейм түрінде зерттеудің мысалы болады (1 Кесте).

Кесте 1. Тарихи тұлғаларды матрицалық типтегі фрейм түрінде зерттеу

Тарихи тұлға	Өмір сүрген жылдары	Қызметінің кезеңдері	Көзқарастары	Идеялары	Шешкен мәселелері	Аталған тұлғаның тарихи маңызы

Осыған ұқсас матрица типтес фреймдер түріндегі тапсырмаларды әртүрлі психологиялық пәндердің контексті негізінде құрастыруға болады.

Ағылшын тілінде дәріс оқуда фреймдерді сабақта жүйелі қолдануға әдістемелік нұсқау ретінде фреймдік блоктарды ұсынуға болады, ол келесі міндеттерін табысты жүзеге асырады: талдау және жүйелеу; негізгі тұжырымдарын айқындау; жеке элементтері арасында байланыстар орнату; визуализация; вербалды ақпаратты вербалды емес ақпаратқа аудару, бұл өз алдына елестету мен меңгеру уақытын азайтады; оқу іс-әрекеттерінің бірізділігін анықтау.

Мысалы, «Кіріспе. «Жалпы психология» курсының пәні мен құрылымы» сабағында ФБ құрылымдық элементтеріне негізгі фрейм ««Жалпы психология» курсы» және ассоциациялық фреймдері «Курс құрылымы», «Курс мазмұны», «Модульдер», «Оқу жоспарлары», «Білімді бағалау түрлері», «Оқытушылар», «Ақпарат көздері», «Ақпарат теориясы» және т.б. жатады. Студент пәннің құрылымын қос тілде меңгеруде блоктарға бөлу жеңілдік береді.

Мысалы, дәріс оқуда жаңа материал презентациясында белсенді субьектілер – оқытушы және студенттер. Оқытушы әр фреймнің мағынасын ашады, фреймдер арасындағы байланыстарды көрсетеді, бос фреймдердің бірін толтырып және өз ой қорытындыларының нәтижесін баяндауға, әріптесінің сөзін толықтыруға ұсыныс жасайды. Бұл кезеңде әр фреймнің мағынасы нақтыланады, оны қабылдау адекватты бола түседі, бұл сәйкесінше ақпаратты құр жаттау емес, оның мағынасын талдау дағдыларын қалыптастырады. Оқу үрдісі жеделдетіледі.

Көптілді топтарда дәріске қажет Prezi бағдарламасымен презентацияны өңдеуде, презентация дайындауда әдістемелік ерекшеліктерді ойластыру қажет, вертикалды және горизонтальды логиканы, графикалық және жазбаша мәліметтердің өзара қатынасы мен мазмұнын қоса есепке алу керек. Содан кейін слайд ақпаратын толықтыру жүзеге асады, бұл жерде мәліметті жинақы түрде біртұтас етіп көрсету керек, сонымен бірге осы мәлімет бірінен соң бірі көрсетілуі қажет бөліктерге бөліну қажет. Осы тәртіптің барлығы фрейм сызбалары мен логикалық құрылымына сәйкес келеді.

Тыңдаушыларға интуитивті қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес Prezi бағдарламасына видео, аудио және сурет матеориалдары қандай ретпен көрсететінін автор өзі шешеді. Сонымен қатар дәрістің басты міндетінің бірі - аудиторияны бағындырып, тек студент санасына әсер етіп қоймай, сонымен қатар, эмоциясына да әсер ету Prezi бағдарламасы арқылы қамтамасыз етіледі.

Әдебиеттер

1. Минский М. Фреймы для представления знаний / Пер. с англ., под ред. Ф.М.Кулакова. – М.: 1979.
2. Тёрёчик Л.Б. Текст как средство обучениия русскому языку как иностранному: фреймовый подход (начальный этап обучения). 13.00.02 - авторефк.пед.н. -М., 2012.
3. Филлмор Ч. Основные проблемы лексической семантики. Новое в зарубежной лингвистике. - Вып. 12. - М.
4. Гурина Р.В. Фреймовый подход к обучению Персональный сайт профессора Гуриной Р.В.) // gurinarv.ulsu.ru/index.php/2011-01-16-14-33-30.html.
5. Алмазова Н.И. Формирование межкультурной компетентности при обучении иностранному языку в экономическом вузе //Известиия РГПУ им. А.И. Герцена. 2003. №№6. /cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-mezhkulturnoy-kompetentnosti-pri-obuchenii-inostrannomu-yazyku-v-ekonomicheskom-vuze.
6. Теоретические основы и реализация применения фреймового подхода в обучении: моногр.: в 2 ч. Ч. I. Гуманитарная область знаний: лингвистика, историия / Е.Е. Соколова, С.И. Федорова; под ред. Е.Е. Соколовой. - Ульяновск: УлГУ, 2008. - 200с. bib.convdocs.org/v36679/.

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Какенова Эльмира Тарбакбаевна
Сейдалықызы Дана
«Гуманитарлық колледж» МКҚК
Астана қаласы
elmir_29@mail.ru

Аннотация: В статье рассказывается о роли информационно-коммуникационных технологий в профессиональном образовании. Рассматриваются возможности информационно-коммуникационных технологий, используемых в образовательном процессе.

Annotation: The article describes the role of information and communication technologies in vocational education. The possibilities of using information and communication technologies are used in the educational process.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында «Тұрғындардың компьютерлік сауаттылығын, соның ішінде әр түрлі ынталандырушы бағдарламалардың есебінен де көтеру қажет. Мен қазақстандықтарды ақпараттық технологияларды белсендірек игеруге шақырамын» деп, қазіргі таңдағы білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологиялар мен ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет ететін атап көрсеткен[1].Демек, қазіргі таңда ақпараттандыру үрдісі адамзат өркениетінің дамуының жаппай және қайталанбайтын кезеңі ретінде қарастырылуда.

Оқытудың ақпараттық технологиясы - бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және бейнеқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) және білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік - жалпы білім беру мақсатындағы басты басымдықтардың бірі. Заман талаптары өзгеріп, ақпараттық іс-әрекеттің рөлі артады, соның ішінде адам ақпаратты өз бетімен белсенді түрде өңдеп, технологиялық құралдардың көмегімен күтпеген жағдайлардан оңтайлы шешім табуға тырысады.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері - жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Ақпараттық мәдениетті дамыту дегеніміз - өз қызметтерін жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану; жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану. Оқытушы - ақпараттанушы емес, студенттің жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Бұл оқытушыдан жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, студенттерді қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Ақпараттық мәдениетті сауатты адам ақпараттың қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуі керек.

Ақпараттық мәдениетті дамыту қазіргі педагогтың ақпараттық құзырлығына қойылатын талаптарына сай анықталады:

1. Қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру (бүкіл әлемдік ақпараттық ресурстарға бағдарлау, ақпараттарды іздеу алгоритмі мен ақпараттарды талдау синтетикалық тұрғыдан өңдеу әдістерін меңгерту).
2. Ақпараттық (дербес жағдайда, компьютерлік) сауаттылық: оқу-әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін меңгерту; қолданбалы бағдарламалық құралдарды меңгерту; жаңа бағдарламалық құралдарды меңгерту.
3. Өз қызметтерінде жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру үдерісінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану.

Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) пайдалану пайдалылығының критерийі келесідей: компьютерлік технология осы технологияны қолданбаған жағдайда алынбайтын оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін тиімді. Ол оқу нәтижелеріне дағдыларды әдеттенгенше машықтандыру, студенттердің қызығушылықтарын, ой белсенділігін және жұмысқа қабілеттілігін арттыру, студенттердің әрекеттену жылдамдығын және күрделілік деңгейін бақылау, түпкілікті және аралық нәтижелерді бақылау болып табылады.

Компьютерді оқу әрекетінде қолданудың негізгі нұсқалары: дидактикалық материалды жасақтау, дайын бағдарламалық құралдарды қолдану, оларды студенттер мен оқытушылардың өздері дайындауы.

Сонымен қатар, ақпаратты технологияларды меңгеру деңгейі әр түрлі: оқытушының жай жұмыс дағдыларынан бастап, жоғары дәрежелі тұтынушының деңгейіне дейін. Меңгеру деңгейі неғұрлым жоғары болса,

педагогтың түпкілікті өнімге қосатын үлесі соғұрлым жоғары болмақ, яғни ақпараттық құзыреттілігі өскен сайын оқытушы дайын электронды өнімді «тұтынушы» деңгейінен «жасақтаушы» деңгейіне көшеді.

Ақпараттық технологияларды қолданып өтетін сабақтар саны артқан сайын студенттердің ақпараттық мәдениеттілігі жоғарылап, АКТ білім беруші және кіріктірушілік маңызын түсіне бастайды, оқуға түрткі болады. Бұл студенттердің танымдық үрдісін белсендіріп, ойын (кеңістіктік, алгоритмдік, түйсіктік, шығармашылық, теориялық) дамытады, оңтайлы шешім табу, эксперименттік-зерттеушілік іспен айналысу біліктілігін қалыптастырады, оқу үрдісінің нәтижелілігін көтереді.

Болашақ мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда келесі қағидалар негізге алынған:

- вариативтілік - әрбір білім беру қызметкерлерінің жасақтаған материалдарына сәйкес біліктілікті көтеру жүйесін бағыттайды;
- болашаққа негізделген - күтілетін нәтижені анықтайтын кезеңдік бағдарламалардың бағытын орнықтырады және жеке тұлғаға бағытталған курстың жалпылама мақсатын анықтайды;
- рефлексивті-креативті - жаңа ақпараттық технологияларды меңгерту білімдерін ұйымдастыруда курстың бағыты даралық-шығармашылық негізге бағытталуы қажет;
- эргономикалық - нақтылы мәселелерді үйренуге қажетті уақыт мөлшері талап етіледі;
- ізгіліктілік - бейімделген оқыту жүйесін құруды талап етеді, біліктілікті көтеру жүйесінің құрылымы мен нақтылы нәтижесін анықтау;
- тәжірибеге бағытталған - оқыту көздерінің бірі ретінде оқытушылардың тәжірибесін қолдану ой-пікірі жүзеге асырылады және нақтылы іс-әрекеттер бойынша тыңдаушылардың танымдық үдерістерінің өзара байланыстылығы мен олардың жеке тұлға ретінде қалыптасу деңгейі анықталады;
- жекелеген кеңес беру - тыңдаушыларға кеңес беру ұсынылады. Ол мына бағытта жүргізіледі: әрбір тыңдаушының өзіндік ерекшелігін ескере отырып, қойылған нәтижелерге жетуге байланысты игерілетін мәселелердің мазмұны мен оған қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдердің болуы.

Жалпы алғанда ақпараттық технологиялар «Адамның компьютер жүйесіне интеллектуалдық кірігуі кезіндегі ақпаратты өңдеудің модельдері, әдістері мен бағдарламалық құралдарының жиынтығы» деп қарастырылады [2].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- қолданыстағы білім беру технологияларының (мысалы, бейнелі дәрістер, компьютерлік практикум, виртуалдық семинарлар, тақырыптық желілік форумдар, конференциялар технологиялары,

электронды тест т.б.) жетілген аппараттық-бағдарламалық қамсыздығы болып табылады;

- қолданыстағы білім беру технологияларының жаңа сапалы деңгейге көшуін қамтамасыз етіп, жаңа формалардың дүниеге келуіне түрткі болады (мысалы, кіріктірілген электронды курстар, қашықтан оқыту);
- студенттер келешек кәсіби іс-әрекеті үшін жаңа ақпараттық технологияларды меңгерудің қаншалықты маңызды екенін түсініп, оқу-білім саласындағы оқу іс-әрекетінің эмоциялық- құндылықты бағасы артады;
- болашақ мамандардың кәсіби және ақпараттық құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастырып, қоғамның дамуындағы қазіргі заманға лайық кезеңді қамтамасыз етеді.

Ақпараттық қоғамға көшу кәсіби білімнің жаңа модельдерін құрумен байланысты, яғни АКТ құралдарын белсенді пайдалану көзделеді. Ақпараттық қоғамдағы оқу - бұл белсенді үрдіс, ондағы білім алушылар оқытушы ұсынған білім ақпаратын өз беттерімен ұғынып алады, оқыту «білім алушылардың мықты тұстарына», яғни олардың қасиеттеріне, қызығушылықтары мен мәдени деңгейіне, негізделеді.

АКТ құрамды бөліктері мыналар: ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, жергілікті және жаһандық электронды білім ресурстарының желілік қорлары, білім алушылардың жеке АКТ-ресурстары, әр түрлі тасымалдағыштардағы сандық сипаттағы білім ресурстары (соның ішінде кең жолақты арналар, сандық ТВ, жер серік және DVD), таныстырылым технологиялары, қашықтан оқыту технологиялары [3].

Ақпараттық технологияларды қолдану және олардың дидактикалық мүмкіншіліктерін жүзеге асыру төмендегідей жаңа оқу әрекеті түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді:

- тұтынушының диалогтық, мәтін, бұйрық (сұраныс) алмасу және жауаптарды (шақырулар) жүзеге асыратын қарқынды диалогымен салыстырғанда компьютермен интерактивті түрде өзара әрекеттесуі;
- нақты нысандарды (оқу роботтарын, имитациялық ақпараттық жүйелерді т.б.) басқаруы;
- экранда көрсетілетін әр түрлі нысандардың, құбылыстар мен үрдістердің модельдерін басқару;
- студенттердің дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;
- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.);
- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуалды орта және мультимедиатехнология) пайдалану арқылы оқу үдерісінің материалдық- техникалық базасын жетілдіру;
- оқу іс-әрекетінің нәтижелерін автоматты түрде бақылау (өзіндік бақылау), бақылау нәтижелері бойынша түзетулер жасау, тестілеу.

Жаңа ақпараттық технологиялар негізінде әрекет ететін электронды оқу құралдарына жататындар: оқу мақсатындағы электронды құралдар, оқыту бағдарламалары, электронды тест жүйелері, ақпарат іздеу жүйелері, имитациялық жүйелер, модельдеуші бағдарламалық құралдар, көрнекілеуші және оқу-ойындық бағдарламалық құралдар [4].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты - білім алушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер студент үшін оқу құралы, ал оқытушы үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде оқытушының және студенттің алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз ету керек.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үдерісі студенттің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде — өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы
2. Открытое образование - объективная парадигма XXI века / Под общ. ред. В.П.Тихонова. - М.: МЭСИ
3. Романов А.Н. Технология дистанционного обучения в системе заочного экономического образования. -М.: Юнити-дана, 2000.
4. Яковлев А.И. Информационно-коммуникационные технологии в дистанционном обучении: Докл. на круглом столе «ИКТ в дистанционном образовании». - М.: МИА, 1999.

АДАМДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ МОДЕЛЬДЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Кантуреева М. А.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының 3 курс докторанты, Астана қаласы, Қазақстан, monsiko@mail.ru

Аннотация: В этой работе классифицируются модели движения людей в открытом виде, а также описаны с точки зрения функций плотности вероятности движения пешеходов. Пешеходы приходят на сервер с определенной вероятностью, обслуживаются и стоят в очереди и предусматриваются о простом и быстром способе моделирования пешеходных потоков клеточных автоматов.

Ключевые слова: Микроскопические и макроскопические, дискретный и непрерывный, детерминированные и стохастические, Газокинетические.

Annotation: In this work classified the patterns of movement of people in the clear, and also described from the point of view of functions of the probability density of pedestrian traffic. Pedestrians come to the server with a certain probability, are served and stand in a queue and are provided about a simple and fast way of modeling pedestrian flows of cellular automata.

Key words: Microscopic and macroscopic, discrete and continuous, deterministic and stochastic, gas-Kinetic.

Адамдардың қозғалысы жаппай және жалғыз болып бөлінеді (шағын тығыздықта, мысалы, пәтерлерде немесе офистік кабинеттерде). Келісілген (бірдей ритм, қадам ұзындығы мен жылдамдығына тең) және келісілмеген (қозғалыстың әрбір қатысушысы жеке сипаттамалары, ауыспалы жылдамдығы бар); ретсіз (мысалы, базарда) және ағынды (ұзақ уақыт сақталатын қозғалыс); еркін, жайлы (болмашы тығыздықтағы болмашы жылдамдық) және тығыз (ағынның тығыздығы қозғалыс еркіндігін шектейді); ұзақ (біртіндеп басталады және біртіндеп аяқталады) және қысқа мерзімді (эвакуациялау кезінде); қалыпты (адамдар әдеттегі функцияларды орындаған кезде әдеттегі жағдайларда өтетін қозғалыс) және авариялық немесе мәжбүрлі (төтенше жағдайлар кезінде). Адам қозғалысына физикалық факторлар да, психикалық, әлеуметтік факторлар да әсер етеді. Қозғалысты бастауды шешкен адам өзінің маршрутын, яғни ол келіп жеткен жерге оның тұрған жерінен өту үшін өтетін жол учаскелерінің тізбегін белгілейді. Жол бағытын таңдауды болжау күрделі және толық емес шешілетін міндет болып табылады.

Қазіргі уақытта адамдар қозғалысының көптеген модельдері бар және олардың әртүрлі жіктелуі ұсынылған. Модельдерді келесі сипаттамалар бойынша жіктеуге болады:

1) Микроскопиялық және макроскопиялық (немесе жеке және ағынды). Бірінші жағдайда әрбір адам басқалардан бөлек қаралады. Мұндай тәсіл бөлшектерге жеке сипаттамаларды тағайындауға мүмкіндік береді. Мысалы, массасы, бойы, жасы, жынысы, жылдамдығы, эвакуация процесіндегі рөлі, эвакуациялық шығу және т. б.. Екінші жағдайда белгілі бір біртекті сипаттамалары бар адамдар массасының қозғалысы ғана қарастырылады (мысалы, бөлшектердің тығыздығы және бүкіл топтың қозғалуының орташа жылдамдығы);

2) Дискретті және үздіксіз. Модельдегі уақыт, кеңістік, қозғалыс жылдамдығы және т. б. қалай анықталатыны сипатталады.

3) Детерминирленген және стохастикалық. Детерминирленген модельдерде әрбір белгілі бір жағдайда және барлық басқа тең жағдайларда модель адамдарға бірдей іс-қимыл жасайды. Алайда, табиғат заңдылығы бойынша адамдардың қозғалысы − кездейсоқ процесс. Тіпті бір адам бірдей жағдайларда алдыңғы траекториядан аз да болса ауытқуы мүмкін. Кездейсоқ элементтерді модельге енгізумен қозғалыс кезінде, әсіресе шұғыл жағдайларда адамдардың шешім қабылдау процесі туралы білімнің жетіспеуі түзеледі. Стохастикалық модельдерді пайдалану көшірудің жалғыз іске асырылуын ғана емес, ең тиімді маршруттарды, ең төменгі, ең жоғарғы және орташа эвакуация уақытын және т. б. бөлу мүмкіндігін береді. Модельдерді ұсынылған сипаттамалар бойынша нақты жіктеуге болмайтынын атап өту қажет. Кейбір модельдер екі балама сипаттамаларды қамтуы мүмкін. Олар төмендегіше көрсетіледі:

1) Мақсат (шығу) бағыты бойынша бөлшектердің қозғалысын ғана емес, сондай-ақ басқа белсенділікті ескеретін мінез-құлық модельдері (ғимараттардағы жағдайларға байланысты шешімдер қабылдау мен әрекеттердің түрлі тәсілдерін) қамтуы мүмкін;

2) Ең алдымен қозғалысты есептейтін іс-әрекет үлгілері. Қозғалыс эвакуацияның басталуының кешігу уақытын, бөлшектердің жекелеген сипаттамаларын, түтіннің әсері және т.б. қолдану арқылы имитацияланады.

3) Бөлшектерді бір нүктеден екіншісіне жылжытатын қозғалыс үлгілері. Бөлшектердің жиналу аймағын көрсету, тар жерлерде кептелістерді қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Адамдардың қозғалуының алғашқы үлгілері макроскопиялық сипатта болды және адамдардың тығыздығындағы өзгерістерді және уақыттың жылдамдығын сипаттады. Әдетте макро модельдер — детерминирленген және үздіксіз болып келеді. Макроскопиялық тәсілде бірнеше бағыттар бөлінеді. Гидродинамика және молекулалық-кинетикалық теория негізіндегі модельдер: Бұл модельдердің ең қиыны, орны аз тығыздықтағы адамдар ағынының қозғалысын дұрыс сипаттаудың мүмкін еместігі болып табылады [1], яғни дамыған (күрделі) ішкі инфрақұрылымы бар үй-жайларда (мысалы, дәріс және көру залдары, оқу сыныптары, сауда залдары және т.б.).

Өрт қатерінің есептік шамаларын анықтаудың отандық нормаларынан жасалған модельдер [2], [3]: адам ағыны қозғалысының оңайлатылған аналитикалық моделі, адам ағымдары қозғалысының имитациялық-стохастикалық моделі. Эвакуацияның барлық жолдары қарапайым учаскелерге бөлінеді. Содан кейін әрбір бөлімде өз сипаттамалары бар (тығыздық, жылдамдық, қозғалыс қарқындылығы) адамдардың қарапайым ағымы қарастырылады және қарапайым бөлік бойынша қозғалыс уақыты анықталады. Ағынның таралуы, қайта қалыптасуы, ағынның декомпрессициясы сияқты ағынның қасиеттері есепке алынбайды. Сондай-ақ, бірінші кезектегі ағын үлгісі [3] макро үлгілерге жатады; Bruno моделі [4] (массаны сақтау теңдеуіне негізделген, адамдар қозғалысының қасиеттері ескеріледі, бірақ қозғалыс бағыты алдын ала белгіленеді); Colombo-Rosini моделі [4] (LWR жол трафигі моделіне негізделген [3], [4], дүрбелең жағдайларды модельдеу үшін қолданылуы мүмкін, бірақ тек бір бағытты қозғалыс қарастырылады). Есептеу технологиясын дамыту кезінде микроскопиялық үлгілер ең танымал болды.

D. Helbing-тің, ғылыми жұмысында [3], [4] Social-force моделі ұсынылды, онда жекелеген бөлшектер арасындағы өзара іс-қимыл әлеуметтік күш идеясын[5] немесе әлеуметтік өрісті пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Ол детерминирленген үздіксіз модельдерге жатады. Адамдардың қозғалысы динамикасына байланысты әлеуметтік күш қоршаған ортаға (басқа адамдарға, инфрақұрылымға) әсер етеді және бөлшектердің жылдамдығын өзгертеді (қалаған және нақты жылдамдықты ажырату). Бұл күш әрбір бөлшектің жылдамдығының көлеміне жауапты. Бөлшектер қозғалысы Ньютонның 2-ші Заңының теңдеуіне сәйкес жүреді. Қозғалыс теңдеуі әрбір бөлшектер үшін орыны ерекше болғандықтан, шын мәнінде байланысты теңдеулердің үлкен жүйесімен жұмыс істейді. Әлеуметтік күш үлгісі кең таралып, адамдар қозғалысы модельдерінің дамуының басым бағыттарының бірі болып қала береді [5],[6]. Әлеуметтік күштер моделінің жеке аналогы оңтайлы жылдамдық моделі болып табылады [6]. Мұнда адамдардың физикалық өзара әрекеттесуін есепке алмайды, алайда басқа адамдардың жолда болуының арқасында жылдамдықтың қалауынан ауытқу ғана емес, сонымен бірге адамдардың «алға» әсер етуі айқынырақ болады.

Біз енді төмендегі модельдерге сипаттама беріп өтейік:

Кезектерге қызмет көрсету моделі (Queueing model)

Кезектерді ұйымдастыру теориясында қозғалыс ықтималдық тығыздығы функциялары тұрғысынан сипатталған. Жаяу жүргіншілер серверге белгілі бір ықтималдықпен келеді, қызмет көрсетіледі және кезекке тұрады.Кезекті ұйымдастыру жүйесіндегі үш басты элемент, яғни келу, қызмет көрсету механизмі және кезекті ұйымдастыру (FIFO). Белгілі ғалым Ласло Ковач стохастикалық үлгіні ұсынды, онда ғимараттағы жаяу жүргіншілер ағыны кезек процесі ретінде модельденген болуы мүмкін. Әрбір жаяу жүргіншіні басқа объектілермен өзара әрекеттесетін ағынның жалғыз объектісі ретінде қарастырады. Құрылған желі тораптары бөлме болып табылады, ал байланыстар есік ретінде қарастырылады**[**5],[6]. Қозғалыс процесінде адам жаңа

теңдеуге әкелетін белгілі бір ықтималдыққа сәйкес жаңа торапты таңдайды, ол t+h сәтінің басталуына t уақытынан жаяу жүргіншілер санының өзгеруін сипаттайды. Алынған теңдеуден адамдарды бөлмеден эвакуациялау тиімділігін бағалауға болады (яғни тораптағы адамдардың күтілетін қалған саны және көшірілген адамдардың күтілетін саны).

Клеткалы автоматтар (Cellular automata model)

Клеткалы автоматтар жаяу жүргіншілер ағынын модельдеудің қарапайым және жылдам тәсілі болып табылады.Автоматтардың клеткалық моделінде барлық кеңістік тор болып табылады.Клетканың әрбір торын бір ғана жаяу жүргінші алады. Қозғалыс бірнеше ережелер автоматтарға (жаяу жүргіншілерге) қолданылған торлардың өзгеруі ретінде модельденеді. Бұл ережелер жиынтығы осы модельдің әртүрлі іске асырылуында ерекшеленеді. Модельдің кейбір іске асырылуы бұдан әрі талқыланатын болады. Белгілі ғалымдар Блю және Адлер жаяу жүрудің екі элементін атап өтті: алға жылжу және қақтығыстарды шешу.Алға жылжу жаяу жүргіншінің белгілі бір мақсатқа қол жеткізу ниетін көрсетеді және әрбір жаяу жүргіншінің жылдамдығы мен жылдамдығының анықталуына әкеледі. Қақтығыстарды шешу физикалық байланысты болдырмау ниетін білдіреді.

Блю және Адлер ұсынған ережелер жиынтығы төрт түрлі кезеңдерде қолданылатын алты ережеден тұрады:

1) Бірінші кезең маршрутты өзгерту ережелерін қолданады;
2) Екінші кезеңде барлық жаяу жүргіншілерге жаңа тор тағайындалады;
3) Үшінші кезеңде қозғалыс ережелері әрбір жаяу жүргіншіге қолданылады;
4) Соңғы кезеңде жаяу жүргіншілер жаңа торға жылжиды.

Осы модельдегі маршрутты өзгерту бес ережемен реттеледі[5]. Егер көрші тор қолжетімді және жаяу жүргінші (пешеход) бос болса ғана өзгеріс болуы мүмкін.

1. Торлар тікелей оң және сол жақта қол жетімді екенін анықтаңыз.
2. Егер көрші тор қол жетімді болса, онда шешім қарама-қайшы, бірақ бұл торға екі маршрут талап етіледі.
3. Егер екі көрші тор қол жетімсіз болса, онда маршрутты өзгертуді аяқтаймыз.
4. Белсенді және бос көрші маршруттар үшін бос қашықтықты есептейміз. Егер қашықтық бірегей және барынша болса, жаяу жүргіншіні осы бағытқа апарамыз. Бұл дегеніміз, жаяу жүргінші барынша үлкен учаскеде ешқандай қарама-қайшылықтар жоқ жолды таңдайды. Егер ешқандай бірегей ең үлкен қашықтық табылмаса, онда бес ережеге сәйкес маршрутты қосамыз.
5. Егер үш бағыт максималды қашықтыққа жетсе, ағымдағы маршрут және екі көрші маршруттар үшін 80/10/10 бөлуді қолданады. Ал егер екі бағыт максималды қашықтыққа жетсе, 50/50 бөлуді қолданады.

Маршрут анықталғаннан кейін жаяу жүргінші оған берілген бағыт бойынша қозғалады. Бұл екінші кезеңде жүзеге асырылады. Үшінші кезеңде жаяу жүргіншілерге қозғалыс жылдамдығы беріледі[5],[6]. Осы кезең кезінде жаяу жүргіншілер орындармен белгілі бір ықтималдықпен ауыстырылуы мүмкін. Бұл екі жаяу жүргінші бір-біріне қозғалса, орын алуы мүмкін. Төртінші кезеңде барлық жаяу жүргіншілер қозғалады.

Модель бір бағыттағы жаяу жүргіншілер аллеясында және екі бағытты ағынға қолданылды, онда жаяу жүргіншілердің саны кері бағытта жүретін жаяу жүргіншілердің санынан көп. Дейкстра, Йессурун және Тиммерманс аллеядағы жаяу жүргіншілердің қозғалуына бағытталған модельді ұсынды. Жаяу жүргіншіні жылжыту кезінде төрт қадам бөлінді, яғни:

1. Жаяу жүргіншінің шешімді (әрекеттің соңы немесе негізгі желі торабы) бергенін тексереміз. Егер бұл ақиқат болса,онда үшінші қадамға өтеміз. Әйтпесе, екі қадамға өтеміз.
2. Егер жаяу жүргінші шешім ұяшығында (желі торабы) болса, жаяу жүргіншінің іс-әрекетін тексеріп, жаяу жүргіншіні қажетті бағытқа бұрамыз. Осылайша, шешім қабылданады.
3. Жаңа таңдалған ұяшық бос болса, жаяу жүргіншіні ұяшыққа жылжытамыз. Әйтпесе, төртінші қадамға өтеміз.
4. Егер ұяшық сол немесе оң жақта бос болса, солға немесе оңға жылжытамыз.

Бұл модельде ауысу мақсатқа бағытталған және шешім қабылдау кезінде ғана өзгертілген. Басқа жаяу жүргіншілермен өзара әрекет қарастырылмаған. Янг Лижонг және басқада ғалымдар өрт сөндіру эвакуациясы үшін клеткалық автоматтардың үлгісін әзірледі[4],[5],[6]. Олар өрт кезінде маршрутты есептеу үшін арнайы ережелерді ұсынды (қауіптілік дәрежесі). Бұл қауіптілік дәрежесі позицияның қауіптілік дәрежесінен (жақын шығуға дейін белгілі бір қашықтықта) және жану қауіптілік дәрежесінен (отқа дейін белгілі бір қашықтықта) тұрады. Олардың модельдері 3 этаппен анықталған:

1. Әрбір жаяу жүргінші өзінің көрінісіне қатысты ең кішкентай қауіптілік дәрежесі бар ұяшықты таңдайды. Егер барлық аралас ұяшықтар бос болса немесе қауіптілігі жоғары болса, тұрғындар қозғалмайды.

2. Егер бір тұрғын бір ұяшыққа ауысқысы келетін болса, онда қалайтындардың бірі кездейсоқ түрде таңдалады. Қалғандары осы кезеңде күтуге тиіс.

3. Әрбір тұрғын қауіп деңгейін жаңартады.

Газокинетикалық модель (Gas-kinetic model)

Жаяу жүргіншілер динамикасында кейбір сұйықтықтармен айқын ұқсастығы, яғни жалпы белгілері бар. Мысалы, кедергілер айналасындағы қозғалыс кедергілердің айналасындағы «сұйықтық ағынына» ұқсас. Аралық тығыздықтағы қозғалыс шектеулі (қысқа мерзімді корреляция). Әдетте бұл макроскопиялық модельдер күштердің өзара әрекеттесуіне негізделген детерминистикалық және төмен дәлдік модельдері болып

табылады. Хендерсон адамның үлкен концентрациясы мен классикалық газ арасындағы ұқсастықты жасауға тырысты[5]. Төмен тығыздық («газдық») жағдайында әртүрлі топта қозғалысты қадағалау нәтижесінде жылдамдықты бөлу функцияларының Максвелл-Больцман дистрибуциясына сәйкестігі анықталды. Бұл байқаудан кейін ол кейінірек жаяу жүргіншілер ағынының сұйық динамикалық теориясын жасады. Жаяу жүргіншілер арасындағы өзара әрекеттерді сипаттайтын кезде, бөлшектер мен энергияны алмастыратын бір-бірімен соқтығысу, газдардың кинетикалық теориясымен біртекті топты сипаттауға болады. Дегенмен, сандық түсіндіру толық айқын емес. Мысалы, қысым мен температураның аналогтары жаяу жүргіншілер қозғалысы контексінде. Температура жылдамдықтың айырмашылығына байланысты болуы мүмкін, бұл қажетті жылдамдықтардың таралуымен байланысты, ал қысым белгілі бір бағытта күшіне ауысуды талап етеді[6]. Газокинетикалық модельдерде жаяу жүргіншілер ағынының тығыздығы төмен кезде проблемалар бар, бұл барлық макроскопиялық модельдер үшін ортақ проблема болып табылады.

Әдебиеттер

1. Предтеченский В.М. Проектирование зданий с учетом организации движения людских потоков: учебное пособие для вузов/Москва. Стройиздат, 1972.-375б.
2. Helbing, D. A fluid dynamic model for the movement of pedestrian / Complex System. − 1992. − Vol. 6. − P. 391-415.
3. Hughes, R.L. A continuum theory for theflow of pedestrians- 2001. − Vol. 5. − P. 221-247.
4. Hughes R.L. // Transportation Research. Part B. − 2002. − Vol. 36 −P. 507-535.
5. Daamen, W. First-order pedestrian traffic flow theory / W. Daamen, S.P. Hoogendoorn, P.H.L. Bovy // Transportation Research Record: Journal of the Transportation Research Board. − 2005. − Vol. 1934, N.1. − P. 43-52.
6. Bruno, L. Non-local first-order modelling of crowd dynamics: A multidimensional framework with applications / L. Bruno, A. Tosin, P. Tricerri, F. Venuti // Applied Mathematical Modelling. − 2011. − Vol. 35, N. 1. − P. 426-445.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИГЕРУ – ЗАМАНАУИ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Жаксылыкова Айсулу Тынымбаевна
Магистр
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан
baglan_aisulu@bk.ru

Аннотация: Если мы считаем себя современными учителями, мы обязаны четко осознать реалии нового века и запросы тех, кого нам предстоит учить!!! Мир стал другим! Наши дети, в отличие от нас, уже сегодня живут в цифровом мире!!! Как учителям вписаться в цифровой мир и превратиться из эмигрантов в его граждан? В котором мы с вами оказались незаметно для себя и… == СО СКОРОСТЬЮ СВЕТА Нам нужны новые средства и новые задания для новых знаний и новых практических навыков.

Ключевые слова: Цифровой технологии. 3D моделирование. Образование, соответствующее мировым стандартам. Цифровые образовательные ресурсы.

Annotation: If we consider ourselves to be modern teachers, we must clearly understand the realities of the new century and the demands of those we have to teach !!! The world has become different! Our children, unlike us, already live in the digital world !!! How can teachers fit into the digital world and turn from immigrants into its citizens? In which we were imperceptibly and ... == AT THE SPEED OF LIGHT We need new tools and new tasks for new knowledge and new practical skills

Keywords: Digital technology. 3D-modeling. Education that meets international standards. Digital educational resources.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері жиырма жылдың ішінде дамып көркеюін тоқтатқан емес. Қазақстан Республикасын қандай қарқынмен дамып жатқанын шетел азаматтарынан естігенде бір марқаямыз. Ал қазіргі заманауи дамудың басты факторы "цифрлық технологияны игеруге" бағытталып отыр. Демек, мақсатымыз айқын бұл жарқын жетістікке жету үшін өте маңызды. Бұл маңызды міндет елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Цифрлы Қазақстан» 2018-2022ж бағдарламасына сай қолға алынып отыр.

Ерте ме, кеш пе технологиялық үрдіс адамзат өмірінің барлық саласына әсер етеді, денсаулық сақтау, білім беру, жеңіл және ауыр өнеркәсіп т.б. салалар болсын. Сол кезде алдыңғы қатарға дереу әрекет ете алатын, жұмыстың қырсырын тез игеріп кететін, жаңа тәсілдерге тез бейімделгендер шығады.

Замануи өмірдің шындығы да сол, сандық технологиялар дамыған сайын адам үнемі ақпарат ағымында болады. Ол үшін елде онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек.

Алдымен сандық технологиялар не үшін енгізіледі деген сұраққа жауап беріп көрейік. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру.

Қазіргі жоғары технология заманында ақпараттың бәрі сандық жүйеге көшіріледі. Мұндай амбициялық мақсатқа жету үшін бағдарлама 5 негізгі бағытқа бөлінген:

1. Уақыт үнемдеу
2. Білім беру саласында қызметтер сапасын арттыру
3. Денсаулық сақтау саласында қызметтер сапасын арттыру
4. Халықтың өмір сапасын арттыру
5. Мемлекеттік басқару тиімділігін қамтамасыз ету.

Мысалы: үйлерге, киімдерге, аксессуарларға, көліктерге, энергожелілерге, сондай-ақ өндірістік процестерге ықшам да арзан және ақылы сенсорлар толасыз орналастырылуда. Осылайша тұтынушылар тұрақты түрде тапсырыс берген заты мен құжатын жіті қадағалап отырады. Сондай-ақ код қойылған кез келген құжаттың тіркеуші қызметі де болады.

Жоғарыдағы бес бағытқа сүйене отырып осы орайда «Сандық технолгия - заманауи дамудың басты факторы» деген қорытынды ой айтқым келеді. Жаңадан келген ештеңе жоқ тек заман талабына сай АКТ ауқымды ордасы кеңеюде.

Тілдік қолданысымызға «цифрландыру» сөзінің енгеніне көп бола қойған жоқ. Бірақ сандық технологияға өту ХҚКО, емхана, мектеп, ЖОО т.б салаларды тез жандандырды. Цифрлық әлемге өту соңғы екі онжылдық уақытта қарқынды дамып келеді. Бар жоғы он жыл бұрын бұл ұялы телефон номеріне, электронды пошта мекенжайына, бәлкім дербес веб-сайтқа қол жеткізу дегенді білдіретін. Бүгінде адамдардың цифрлық технологияға өтуі - олардың цифрлық технологиялармен өзара қатынасы дегенді білдіреді. Байланыс құралдарының саны қарқынды түрде артып келе жатқан біздің әлемде цифрлық өмір адамның физикалық өмірімен тығыз байланысты болып отыр.

Күні кешеге дейін роботтарды пайдалану қатаң қалыпқа бағынатын міндеттерге байланысты жекелеген салалармен ғана шектелген еді. Мысалы: мәшина жасау. Бүгінде технологиялық прогресс роботтардың бейімділігі мен икемділігін арттыра түсуде. Болашақта цифрлық қатынасты құру және оларды басқару адамдардың күнделікті тірлігіндегі сәннің сөздің және іс-әрекеттердің көмегімен айналасына өзін көрсеткісі келгендей, қарапайыс әдетке айналады. Осындай коммуникативтік әлемде өзінің цифрлық технологияға өтуінің арқасында адамдар ақпараттарды іздеуге және бөлісуге, ойларын еркуін білдіріп, іздегенін тауып алуға және оңай табылуға, әлемнің қай жерінде жүрсе де өзара қатынасты дамытуға және қолдауға шамалары жететін болады.

Төртінші индустриялық революция тудырған физикалық және цифрлық ақиқат арасындағы басты көпірдің бірі - "барлық бұйымдардың интернеті". Қарапайым тілде, ол заттар мен адмдар арасындағы өзара байланысты технологиялар мен түрлі платформалар арқылы қамтамасыз ететін қарым-қатынас ретінде анықталады. Сенсорлармен басқа да толып жатқан құралдар, физикалық әлемнің виртуалды желілермен байланыстары таң қаларлық қарқынмен дамуда.

Әр қайсымыз заман талабына сай көшке еру керек екенін терең түсінуіміз керек. Қазіргі сандық технологиялар заманында осыны түсініп, жауапкершілікпен игеріп, өзімізге сенімді, сыни пікір көзқарастарымыз жүйелі дамыған, өз ойларымыз бен дәлелдемелерімізді нақты жеткізе алатын, бірнеше тілді қатар меңгерген бәсекеге қабілетті «Тұлға» болып, Елбасымыздың көшіне жұмыла ерсек, біз өз еліміздің болашағы үшін нақты қадам жасай алатын едік!!!

Бүгінде жиі айтылатын сандық технологияның әрбір кезеңінде өндіруші күштер ғана емес, өндіріс пен ғылымның тығыз ықпалдасуы туындап, дамуға жаңа серпін беріп отыр. Қазіргі тілмен айтқанда, өнеркәсіпке енгізілген инновациялық технологиялар тауардың өзіндік құнын төмендетіп, экономикалық тиімділікті еселеп өсірді.

Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумның президенті Клаус Шваб экономика мен технология салаларында аттары танылған сарапшылардың, трансұлттық корпорация басшыларының тәжірибесі мен көзқарастарын қорытып, «инновациялық қызмет әлемдегі мемлекеттер мен мыңдаған компаниялардың бәсекелесу алаңына айналды» деген тұжырым жасайды. Техгологияның даму кезеңі 1760-1840 жылдардың аралығында индустрияландыру, темір жол салу, бу двигателін ойлап табумен, жіп иіру машиналарының пайда болуымен сипатталды.Осы кезеңде Ұлыбританияда механикалық өндіріс дамып, аграрлық қоғамдар индустриялық қоғамға трансформацияланды. Бұл үрдіс АҚШ пен Еуропаның басқа мемлекеттеріне тез тарады. Өндірісте машиналар қолданылды, жұмыс күші дамыды, урбанизация жылдам жүрді, еңбек өнімділігі артты, экономикалық өсім жоғарылады. Осылайша XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басын қамтыды. Электр энергиясын қолдану, конвейердің пайда болуы, темір жолдың таралуы, химия өндірісіндегі инновациялар нағыз технологиялық революцияға негізделіп жасалынды. Бұл кезеңдегі экономикалық дамуға ғылымның жетістіктері ерекше серпін берді. 1960-жылдан бастап компьютер мен дербес компьютерлер, өнеркәсіптік роботтар, цифрлық технологиялар мен интернет өмірге ене бастады. Кейіннен өндірістегі басты процестер түпкі тауар өндіретін зауыт пен фабрикалардың цехтарынан бағдарлама жазатын IT-мамандар, инженерлер мен дизайнерлер отырған офистерге көшіп жатыр. Ал, адамы жоқ цехтарда үнсіз өнеркәсіптік роботтар арнайы алгоритм бойынша тауар жасаумен айналысады. Соңғы екі ғасырда негізгі пайда тауарды өндіру мен сату кезеңінде жиналса, жаңа дәуірдің ерекшелігі – басты пайда өнімді зерттеу мен жобалау кезеңінде жинақталады. Яғни, бүгін

ресурстың басым бөлігі түпкі өнімді шығаруға емес, оны ойлап табуға, өндіріске дайындауға жұмсалады. Энергетикалық революция мен коммуникациялық серпіліс сәйкес келгенде ғана керемет технологиялық жаңалықтар ашылып, жаңа экономикалық модельдер жасауға мүмкіндік туады. Бұрынғы өнеркәсіптік революциялармен салыстырғанда ауқымы мен табиғаты мүлдем өзгеше болып дамып келеді. Интернет-коммуникация адамның өмір сүру ортасын ғана емес адамның дағдылары мен мәдениетін, таным-түйсігін өзгертіп жіберді.Адамды өзгерткен интернеттің саясатқа да, экономикалық парадигмаларға да ықпалы үлкен. Әсіресе, әлемдегі барлық жастардың бойында ешқандай саяси партияларға қосылмайтын, капитализм немесе социализмге қызықпайтын, ешбір идеологияны ұнатпайтын көңіл-күй үдеп барады. Каир мен Мәскеуде, Париж алаңдары мен Уолл-стритке шыққан жастар: «Біз бүгінгі экономикалық жүйеден үміт күтпейміз. Жұмыс жоқ, энергия қымбат, экологиялық, табиғи апаттар мен қатерлер көп. Өзіміз үшін ешқандай экономикалық мүмкіндіктер көріп тұрған жоқпыз» дейді.

Ұлт алдындағы борышын түсінбейтін, мәдениеті мен рухани сұранысы жұтаң, тек экономикалық табыс қызықтыратын ұрпақтың қолына саяси билік тисе елдің тәуелсіздігі мен мемлекет тағдыры қандай болатыны да ойландыратын мәселе. Бүгінгі 15-20-дағы жастарымыз өздерін ертеңгі цифрлы дәуірдің байырғы тұрғыны санатына қосып, жауапсыздық пен толық еркіндікке бой алдырып ала ма деген үрейдің арты қалыңдап барады.

Елдегі сауаттылық көрсеткіші 99,8 пайыз, еліміздің 127 жоғары оқу орындарында 463 мың студент оқиды, 10 мыңдай қазақстандық дүниежүзінің беделді университеттерінде білім алып, елге қызмет етуде. Республика тұрғындарының 73 пайызы интернетті күнделікті қолданады, олар кемінде 2 құралмен ғаламдық желіге орташа алғанда секундына 19,3 мегабит жылдамдықпен қосылған. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2025 жылға дейін 28 500 шақырым оптикалық-талшықтық кабельдер жүргізіліп, 3,5 млн ауыл тұрғыны кең жолақты интернет желісіне қосылатын болады.Мұның бәріне біз адами капиталды дамытып, ой еңбегінің, ғылым мен білімдегі жетістіктеріміздің, жоғары технологияларды игеруге деген қабілетіміздің және қазақ жерінің байлығының көмегімен жеттік. Ең озық технологияларды жасау (генерациялау) мүмкіндігіміздің әзірше шектеулі болуын кемшілік, шешілмейтін проблема деп айтуға болмас. Мұның бәрі әлемдік еңбек бөлісіне байланысты туындаған шындық.

Қазіргі цифрлы технологияларға сүйенген дәуірде жеке адамға, мәдениетке, тіл мен ұлттық өнерге төнген қауіптің жойқындығын әлемдік ойдың шыңына көтерілген тұлғалар жарыса айтуда. Өмірі мен қызметі цифрлы ортаға тәуелді қауымды интернет арқылы жаппай аңду технологиялары адамзаттың болашағына алаңдаған мамандардың наразылығын тудыруда.Бүгіннен бастап қауіпсіздік жағынан сенімді технологияларды таңдау арқылы ұлттың болашағын анықтап алудың қажеттігі мемлекетіміздің цифрлы күн тәртібіндегі ең басты проблемасы болып белгіленгені жөн.

Елдегі қабылданып жатқан цифрлы бағдарламалардың да басты нысаны – ақпараттық жүйелердің жоғары дәрежеде қорғалуы болғаны абзал.Енді 5-7 жылда қазір тек теориялық тұрғыда жобаланып жатқан квант-компьютерлер қолданыстағы классикалық үлгідегі компьютерлердің орнына келеді. Осыдан 25 жыл ғана бұрын квант-компьютер жасау идеясын ғылыми ортаның өзі де қабылдамаған болатын. 1994 жылы ғылымда 2 революциялық жаңалық ашылды. Оның бірі американдық математик Питер Шордың есімімен байланысты болса, екіншісі физикада ашылған жаңалық.Шор өзінің кванттық алгоритмін жасап қазіргі криптографияның негізін құрайтын факторлау тәсілін жаңартса, эксперименталды физикада атомды суыту, қарапайым бөлшектерді оқшаулау әдістері табылды.Айтылған 2 жаңалықтың арқасында 1994 жылы кванттық компьютер жасауға болады деген тұжырым теориялық тұрғыда дәлелденді. Енді ғалымдар оны нақты жүзеге асырып, алғашқы прототиптер де жасалуда. Тіпті Қытай мемлекеті 11,5 млрд АҚШ долларын бөліп жаңа кванттық орталық ашуға қадамдар жасауда. Соның көмегімен олар ең керемет қорғалған компьютерлік жүйелерді бірнеше секундта бұзып, ақпаратты көшіріп немесе өшіріп, өз мүдделеріне пайдалана алады. Міне, ғылыми жаңалықты деструктивті бағытта да қолдануға болатынының тағы бір дәлелі осы. Американдық RAND корпорациясы «форсайт» технологиясының көмегімен стратегиялық болжау мен жоспарлау әдістерін ауыстырып, кез келген ұлтты суверенитетінен айырып, даму траекториясын қауіпті жолға бұрып жіберуге болатын іс-әрекеттердің жиынтық технологиясын ұсынды. Бұл технологиялар қоғамдық формацияларды қиратып, мемлекетті күйрету үшін бірнеше елде қолданылып жүр. Сондықтан да қабылданған әрбір цифрлық бағдарламада адам, қоғам және мемлекет үшін туындайтын сын-қатерлер мен қауіптерді түгендеп, олардан келетін зиянға тосқауыл қою тетіктерін қатарлас жүзеге асырған дұрыс. Тұтастай цифрлы экожүйенің жеке тұлға мен мемлекеттің суверенитетіне төндіретін қатерлерін сараптау, бағалау болашақта ұлттық қауіпсіздіктің ең басты мәселесі болары анық.

Тарихтағы эволюциялық өзгерістер – адамның өз өмірін, тұрмыстіршілігін жеңілдету, оңтайландыру мақсатымен жасалады. Адамзат өркениеті осылайша, өмірі мен тұрмысын жеңілдетемін деп санасы мен рухын, Жаратушы сыйлаған адамдық қасиеттерін жоғалтып, жансыз, ойсыз, сезімсіз темір роботқа ұқсап кетуі де адами құндылықтар ұмытылып, қатыгездік пен рухани құлазу осылайша басталуы да мүмкін. Цифрлық технологиялардың дамуындағы келеңсіз құбылыстар соны көрсетуде. Төртінші өндірістік революцияның алдыңғы 3 кезеңнен айырмашылығы оның ауқымында. Сонымен бірге төртінші өнеркәсіптік революция адамзат тарихын жылдам және мүлдем күтпеген бағытқа бұрып жіберу қаупін де жоққа шығара алмаймыз.

Цифрлы технологияның барар жерін дұрыс болжау арқылы қазақ елінің даму бағыттарын ұлттық мүддеге сәйкестендіріп жасау үшін мемлекет пен қоғамның біріккен жігері қажет. Өйткені өзін-өзі жетілдіруге

қабілетті жасанды интеллектпен қоршалған адам өзі жасаған роботқа тәуелді болып, оған бағынышты болу қаупі де қиял-ғажайыптан шындыққа айналу ықтималдығын ғалымдар да жоққа шығара алмауда.

Міне, дүниеде болып жатқан технологиялық өзгерістердің қарымы, күштілігі жағынан, адамзат тарихындағы дәуірлерде ешуақытта болмаған. Цифрлы әлемнің берер мүмкіндіктері де керемет, ықтимал қауіптері де жойқын. Бұл қауіптерден сақтанудың басты иммунитеті – Елбасы айтқандай «ақылды ұлт өзінің ұлттық рухынан, тілі мен дінінен ажырамай цифрлы ортаға бейімделуі». Сонда ғана цифрлық технология қазақтың бағын ашып, өркендеу дәуіріне айналады. Түбегейлі өзгерістер - технологиялық бетбұрысты сәттердің әлуметтік ықпалдары.

Қорыта келгенде, мынаны айтқым келеді. Цифрлық технология жекелеген адмадар мен кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынас пен серіктестік тәсілдерін түбірінен өзгертетін мүлде жаңа талпыныстар туғызады. Кең келешек тұрғысынан алғанда, цифрлық технология адамзаттың мемлекет ішіндегі және әлемдік нарықтағы сұраныстарының жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады.

Егер біз өзімізді заманауи тұлға деп санайтын болсақ, біз жаңа ғасырдың шынайылығын және сұраныстарын нақты ұғынуға міндеттіміз!!! Әлем өзгерді! Бір қуантарлық жағдай біздің балалар, бізге қарағанда, бүгінде сандық әлемде өмір сүруде!!! Ал жарқын келешекте қоғам «сандық әлемнің» эмигранттары емес оның азаматтарына айналу керек.

Әдебиеттер

1. Group-global.org/ru/publication/
2. lenta.inform.kz/kz/kazakstanda-cifr...
3. baq.kz/kk/news/zhangirtu_30/tsifrli
4. Олифер В.Г.. Олифер Н.А. Компьютерные сети. Принципы, технологии, протоколы. СПб.Ж Питер, 2000.
5. Лапонина, О.Р. Протоколы безопасного сетевого взаимодействия [Электронная версия - диск]: Лекции. / О.Р. Лапонина.- 2009
6. Қоянбаев Ж. Б. Педагогика. - Алматы: Рауан. 1992. -197 -206 б.
7. 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасы.
8. Жалпы педагогика. 2009ж М.Жұмабаев.
9. Педагогикалық еңбектер. 2008ж
10. Қазіргі мектеп мұғалімінің инновациялық іс-әрекетке даярлығы //Редакторы Л. П. Сейтешев – Алматы, Ғалым, 2000ж
11. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. Ізденіс. Поиск –2003ж
12. Роберт И.В. Информатизация образования (педагогико-эргономический аспект). – М.: РАО, 2002.
13. Сибагатова Г.К. Образовательные технологии в практической деятельности студентов вузов. Дисс... к.п.н. : 15.01.04. – Атырау, 2004.

ОБЪЕКТІГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАУ НЕГІЗДЕРІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

Байзакова С. С.
Әлімхан С.Р.
аға оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
e-mail: saule_alikosh@mail.ru

Аннотация: В статье рассматриваются разработка языков программирования, объектно-ориентированных систем программирования, их эффективности и методов их использования в процессе обучения.

Ключевые слова: программирование, электронные вычислительные машины, синтаксис, объектно ориентированное программирование.

Annotation: The article discusses the development of programming languages, object-oriented programming systems, their effectiveness and methods for their use in the learning process.

Key words: programming, electronic computers, syntax, object-oriented programming.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қарқынмен дамып, күнделікті тұрмысқа енуіне байланысты соңғы кездері программалауға деген қызығушылықтың арта түскені белгілі. Қазіргі уақытта компьютерсіз қандай да бір жұмыс орындауды көз алдымызға елестету қиын. Бұл компьютермен жұмыс істейтін адамға қандай да бір ұмтылысты тудыруы мүмкін.

Бағдарламалау дегенді біз бүгінгі күннің, ғылым мен техникадағы прогресстің туындысы деп санаймыз. Бірақ ол дұрыс емес. XIX ғасырда алғашқы есептеу құрылғылары пайда болғаны белгілі, сол кезден бастап есептеу бағдарламалауды құрудың қажеттілігі туындады. Бірінші болып осы мәселені шешкен Ада Лавлейс болып саналады, ол Чарльз Бэббидждің есептеуіш машинасында жұмыс істейтін программаны құрған. Ал бірақ нағыз программалау тілдері, әрине, электрондық есептеуіш машиналар (ЭЕМ) ғасырында пайда болды.

Есептеуіш техниканың қарқынмен дамуы тиімді бағдарламалалық құралдарды жасау – объектілі бағдарланған бағдарламалау жүйелерінің жасалуына әкеледі. Жылдам құру жүйесінің негізіне (RAD – Rapid Application Development – қосымшаларды жылдам құру ортасы) визуалды жобалау мен оқиғалы объектілі бағдарланған бағдарламалау технологиясы алынған. Мұндай бағдарламалаудың мәні – программа жасаушы құрал жұмыстың көп бөлігін өзі атқарып, программистке диалог терезелерін құрастыру мен оқиға өңдеушіні құру жұмыстарын қалдырды. RAD жүйелерінің ішінде Borland Delphi және Visual Basic орталары әртүрлі бағдарламалар құруға мүмкіндік береді: қарапайым бір терезелік қосымшалардан бастап, үлестірілген мәліметтер қорын басқару

программаларына дейін Borland Delphi ортасындағы программалау тілі Object Pascal тілі [1,103].

Бағдарламалау тілдерінің кәдімгі тілдерден айырмашылығы трансляторға түсінікті болатын шектелген сөздері мен командалары қатаң ережелермен жазылады. Мұндай талаптар жиынтығы бағдарламалау тілдерінің синтаксисін, ал әрбір командалар мен тілдің басқа конструкцияларының мағынасы – оның семантикасын құрайды. Егер программаның жазылу формасы өзгеретін болса, онда транслятор оператор қызметін түсінбей, синтаксистік қате деп хабар береді. Ал егер дұрыс жазылған, бірақ алгоритмге сәйкес емес командалар қолданылса, онда семантикалық қатеге келтіріледі. Бағдарламаларламадағы қателерді іздеу процесі тестілеу деп, ал қателерді жөндеу процесі – отладка деп аталады.

Әртүрлі типті процессорлардың әртүрлі командалар жиыны бар. Егер программалау тілдері белгілі бір процессорге бағытталған болып, оның ерекшеліктерін ескеретін болса, онда ол төмен деңгейдегі бағдарламалау тілдері деп аталады. Оған ассемблер тілі жатады.

Кез келген есепті шығарғанда алдымен оның математикалық үлгісі жасалады. Математикалық үлгі – объектінің, құбылыстың қасиеттерін, ерекшеліктерін және басқа сипаттамаларын жете зерттеп, оны теңдеулер жүйесі не теңсіздіктер мен функциялар арқылы өрнектеу. Бағдарламаланы түрлі тәсілдер бойынша құруға болады, бірақ оған қойылатын негізгі талап оның сапалы және пайдаланушыға түсінікті болуы. Түсінікті бағдарламаланы шығару оңайға түседі.

Осы ғылыми жобада объектілі бағдарланған бағдарламалау жүйелерінің негіздері берілген. Ғылыми жобада Delphi ортасының бағдарламалауға қажетті теориялық материалдар келтірілген. Негізгі бөлімде Delphi ортасы визуалды программалаудың негіздері жазылған. Екінші бөлімде жобаның тақырыбына байланысты Delphi ортасының мультимедиялық мүмкіндіктері жайлы мысалдар келтірілген. Үшінші бөлімде ЭЕМ-ның шығуы баяндалған.

Информатика пәнінен оқу үрдісін ұйымдастыруда объектіге-бағытталған программалауға үлкен көңіл бөлінеді. Объектіге –бағытталған программалау (ОБП) қоршаған ортаны моделдеуде сапалы мүмкіндіктерге ие, сезімдік тұрғыдан түсінікті ұғымдар жиынтығы негізінде құрылады, алдын-алажазылып қойылған программа кодын көп рет қолдану мүмкіндігін береді. Delphi және Visual Basic ОБП іске асырудың танымал құралдары болып табылады. Бұл орталар сонымен бірге визуалды программалау құралдары ретіндеұсынылады, яғни объектілерді монитор экранында көру және оларды программаның орындалуына дейін қандай да бір түрде бейнелеу мүмкіндігін береді [2,55].

Іс-әркеттердің кез-келген басқа түрі сияқты бағдарламалауда - технология, ол бағдарлама құру процессін межелі өндірістік іс-әрекетке айналдыру арқылы жинақталғантәжрибе мен білімді жетілдіреді.

Бағдарламалау технологиясы термині көлемді, ауқымды программалық жүйелерді ұжымен жасауға және шағын программаларды дербес құруда қолданылады. Үлкен программалық жобаларда мына әрекеттерге сүйену қажеттігі туындайды:

1) әрбір кезең үшін мақсат, міндет және нәтижелерді анықтау арқылы жалпы жұмысты кезеңдерге бөлу;

2) әрбір кезеңдегі міндетті есептеулерді орындаудың баламалы әдістері мен құралдарын пайдалану;

3) Қорларды жоспарлау, жұмысты атқарушыларға бөліп беру, жұмыстың барысын басқару;

4) кезеңдер бойынша нәтижелерді және құрылған программалық жүйенің сапасын бағалау.

Осыған байланысты шағын программаны құру да программа құрушыдан өз еңбегін, яғни міндет қоюдан құрылған программаның дұрыстығын тексеруге дейінгі кезеңдерге бөлуді талап етеді.

Бағдарламалық жобаларды үзінділерге бөлуде объектіге-бағытталған тілдер ерекше сипатқа ие болып келеді. Бұл тілдердің орталық ұғымы объект болып табылады. "*Өз мағанасы бойынша объект, компьютерде өңдеуге және сақтауға болатын, сонымен бірге басқа объектілерге және есептеу орталарына хабарлар жіберу және оған келіп түскен хабарларға назар аудару арқылы әсерлесуге икемді қандай-да бір нақты объектінің, процесстің, жағдайдың баламасы болып табылады*"… Егер объектілер айқын өмірдегі заттың, құбылыстың мағанасына сай келсе, онда ұғым орнына жүретін кластар абстракция болып табылады. Мұрагерлік бірнеше маңызды қызметті атқарады: пән аймағының тұжырымдық құрылымын модельдейді; әртүрлі кластарды тапсыру үшін оларды көп ретнақтылаужолымен ауқымды жүйелерді қадам бойынша программалауды қамтамасыз етеді. Объектінің аты, оқиғасы мен мүмкін тәсілдер жиынтығы болады. Оқиға айнымалылар жиынымен және олардың белсенді мәндерімен анықталады. Тәсіл – бұл объектінің басқа объектілермен байланысты жолға қойатын жаңаоқиғаны (жағдайды) алу амалдары. Объектімен байланысқа түскенде оның аты, қолданылатын тәсілі және осы ұсынылған тәсіл үшін қажетті мәндердің кейбір жиынтығы көрсетіледі. Объектінің жағдайына (оқиғасына) ену хабарлар жіберу жолы тәсілімен іске асырылады.

Егер объектілер айнымалылар жиыны, әдістер жиынтығы бойынша бірдей қасиеттерге ие болса, онда олар бір класс құрайды. Кластар арасында мұрагерлік қатынасы болуы мүмкін, яғни қандай да бір Б класы осы клас үшін аталық болып табылатын суперкластың немесе кластардың қасиеттерін мұрагерлікке алады.

Педагогикалық іс-тәжрибемізге сүйеніп жазылған бағдарламалау практикум Delphi ортасында жұмыс істеуге арналған. Себебі, бағдарламалау бөлімін оқып-үйренуде білім алушыларға Turbo Pascal тілінде бағдарламалу негіздері оқылатын еді. Delphi –де бағдарламалау

жоғары деңгейдегі тілдерді оқып-үйренудің логикалық жалғасы болып табылады. Негізгі алгоритмдеу білуді ықпал етеді жәнедамудың сапалы шыңдарына көтерілу мүмкіндігін береді. Бұл кезде білімгерлердің алғашқа кезеңдерде ОБП оқып-үйренде программаладың жаңа тұжырымдамасына өтудег қиындықтарға кездесетіндігін атан көрсетуге болады. Алғашқыда оларға программалау туралы тсініктерін қалыптастыруға тура келеді [3,144].

Зертханалық жұмыстарды орындау Delphi ортасын және оның құралдарын оқып үйренуден басталады. Әрбіржұмыссайын белгілер жаңа компаненттермен танысып отырады. Ал кіріспе бөліміне ОБП негізін құрайтын ұғымдар мен Dilphi-дің визуалды программалау құрылымдарымен жұмыс істеуге дайын жба программалау құрылымдарымен жұмыс істеуге, дайын жоба программалар менжеке орындар үшін ұсынылған есептер жүйесінен тұрады.

Зертханалық жұмыс жеке жоба-жұмыстарды құру және мұғалімге тапсырып-өткізу іскерліктерімен аяқталады. Жоба программамен жұмыс істеу деп-білімгерлердің алған білімдерін меңгеру және оны демонстрациялауды, яғниөздерінің шығармашылық іс-әрекетін толығымен жүзеге асыруды түсінеміз.

Толқынды жоба жасау үшін білімгерлер өзіндік жұмысқа бөлінген уақытты пайдаланады. Delphi – ді одан әрі қарай оқып-үйрену және ОБП қуатты идиологиясын қолдану педагогикалық-прогрммалық құралдарды (электронды оқулықтрды. Логикалық ойындарды және т.б.) құру технологиялары курсында курс жұмыстарын орындауда жалғастырылуы мүмкін.

Қазіргі кезде программалық жабдықтарды жасау былай сипатталады, яғни ауқымды тұйықталған программалар емес, программалық жүйелердің компаненттері құрылды. Мұның себебін былай түсіндіруге болады.

- *Құрылған компанентерді сақтауға және оны алгоритмнің сипаты және ақпаратты өңдеу тәсілдері жағынан жақын болатын басқа программалық жүйелерде қайта қолдануға ұмтыл;*
- *Үлкен ұжыммен жасалатын және оны жасау, өңдеу және икемдеу ұзақ мерзімді қажет ететін ауқымды көлемдегі программалық жабдықты жасау қажеттілігі;*
- *Бір есепті емес, өзекті саланың толық бір есебін шешуге арналған қолданбалы программалық жабдықтардың пайда болуы, мынаған алып келеді, яғни саланың нақты бір есебі үшін программа алдын-ала бар компанентерден жиналады және оның орындау реті осы берілген есептен тәуелсіз болады;*
- *Программалауға дейін ақпараттық модельді жеткілікті деңгейде еркшелеудің мүмкін еместігі нәтижеде ақпараттық модельді нақтылау және қадамдарға бөлу есептеу тәжірибесімен бір мезгілде жүргізіледі [4,88].*

Сонымен бағдарламалауды оқытуда мұғалім әрбір нақты оқушымен ұтымды қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Оқу үрдісіндегі компьютердің ықпалының белсенділігі, яғни оқушымен де мұғаліммен де өзара әрекетте болғандықтан жоғары екендігі белгілі. Бұл жағдайда оқушының танымды іс-әрекетінің белсенділігі артады. Информатика пәнінің ОБП бөлімін оқып үйренуде, ОБП әдіснамасын меңгеру, белгіліпрограммалау тілдері арқылы ОБП техникалық икемділігін игеру және оқушылардың жалпы білімдік деңгейі іске асырылады.

Әдебиеттер

1 Қойбағарова Т.Қ., Ельтинова Р.А. Информатиканы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. I-II-бөлім. Павлодар: ПМПИ, 2012.-I-бөлім. 195 бет. II -бөлім. 214 бет.

2 С.А.Абрамов, Г.Г.Гнездилова, Е.Н.Капустина, М.И.Селюн. Задачи по программированию, М., Наука, 1988г. с 250-259.

3 Синицын, С.В. Программирование на языке высокого уровня: учебник для студ. высш. учеб. заведений / С.В. Синицын, А.С. Михайлов, О.И. Хлытчиев. – М.: Издательский центр "Академия", 2010 – 400с.

4 Давыдова Н.А. Программирование. Учебное пособие / Н.А.Давыдова. – М.:БИНОМ, Лаборатория знаний, 2012 – 239с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЛГОРИТМДІК ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Байзакова С. С.
Амангелдиев Ә.А.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
e-mail: saule_alikosh@mail.ru

Аннотация: в статье рассматриваются современные различные методы, способы и программы для развитие алгоритмического мышления учашихся.

Ключевые слова: алгоритмическая система, алгоритмическое мышление, аналитическое мышление, теоретическое мышление

Annotation: The article considers modern various methods, methods and programs for the development of students' algorithmic thinking.

Key words: algorithmic system, algorithmic thinking, analytical thinking, theoretical thinking

Біздің елімізде қазіргі кезде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі – оқытудың дәстүрлі түрінен жаңа педагогикалық технологияларға ауысу. Бұл үрдіс жаңа білім парадигмасының қалыптасуына әкеледі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алуарқылы дамуын қоятынын баршамыз да түсіндік. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев: “Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады.

Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет". Елбасы сөзі отандық педагогтарды қамшылауда. Қазір біздер оқытудың жаңа технологияларын меңгеру, білім беруді ақпараттандыру, әлемдік коммуникациялық желілерге қосылу арқылы оқыту мазмұнын жаңартудамыз.

Ойлау қабілеті адамның танымдық процесстерінің эволюциялық және тарихи дамуының тәжі. Ұғымдық ойлаудың арқасында адам сезу, қабылдау және ұсыну сияқты төменгі деңгейлі танымдық процесстер мүмкіндіктерімен шектелген өзінің болмысының шекарасын кеңейтті. Біздің объективті шындықты тануымыз сезу және қабылдаудан басталады. Бірақ таным сезу және қабылдаумен аяқталмайды. Сезу мен қабылдаудан ойлауға өтеді. Ойлау сезу мен қабылдаудың мәліметтерінің арақатынасын белгілейді – салыстырады, қатынастарын ашады, ажыратады. Ойлау болмысты оның байланыстары және қарым-қатынастары арқылы көрсетеді. Ойлау – әлеуметті уағдалы, тілмен үздіксіз байланысты танымдық психологиялық процесс, ол қоршаған шынайылықтағы объектілердің арасындағы қарым-қатынастын және байланыстын жалпыланған және жанама бейнесі арқылы сипатталады. Ойлау – күрделі және көпжақты психикалық іс-әрекет, сондықтан ойлау түрлерін бөлу түрлі негіздеме бойынша жүзеге асырылады [1, 29].

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаев былай деген: «Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау – жанның өте бір қиын,терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде ,сақтықпен басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек».

Информатиканы оқытудың мақсаты алгоритмдік, жүйелік және аналитикалық ойлауды, яғни теориялық ойлауды дамыту болса, біз өзіміз үшін педагогикалық әсер ету объектісін анықтап алуымыз керек және тек білім, білік және дағдынын ғана қалыптастырып қана қоймай тұлғаға, оның психологиялық сипаттамасына әсер етудің кәсіби құралдарын табуымыз қажет. Мұғалім ойлаудың тәуелсіз және дара еместігін, оның «тұлға» бүтін жүйесінің элементі екенін түсініп, әрдайым есте сақтауы қажет.

Сонымен қатар, информатиканы оқыту барысында ойлау – ақыл-ой процессі, қабылданған ақпаратты түсіндіру процессі екенін ескеріп, түсіну керек. Бұл біржей қабылданған ақпарат түрліше түсініледі, яғни ойлау үдерісі барысында қабылданған ақпаратты түсіндіру бірнеше факторға байланысты: жасы, білім беру, дүниетаным, өмірлік тәжірибе және т.б.

Мұғалім ойлау іс әрекеті «өзіне» және сыртқа бағытталуы мүмкін. Біріншісін шартты түрде «ішкі ақпараттық ағым» деп атайық, ал ауызша түрде айтылған екіншісін «сыртқы ақпараттық ағым» деп атайық. Сыртқы және ішкі ақпараттық ағымдарды үдеріс ретінде қарастыруға болады, яғни ойлау мен сөйлеудің динамикалық модельдерін тұрғызуға болады. Онда «сыртқы ақпараттық ағым» деп ақпаратты біздің жадыдан шығару үдерісін және ақпаратты ұсыну тәсілдерін түсінуге болады.

Информатика мұғалімі информатиканы оқытудың мазмұнын және әдістемелік жүйені дамытудың заманауи кезеңінде ойлау тәсілдерін өзгерту үшін және өзі үшін келесіні анықтау қажет: мен информатика мұғалімімін, информатика сабағы барысында сабақты ұйымдастырғым келеді, қандай міндеттерді таңдаймын, оқушыларға не айтамын, үйге қандай тапсырма беремін, оқушылардың өзара әрекеттестігін қалай ұйымдастырамын және т.с.с.

Яғни, егер мұғалім өзіне: мен тұлғаны революциялық дамытуға «талпынамын», бұл үнемі болатын білім, білік және дағды қалыптастыруға бағытталған менің мақсатты әрекеттерімнің жанама өнімі ретінде танылатын эволюциялық дамыту емес. Онда ол ақпараттық технологияларды оқыту әдістемесімен бірге информатика ұғымын қалыптастыру әдістерін және жүйелік немесе теориялық ойлауды дамыту әдістерін меңгеріп, оларды білім, білік және дағдыны қалыптастыру әдістерімен бірге пайдалануы тиіс. Бұл әбден мүмкін, бірақ дегенмен жаңа әдістерді меңгеру үшін белгілі уақыт және күшті қажет етеді. Маңыздысы, бұл әрекеттердің жақын арада бағдарламалық материалды оқу жағынан, сонымен қатар оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру тұрғысынан, білім беру үдерісінің сапасын жақсарту тұрғысынан нәтижесін көрсететіні [2, 95].

Информатиканың бастауыш мектепте пайда болуы таң қаларлық емес, өйткені бастауыш мектеп оқушыларының жасында балалардың ойлау стилі қалыптасады. Сондықтан осы кезеңнен педагогикалық мәселені көтеру және оны шешу дұрыс. Егер нақты техникада жұмыс істеу дағдысын тікелей жұмыс орынында ғана қалыптастыруға болса, ойлау қабілетін белгілі табиғатпен анықталған мерзімде дамытылмаса, ол сол қалпында қалады. Ойлауды дамыту жұмысы кешіктірілсе – бұл қайта оралмайды. Сондықтан балаларды заманауи ақпараттық қоғамдағы өмірге дайындай үшін бірінші кезекте логикалық және алгоритмдік ойлауды, талдау және синтездеу (жаңа схемалар, құрылымдар және модельдер құру) қабілетін дамыту қажет. Ескеретіні оқытудың мұндай технологиясы ата-аналар немесе мектептің мүмкіндіктеріне тәуелді болмай қолжетімді болуы тиіс.

Көп жағдайда информатиканы оқытудың ойлауды дамытудағы ролі адамға тән ұғымдық ойлауға сүйенетін модельдеу және жобалау әдістемесінің, әсіресе объектілі-бағдарланған модельдеу және жобалау саласындағы заманауи зерттеулермен байланысты. Кез келген пәндік сала үшін ұғымдар жүйесін атап көрсету, оларды атрибуттар және әрекеттер жиынтығы түрінде ұсыну, әрекеттер алгоритмін және логикалық қорытынды схемасын сипаттау біліктілігі адамның осы пәндік саладағы бағыт-бағдарын жақсартады және оның жетік ойлауы туралы көрсетеді [3, 32].

Информатика курсы, математика курсының бір бөлігі ретінде қарастыруға болады, оның негізгі мақсаты – оқушылардың алгоритмдік ойлау негіздерін қалыптастыру. Алгоритмдік ойлау қабілеті деп қалаулы нәтижеге жету үшін әрекеттер жоспарын құруды қажет ететін түрлі есептерді шешу түсініледі.

Бейнелі және логикалық ойлаумен қатар әрекеттер тізбегін көрсету ретінде қарастырылатын алгоритмдің ойлау адамның зияткерлік қуатын, оның шығармашылық потенциалын анықтайды. Жоспарлау дағдысы, өз

әрекеттерін нақты және толық сипаттау әдеті оқушыларға шығу тегі түрлі есептерді шешу алгоритмдерін құрастыруға көмектеседі. Алгоритмдік ойлау әлемге деген ғылыми көзқарастың қажетті бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, ол одан да кең мағынадағы пайдалы жалпы ойлау дағдыларынан тұрады. Оларға, мысалы, есептерді кіші есептерге бөлу жатады.

Мектеп оқушысын алгоритмикаға оқыту үшін бүтін сандармен арифметикалық операцияларды орындау біліктілігі керек.

Оқушыларды алгоритмдік ойлау негіздеріне оқыту орындаушы ұғымына негізделеді. Бұл ұғым соңғы уақытта информатика мұғалімінің күнделікті қолданысына енген және көптеген курстар осы тәсілдемеге негізделген. Орындаушыны батырмалар жиынтығымен қамтамасыз етілген робот түрінде қарастыруға болады. Әрбір батырма робот орындай алатын бір әрекетке сәйкес келеді. Батырманы басу роботтың белгілі бір әрекет орындауына алып келеді. Робот белгілі ортада әрекет етеді. Орындаушыны сипаттау үшін ол әрекет ететін ортаны және әрбір батырма басылғанда орындалатын әрекеттерді анықтау қажет. Орындаушыларды енгізудің негіздемесі – есеп. Информатикада қолданылатын орындаушылар дәстүрлі. Алгоритмдік ойлау логикалық ойлауға тән кейбір қасиеттерге ие болады, бірақ қосымша қасиеттерді қажет етеді. Оларға қойылған есепті шешу үшін қажет реттелген әрекеттерді табу біліктілігі және бастапқы есепті шешуге алып келетін қарапайым есептерді берілген есептен табу. Логикалық ойлаудың болуы міндетті емес, бірақ алгоритмдік ойлау болуы тиіс.

Қазіргі уақытта балалардың алгоритмдік ойлау қабілетін дамытуға арналған көптеген бағдарламалар бар. Үнемі дамыту сабақтарын өткізу барысында, жүйелі ұйымдастырылған қызықты тапсырмаларды орындау кезінде алгоритмдік ойлау, өзбетінділік сияқты қымбат қасиеттерді қалыптастыру үшін қолайлы жағдай құрылады. Компьютерлік жаттығулар сабақ түрлерінің бірі, ол барлық сабақтар бойынша жасалып, сабақтың апофеозы болуы тиіс. Кез келген информатика сабағында компьютерлік және компьютерлік емес фрагменттер болуы тиіс. Олардың дұрыс үйлесімділігі әдістемелік және эргономикалық талаптармен анықталуы тиіс [4, 66].

Көптеген үйретуші бағдарламалар белгілі дағдыны қалыптастыруға бағытталып, жобаланатындығына қарамастан, сабаққа кірістірілген компьютерлік бағдарламаларлар көпмақсаттылық әдістемелік жүктемеге ие болуы тиіс. Шынымен-ақ, көптеген оқытудың бағдарламалық құралдарында әртүрлі педагогикалық бағыттар қиылысады.

Әдебиеттер

1. А.Рахымбек. Оқушылардың логика методологиялық білімдерін жетілдіру. Алматы. РКБ, 1998ж.,82 бет
2. Б.Байжұманов. Оқушылардың психикалық даму ерекшеліктері. Бастауыш мектеп, №12, 1998ж.,11 бет
3. Полат Е.С. Білім саласындағы жаңашыл мұғалімдердің ақпараттық технологиялары. «Академия», 1999 ж.
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007, 163 бет
5. Л.Л.Босова, А.Ю.Босова, Ю.Г.Коломенская. Занимательные задачи по информатике. – М.:Бином, 2006. — С. 147-151.

ФОРМИРОВАНИЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ О ДОБРОЖЕЛАТЕЛЬНОМ ОТНОШЕНИИ К ЛЮДЯМ У СТАРШИХ ДОШКОЛЬНИКОВ

Дуйсекова А.А.
Дүйсенбай Г.Ж.
АрқМПИ, Арқалық
Asel_duisekova@mail.ru

Андатпа: мақалада мектеп жасына дейінгі балаларда адамдарға деген ізгі қарым-қатынас түсініктерін қалыптастыру мәселелерін ғылыми түрде сараптау берілген, көркем әдебиет 5-7 жастағы балаларда осындай түсініктерді дамыту құралы ретінде қарастырылады

Abstract: The article presents a scientific analysis of the problem of forming ideas about a friendly attitude towards people among preschoolers. Fiction is considered as a means of developing such ideas in children 5-7 years old.

Ключевые слова: түсінік, ересек топ, қарым-қатынас.

Keywords: explanation, adult group, communication.

Происходящие изменения в обществе диктуют новые требования к системе дошкольного образования. Успешная социализация ребенка в дошкольный период жизни, формирование духовно-нравственного отношения к окружающему миру — являются важнейшими задачами образовательного процесса в дошкольных организациях. Сегодня перед дошкольной педагогикой открывается ряд новых, актуальных задач по поиску эффективных путей и средств формирования взаимоотношений, влияющих на становление общественно ценных качеств личности ребенка и определяющих его поведение в обществе.

Доброжелательные отношения, открывая ряд общечеловеческих ценностей, являют собой ту основу, без которой невозможно нравственное и духовное развитие человека. Такие отношения основаны на гуманном взаимоотношении между людьми, а их конкретные проявления во всех сферах жизни, от повседневного общения в быту, до социальных процессов в масштабах страны – критерии нравственного здоровья общества.

На этапе дошкольного детства у ребенка возникает интерес к области человеческих отношений, желание их постигнуть. Поэтому столь важно обеспечить формирование у дошкольника представлений о доброжелательности, отзывчивости, внимательности, заботливости, справедливого отношения к окружающим людям, приобщить их к социальным ценностям.

Проблема формирования представлений о доброжелательном отношении к людям изучалась в отечественной педагогике в разных направлениях. Однако изучение научных работ отечественных и зарубежных педагогов и психологов по проблеме формирования доброжелательного отношения к людям показало, что большинство исследований было посвящено таким средствам как сюжетно-ролевая игра, моделирование проблемных ситуаций и др. Новизна данного исследования заключается в

рассмотрении художественной литературы, как средства формирования представлений о доброжелательном отношении к людям.

Педагоги и психологи рассматривали множество средств формирования представлений о доброжелательном отношении к людям. Например, Л. С. Выготской рассматривал ролевую игру в качестве кооперативной деятельности, в процессе которой у детей формировались представления о доброжелательном взаимоотношении между людьми в обществе [2]. В этом его точка зрения сходится со многими отечественными исследователями, которые придают сюжетно-ролевым играм важное значение в обеспечении дружеских взаимоотношений детей, поскольку именно в игре ребенок сталкивается с необходимостью согласовывать свои действия с другими, подчиняться правилам, оказывать помощь. М.С. Каган отмечает, что активность детей в совместной деятельности всегда имеет определенную направленность. По мнению ученого, эта активность направлена прежде всего на познание, оценивание и преобразование объектов и общение со взрослыми для достижения цели [3]. Однако среди всех исследований, мало тех, что посвящены применению художественной литературы в качестве средства формирования представлений о доброжелательном отношении к людям.

Художественная литература является одним из важных средств, условий и факторов развития дошкольников. В поэтических образах художественная литература открывает и объясняет ребенку жизнь общества и природы, мир человеческих чувств и взаимоотношений. Художественная литература вызывает интерес к личности и внутреннему миру героя. Научившись сопереживать героям произведений, дети начинают замечать настроение окружающих их людей. В детях пробуждаются гуманные чувства – способность проявлять участие, доброту, протест против несправедливости. Е.А. Флерина рассматривает понятие «восприятие литературного произведения», как активный волевой процесс с воображаемым перенесением на себя событий, «мысленным» действием с эффектом личного участия. Это определение обосновывает возможность применения художественной литературы, как средства формирования представлений детей о доброжелательном отношении к людям [6].

На основе литературных произведений, примеров из жизни у детей формируются нравственные суждения и оценки. Дети дошкольного возраста способны проявить симпатию (антипатию), сочувствие и переживание другому человеку. Художественная литература незаменима как средство формирования представлений о доброжелательном отношении к людям, так как человек в ней является главным предметом. Даже все остальное изображенное в ней – природа, животные, вещи –приобретают свой смысл исключительно в соотношении с жизнью, характерами людей, их мыслями, чувствами, переживаниями.

Использование художественной литературы в качестве средства формирования представлений о доброжелательном отношении к людям необходимо начать с выбора произведений для чтения детям. При отборе книг надо учитывать следующие критерии: 1. Идейная направленность

детской книги. Идейность обусловливает соответствие поставленной задаче – дать детям представления о доброжелательном отношении к людям. Моральный облик героя также определяет идейность книги. 2. Высокое художественное мастерство, литературная ценность. Критерием художественности является единство содержания произведения и его формы. 3. Доступность литературного произведения, соответствие возрастным и психологическим особенностям детей. При отборе книг учитываются особенности внимания, памяти, мышления, круг интересов детей, их жизненный опыт. 4. Сюжетная занимательность, простота и ясность композиции. 5. Разнообразие библиотеки. В ней обязательно должны быть произведение различных жанров: сказки, рассказы, повести, сказки, поэмы, лирические и шуточные стихи, загадки.

В процессе ознакомления детей с художественным произведением, педагог, для эффективности своей работы должен сочетать различные методы, приемы и средства работы с детьми. В современной педагогике, они классифицированы на несколько групп. Словесные методы являются основным и включает в себя само чтение произведения, индивидуальные и групповые вопросы к детям по содержанию произведения, пересказ текста, заучивание наизусть стихотворения, потешки, беседа по произведению и многие другие. Игровые методы включает в себя проведение игры-драматизации, дидактические и развивающие игры. Наглядные методы включают в себя показ иллюстраций, элементы инсценировок, показ когнитивных схем, просмотр видеофильмов, диафильмом.

Художественная литература может эффективно использоваться в качестве средства формирования представлений о доброжелательном отношении к людям при условии грамотного отбора художественных произведения. Для эмоционального восприятия различных ситуаций, связанных с проявлением доброты, получения ярких образных впечатлений в арсенале педагога есть множество приемов, ключевым из которых является беседа. Проведение бесед включает в себя специально скомпонованные вопросы. Вопросы к детям должны быть связаны не только с содержанием литературного произведения, но побуждать детей к рефлексии своего личностного опыта, пробуждать эмоционально-ценностное отношение к поступкам героев, связанное с проявлением доброжелательных отношений. Для успешного формирования представлений о доброжелательном отношении к людям необходимо комплексно сконструированная и системно реализующаяся педагогическая работа, неразрывно связанная с возрастными ценностями дошкольников, одной из которых выступает природная эмоциональность детей.

Литература

1. Бабаева, Т.И., Римашевская Л.С. Как развивать взаимоотношения и сотрудничество дошкольников в детском саду. Игровые ситуации, игры, этюды. М.: Детство-Пресс, 2012.
2. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. - М., Просвещение, 2009.

3. Ежкова Н.С. Дошкольная педагогика. - М.: Юрайт. 2016.
4.Ежкова Н.С. Педагогическая поддержка эмоционального развития детей дошкольного возраста. – Тула: Изд-во ТГПУ им. Л.Н.Толстого, 2015.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Байзакова С. С.
Жанжігіт Б.Б.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
e-mail: saule_alikosh@mail.ru

Аннотация: в статье рассматриваются современные методики обучения информатики в начальном классе, требования к учителю по разным видам обучения, особенности организации урока информатики.

Ключевые слова: пропедевтический курс, алгоритм, логика, игры, творческая способность, проблемное обучение.

Annotation: The article deals with the modern methods of teaching informatics in the primary class, the requirements for the teacher for various types of training, and the specifics of organizing an informatics lesson.

Key words: propaedeutic course, algorithm, logic, games, creative ability, problem-based learning.

Елімізде ақпарат ағымы қарқындап, ғылым мен техниканың өркен жаюы өмірге келген баланың даму, өсу, қалыптасу жолын ерекше қарастыруды талап етеді. Сондықтан бүгінгі күнгі еліміздің білім жүйесінде оқыту үрдісін тың идеаларға енгізілген жаңа мазмұнға қамтамасыз ету міндеті тұр. Жалпы орта білім берудің жалпы ұлттық деңгейдегі басты мақсаты- Қазақстан Республикасын әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуға дайын, құзіретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету.

Қазіргі өмір талабына сай компьютерлік сауаттылықты жылдам дамыта отырып, педагогикалық – психологиялық әдістемелік бастапқы дайындықты қалыптастырмайынша, балалар өз білім деңгейлерін көтере алмайды. Сол себепті информатика пәнін бастауыш сыныптан бастап енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бастауыш сыныптарының оқушылары қазіргі өмір ағымына деген көзқарастарының жан- жақты жоғары дәрежеде дамуына байланысты информатика пәнін жеңіл және тез меңгеруде. Информатикалық қоғамда балаларды жұмыс істеуге дайындау үшін алдымен логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, өзара қарым-қатынасқа үйрету керек. Психологтардың айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 5-11 жаста қалыптасады. Бұл жастағы баланың алгоритмдік ойлау стилі өз жасына сай информатиканы үйренуге қолайлы. Олардың психологиялық өзгерістері, іске іштей жоспар құра білуі қалыптасып, оқытуға жақсы жағдай туғызады [1, 38].

Информатика пәнінің пропедевтикалық курсын бастауыш сыныптан бастап оқытуға болатындығы және оның тиімділігі дүниежүзілік тәжірибе негізінде дәлелденіп отыр.

Ғалымдардың, практик-мұғалімдердің пікірінше, бұл курсты бастауыш сыныптарда оқытуға негіз болатын факторлар мыналар:

- бастауыш мектеп оқушысын ақпараттық қоғамға бейімдеу;
- ерте жастан балалардың ақпараттық ойлау қабілетін дамыту;
- бастауыш мектеп оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыра отырып, әлемдік ақпараттық білім кеңістігіне даярлау.

Бастауыш сыныптағы информатиканың пропедевтикалық курсының негізгі бағыттары төмендегідей:

*1) Қолданушылық***.** Мұнда оқушылар компьютермен алғаш танысып, оқу, ойындық және бастауыштағы пәндер мазмұнына құралған жаттықтырушы бағдарламалар негізінде компьютерлік сауаттылықтары қалыптасады. Бұл бағытты қолданушылардың пікірінше, баланың компьютерлік сауаттылықты меңгеруі – бұл сабақта және сабақтан тыс кезде компьютерді өз қажетіне қарай еркін пайдалана білуі, сондай-ақ техникаға сауатты, ұқыпты қарауы.

Қолданушылық бағыттағы пропедевтикалық информатиканы меңгеру нәтижесінде оқушыларда төмендегідей білім мен іскерліктер қалыптасуы тиіс:

- *оқу, ойын бағдарламаларымен жұмыс істей білу;*
- *программалармен жұмыс істеу кезінде бағдарламалық құжаттарды пайдалану;*
- *программамен жұмыс істеуге машықтану: программаны еңгізу, керектісін табу, өз бетімен жұмыс істеу.*

2) Ақпараттық-логикалық. Бұл бағыт бойынша оқыту біріншіден, оқушылардың қоршаған ортаның элементтерін танып, оларды ажырата білу қабілеттерін дамытса, екіншіден, ойлау, есте сақтау қабілеттерімен қатар байқағыштығын, зейінін, берілген тапсырманы орындаудың оңтайлы, тиімді жолын таба білу қабілетінің дамуына әсері мол. Психологтардың зерттеуінше, ойлаудың логикалық құрылымының негіздері 5-11 жас аралығында қалыптасады. Сондықтан да алгоритмдік ойлау қабілеттерін барынша ерте жастан қалыптастыру қажеттігі өзінен-өзі туындайды.

3) Шығармашылық. Бұл бағыт бойынша оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашу, үздіксіз білім алуға дайындаудың тиімді жолдарын іздестіру. Басты мақсаты – оқушы зерттеуші есебінде ұжымдық жобаны жасақтауға және оны іске асыруға қатысады.

4) Дәстүрлі курсқа информатика элементтерін қосу. Ғалымдардың зертеулері бойынша оқу процесінің тиімділігін арттыруда ақпараттық технологиялардың рөлі зор. Бүгінгі күні психологтар мен педагогтар оқу процесінің тиімділігін арттырудың негізгі тәсілі ретінде төмендегі шарттарды ұғынады:

1) Проблемалық оқытуды қолдану.

2) Алгоритмдік оқыту.

3) Оқытуды ақпараттандыру.

4) Пәнаралық кіріктіру.

Информатика пәні баланың техника құлағында ойнап отырған өз замандастарынан кем болмауы үшін қажет. Кез келген пәнді үйретудің әдістемелік негізі 5 компоненттен тұрады. Олар:

- мақсат;
- мазмұн;
- әдістер;
- қажетті құрал-жабдық;
- оқыту формасы.

Информатика үшін қазір оқыту әдістерінің жолдары жаңаруда [2,11].

Бастауыш сыныптарда информатика курсының мақсатын төмендегідей сипаттауға болады:

1. *Компьютерлік сауаттылықты ашудың бастау негізі.*

2. *Ойды логикалық түрде дамыту.*

3. *Алгоритмдік білімді жетілдіру мен мақсатты шешудегі жүйелілік.*

4. *Компьютерді үйренудің оңай жолдарын іздеу.*

Информатиканы үйренуді бастаған кезде алгоритмдеу негіздерін жоғары сыныптарда берілді. Бүгінде тәжірибе көрсеткендей, бұл мәселені бастауыш сыныптардан бастаған жөн. Бастауыш сынып оқушысының алгоритмдік ойлау стилі өз жасына сай информатиканы үйренуге өте қолайлы. Олардың психологиялық өзгерістері, іске іштей жоспар құра білуі қалыптасып, оқытуға жақсы жағдай туғызады.

Бастауыш мектепте компьютерді пайдаланған кезде санитарлық-гигиеналық талаптарға зор мән беріп, компьютерлік сынып ережелерін қатаң сақтаған жөн. Мысалы, сыныптан кіріп-шығуға мұғалім рұқсат береді. Әрбір оқушы өз тобына тағайындалып берілген жұмыс орнынан ауыспауы керек, яғни сынып белсенділерін сайлау, компьютерді және оған қосылған басқа құрылғыларды да іске қосуға, өшіруге рұқсат етілмейді, оны мұғалім атқарады және де компьютерге компакт-дискілерді салуды, алуды мұғалім жүргізеді.

Компьютерлік сыныпта оқушылардың өздері және көздері шамадан тыс шаршамас үшін 1-4-сынып оқушыларының компьютерді үздіксіз жұмыс істеу уақыты 10-15 минуттан аспауы тиіс. Балалардың көздері талмас үшін компьютерде жұмыс істеп болған соң, олармен көзге арналған арнайы жаттығулар жасауы керек, жаттығуларды балалар экранға қарамай тұрғанда, қалыпты күйде демалдырып, көз қозғалыстарын барынша үлкен етіп орындауға тырысуы керек. Балаларға қызықты болуы үшін жаттығулар ойын түрінде орындалады.

Бастауыш сыныптарда бала үшін – оқудың негізгі саласы ойын болып табылады. Ойын және ойын жағдайлары баланың жан-жақты ой-өрісінің дамуына да, тәрбиесіне де әсер етеді. Сонымен бірге әр түрлі педагогикалық мәселелерді шешуге көмектеседі. Информатиканы ойын әдістемелері негізінде өткізу өте пайдалы. Себебі бұл өзіне барлық жұмыс түрлерін қосып баланың шығармашылықпен жұмыс істей білуіне, ой-өрісінің дамуына кең мүмкіндік береді.

Адамның тұлғалық қалыптасуы – үздіксіз және күрделі процесс. Ол білім алудың белгілі бір сатысымен шектелмейді. Бүгінгі таңда, демек болашақта да білім қажеттілігі адамның белсенді өмірін қамтиды. Сондықтан жастардың бүгінгі білімі – болашақта өз білімін жетілдірудің және өз бетімен білім алуларының тек қана негізі. Мұнан шығатын қорытынды – оқушыларды үздіксіз білім алуға дайындаудың тиімді жолдарын іздестіру [3,32].

Бастауыш сынып мұғалімінің негізгі міндеті – бастауыш сыныпта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Мұндағы басты мақсаты – оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашу.

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны тұжырымдамасында: "бірінші кезекке, бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылады", - делінген.

Адамның тұлғалық қалыптасуы – үздіксіз және күрделі процесс. Ол білім алудың белгілі бір сатысымен шектелмейді. Бүгінгі таңда, демек болашақта да білім қажеттілігі адамның белсенді өмірін қамтиды. Сондықтан жастардың бүгінгі білімі – болашақта өз білімін жетілдірудің және өз бетімен білім алуларының тек қана негізі. Мұнан шығатын қорытынды – оқушыларды үздіксіз білім алуға дайындаудың тиімді жолдарын іздестіру.

Информатика пәнін оқытудың әдістемелік жүйесінде қазіргі кезде елеулі өзгерістер болып жатыр. Егер бастауыш мектепте информатика курсы алғашқы кезде алгоритмдер және ақпараттық техналогияларды үйретуге бағытталған болса, қазіргі кезде маңызды сәті болып жүйелік-ақпараттық әдістеме негізінде құрылған әлемдік көз қарастың қалыптасуы болып келеді. Ол үшін жанданған әдістеме құру қажет, оның орталық мәселесі болып өмірдің жүйелік-ақпараттық сипаттамасын қалыптастыру болып отыр [4, 18].

Әдебиеттер

1. К.Ж.Бұзаубақова Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004
2. Информатика негіздері. № 8.
3. Мыңжасарова М.Ж. Бастауыш сынып оқушыларына информатиканы оқытудың ерекшеліктері // Бастауыш мектеп.-2012. № 10.
4. Қ.А.Сарбасова. Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру. Қарағанды, 2005(7).

КОМПЬЮТЕРДІҢ АРИФМЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жамалова С.А.
Жиенбек Г.А.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ

Аннотация: В статье рассматриваются арифметические основы компьютера, а также рассматриваются системы подсчета.О том, как распределяются типы систем счисления, речь идет о том, как она влияет на электронные вычислительные машины.

Ключевые слова: Система отсчета, позиционный отсчет,не позиционный, арифметический подход.

Annotation: The article discusses the arithmetic basis of the computer, as well as the counting system.About how types of number systems are distributed, we are talking about how it affects electronic computers.

Keywords: Frame of reference, positional reference, non-positional, arithmetic approach

XXI ғасыр –ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адам денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогресиің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаң кезеңіне енді.Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімеу.

Информатика мен программалау негіздерін оқытуда санау жүйелері туралы білімнің қажеттілігі туады. Қазіргі кездегі біздің қолданып жүрген санау жүйелері б.э.д. 400 жылдар шамасында өмір сүрген үнді математигінің ашқан ілімінің негізіне сүйенеді. Арабтар б.э.д.800 жылдарда араб санау жүйесі деп аталатын жүйені қолданған, ал б.э.д. 1200 жылдары бұл жүйені европада пайдалана бастады және бұл жүйе ондық санау жүйесі деген атпен барлық жерде қолданылады.

Сан, санға қатысты амалдар математиканың ғана емес, информатика пәнінің де негізі болып табылады. Сандарды арнайы символдар көмегімен бейнелейміз. Сандар атауы және жазу тәсілі санау жүйелері деп аталады.

Ақпаратты кодтау барысында санау жүйесі түсінігімен кездескенбіз. Бұл бөлімде біз, сан ұғымының, компьютердегі атқаратын кызметі маңызды болғандықтан санау жүйесін жан-жақты карастырамыз.

Сан түсінігі — математикадағы сияқты информатикада да негізгі ұғым. Бірақ, егер математикада сандарды өңдеу әдістеріне көп көңіл бөлінетін болса, онда информатикада сандарды ұсыну әдістерін айналып өтуге болмайды, өйткені тек осы арқылы ғана жадының қажетті көлемі, есептелу жылдамдығы мен жіберетін қатесі анықталады.

Санаужүйесіекітопқабөлінеді: позициялық жәнепозициялықемес.

Позициялық емес санау жүйесінде әрбір цифрдың мәні оныңалатын орнына байланысты емес. Мұндай санау жүйесінің мысалы ретінде римдік жүйені алуға болады. Осы жүйеде жазылған XXX санында X цифры кез келген позицияда 10-ды (онды) білдіреді.

Позициялық емес санау жүйесінде арифметикалық әрекеттерді орындау біраз қиын болғандықтан, бүкіл дүние жүзі біртіндеп позициялық санау жүйесіне ауысты. Позициялық санау жүйесінің негізі деп жүйедегі пайдаланылатын цифрлар санынайтады.

Біз сандармен жұмыс істегенде тек қана бір ондық санау жүйесін қолдануға дағдыландық. «Ондық» деп аталуы былай түсіндіріледі: бұл жүйенің негізінде он негізі жатыр. Бұл жүйеде санды жазу үшін он цифр қолданылады: — 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.

Ондық жүйе позициялық болып табылады, өйткені ондық санды жазуда цифрдың мәні оның позициясына немесе санда орналасқан орнына байланысты.

Санныңцифрынабөлінетіннозицияны разряд депатайды [1.5].

Мысалы, 425 жазуы 4 жүздіктен, 2 ондықтанжәне 5 бірліктентұратын сан екенін білдіреді. 5 цифры - бірліктерразрядында, 2 - ондықтар разрядында, 4 – жүздіктер разрядында тұрады.

Егер осы цифрларды басқа ретте жазатын болсақ, мысалы, 524, онда сан 5 жүздіктен, 2 ондықтан және 4 бірліктен тұрады.

Компьютерде, әдетте, ондықемес, позициялық екілік санау жүйесі, яғни негізі 2 болатын санау жүйесі қолданылады.

Екілік жүйеде кез келген сан екі 0 және 1 цифрларының, көмегімен жазылады және екілік сан депаталады.

Тек қана 0 және 1 цифрларынан тұратын екілік сандыондық саннан ажырату үшін екілік санды жазуда екілік санау жүйесінің индексіне белгі қосылады, мысалы, 110101,1112 .

Екілік санның әрбір разрядын (цифрын) бит деп атайды. Екілік жүйенің маңызды құндылығы — цифрларды физикалық берудің қолайлылығы (мысалы, 1 цифрына электр кернеуінің бар болуы, ал 0 цифрына электр кернеуінің жоқ болуы сәйкескелуі мүмкін) және екілік сандармен арифметикалық және логикалық операцияларды орындауға арналған компьютер аппаратурасының, дәлірек айтқанда, арифметикалық және логикалық құрылғысының күрделілігінде болып та былады.

Сандарды көшіру ережесі. Екілік жүйенің елеулі кемшілігі — мұнда санды жазу үшін 0 және 1 цифрлары көп пайдаланылады. Бұл адамның екілік санды қабылдауын қиындатады. Мысалы, 156 ондық санының екілік жүйедегі түрі мынадай: 10011100. Сондықтан екілік жүйе әдетте компьютердің «ішкі қажеттілігі» үшін қолданылады, ал адамның компьютермен жұмыс істеуі үшін үлкен санау жүйесі тандалады. Бұлкездесегіздікнемесе он алтылықжүйелержиіқолданылады, өйткені кейін көрсетілетіндей, осы екі жүйелердің және екілік жүйенің арасында санды бір жүйеден басқаға ауыстыруды жеңілдететін карапайым байланыс бар.

Әрбір коэффициент пен екінің дәрежесінің көбейтінділерінің қосындысын табу қажет.

Екілік санау жүйесін компьютерден тыс жерде қолдану өте қолайсыз екенін атап өттік. Мысалы, 89512810=11011010100010011000 2.

Екілік санды жазуды қысқарту үшін негізі 16 болатын санау жүйесі қолданылады. Бұл жүйені он алтылық санау жүйесі деп атайды.

Он алтылық позициялы санау жүйесінде санды жазу үшін ондық санау жүйесінің цифрлары 0, 1,2, 3,4, 5, 6, 7, 8, 9 және жетпейтін алты цифрды белгілеу үшін ондық сандарының мәні 10, 11, 12, 13, 14 және 15 болатынсәйкеслатыналфавитініңалғашқыүлкен әріптері: A, B, C, D, E, F қолданылады. Осылайша ондық жүйенің барлық цифрлары және сонымен қатар, латынның алты әріптері он алтылық жүйенің -«цифрлары» болыптабылады.

Ондық жүйенің ережесі бойынша арифметикалық амалдарды орындай отырып және A=10, E=14 ескерсек, 3E5A116=25539310 саныналамыз. Ондық жүйеге қарағанда он алтылық жүйедегі санның ықшамды екендігін байқауға болады.

Сегіздіксанаужүйесі, яғни негізі 8 болатын санау жүйесінде сандар сегіз цифрдың көмегімен өрнектеледі: 0, 1,2, 3, 4, 5, 6, 7. Мысалы, 357 сегіздік санында жетібірлік, бес сегіз және үш сегіздің квадраты бар, яғни 3578=3*82+5*8’+7*8, мұнда 357 санының индексі «8» санау жүйесін білдіреді. Жазылған қосындыда ондық жүйенің ережесі бойынша арифметикалық әрекеттерді орындай отырып, 3578=23910 аламыз, яғни 357сегіздік саны 239 ондықсанғасәйкескеледі.

Сандарды бір санау жүйесінен басқа санау жүйесіне ауыстыру қажеттілігі жиі туындайды. Санды екілік, сегіздік немесе он алтылық жүйеден ондық жүйеге ауыстыру жоғарыда көрсетілген [1.7].

Бүтін ондық сандарды екілік санау жүйесіне ауыстыру

Ондық санды екілікке ауыстырған кезде осы санды 2-ге бөлу қажет.

Бір қатарға соңына бөліндіні, одан кейін соңғысынан бастап барлық қалдықтарды жазамыз.

Ауыстыру ережесі. Бүтін оң ондық санды екілік санау жүйесіне ауыстыру үшін осы санды 2-ге бөлу қажет. Алынған бөлінді 2-ден кіші болғанша бөліндіні қайтадан 2-ге бөле береді. Нәтижені бір қатарға соңғы бөліндіні, одан кейін соңғысынан бастап барлық қалдықтарды жазу керек.

Ондық бөлшектерді екілік санау жүйесіне ауыстыру үшін оны 2-ге көбейтіп, бүтін бөліктерді іздеу керек.

Ауыстыру ережесі. Оң ондық бөлшекті екілік санау жүйесіне ауыстыру үшін бөлшекті 2-ге көбейту қажет. Көбейтіндінің бүтін бөлігі екілік бөлшектің үтірден кейінгі бірінші цифры ретінде алынады да, бөлшек бөлігі екіге көбейтіледі. Екілік бөлшектің келесі цифры ретінде осы көбейтіндінің бүтін бөлігін алады, ал көбейтіндінің бөлшек бөлігін қайтадан 2-ге көбейтеді және т.с.с.

Ондық санды он алтылық санау жүйесіне ауыстыру үшін санды 8-дің орнына 16-ға бөлу қажет.

Ондық жүйеден сандарды сегіздік санау жүйесіне ауыстыру үшін екілік жүйесіне ауыстырған кездегі әдісті қолдануға болады.

Өңделетін сан ондық жүйенің ережесі бойынша, 7-ден аспайтын калдықты сақтай отырып, 8-ге бөлінеді. Егер алынған бөлінді 7-ден үлкен болса, онда оны, қалдықты сақтай отырып, 8-ге бөледі. 8-ге бөлу процесі бөлінді нөлге тең болғанша жалғаса береді. Содан кейін соңғысынан бастап барлық калдықтар бір жолға жазылады. Бұл сегіздік жүйедегі қорытынды сан болыптабылады.

Екілік санды сегіздік немесе он алтылық санға түрлендіру процесі өте қарапайым.Кез келген цифрды сегіздік сан түрінде жазу үшін үш екілік цифрлар қажет. Сондықтан түрленетін екілік санды оңнан солға қарай екілік цифрлар тобына үштен бөледі, сол жақтағы цифрлар тобыең аз болуы тиіс.

Екілік жүйеден он алтылық санау жүйесіне жоғарыдағыға ұқсас түрленеді, тек қана айырмашылығы — әрбір түрленетін екілік сан төрт екілік сан бойынша топқа бөлінеді, өйткені он алтылық санның кез келген цифрын жазу үшін төрт екілік цифр қажет.

Санды сегіздік және он алтылық санау жүйесінен екілік санау жүйесіне ауыстыру.

Сегіздік немесе он алтылық санды екілік санға түрлендіргенде, бастапқы санның әрбір цифры үштен (сегіздік сан үшін) немесе төрттен (он алтылық сан үшін) тұратын екілік цифр тобына қарапайым ауыстырумен іске асырылады.

Екілік санау жүйесінде арифметикалық амалдар ондық жүйедегі ереже бойынша орындалады, тек кана айырмашылығы — санау жүйесінің негізі екіге тең және тек екі цифр қолданылады.

Қосу амалын карастырайық. Екілік санды қосу тасымалдау арқылы сәйкес разрядтарды қосуға әкеледі.

Екі екілік санды қосу кезінде мынадай төрт ереже қолданылады:

0+0=0

1+0= 1

0+1= 1

1+1= 10 бірліктерікөрші (үлкен) разрядқатасымалданады.

Мысалы, 101+11 (ондық жүйеде 5+3=8) екі екілік санды қосуды орындаймыз. Жетпейтін нольдерді қосып, амалды бағанада орындаған жөн.

101 + 011 Қосу процесін кезеңмен қарастырайық:

1) Кіші разрядта қосу орындалады: 1 + 1=10. Кіші разрядта қосынды 0 жазылады және бірлік келесі үлкен разрядқа тасымалданады.

2) Келесі сол жақ разрадтың цифрлары және тасымалдың бірлігі қосылады: 0+1+1=10. Бұл разрядта қосынды 0 жазылады және бірлік тағы да келесі үлкен разрядқа тасымалданады [2.2].

3) Сол жақ разрядтың үшінші цифрлары және тасымалдың бірлігі қосылады 0+1 + 1=10. Бұл разрядта қосынды 0 жазылады және бірлік тағы да келесі үлкен разрядқа тасымалданады, т.с.с.

4) Нәтижеде:101

+ 011

1000 алынады.

Қосу — екілік арифметикадағы маңызды амал. Компьютердегі екілік сандармен жүзеге асатын басқа үш амал — азайту, көбейту, бөлу әдетте қосудың көмегімен орындалады.

Екілік санды азайту кезінде:

0-0=0

1-0=1

0-1=1 бірлікті көрші (үлкен) разрядтан аламыз

1-1=0

Екенінескеруқажет.

Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу – тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Мектепте ақпараттық – коммуникациялық технологияны пайдаланып, компьютерді тек әмбебап машина ретінде ғана қарастырмай оның арифметикалық негіздері жөнінде ақпарат беруге болады. Санау тарихынан санау жүйесі жайлық өптеген қызықты ғылыми негізделген материалдармен танысып, оларды информатика пәнін оқытқанда пайдалануға болады.

Әдебиеттер

1. «Информатика негіздері» Ғылыми -әдістемелік журнал№4, 2005 жыл.
2. Омаров А. Ж. «Жаңаинформациялықтехнологиялар»Бастапқы курс. Тараз – 2000 ж.

КЛИЕНТ-СЕРВЕР ТЕХНОЛОГИЯСЫН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Серік М.
Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана
Исахов Е.Н.
Информатика мамандығының IV курс студенті
e-mail:era_issakhov@mail.ru

Аннотация: в статье рассматриваются новые технологии обучении и методы технологии клиентских серверов. Технология клиентского сервера - один из самых важных методов в информатике. Технология клиентских серверов - это уникальный способ подключения компьютеров в локальной сети. При использовании этой технологии компьютерное устройство предоставляет множество возможностей для пользователей сети.

Ключевые слова: технология клиент-сервера,серверные сети, файловый сервер, сервер печати

Annotation: The article discusses new learning technologies and methods of client server technology. Client server technology is one of the most important methods in computer science. Client server technology is a unique way to connect computers on a local network. Using this technology, a computer device provides many opportunities for network users.

Keywords: client server technology, server networks, file server, print server

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз.Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер,технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал жоғары оқу орындары мамандарға қойылатын талаптардың өсуіне байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім беруге жаңа технологиялар енгізеді.Windows жүйесі көп есепті ретінде болып саналады. Бұл, бір уақытта бірнеше есеп шығарылады деген мағынаны білдіреді. Ол шыныменен де солай. Мысалы, ПК-да процессоры Pentium/233 болса және ОЗУ-дың көлемі жеткілікті болса (мысалы, 64 Мбайт), онда интенсивті шығарылатын есепті қосуға болады және фондық режимдегі бір уақытта Word редакторы мен Excel электрондық кестесінде жұмысты жалғастыруға болады. Ал Windows NT жүйесінде бұндай мүмкіншіліктер анағұрлым дамыған және оларға программаларды орындайтын арнайы басқару тәсілдері қосылған.Бірақ та кейде бір уақытта бірнеше есепті қосудың мәні жоқ. Көбінесе, бұндай есептер арасында әрекеттестік болу керек, стандартты механизм негізінде ақпаратпен алмасуы керек, ал ол программисттен бұндай әрекеттестіктің түрін анықтауда, қосымша күш салуды қажет етпеу керек.Ақпаратпен алмасатын

программалар, заң бойынша тең құқылы емес. Оның біреуі сервер ретінде беріледі, ол кері ақпаратты жан-жаққа жібереді (аналог бойынша мәліметтер жүйесінің серверімен), басқасы (немесе бірнеше басқалары) – клиент ретінде беріледі (аналог бойынша клиенттік программамен, СУБД сұрауы бойынша мәліметтер жиынтығын алады). Сонда да, көп жағдайларда Windows қосымшалары серверлер сияқты да, клиент сияқты да жұмыс істей беруі мүмкін [1, 56].

Клиент-сервер технологиясы – жергілікті желідегі компьютерлерді бір-бірімен байланыстырудың ерекше тәсілі,мұнда бір компьютер өз құрылғыларын басқаларға – клиенттерге пайдалануға бере алады. Осыған орай жергілікті желілер *бір деңгейдегі желілер және серверлік желілер*болып екіге бөлінеді. Бір деңгейдегі желілерде айырықша бөлінген сервер болмайды,мұнда әрбір жұмыс станциясы әрі сервер,әрі клиент болып қызмет атқара береді.Мұның ерекшелігі - әрбір жұмыс станциясы өз ресурстарының белгілі бір бөлігін барлық жұмыс станцияларының ортақ пайдалануы үшін бөліп береді.Көбінесе бір деңгейдегі желілер мүмкіндіктері бірдей компьютерлерді біріктірген кезде құралады. Бір деңгейдегі желілер жұмыс істеуге ыңғайлы,олардың қызметі де қарапайым түрде жүзеге асырылады.Егер компьютерлер саны аз болып,олардың негізгі функциясы бір-бірімен мәлімет алмасу болған жағдайда,ең тиімді шешім – оларды бір деңгейлі желілерге біріктіру болып табылады.Мұндай желі кең тараған Windows 98 операциялық жүйесінің басқаруымен жұмыс істей береді.Мәліметтердің компьютерлерге тарылып орналасуы және әр жұмыс станциясының ресурстарын ортақтастыруды өзгерту мүмкіндігі бір деңгейдегі желілердегі мәліметтерді заңсыз пайдаланудан сақтауды қиындатады.Осыған орай мамандар мұндай желілердегі ақпаратты сақтау мәселелеріне өте көп көңіл бөлуге мәжбүр болып отыр.

Бір деңгейдегі желілердің тағы бір кемшілігі – олардың жұмыс өнімділігінің төмендігі.Ол ресурстардың әр жұмыс станцияларына бөлініп,жұмыс кезінде олардың әрқайсысының әрі клиент, әрі сервер қызметін атқаруына байланысты болып отыр.*Серверлік желілерде* компьютерлердің функциялары алдын ала айқындалған – оның кейбіреуі сервер болып қызмет атқарса, қалғандары тұрақты түрде клиент болып табылады.Компьютерлік желілердің атқаратын қызметтерінің көп үрлілігіне байланысты серверлердің бірнеше типтері бар, олар: желілік сервер, файлдық сервер,баспа сервер,пошталық сервер т.б. Желілік сервер желіні жалпы басқару функциясын және есептеу жұмыстарының негізгі бөлігін атқаратын арнайы компьютер болып табылады.Бұл серверде желіні толық басқаратын операциялық жүйенің негізгі ядросы сақталады.Желілік сервердің жады көлемі үлкен және оның жұмыс жылдамдығы да жоғары деңгейде болуы тиіс.Мына желідегі жұмыс станцияларының функциясына мәліметтерді енгізу мен шығару және сервермен ақпарат алмасу жатады [2,19].

Файлдық сервер термині негізгі функциясы мәліметтер файлын сақтау,басқару және тасымалдау істерінен тұратын арнайы компьютерге байланысты шыққан.Ол өзінде сақталатын және тасымалданатын файлдарды өңдемейді және өзгертпейді.Сервер ол файлдардың мәтінінен,немесе графикалық бейнелерден,немесе электрондық кестеден тұратын білуге тиісті емес.Жалпы файлдық серверде монитор мен пернелік тақта болмаса да болады.Файлдық мәліметтердегі барлық өзгертулер клиенттік жұмыс станцияларында жүргізіледі.Сондықтан клиенттер серверден файлдарды көшіріп алады да,керекті өзгерістерді жасап,нәтижесін қайтадан серверге қайтарады. Мұндай желі жұмысы – көптеген тұтынушылардың бір үлкен ортақ базаны біріге отырып пайдалануы кезінде өте тиімді болып табылады.Үлкен желілерде бір мезетте бірнеше файлдық серверлер пайдаланылуы мүмкін. *Баспа сервері* желі адаптері көмегімен мәлімет тасымалдау ортасына қосылған баспа құрылғысы басқа желі құрылығыларынан тәуелсіз, күйде өзі жеке жұмыс жасайды.Баспа сервері желідегі барлық серверлерден және жұмыс станцияларынан тапсырма ала отырып,олардың мәліметтерін басып шығарады.Баспа сервері ретінде қуатты,жұмыс өнімділігі жоғары принтерлер пайдаланылады.Жергілікті желі ауқымды желімен өте көп мәлімет алмасатын болған жағдайда,пошталық серверлер пайдаланылады. Олар электрондық пошта мәліметтерін өңдеу үшін қолданылады. Интернет желісімен тиімді қатынас құру үшін Web-серверлер пайдаланылуы мүмкін.

Оқыту барысында клиент сервер технологиясы арқылы орындалатын бірнеше технологиялар қарастырылады.

Клиент және сервер жағында орындалатын технологиялар

SSI технологиясы (Server Side Includes – сервер жағына қосылу) арнайы дескрипторларды қолдануды қарастырады, яғни HTML-кодына қойылатын директивтер және Web-серверге берілетін тапсырмалар [3,97].

Сервердің бұл Web-беттің жай ғана HTML құжаты емес, мұнда SSI – директивалары бар екенін білу үшін, файлға арнайы *.shtml немесе *.shtm кеңейтілулер беріледі. Серверге қандай блокты қою керек екенін көрсету үшін арнайы жазу формасы келесі комментарий түрінде жазылады:

<!--#command param=”value”-->

Мұнда “#” белгісі SSI-қойылымның басталуын білдіреді, command SSI-ға команда береді, param SSI- командасының параметрлерін анықтайды, ал value осы параметрлердің мәндерін көрсетеді. Барлығы оншақты SSI-командалары белгілі.

CGI-сценарий (немесе скрипт)- Web-серверде клиенттің (сайтқа кірушінің) сұрауы бойынша орындалатын программа. CGI-сценарийлар жазылатын программалау тілі емес, бұл сценарийлерді жүргізуді орындайтын арнайы интерфейсті анықтайтын технология атауының аббревиатурасы (Common Gateway Interface – орталық шлюздің интерфейсі). CGI-сценарийі қалай жұмыс жасайды? Сіздің Web-сайтыңызға кіруші арнайы формадағы сұрақтарға жауап береді де submit

батырмасын басады, оның нәтижесінде CGI-сценарийі қосылады. Бұл сценарий алдына-ала программаланған әрекеттерді орындайды, яғни формадағы сұрақтарды оқиды және сервердегі қонақ кітабінің файлына жазады. Содан кейін, сайтқа кірушінің браузеріне жай HTML-кодта жазылған мәлімет жібереді. Мысалы, Сайтымызға кіргеніңіз үшін рахмет.

CGI-прграммасы кез-келген программалау тілінде жазыла береді. Ең бастысы, сервер бұл программаны орындай алу керек, яғни серверде сәйкес программалау тілінің интерпретаторы немесе компиляторы орнатылған болу қажет. CGI-сценарийлерін келесі программалау тілдерінде жазуға болады: C/C++, Perl, Shell, Visual Basic, Delphi және т.б.

JavaScript – қолданушының машинасында әртүрлі әрекеттерді орындауға арналған сценарийлер жазу тілі. JavaScript-сценарийлері HTML-құжатының ішінде немесе *.js кеңейтілу бар файлдарда орналасады.

HTML-құжатында JavaScript-сценарийлер қойылымы <SCRIPT> ашылу дескрипторы және </SCRIPT> жабылу дескрипторынан басталады. <SCRIPT> ашылу дескрипторының JavaScript мән берілген LANGUAGE міндетті емес параметрі болуы мүмкін. Сонымен қатар, <!—және //--> комментарий дескрипторын қолданады [4,54].

Мысалы,

```
<SCRIPTLANGUAGE =” JavaScript”>
<!—
Alert (‘Сәлем!’)
//-->
</SCRIPT>
```

Әдебиеттер

1. Бидайбеков Е.Ы., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Информационное интегрирование и анализ образовательной области в разработке электронных средств обучения. Алматы: АГУ им.Абая. 2002. –100с.
2. Методика преподавания информатики: Учебное пособие для студентов педвузов/ М.П. Лапчик и др. Москва «Академия», 2001. – 624 с.
3. Бидайбеков Е.Ы., Балыкбаев Т.О., Ибрагимова Н.Ж. Методические основы измерения результатов обучения школьников по информатике // Алматы, 2007. - 152 б.

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯСЫН БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Байзакова С. С.
Кабдолла А.С.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
e-mail: saule_alikosh@mail.ru

Аннотация: в статье рассматриваются современные методики Казахстанского образования, требования к учителю по разным видам обучения, особенности организации интерактивных урока, использование различных средств обучения.

Ключевые слова: интерактивный метод, метод «мозгового штурма», «ролевые игры».

Annotation: The article deals with modern methods of Kazakhstan education, the requirements for a teacher for different types of education, features of the organization of interactive lessons, the use of various teaching aids.

Key words: interactive method, «brainstorming», «role play».

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығыда – мектеп. Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу – тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Интерактивті құралдарды қолдану негізінде мектепте жаратылыстану бағытының пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады.

Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез – келген білім беру саласында мультимедиалық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру–жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Ақпараттық технологиялардың даму бағыттарының бірі оқыту жүйесінде интерактивті технологияларды қолдану болып табылады. Қазіргі заманғы интерактивті технологиялардың оқыту жүйесіне енуі оқытушыларға ұйымдастырушылық оқыту әдістерін, оның мазмұнын сапалы өзгертуге мүмкіндік берді. Бұл технологиялардың мақсаты ақпараттық қоғамда оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін күшейту, оқыту жүйесінің барлық сатысында оқыту сапасын арттыру.

Білім беру процесіне интерактивті технологиялардың орасан зор ықпалын ескере отырып, көптеген оқытушылар оларды өзінің әдістемелік жүйесінде қолданады.

Интерактивті технология құралдарын пайдалану оқытудың мотивациялық сипатын күшейтеді, оқуға деген қызығушылықты оятады, берілген тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша басқаруға, кінә мен бетке басшылыққа жүгінбей дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндігін береді [1, 79].

Егер оқушы мен компьютер арасында тығыз қарым-қатынас байқалса, бұндай оқытуды *интерактивті* деп атайды. Әдетте, мұндай қарым-қатынас оқушылар қандай да бір тапсырманың шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Интерактивті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше тапсырманың жауабын табуға үйрету. Оқушыларға дайын жауаптарды берген кезде олардың ақыл-ой белсенділігі өспей қалады. Ал, әлдебір мәселені өздері шешіп үйренген кезде ақыл-ой белсенділігі артады. Интерактивтіліктің түрі анықталған, олар:

 Реактивті интерактивтілік: оқушылар бағдарлама ұсынған сұрақтарға жауап береді. Тапсырмалар реті белгілі бір ережеге сүйеніп, өте қатаң түрде анықталады (оқытудың сызықтық моделі);

 Іс-әрекетті интерактивтілік: оқушылар бағдарламаның жұмыс істеуін өздері басқарады. Олар тапсырмаларды ұсынылған ретпен орындауды не бағдарлама көлемінде өз бетінше іс-әрекет етуді өздері шешеді (оқытудың сызықтық емес моделі). Сызықтық емес модель қашықтан оқытуда тиімді болады;

 Өзара интерактивтілік: оқушы мен бағдарлама бір-біріне бейімделуге қабілетті («Басқарылатын ашықтық» модель). Бұл модель оқып-үйренушіге кездесетін әртүрлі кедергілерді жеңе отырып зерттеу жүргізуге, жеке есептерді шешуге мүмкіндік береді. Бұндай түрдегі бағдарламаларға жаттықтыратын және практикумдық оқыту бағдарламалары және т.б. мысал бола алады.

Бұл модельдердің үшеуінде де оқушы және бағдарлама тарапынан бақылау деңгейі әртүрлі. Реактивті деңгейде оқып-үйренушінің іс-әрекеті бағдарламамен анықталады. Ал, іс-әрекеттік, әсіресе, өзара деңгейлерде басқару және қимыл-әрекет қолданушының өз еркінде. Курсқа және ақпараттың мазмұнына әсер ету үшін интерактивтіліктің кең мүмкіндіктері бар, олар: экрандағы объектілерді тінтуірдің көмегімен басқару, айналдыру жолағының көмегімен экранда жылжу, анықтамалықтың сұхбаттық қызметі, кері байланыс, құрылымдық өзара әрекет, рефлексивті өзара әрекеттер.

Осы айтылғандардан оқу процесінде белсенді оқыту әдістерін қолдану соңғы кезде өзекті мәселеге айналып отырғаны белгілі. Ондай белсенді оқыту әдістеріне жататындар:

- Іскер ойын-ІО;
- Блиц ойын-БО;
- Дәріс жағдаят-ДЖ;
- Рөлді ойнау-РО;
- Миға шабуыл-МШ;
- Дөңгелек стол-ДС;
- Прессконференция –ПК;
- Интервью дәріс-ИД;
- Пікір сайыс-ПС;
- Визуальды дәріс-ВД;
- Дәріс провакация –ДП және т.б.

Белсенді оқыту әдісінің (БОӘ) дәстүрлі оқыту технологиясынан келесідей айырмашылығы бар:

-білім алушылардың ойлау қабілетін белсендіреді және ол белсенділік ұзақ уақыт сақталып оқу жағдайында өз бетімен шығармашылықпен, мотивациялық дәлелденген шешімді тез қабылдауына мүмкіндік береді;

-серіктестік қатынасты дамытады, студенттердің ұжымда бірлесіп жұмыс істеуіне жағдай туғызады;

-оқыту нәтижелілігі берілетін ақпарат мөлшерінің көбеюіне байланысты емес, оны өңдеу тереңдігінің және жылдамдығының өсуіне сәйкес артады;

-білім алушылар оқу барысында аса көп күш жұмсамай жақсы нәтижеге жетеді [2, 117].

Белсенді оқыту әдістерінің жоғарғы шегі – интерактивті әдіс. Интерактивті әдіс - бұл өзара әрекеттесу, біреумен әңгіме диалог ретінде болу дегенді білдіреді. Басқа сөзбен айтқанды, активті әдіске қарағанда интерактивті әдіс оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттесуіне ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың бір-бірімен өзара белсенді әрекетте болуына бағдарланған.

Интерактивті әдістің негізін интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар құрайды. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың әдеттегілерден басты айырмашылығы олар меңгерілген материалды тек бекітуге ғана емес, жаңаны оқып- үйренуге бағытталған.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ өткізудің көптеген мүмкіншіліктері бар. Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру;

- Алған білімді жүйелеу;
- Өзін – өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Жоғарыда айтылған мәселелерге қарап, оқытуда қолданылатын интерактивті ойын тапсырмаларын жасақтау мәселесі туындайды. Оқыту процесі тиімді өтуі үшін оған сапалы жасалған интерактивті құралдар қажет. Қазіргі уақытта бұндай құралдарды жасау үшін әртүрлі бағдарламалар баршылық, олардың қатарына PowerPoint, AutoPlay, Adobe Flash, Camtasia Studio, NeoBook, QuizeMaker, Delphi т.б. жатады [3, 49].

Арнайы өңделген компьютерлік бағдарламалар қазіргі заманғы компьютерлік технологиялардың жетістіктерін, атап айтқанда, жоғары сапалы графиканы, анимацияны, дыбыстық қолдауды, бейнероликтерді және мультимедияның басқа да құралдарын пайдалануы тиіс.

Оқытудың тиімді жүйелерін жасағанда компьютерлік жүйе мен оқушының өзара қатынасындағы дидактикалық және психологиялық талаптар мен принциптерді ескеру керек. Өзін-өзі оқытуға арналған компьютерлік бағдарламалардың айрықша ерекшелігі оқытушы мен оқушы арасындағы тікелей немесе қандай да бір техникалық құралдар бойынша сұхбаттық өзара әсердің болуында. Сондықтан дербес және өзін-өзі оқытуға арналған бағдарламаларды жасағанда сұхбаттың жалпы құрылымын ғана емес, оның тұжырымдарын, тапсырмалардың, мәселелердің толықтығы мен дәлдігін, сұхбаттың басқа да элементтерін өте тиянақты түрде құрастыру керек. Сол сияқты, басқа техникалық оқыту құралдарына қарағанда компьютерлік оқыту бағдарламаларының интерактивтілігі, яғни оқушының сұрақтары мен іс-әрекетіне дереу жауап беру мүмкіндігі бар екенін, оның үстіне мәселені анықтай түсуге, мәліметтерді беруге, оқушыға ақпаратты ұсына алатындағын да ескеру керек.

Егер оқытушының шығармашылық ізденіс пен талпынысы болса, онда бағдарламалау тілдерінің қыр-сырын меңгермей-ақ сапалы нұсқау көмегімен күнделікті сабақта қолданатын интерактивті тапсырмаларды жасауға болады [4, 109].

Әдебиеттер тізімі:

1. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007.
2. Мынбаева, А. К., Садвакасова, З. М. Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать. – Алматы, 2007. .
3. А.Б.Айтбаева. Білім берудегі жаңа технологиялар.-Алматы, 2011.
4. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004.

СПОРТИВНЫЙ ОТБОР В ПРОЦЕССЕ МНОГОЛЕТНЕЙ ПОДГОТОВКИ

Мерекеев Т. С.
Галиев А.
Расулов С.М.
АркГПИ им. И. Алтынсарина
Samir.Rasulov.84@mail.ru

Аннотация: Спорт түрлерінің алуан түрлілігі жеке тұлғаның спорттық қызмет түрлерінің бірінде шеберлікке қолжеткізу мүмкіндігін кеңейтеді. Спорт түрлерінің біріне қатысты жеке тұлғаның қасиеттерінің және сапалық ерекшеліктердің әлсіз көрінісі спорттық қабілеттіліктің болмауы ретінде қарастырылмайды.

Түйінді сөздер: Педагогикалық әдістер, спорт, іріктеу, спортшы, мектеп

Abstract: A wide variety of sports expands the individual's ability to achieve mastery in one of the sports activities. The weak manifestation of personality traits and quality features in relation to one of the sports can not be considered as a lack of sporting abilities.

Keywords: Pedagogical methods, sport, selection, athlete, school

Целенаправленная многолетняя подготовка и воспитание спортсменов высокого класса это сложный процесс, качество которого определяется целым рядом фактов. Один из таких факторов отбор одаренных детей и подростков, их спортивная ориентация. Педагогические методы позволяют оценивать уровень развития физических качеств, координационных способностей и спортивно-технического мастерства юных спортсменов. На основе медико-биологических методов выявляются морфофункциональные особенности, уровень физического развития, состояние анализаторных систем организма спортсмена и состояние его здоровья. С помощью психологических методов определяются особенности психики спортсмена, оказывающие влияние на решение индивидуальных и коллективных задач в ходе спортивной борьбы, а также оценивается психологическая совместимость спортсменов при решении задач, поставленных перед спортивной командой. [1]

Социологические методы позволяют получить данные о спортивных интересах детей, раскрыть причинно-следственные связи формирования мотиваций к длительным занятиям спортом и высоким спортивным достижениям.

Спортивная ориентация система организационно-методических мероприятий, позволяющих наметить направление специализации юного спортсмена в определенном виде спорта. Спортивная ориентация исходит

из оценки возможностей конкретного человека, на основе которой производится выбор наиболее подходящей для него спортивной деятельности. Выбрать для каждого занимающегося вид спортивной деятельности задача спортивной ориентации отобрать наиболее пригодных, исходя из требований вида спорта, задача спортивного отбора.

Большое разнообразие видов спорта расширяет возможность индивида достичь мастерства в одном из видов спортивной деятельности. Слабое проявление свойств личности и качественных особенностей применительно к одному из видов спорта не может рассматриваться как отсутствие спортивных способностей. Мало предпочтительные признаки в одном виде спортивной деятельности могут оказаться благоприятными факторами и обеспечивать высокую результативность в другом виде. В связи с этим прогнозирование спортивных способностей можно осуществлять только применительно к отдельному виду или группе видов, исходя при этом из общих положений, характерных для системы отбора.

Способности это совокупность качеств личности, соответствующая объективным условиям и требованиям к определенной деятельности и обеспечивающая успешное ее выполнение. В спорте имеют значение как общие способности (обеспечивающие относительную легкость в овладении знаниями, умениями, навыками и продуктивность в различных видах деятельности), так и специальные способности (необходимые для достижения высоких результатов в конкретной деятельности, виде спорта). [2]

Спортивные способности во многом зависят от наследственно обусловленных задатков, которые отличаются стабильностью, консервативностью. Поэтому при прогнозировании спортивных способностей следует обращать внимание прежде всего на те относительно мало изменчивые признаки, которые обусловливают успешность будущей спортивной деятельности. Поскольку роль наследственно обусловленных признаков максимально раскрывается при предъявлении к организму занимающего высоких требований, то при оценке деятельности юного спортсмена необходимо ориентироваться на уровень высших достижений.

Наряду с изучением консервативных признаков прогноз спортивных способностей предполагает выявление тех показателей, которые могут существенно изменяться под влиянием тренировки.

При это для повышения степени точности прогноза необходимо принимать во внимание как темпы роста показателей, так и их исходный уровень. В связи с гетерохронностью развития отдельных функций и качественных особенностей имеют место определенные различия в структуре проявления способностей спортсменов в разные возрастные периоды. Особенно отчетливо эти различия наблюдаются у занимающихся в технически сложных видах спорта, в которых высоких спортивных результатов достигают уже в детском и подростковом возрасте и в которых вся подготовка спортсмена, от новичка до мастера спорта международного класса, протекает на фоне сложных процессов формирования юного

спортсмена. Спортивный отбор начинается в детском возрасте и завершается в сборных командах страны для участия в Олимпийских играх. Он осуществляется в четыре этапа.

В группы начальной подготовки ДЮСШ принимаются дети в соответствии с возрастом, определенным для данного вида спорта. Критериями спортивной ориентации являются рекомендации учителя физической культуры, данные медицинского обследования, антропометрические измерения и их оценка с позиций перспективы.

Спортивная практика свидетельствует о том, что на первом этапе далеко не всегда можно выявить идеальный тип детей, сочетающих морфологические, функциональные и психологические качества, необходимые для дальнейшей специализации в определенном виде спорта. [3]

Существенные индивидуальные различия в биологическом развитии начинающих значительно затрудняют эту задачу. Поэтому данные, полученные на этом этапе отбора, следует использовать как ориентировочные.

На втором этапе отбора выявляются одаренные в спортивном отношении дети школьного возраста для комплектования учебно-тренировочных групп и групп спортивного совершенствования ДЮСШ, СДЮШОР, УОР. Отбор проводится в течение последнего года обучения в группах начальной подготовки по следующей программе оценка состояния здоровья выполнение контрольно-переводных нормативов, разработанных для каждого вида спорта и изложенных в программах для спортивных школ антропометрические измерения выявление темпов прироста физических качеств и спортивных результатов.

В ходе второго этапа отбора осуществляется систематическое изучение каждого учащегося спортивной школы с целью окончательного определения его индивидуальной спортивной специализации. В это время проводятся педагогические наблюдения, контрольные испытания, медико-биологические и психологические исследования с целью дальнейшего определения сильных и слабых сторон подготовленности занимающихся. На основе анализа результатов обследования окончательно решается вопрос об индивидуальной спортивной ориентации занимающегося.

Каждый вид спорта предъявляет специфические требования к физическому развитию и способностям спортсмена. [4]

Основными методами отбора на данном этапе являются антропометрические обследования, медико-биологические исследования, педагогические наблюдения, контрольные испытания (тесты), психологические и социологические обследования. Антропометрические обследования позволяют определить, на сколько кандидаты для зачисления в учебно-тренировочные группы и группы спортивного совершенствования спортивных школ соответствуют тому морфотипу, который характерен для выдающихся представителей данного вида спорта. В спортивной практике выработались определенные представления о морфотипах спортсменов (рост, масса тела, тип телосложения и т. п.).

Например, в баскетболе, легкоатлетических метаниях, академической гребле необходим высокий рост, в марафонском беге рост не имеет существенного значения и т. п.

Методико-биологические исследования дают оценку состоянию здоровья, физическому развитию, физической подготовленности занимающихся. В процессе медико-биологических исследований особое внимание обращается на продолжительность и качество восстановительных процессов в организме детей после выполнения значительных тренировочных нагрузок. Врачебное обследование необходимо и для того, чтобы в каждом случае уточнить, в каких лечебно-профилактических мероприятиях нуждаются дети и подростки.

Педагогические контрольные испытания (тесты) позволяют судить о наличии необходимых физических качествах и способностях индивида успешной специализации в том или ином виде спорта. Среди физических качеств и способностей, определяющих достижение высоких спортивных результатов, существуют так называемые консервативные, генетически обусловленные качества и способности, которые с большим трудом поддаются развитию и совершенствованию в процессе тренировки. Эти физические качества и способности имеют важное прогностические значение при отборе и подростков в учебно-тренировочные группы спортивных школ. К их числу следует отнести быстроту, относительную силу, некоторые антропометрические показатели (строение и пропорции тела), способность к максимальному потреблению кислорода, экономичность функционирования вегетативных систем организма, некоторые психические особенности личности спортсмена.

В системе отбора контрольные испытания должны проводиться с таким расчетом, чтобы определить не столько то, что уже умеет делать занимающийся, а то, что он сможет сделать в дальнейшем, т. е. выявить его способности к решению двигательных задач, проявлению двигательного творчества, умению управлять своими движениями. Одноразовые контрольные испытание в подавляющем большинстве случаев говорят лишь о сегодняшней готовности кандидата выполнить предложенный ему набор тестов и очень мало о его перспективных возможностях. А потенциальный спортивный результат спортсмена зависит не столько от исходного уровня физических качеств, сколько от темпов прироста этих качеств в процессе специальной тренировки. Именно темпы прироста свидетельствуют о способности или неспособности спортсмена к обучению в том или ином виде деятельности. [5]

Психологические обследования позволяют оценить проявление таких качеств, как активность и упорство в спортивной борьбе, самостоятельность, целеустремленность, спортивное трудолюбие, способность мобилизоваться во время соревнований. Роль с психологических обследований за спортсменами возрастает на третьем и четвертом этапах отбора.

Сила, подвижность и уравновешенность нервных процессов являются в значительной мере природными свойствами центральной нервной системы человека. Они с большим трудом поддаются совершенствованию в процессе многолетней тренировки. Особое внимание обращает на проявление у спортсменов у спортсменов самостоятельности, решительности, целеустремленности, способности мобилизовать себя на проявление максимальных усилий в соревновании, реакцию на неудачное выступление в нем, активность, и упорство в спортивной борьбе, способность максимально проявить свои волевые качества на финише и др. Учитывается также спортивные трудолюбие.

С целью выявления волевых качеств спортсмена целесообразно давать контрольные задания, лучше соревновательной форме. Показателем интенсивности проявления волевых усилий спортсмена служит успешное выполнение упражнений с кратковременным напряжением, показателем настойчивости выполнение относительно сложных в координационном отношении упражнений для освоения специальных упражнений и т. п. Следует подчеркнуть необходимость всестороннего изучения личности, а не отдельных его способностей. Поэтому их оценка должна даваться в процессе тренировки, соревнований, а также в лабораторных условиях.

Социологические обследования выявляют интересы детей и подростков к занятиям тем или иным видом спорта6 эффективные средства и методы формирования этих интересов, формы соответствующей разъяснительной и агитационной работы среди детей школьного возраста. Окончательное решение о привлечении детей к занятиям тем или иным видом спорта должно основываться на комплексной оценке всех перечисленных данных, а не на учете какого-либо одного или двух показателей. Особая важность комплексного подхода на первых этапах отбора обусловлена тем, что спортивный результат здесь практически не несет информации о перспективности юного спортсмена. Процесс отбора тесно связан с этапами углубленной специализации в избранном виде, классификационные нормативы и т. д. На третьем этапе отбора с целью поиска перспективных спортсменов и зачисления их в центры олимпийской подготовки, СДЮШОР и УОР проводится обследования соревновательной деятельности спортсменов с экспортной оценкой и с последующим их тестированием в ходе республиканских соревнований для младших юношеских групп, т. е. в томвозрасте, когда комплектуются группы спортивного совершенствования. На четвертом этапе отбора в каждом олимпийском виде спорта должны проводиться просмотровые учебно-тренировочные сборы. Отбор кандидатов осуществляется с учетом следующих показателей.

1)спортивно-технические результаты и их динамика (начало, вершина, спад) по годам подготовки.

2) степень закрепления техники выполнения наиболее неустойчивых элементов при выполнении упражнения в экстремальных условиях.

3) степень технической готовности и устойчивости спортсмена к сбивающим факторам в условиях соревновательной деятельности.

По итогом соревнований, а затем и комплексного обследования тренерские советы определяют контингент спортсменов, индивидуальные показатели которых соответствуют решению задач перед олимпийской подготовки. Отбор кандидатов в основные составы сборных команд областей, краев осуществляется на основе учета двигательного потенциала, дальнейшего развития физических качеств, совершенствования функциональных возможностей организма спортсмена, освоение новых двигательных навыков, способности к перенесению высоких тренировочных нагрузок, психической устойчивости спортсмена в соревнованиях. В процессе этого этапа отбора кандидатов учитываются следующие компоненты уровень специальной физической подготовленности уровень спортивно-технической подготовленности, уровень тактической подготовленности, уровень психической подготовленности состояния здоровья.

Основной формой отбора кандидатов в сборные команды страны служат спортивные соревнования. При этом учитываются не только сегодняшние спортивные результаты, но и их динамика на протяжении двух-трех последних лет, динамика результатов в течение текущего года, стаж регулярных занятий спортом, соответствие основных компонентов физической подготовленности и физического развития требованиям данного вида спорта на уровне результатов мастера спорта международного класса.

Литература

1. Ананьев Б. Г, 0 взаимосвязи и развитии способностей и характера, —М.: ЛIIII РСФСР, 1956.,Бриль М. С. Отбор в спортивных играх. — М.: ФиС, 1980.
2. Булгакова Н. Ж. Отбор и подготовка юных пловцов. — М.: ФиС, 1978.
3. Бальссвич В. К. Исследование локомоторной функции в постнатальном онтогенезе человека (5—65 лет). Докт. дисс. М., 1977.
4. Бахрах И. И., Волков В. М. Взаимосвязь некоторых морфофункциональных показателей с пропорциями тела мальчиков пубертатного возраста. — ТиП, 1974, № 7.
5. Бахрах И. II., Дорохов Р. Н. Прогнозирование морфологических показателей у детей и подростков. — В сб.: Возраст и становление спортивного мастерства. Смоленск, 1974.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қали Ж.Ж.
Родина жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып пәні мұғалімі
Арқалық қаласы

Аннотация: В этой статье представлена информация о ценности знаний и навыков учеников в применении навыков непрерывного обучения, умении работать с разными источниками информации и критических размышлениях о содержании контента, направленном на формирование функциональной грамотности учащихся.

Ключевые слова: Функциональная грамотность, формирование, развитие функциональной грамотности

Annotation: This article provides information about the value of knowledge and skills of students in application of skills continuous learning ability to work with different sources of information and critical reflection on the content of the content aimed at forming functional literacy of pupils.

Key words: Functional literacy, forming, development of functional literacy

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауында «Бесекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылығы жеткіліксіз болып қалғаны қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсеткен болатын.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты елбасының 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау міндеті қойылды. Осы міндетті жүзеге асыру барысында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспардың мақсат, міндеті нақтыланып жасалды. **Ұлттық жоспардың мақсатын** орындау – ең алғаш мектептегі бастауыш сатыдан басталады.

Бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президенттің жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «фукционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» – деп сипаттама беріледі.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік
- шығармашылық тұрғыда ойлау
- шешім қабылдай алу
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Сонымен, функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына , жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Жай сауаттылық- адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Диалогтық интербелсенді оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру .

«Функционалдық сауаттылық» — ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттырында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық – мектепте алған білімдерін, іскерлік дағдыларын, адами іс әрекеттердің әр түрлі салаларында сондай-ақ тұлға аралық қарым-қатынастарды өмірлік міндеттерін шешу үшін пайдалану болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларында функционалдық сауаттылығын дамыту үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Соның ішіндегі маңыздыларының бірі диалогтық интербелсенді оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Математикалық сауаттылық проблемалары осы күнге дейін аз айтылып жүрген жоқ. Егер әр бір мұғалім әр сабақта математикалық сауаттылықты қалыптастырып,үнемі көңіл бөліп отырса, білім сапасы әлдеқайда жақсарар еді.

Бастауыш сыныптарда оқушылар сандық өрнектермен арифметикалық амалдарды орындаумен шектелсе, алгебра, геометрия,тригонометрия әлеміне енген сайын басқа жаңа талаптар қойылады.

«Әдебиеттік оқу» пәні. Мәтінді дұрыс, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгеруі, шығарма авторының көзқарасын түсіну, мәтінді оқырман ретінде қабылдауға тәрбиеленеді, көркем-шығармашылық қабілеттері дамиды.

«Қазақ тілі» пәні. Сөйлеу қызметінің барлық түрлерін меңгерген сауатты жазу және оқу дағдылары жетілген, шығармашылық қабілеттері мен тілдесімдік дағдылары дамыған, алған тілдік білімдерін ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеттерінде қолдана білетін жеке тұлға қалыптасып, дамуына ықпал етеді. Оқушылардың өз ана тілі – қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту арқылы тілдің құдіретін, эстетикалық құндылығын сезіндіру арқылы қазақтың ұлттық мәдениетімен туралы білім алады. Тілдік ұғымдар арқылы оқушыларды өзін тілді иеленуші тілдік тұлға ретінде қалыптасады.

«Дүниетану» пәнінің 1-сыныптан бастап ұғымдардың қалыптасып, бірте-бірте дамуы тұрғысында оқытылуы қажет.

Ендеше, дүниетануды оқытуда функционалдық сауаттылық қалыптастырудың келесі шарттарын анықтайды, ол оқушыларда сұлулықты көру мен түсіну, бағалау және оны қолымен ұстау, тәжірибе жасау біліктілігін дамыту шарттары болып табылады.

Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Сондықтан бастауыш сынып үшін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру ұстанымы басшылыққа алыну қажет.

Бұл ұстанымның мәні – бастауыш сынып оқушыларының ұғымына жеңіл, психологиялық ерекшеліктеріне сай келетін, білім деңгейлеріне лайықталған және олардың өмір тәжірибесін есепке алатын материалдардың қамтылуы.

Мақаламның соңында оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады:

1. Оқушыларды бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;
2. Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
3. Мемлекеттік тілде ауызша,жазбаша қарым-қатынас жасау;
4. Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
5. Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету ;
6. Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытуы;

7. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы ;
8. Қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеге баулу;

Сонда сабақтарда тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге дағдыланып, пәнге қызығушылығы оянып, талдау жұмыстарын жүргізе білуге үйренеді. Қорытындылай келе Г. Бокльдің «Шынайы білім фактілерді білуден емес, оларды дұрыс қолдана білуден құралады» дегендей, теориялық біліміміздіі тәжірибеде дұрыс, тиімді қолдана білу-мұғалімнің басты мақсаты болу керек.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 2012 ж.
2. «Әдіскер-Методист» журналы, 2013 ж.
3. Н. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. // «Егеменді Қазақстан», 10 шілде 2012ж.
4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. // «Егеменді Қазақстан» газеті.
5. Педагогика мәселелері №4 2014 ж.

ДАМЫТУ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

Дуйсекова А.А
Солтанбек Аймерей.
Ы.Алтынсарин атындағыАрқМПИ
Asel_duisekova@mail.ru

Аннотация: В этой статье математика является необходимым инструментом для развития познавательной активности детей с использованием игровых приемов

Abstract: In this article, mathematics is a necessary tool for the development of children's cognitive activity using game techniques.

Ключевые слова: дидактика, логика, математика.

Keywords: didactics, logic, mathematics.

XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып отыр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де өнерлі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор.

Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Әлем бала өміріне біртіндеп кіреді. Бала ең алдымен оны үйде, балабақшада не қоршап тұрғанын ұғынады. Біртіндеп өмірден алған тәжірибесі көбейеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, онда баланың білуге деген құштарлығы арта түседі.

Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән-мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»,- деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауға болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Сондықтан да ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойын арқылы оқытудың арқасында дидактикалық ойын пайда болды. Берілген ойындарды қолдану іс-әрекеттің әсерлігін арттырып, балалардың логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамытады. Бұл ойындарды тәрбиешінің шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау кезінде іс-әрекеттің мазмұнына сай пайдалануға болады. Сондықтан, бұндай ойындар ойнау балалардың ойлау, қабылдау, еліктеу қабілеті және заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуін дамыта түсу үшін өте қажет.

Дамытуға бағытталған дидактикалық ойындарда міндетті түрде екі бала қатысатын ойындар түрін пайдаланған тиімді. Ойын арқылы оқыту үшін дидактикалық ойындар құрылған. Балаларға тапсырмалар ойын түрінде беріледі, бұл дидактикалық ойындардың негізгі ерекшеліктері. Балалар ойнау арқылы белгілі бір білім, білік, дағдыларды және ойын әрекеттерін меңгереді. Әр дидактикалық ойынның танымдылық және тәрбиелік мазмұны болады, балалардың математика пәніне қызығушылығын арттыру мақсатында дидактикалық ойындар; қазақ ақын-жазушыларының санға байланысты санамақтар, жаңылтпаштар; сергіту сәттері; іс-әрекеттің конспектісі берілген, не үшін ойынды ұйымдастыру керек және тәрбиешінің алға қойған мақсатына

қалай жету деген сұрақтардың негізінде құрастырылған. Ойындардың тиімділігі көп жағдайда тәрбиешінің көңіл-күйіне де байланысты болады. Әр ойынды өткізген кезде тәрбиешіге шығармашылық қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балалармен өткізілетін математиканың алғашқы ұғымдарын қалыптастыру іс-әрекетте ойынның мынадай түрлерін пайдалануға болады:

1) дидактикалық ойындар – логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамыту.

2) санға байланысты санамақ, жаңылтпаштар, жұмбақтар – балалардың сандарды танып білуін, тілдерін жаттықтыру, есте сақтауын, ойлау қабілеттерін дамыту.

3) математикалық сергіту сәттері–кеңістікті бағдарлау, қимыл қозғалысты дамыту.

Ойын – ой қозғайды. «Баланың ойынын тыйғаның, ойлауын тыйғаның» деген қағида текке айтылмаған. Ойын төзімділікті, алғырлықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалық қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі.

Ойын баланың санасын, ойын жетілдіріп, қиялын дамытады: бала қимылдарының дамуына әсер етіп, физиологиялық қалыптасуына жағдай жасайды. Сонымен бірге ойынды тәрбиеші мен балалардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде де қолдануға болады. Оқу үрдісінде біртіндеп ойын технологиясын жиі қолданған жөн. Ойынның жекелеген түрлері балалар санасының жетілуіне әртүрлі әсер етеді:

· сюжетті-рөлді ойындар: балалардың дүниетанымын, қоршаған орта жөніндегі түсініктерді кеңейтеді, тілдік қарым-қатынасты дамытуға көмектеседі. Драмалық: көркем әдебиет шығармаларын тереңірек түсінуге жағдай жасайды, тіл белсенділігін арттырады.

· құрылыс-құрастыру ойындары: құрастыру, ойлау қабілетін арттырады.

· дидактикалық ойындар: алған білімді нақтылау, ойлау қызметін арттырады, танымдық белсенділігін дамытады, арнайы мақсатты көздейді, нақты міндетті шешеді.

Математика сабағында ойын әдістерін қолдану балаларды танымдық белсенділігін дамытудың қажетті құралы болып табылады. Жас ерекшелігін, оқу материалының өзгешелігін ескеріп дұрыс ұйымдастырылған ойын балалардың зейінін аударады, ойлау әрекетін қарқындатады және оқушыларды сылбырлықтан арылтады.

Ойынды математика сабағында қолдана отырып, балаларды саналы ойлауға үйретуге болады. Заттарды санап және олардың екі тобын салыстыруға, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету мақсатында «Жұбын тап», «Өз орныңды тап», «Сан құрамын анықта», «Не өзгерді?» ойындарын пайдаланған жөн. Нәтижесінде балалардың білімді

қаншалықты меңгергендерін анықтауға болады. Ойынды балалардың жас ерекшеліктеріне, өтілетін сабақ тақырыбының мазмұнына сәйкес етіп таңдап алу керек. Әр сабақта ойынды тиімді пайдалану сол сабақтағы өтілетін жаңа тақырыпты баланың жақсы, өз дәрежесінде меңгеруіне әкеледі.

Дамыту ойындарының мазмұны, ойынды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері балалардың зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын, заттарды түсі, өлшемі, пішіні бойынша топтастыруға, салыстыруға, ажыратуға, кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйретеді.

Әдебиеттер

1. Логикалық ойлау қабілетін дамыту //Қазақстан мектебі. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. – Алматы, 2008, №11
2. http://paidagogos.com/?p=8079

КИНЕСИКАЛЫҚ АМАЛДАР – ТІЛСІЗ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАС

Уахит М.
Абдуллина А.Ә.
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ

Аннотация: В статье автор показал, что вербальное общение является неотъемлемой частью разговорного языка. В случае невербальной коммуникакаций он предоставляет дополнительную информацию, использует вместо слов устное сообщение. Широко распространено мнение, что невербальноное общение рассматривается в параллиелизме и в лингвистике.

Ключевые слова: Не словесно, общение, движение, физические движение, жесты, действия.

Abstarct: The article shows that verbal communication is an integral part of the spoken language. In the case of non-verbal communication, it provides additional information, and used instead of the word, continues to communicate with oral message. It is widely believed that non-verbal behavior is considered as paralinguistics in linguistics.

Key words : Not verbal,communication, movement, communication, physical movements, gestures, actions.

Вербальды емес амалдар - ауызекі тілдің ажырамас бөлігі. Қарым - катынас кезінде вербальды емес амалдар қосымша хабар жеткізеді, сөз орнына қолданылады, сонымен қатар вербальды амалдармен бірге коммуникативтік актіні жалғастырып отырады. Вербальды емес амалдарды тіл білімінде паралингвистика қарастырады.

Паралингвистика адам ойын жеткізуге қатысты фонациялық (ритм, темп, интонация), кинесикалық (мимика, ым - ишара, дене қозғалысы,

қалып) амалдарды зерттейді. Паралингвистикалық амалдардың ішінде ең көп тарағаны – кинесикалық тәсілдер. Кинесика – грек тілінен енген термин, қозғалыс дегенді білдіреді. Қол, бет, көзбен жасалатын түрлі ым қимылдардың мағынасын зерттеп, түсіндіретін ғылым саласы. Сонымен, кең мағынасындағы кинесиканы алсақ, бұл дене мен дене мүшелерінің таңбалық қозғалысын, түрлі ишараттарды қарастыратын сала болып шығады. Ишараттарға қол, аяқ, бас және бет пішінінің қатысуымен іске асырылатын мимика, мимикалық ишараттар, түрлі позалар, белгілі бір мәні бар дене қимылдары жатады, сондай-ақ осылардың қатарын кешенді бейвербальды таңбалық формалар мен манералар да толықтырады. Ишараттар бірқатар жерлерде өз алдына дербестік сипат білдіріп, коммуникация кезінде жеке өмір сүре алады. Бұл даралық сипаты оны өзге амалдардан айрықша етіп көрсетеді. Мысалы, интонация мен дауыстау секілді паралингвистикалық құбылыстар сөйленістен ажырағысыз болса, кинесикалық элементтер дербес өмір сүре алады. Интонация мен дауыстау дауыс ырғағына, дауыстың қатты, жұмсақ шығуына, нығыздай, нығарлай сөйлеуге, бір сөзбен айтқанда, дыбысқа тәуелді. Дыбыс шықпаса, оларды да сезу, есту, түсіну, жазып көрсету, көру мүмкін емес. Ал өзге дауыстан тысқары параамалдар туралы олай дей алмаймыз. Оларды көруге, көру арқылы мағынасын түсінуге, сезінуге (арқадан сипау, итеріп қалу), тілде вербальды амалдар арқылы бейнелеуге, жеткізуге, сөйтіп коммуникациялық әрекетті іске асыруға болады .

Тілсіз қарым - қатынасқа деген қызығушылық ежелгі дәуірден бастау алған. Грек философы Платон дене қимылдарын қолдануды жоғары бағалаған. Атақты шешен Цицерон басқа шешендерге: «Барлық жан қимылы ишаралармен үстемеленуі тиіс», - деп кеңес берген екен[1,144]. Тілсіз қарым - қатынасты зерттейтін сала – паралингвистика (гр.«para» - жанында, қасында деген мағынаны білдіреді). Яғни, ол хабарланатын ойдың, пікірдің вербальды (сөзбен білдіру) тәсілдерімен қоса, сөйлеу үстінде қолданылатын вербальды емес (тілсіз) амалдармен берілуін және сөйлеу кезінде қолданылатын вербальды емес, тәсілдердің жиынтығын зерттейді.

Паралингвистка сөйленіс кезіндегі, оның ішінде ауызша қатынас кезінде қатарласа жүретін дыбыстық кодтармен шұғылданады. Бұл дыбыстық кодтар – ақпараттың белгілі бір мән-мағынамен баюын, бағалауыштық және мағыналық түрлі реңктердің болуын, сонымен бірге олардың тілдік қатынас кезінде өмір сүруін қамтамасыз ететін мағыналық, дыбыстық кодтар.

Сөйлеу кезінде паралингвистикалық тәсілдер үш түрлі қызмет атқарады: қосымша ақпарат береді, айтылмаған сөз орнына қолданылады, сөзбен бірге, аралас қолданылады. Қандайда бір ақпараттарды арнайы белгілер жүйесі арқылы бере аламыз. Коммуникативтік процесте қолданылатын бірнеше белгілер жүйесі бар, соған сәйкес қылып қарым-қатынас үдерісінің топтастырылуын жасауға болады. Егер коммуникацияны бөліп қарастырсақ, олардың белгілік жүйелердің әртүрлісін колдануына байланысты вербалды және вербальды емес деп бөлуге болады. Соның

ішінде Бейвербальды қарым-қатынас – бұл сөздер мен басқа да тілдік бірліктерге сүйенбейтін ым-ишара тілі. Адамды оның вербальды емес сигналдар жүйесі: ым-ишара, жесттер, позалар, сөйлеу, жазу ерекшеліктерін бақылау, талдау және зерттеу. Адамдар арасындағы контакт тіл мен сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сөйлеу - коммуникациясының негізгі тәсілі болып табылады. Ол адам санасын белгілік жүйелер арқылы обьективтеу ретінде қарастырылуы мүмкін. Австралиялық ғалым А.Пиздың пікірінше, адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7% вербальды - сөздер, сөйлемдер); 33% вокальды - интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екпіні мен қарқыны, т.б. және 55% бейвербальды элементтер арқылы жүзеге асатыны көрінеді [2,67].

Бейвербальды амалдардың негізгі типтері: кинесика, просодика, такесика, проксемика. Халқымыздың тұрмыс - салтында да осы аталған бейвербальды амалдардың барлық түрі кездеседі. Кинесика – адамдардың эмоциялық рефлекстерін бейнелейтін дене мүшелерінің қимыл-әрекеті. Кинесикаға қимыл, ым-ишара, қозғалыс, кейіп, жүріс-тұрыс жатады.

А) Жүріс-тұрыс. Бұл адамның қозғалыс стилі. Жүріс-тұрысқа қадамның ырғағы, ритмі, қозғалыс барысындағы дене амплитудасы жатады. Жүріс арқылы адамның көңіл-күйін, мінезін, жас ерекшелігін білуге болады.

Мәселен:

1)Оң қолын кеудесіне қою – үлкенді сыйлаудың, құрметтеудің және сәлемдесудің белгісі;

2) Қол жаю – құран оқып болған кезде жасайтын ишарат немесе керісінше, қолды теріс жаю - қарғыс айту, қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша теріс бата беру;ас қайырғанда яғни, бата бергенде қол жайылады.

3) Екі бүйірін таяну – салт бойынша қазақ әйелдері баласы (ұлы, қызы) я болмаса ері қайтыс болғанда осылайша жоқтайды. «Бүйіріңді таянба» деген тиым қазақ халқында осыдан қалыптасқан;

4) Иілу – сәлем беру.

Б) Дене қалпы. Адамның денесі 1000 түрлі қалып - күйде қозғалуы мүмкін. Дене қалпын бейвербальды амалдардың бір түрі ретінде психолог А.Шефлен қарастырған болатын[3,84]. Мәселен, *1)Қос қолды кеудеге қою – сәлемдесу; 2) Желке қасу – қолдан келер қайрат, амалы жоқ жігерсіздікті, әрекетсіздікті танытады; 3) Желкеге қолын қою – айыпталу, тұтқын болудың айғағы; 4) Басын төмен салу – ұялу, қымсыну, қысылу, 5) Қолын қатты қысу – жақсы көру т.б.*

В) Қимыл-әрекет. Қимыл-әрекет тілі – қарым-қатынасқа түсудің ең көне түрі. Әр дәуірде әр халық түсінісу үшін белгілі бір арнайы амал-әрекеттер жиынтығын қолданған. Қимыл-әрекеттің саны ең негізгі мәселелердің бірі. Бұл этностық, ұлттық болмысқа байланысты болады. *Мәселен, 1) жағын таяну – торығу, қамығу, мұңаю белгісі. «Жағыңды таянба» деген тиым қазақ халқында осыдан қалыптасқан; 2) Басын изеу – келісу, мақұлдау немесе басын шұлғу – келіспеу, мақұлдамау т.б.*

Г) Мимика. Түрлі сезімдерді білдіретін бет бұлшықеттерінің қозғалысы. Бет-әлпет мимикасы негізгі алты түрлі эмоцияны білдіреді:

ашу, қуаныш, қайғы, қорқыныш, таң қалу, жиіркену. *Мәселен, 1) қасын керу – таңданысты білдіру; 2) Мұрнын тыржиту – мазақ қылу,ұнатпау, жаратпау; 3) Қабағын шыту – біреуге күш көрсету, ренжу, қатты ашулану, көңілі толмау.*

Ғ) Визуальды контакт – қарым - қатынастың негізгі элементі. Трансмиссорға карап тұру тек қызығушылықтың белгісі емес, сонымен қатар рецепиентке акпаратқа назар аударуға көмектеседі. *Мәселен, 1) Көзін қадау (оқты көзін қадау)- жиіркенуді, жек көруді аңғарту; 2) Көзімен адырая (бажырая) қарау – шектен шыққан ашуды білдіру; 3) Ала көзімен қарау – көңілі толмау, жек көру; 4) Көзін төңкере қарау – сұхбаттасына қылымсу, еркелеу; 5) Көзін қысу – ниеттестікті білдіру;*

Просодикаға тембр, дыбыс ырғағы, тон сияқты амалдарды жатқызамыз. Коммуниканттардың дауыс екпінін, тонын, жиілігін, ырғағын байқау олардың ойы мен сезімдерінен хабардар болу үшін маңызды. *Мәселен, 1) Ішін тарту – мәз-мейрам болып қатты куану немесе таңырқау, таңдану, шошыну;*

Такесика – коммуниканттардың арасындағы қарым-қатынас кезіндегі дене мүшелерінің түйісуін қарастырады. Оған қол беріп амандасу, арқа қағу, сүю сияқты амалдар жатады. *Мәселен, 1) Құшақтасу – біреумен кездесуге қатты қуану, сүйіспеншілік белгісі. Салттық ишарат бойынша, жақыны, туысы қайтыс болған адамды жұбату, көңіл айту мақсатымен жасалады; 2) Арқасынан қағу – мақұлдау, қоштасу немесе еркелету; 3) Төс қағыстыру – амандасу; 4) Бетінен сүю – еркелету, жақсы көруді білдіру. 5) Бауырына басу – амандасудың белгісі немесе жақсы көру, еркелету.*

Проксемика – адамдардың коммуникация процесіндегі ара қашықтықты және коммуникацияға түсушілердің бір-біріне қатысты кеңістіктегі бағдарын қарастырады. Мәселен, 1) Бұрыла қарау – қасындағы адамның сөзін тыңдауға, әңгімелесуге дайын, пейілді екендігін білдіру; 2) Шалқайып отыру – бәрінің айтылып болғанын, әңгіменің таусылғанын білдіру; 3) Басын изеу – айтылған ой – пікірді қолдау т.б.

Қорыта келсек, тілсіз қарым-қатынас – кинесикалық, просодикалық, такесикалық, проксемикалық бейвербальды амал-тәсілдер арқылы іс жүзіне асатын қарым-қатынас түрі. Келтірілген мысалдардан халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет - ғұрпы арқылы халық мінез - құлқын жақсы білетін тәжірибелі адамдар әр адамның жүріс - тұрысынан, іс - әрекетінен, қас - қабағынан оның көңіл - күйін айтпай-ақ сезіп-біліп отыратындығын байқаймыз.

Әдебиеттер

1. Ибраимова Ж.Т.Қатысымдық мағына негіздері:Оқу құралы.-Алматы, 2012.
2. Оразбаева Ф.Тілдік қатынас. Алматы: Ғылым, Оқу құралы, 2005
3. Әбдіхалықов М. Сөздік қатынас негіздері: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2010

ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯ – БОЛАШАҚҚА БАТЫЛ ҚАДАМ

Есенеева Рысжан Ескалиевна
Арқалық қаласы. А.Құнанбаев атындағы №6 орта мектептің информатика пәні мұғалімі, eskalievna@bk.ru

Аннотация: Теперь страна переключится на цифровую систему. Такое положительное изменение является требованием времени. Для внедрения передовых технологий в качестве квалификации прогресс нашей страны будет определяться развитием информационных технологий. Все это правда этого века.

Annotation: Now the country will switch to a digital system. Such a positive change is a requirement of time. For the introduction of advanced technologies as a qualification, the progress of our country will be determined by the development of information technologies. All this is the truth of this century.

Біздің буын керемет уақытта дүниеге келіп, өмір сүріп жатыр деп санаймын. Себебі, біз Тәуелсіз елде туып, еліміздің жыл санап саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда нығайып келе жатқанына куә бола жүріп, оған өз үлесімізді қосу мүмкіндігіне ие болдық. Осының бәрі – Қазақстанның әлемдік аренада мойындалғанының айқын белгісі. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған жолдауы еліміздің әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі деп санаймын.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын таныстыру барысында айтылған мәліметтерді ескеріп, еліміздің экономикасын дамыту үшін цифрлы технологияларды қарқынды енгізудің маңыздылығына тоқталды.

«Біз тәуелсіздік жылдары ішінде әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына қосылдық. Қазір дамыған озық 30 елдің қатарына ену міндеті тұр. Ол Қазақстаннан жаңа инновациялық дамуды және жедел технологиялық жаңғыруды талап етеді. Сондықтан мен осы жылдың басында Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда Үшінші жаңғыру жөнінде жариялядым. Оның негізі цифрландыру болып табылады», деді Президент. [1,2]

Жас буын өкілі ретінде, әсіресе, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы үшін ерекше қуаныштымын. Себебі, болашақ технологияға байланысты, технологиялық тұрғыда дамуға қол жеткізу басқа салаларға да серпін береді. Сонымен қатар, IT бағдарламалар шығындарды азайтып, уақытты үнемдеуге көмектеседі, адамдар өзара ақпарат, тауар және қызмет түрлерін алмаса алатын болады.

«Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету

секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты». Цифрландыру дегеніміз Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы – мақсат.- деді Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында. *[1,2]*

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы инфрақұрылымды дамытуға, адам капиталын жақсартуға, экономика саласын цифрландыруға және мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталады.

“Цифрлы Қазақстан” бағдарламасының 4 негізгі бағыты бар.

Бірінші – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, еліміздің транзиттік мүмкіндіктерін арттыру.

Екінші бағыт– экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны енгізу. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру.

Төртінші – IT мамандарды даярлау. Құжаттарды есепке алу, сақтау және медико-психологиялық көмек көрсету бөлімінің басшысы сөз алып, Жолдау біздің еліміздің ширек ғасыр ішіндегі екі жаңғырту үрдісін аяқтап, үшінші, экономикамыздың әлемдік өсімінің лайықты деңгейге жетуін қамтамасыз ететін, жеделдетілген технологиялық жаңғыртылу басымдығына көшуімізді айқындап берді.

Тұтастай алғанда, бағдарламаның басты мақсаты – қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру. Құжатты жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын 80 пайызға дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрлық хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 пайызға дейін арттыру көзделуде»

Бізге тенхнологияларды тек импорттап қана қоймай, оларды барынша дамыта түсу қажет. Бір орында тұралап қалуға болмайды. Бізге бірлесе әрекет ету керек. Цифрландыру барысында біздің университеттер мен зерттеу шаралары байланысты болғаны жөн. Жаңашылдықты қолданып қана қоймай оны тиімді пайдалану арқылы біз бәсекелестікті арттыра аламыз. Ол экономикаға да тиімді, азаматтарымызға да ыңғайлы. [3,3]

«Цифрлы Қазақстан» тек бір ғана IT саласын ғана емес, сондай-ақ, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған. Бұл ретте әлемдік деңгейдегі жетістіктерді ескеруіміз қажет. Бірде-бір газеті немесе телевидениесі жоқ «Facebook» әлемдегі басты медиа топ болып табылады. Ал, «Alibaba» деп аталатын жер бетіндегі ең үлкен сауда жүйесінің не дүкені, не сауда орны жоқ. Олар электронды саудамен айналысады. Мемлекет басшысы онлайн сауда мен мобильді банкинг дегенде елдің назарын осыған аударып отыр. Біз бұған үрке қарамауымыз керек.

Бүгінде республикамыздағы 18 миллион адам болса, 25 миллион ұялы телефон бар екен. Олардың басым бөлігі интернет желісіне оңай қосыла алады. Көшеде кетіп бара жатсыз ба, үйдесіз бе, автобустасыз ба – бәрібір. Жаңа үлгідегі қалта телефондары қажетті функциялармен толық қамтылған. Еліміздегі әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың басым бөлігі осы ұялы телефондарды қолданады екен. Қазір әлеуметтік желіде үлкен де кіші де отырады. Сол жерде өз ойларын айтып, қоғамдағы түрлі жағдайларға байланысты пікірлерін білдіріп жатады. Тіпті, әлеуметтік желі арқылы танысып, көңіл жарастырған, отбасын құрған жандар да бар. Жаңа технологиялардың дамып бара жатқаны соншалық «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы 4 миллионнан аса пост жазылса, «Skype» арқылы сағатына 100 мың адам сөйлеседі екен. Бұдан басқа күнделікті өмірде тұтынатын теледидар, тоңазытқыш, кір жуу машинасы мен көлігімізге дейін автоматтандырылды. Компаниялар мен фирмалар көліктерін түгелдей «GPS» навигаторларымен қамтыды. Бір орында отырып олар қайда жүр, қай бағытпен қозғалуда, міне, осының барлығын біліп отырады. Полиция қызметкерлері «радар» детекторлары арқылы автомашиналардың жылдамдықтарын бақылай алады. Ұшақтар мен тепловоздардың технологиясы да айтарлықтай дамытылған. Мұның барлығы жаңа технологияның жетістігі болып табылады. [2,4]

Жаңа технологиялардың артықшылығы жеткілікті. Мәселен, ғаламтордан тамашалап жүрген ақылды үйлерде бәрі оңай басқарылады. Екі алақанды бір-біріне соғу арқылы жарық қосылса, теледидарды дыбыспен өшіріп-сөндіруге болады. Сол сияқты ас бөлмесі мен жуынатын бөлмеде де осы секілді кереметтерді жасауға болады. Қолыңды созсаң судың ағатынын өз көзімізбен көрдік. Таңғалатын нәрсе. Бірақ, бұл дәл қазір біз өмір сүріп жатқан қоғамда болып жатыр. Оған ілесу үшін біз барынша білімімізді жетілдіріп отыруымыз қажет. Мұнымен қоса жаңалықтарды уақытында қабылдау да маңызды. Қазір ақпараттың жылдам тарайтын заманы. Әлем бойынша бір секундта 10 сайт ашылады екен. Тіпті, бір дегенде үш миллион хат жіберіледі. Біздің балаларымыз осы үдерістен қалып қоймауы керек. Бір сөзбен айтқанда, цифрлы жүйе әлемдік көшке ілесу үшін қажет.

Елбасы: «Болашақ жастардың қолында екенін жиі айтады. Қазақстан бүгінде әркімге қай саладан болмасын мол мүмкіндік туғызып отырған ел. Сондықтан цифрлық Қазақстанға қол жеткізу үшін жастарға артар үміт зор», - деді.

Әдебиеттер

Ethnicity is a historically evolved set of people with relatively stable features of culture (including language) and psyche, as well as creating its unity and unlike other similar entities. Ethnic culture – a value-selected and organized life and professional experience of the ethnos. Abroad, outlining the content of ethnic culture are the contours of its original semiotic system; containing the same – a positive social experience in forms of values, norms, traditions and patterns, customs, beliefs and knowledge [8].

According to the definition of V. A. Ivanova, ethnic culture – means of development and education of the individual, social and natural environmental values of mastering the environment as the main condition for the harmonization of relations with the world and himself by assigning social historical experience, in the form of a fixed historical cultural objects, as embodied in selected ethnic group spirit-moral ideas, values and mastered in the activity [9].

When we talk about adaptation to specific environmental conditions, then we can talk about adaptation mechanisms of culture, based on the collective unconscious. Ethnic Culture includes a unique concrete historical experience that is expressed in specific forms of activity and interaction with other communities. Ethno-cultural – competence of the person appears as a result of the functioning of the education system has not only ethnic and cultural knowledge, professionalism, high moral character, but also to adequately act in appropriate situations, using this knowledge, is able to take responsibility for their own ethnic and cultural activities [10].

Thus, it can be noted that the concept of «ethnic culture» and «ethnocultural competence» are closely linked. The importance of ethnic and cultural approach to education is emphasized and other educators – M.G. Taychinovym, A.B. Afanasyeva, E.V. Bondarevskaya, E.V. Nikolaeva, L.Shamin, V.K. Shapovalov, M.A. Yakunchevym and others. In the interpretation L.P. Karpushina – one of the principles, which will be based on the ethno-cultural approach to education, is the principle of ethno-cultural [11].

In order to facilitate, simplify the process of mastering a foreign language as the medium of communication is necessary to study and analyze the culture of the ethnic group, as interethnic communication is realized in an interconnected system of people – the language – and culture is complex. In conclusion, the study of language is impossible without studying the culture of the native speakers, it gives the opportunity to expand their horizons, including in the area of ethnic and cultural values of different people, analyzing and comparing them. Ethno-cultural competency is represented as a subjective parameter of the teacher. Ethno-cultural-competence of the person (as a result of the education system) – has not only ethnic and cultural knowledge, professionalism, high moral character, but also to adequately act in appropriate situations, using this knowledge, it is able to take responsibility for their own ethnic and cultural activities. Formation of ethnocultural competence and pedagogical training of teachers will allow students to form a holistic view of the ethnic culture of the theory and methodology of ethno-cultural education, and ensure the overall realization of the ethno-cultural approach to education in the future professional educational activities. Using ethnic and cultural approach in education in training teachers of English language to promote their civic and patriotic consciousness, love for the small and big motherland, respect for the ethnic groups help to maintain, develop and relay to the younger generation and culture of the native people, the culture of the people of Kazakhstan in the context of world culture.

References

1. Королева, Г.М. Развитие этнокультурной компетентности педагогов в современной социокультурной среде / Г. М. Королева // Фундаментальные исследования. – 2011. – № 8. – С. 280–283.
2. Драч, Г. В. Этнокультура в системе мировой межкультурной коммуникации /Г. В. Драч. – М., 2008.
3. Кожахметова, К.Ж. Казахская этнопедогогика : методология, теория, практика / К.Ж. Кожахметова. – Алматы : Ғылым, 1998. – 314 с.
4. Волков, Г.Н. Этнопедогогика / Г. Н. Волков. – М. : Academa, 1999. – 168 с. 5. Ильинова, Н. А. Этнокультурные ценности и традиции как фактор

социализации личности в современных условиях : дисс. ... канд. социол. наук / Н.А. Ильинова. – Майкоп, 2003.

6. Аккушукова, К.Б. Роль этнокультурного материала в воспитании русско-национального двуязычия / К. Б. Аккушукова // II Халықаралық Байқоныров оқуларының ғылыми жинағы. – Жезказган, 2002.
7. Философский энциклопедический словарь. – М. : Сов. Энциклопедия, 1983. – 680 с.
8. Наурызбай, Ж.Ж. Научно-педагогические основы этнокультурного образования школьников : автореф. дисс.... д-ра пед. наук / Ж. Ж. Наурызбай. – Алматы, 1997. – 45 с.
9. Иванова, В.А. Формирование казахстанского патриотизма через этнокультуру / В. А. Иванова // Region.kz, 31.03.2011.
10. Карпушина, Л. П. Этнокультурный подход к подготовке студентов педагогических вузов / Л. П. Карпушина // Фундаментальные исследования. – 2011. – № 12 (часть 2). – С. 302–305.
11. Жетписбаева, Б. А. Этнопедогогические основы содержания воспитания в школах Казахстана и Германии (сравнительный аспект) : дисс. ... канд. пед. наук / Б. А. Жетписбаева. – Караганда, 2001.

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байзақова Қ.Ш.
№4 орта мектебі
Арқалық қ.
kantay.ramazanovna@mail.ru

Аннотация. В настоящее время английский язык является языком международного общения в мире. Связи с этим статья рассматривает актуальные проблемы методики преподавания иностранных языков и пути их решения.

Annotation. Currently, English is the language of international communication in the world. In this regard, the article considers the actual problems of foreign language teaching methods and ways to solve them.

Соңғы жылдары қазақстандық қоғамда шет тілдерінің статусы айтарлықтай өзгерді. Қазір шет тілдерін, соның ішінде, ағылшын тілін меңгеру заман талабына айналды. Қазақстаннның әлемдік қоғамдастыққа енуі, елдегі экономикалық, әлеуметтік мәдени жағдай қоғамда шет тілдерін меңгеру қажеттілігін тудырып отыр.

XXI ғасырда Америка Құрама Штатының әлемде ықпалының артуының басты көріністерінің бірі — ағылшын тілін халықаралық тіл деңгейіне көтерді. Ураазияның жүрегінде орналасқан Қазақстанда да ағылшын тілінің ықпалы жыл сайын басымдылыққа ие болып келеді. Ағылшын тілін заманауи талаптарға сай елдің әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани білімін арттырудың негізгі құралы деп атауға болады. Себебі, Қазақстан қазір әлемдік аренада өз орнын айқындап, халықаралық қоғамдастықтың бөлінбес бір бөлшегіне айналды.

Қазіргі кездегі Қазақстанның лингвистикалық кеңістігін алып қарасақ, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде танылса, орыс тілі ұлтаралық қолданыстағы тіл, ал халықаралық тіл ретінде ағылшын тілі ерекше маңызға ие болып отыр.

Уақыт өте келе шет тілдерді оқыту мақсаты мен міндеті өзгеріп, заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану көзделуде. Алайда, бұл бағдарламалардың іске асуына ауылдық жерлерге қарағанда қалалық елді мекендерде жақсы жағдай жасалғаны айқын.

Шетел тілінің мұғалімі жаңаша оқытудың технологиясын жан-жақты меңгеріп, соңғы жарық көрген ғылыми әдістемелік әдебиеттердегі тәжірибелі ұстаздардың оқыту әдістерін үйреніп, оларды шығармашылықпен өз жұмысында орынды да тиімді жемісті қолдана білуі – XXI ғасырдың шетел тілдері мұғалімдерінің алдына қойып отырған негізгі талабы болып табылады. Оны ойдағыдай жүзеге асыру ұстаздарға үлкен міндет жүктейді. Ана тілінің проблемасы шет тілін оқытудың әдістерін жасауда бірінші кезекте тұрады. Бұл мәселенің күрделілігі ана тіліне сүйену, оның ескерілуі немессе оқу үрдісінен ерекшеленуі сынды оқыту қағидаттарында көрініс тапты. Оқушылардың барлық тілдік механизмдері қалыптастырылған және ана тілге жұмыс істейді, қоршаған ортаны көрудің ұлттық көріністерін көрсетеді. Нәтижесінде шет тілді меңгерудің алғашқы қадамдарын ана тілінің құралдары арқылы жаңа лексемаларды шынайылықтардың нысандарымен емес, ана тілінің сөздерімен байланыстыра отырып, жасайды.

Шетел тілін оқыту әдістемесі пәнін ағылшын тілінде жүргізу бірнеше қиындықтар туғызады. Әсіресе оқытушы мен оқушының сөйлесу қарым –қатынасы бір жақты болса. Оқушылар көбінесе үнсіз қалады. Яғни:

- оқушы өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құралдарды таба алмайды;
- оқытушы мен топ алдында сөйлеуге қысылады;
- өз білімінің дәрежесі төмен екендігін көрсеткісі келмейді.

Сөйлеу – оқытудың мақсаты. Сөйлеу – өте көп аспектілі және күрделі құбылыс. Біріншіден, ол адам өмірінде қарым-қатынас құралының қызметін атқарады. Мұғалімге ең алдымен оқытуда табысқа жету үшін оның қалайша жүзеге асатынын түсінуі қажет. Екіншіден, сөйлеу – бұл қызмет, адам қызметінің бір түрі. Үшіншіден, сөйлеу қызметінің нәтижесінде оның өнімі – пікір айту пайда болады. Сөйлеу – қарым – қатынас құралы. Қарым – қатынас

ауызша, жазбаша түрде де жүзеге асырыла береді. Бірінші жағдайда сөздік қызметтің түрлері ретінде адам қарым- қатынастың екі құралын, сөйлеу мен тыңдап-түсінуді, екінші жағдайда жазу мен оқи білуді меңгеруі қажет. Сондықтан, сөйлеу – сөздік қызметтің түрі ретінде қарым- қатынастың құралдарының бірі болып табылады.

Ең басты мәселелердің бірі — мектеп оқушыларының бастауыш сыныптардан бастап шет тілдерін үйренуге психологиялық тұрғыдан дайын еместігі. Бұның екі себебі бар, біріншісі үйдегі ата-ананың көпшілігі шет тілді өзі меңгермеуіне байланысты балаларға үй тапсырмаларын орындауда көмектесе алмауы. Сондықтан, ата-анасының оларға көмектесе алмай қиналғанын көрген баланың санасында «шет тілін үйрену қиын» деген пікір қалыптасады, сол арқылы көпшілігінде тілді үйренуге деген ынтасы нашарлайды. Сонымен қоса, ата-аналарда «мұғалім үйретуге міндетті» деген көзқарастың қалыптасуы. Мәселен, бір сыныпта жиырма оқушы деп алсақ, қырық бес минутта мұғалім сабақ бағдарламасын бәріне бірдей түсіндіреді. Алайда, сол жиырма оқушының тек бес-алтауы қажетті деңгейде қабылдаса, бес-алтауы жай ғана түсінеді, ал қалған жеті-сегізі тіпті мұғалімнің не айтқанына назар аудармайтын болады. Мұнда негізгі мәселе – оқушының қабылдау қабілетіне тікелей байланысты.

Екіншісі, оқу бағдарламасы, оқулық және әдістемелік құралдар деңгейі. Қазіргідей технологияның қарыштап дамыған ғасырында лингвистикалық өзгерістердің жиі байқалатыны анық. Мысалы, Еуропада жыл сайын жаңадан лексикаға енген сөздердің сөздігін жариялап отырады. Ал, біз оқытып жүрген ағылшын тілі оқулықтары көп жағдайда өзге елдер тәжірибесіне негізделген немесе шетелдік авторлардың кітабы. Сондықтан, көп жағдайда мәдениетаралық және тіларалық коммуникацияда қиындықтар туындайды. Бұл мәселені шешуде шетелдік заманауи оқу бағдарламалары мен оқулықтарымен қоса, отандық оқулықтарды да қатар қолданған дұрыс деп есептеймін. Қоғамда қалыптасқан тағы бір қоғамдық пікір егер оқушы білімсіз болса, оған мұғалім кіналы деген дәстүр қалыптасқан. Алайда, кез келген шет тілдерін үйренуде қалыптасқан тәжірибе бойынша адамға тілді үйрету емес өзі үйрену маңызды екенін түсінген абзал. Елбасы Жолдауында аталғандай қоғамды сапаландыру бағытында білімнің басым бағыттарының бірі- әлемдік жаһандану кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнын ұлттық құндылықтармен, мәдениетаралық түсінікпен, ақпараттық жетістіктермен, тілдік (ана тілі мен шетел тілдері) байлықпен толықтыру болмақ.

Қазақ бабаларымыздың сол кездердің өзінде болашақ үшін қам жеп, ұрпақтарына «Жеті жұрттың тілін білген, жеті жұрттың қамын жер»- деген қанатты сөзді бекер айтпаған болар.

Ағылшын тілін ерте жастан оқыту. Көрнекілік принципін қолданудың маңызы. Қазіргі таңда бастауыш сыныптарда тіл игеруге жаңа әдістерді қолдану қажеттігі туып отыр. Бұдан бұрынғы әдістерді қолданбау керек деген пікір тумайды. Қайта бұл жаңа методиканың дамуына негіз

салады. Атап айтқанда әр түрлі сөйлемдерді меңгерту, қайталау, мәтіндерді оқыту, бірнеше қайтара естеріне түсіру, тағы да басқа жұмыс түрлері оқушыны жалықтырып шаршатады. Сондықтан да ағылшын тілін игеруде ойын түрлерін пайдалану оқушының өзіне деген сенімсіздігін сейілтіп, тілді үйренуге ынтасын арттырады.

Мысалы, оқудың алғашқы кезінде оқушы тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуі мүмкін, бара - бара материалдың күрделенуіне байланысты оқушы әр түрлі қиыншылықтарға кездеседі. Ал бұған мұғалімдер кезінде көмек жасай алмайды. Қиыншылықтан тек сабақта ойын түрлерін пайдалану, топтық жұмыстар арқылы оқушының көзін жеткізуге болады.

Әрине ағылшын тілін оқып, үйрену бірден қалыптаса алмайды. Өз ана тілін әбден толық меңгермеген балаға ағылшын тілін үйрету оңайға соқпайды. Бұл кезде мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытуды ойын түрлерін пайдалану оқушының басқа тілді үйренуге деген ынтасын арттырады.

Оқудың алғашқы кезінде оқушының тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне көмектеседі. Ағылшын тілін үйретуде алғашқы кезде балалардың көздерімен көріп, құлақпен тыңдау арқылы - тыңдау мен сөйлетуге үйрету керек. Түрлі - түсті суреттерді іліп, ауызша оқылуын айтып бала әріпті танымаса да сурет астына оқылуын жазу керек.

Үй ішіндегі бұйымдарға немесе кабинеттегі бар заттарға, мысалы *есікке- DOOR, терезеге- WINDOW, тақтаға- BLACKBOARD, қабырғаға - WALL, гүлге -FLOWER* - деп жазып іліп қойса, оқушы есікті т. б көріп тұрып, оны қалай аталатындығын көреді, естиді, сонымен бірге әріпті танымаса да деген сөздің қалай жазылатындығы көзбен көру арқылы баланың есінде қала береді.

Әрине, шет тілдерін оқытуда әлі шешімі табылмаған мәселелер көп. Білім беру мекемелерінде шет тілдерін оқыту бағдарламаларының жетістіктері мен кемшіліктерін талдау, саралау арқылы олардың тиімділігін арттыру маңызды.

Әдебиеттер

1. Сабитова М.Р. Аударма және мәдени аралық қарым-қатынас Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Халықаралық қатынастар: теория-практика-ізденіс». – Алматы: Абылай хан атындағы ҚазГУ МО и МЯ, 1999.- [458 б.]
2. Маслова В.А. Лингвомәдениеттану: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық.-2-басылым, стереотип. – М.: «Академия» баспа отралығы, 2004.- [27б.]
3. Леонтьев А.А. Тіл жат болмау керек/ Шетел тілін оқытудың этнопсихологиялық аспектілері. – М., [1996.]
4. Смагина И.П. Шетел тілін оқыту мәдениаралық қатынастың маңызды негізі.// Ғылыми-педагогикалық журнал Білім. 2008. №4. – [73 б.]
5. Барышников Н.В. Мультилингводидактика// Ғылыми-әдістемелік журнал ИЯШ. 2004. №5. – [19 б.]

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Кунтуова А. Б.
А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебі
Арқалық
aigerim060987@bk.ru

Аннотация: В настоящее время знание английского языка требование времени. В этой работе есть различные методы преподавания английского языка в школах, пробуждение интереса к языку, подготовка в будущем квалифицированных и образованных специалистов суверенной страны.

Annotation: Currently knowledge of English is a requirement of time. In this work there are various methods of teaching English in schools awakening interests in the language, training in the future qualified and educated specialists in a sovereign country.

Қазіргі таңда ағылшын тілі – ғаламдық феноменге айналды. Мемлекетаралық байланыстарды нығайту үшін елдерді экономикалық жағынан ғана емес,ол тілге де байланысты. Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде, соған орай білім беру мекемелері мен ұстаздарға үлкен талап қойылуда. Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты-шынайы өмірде оқушылардың ағылшын тілінде қарым- қатынас жасай алу негіздерін қалыптастыру болып табылады. Білім берудегі мақсат тек қана білімді кәсіби мамандырылған тұлға дайындау ғана емес,сонымен қатар оның рухани дүниесі бай,адамгершілігі зор, ұлттық құндылықтарды бағалайтын және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек.

Шетел тілін үйрету қиында, қызықты жұмыс. Қазіргі заман талабына сай жаңашыл бағытта жұмыс істеу барша ұстаздардың міндеті. Әрбір баланы оқытып- тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті болу үшін біз жаңашыл болуымыз керек. Шәкірттерді мектепте табысты оқуы ғана емес, болашақ өмірінде де табысты болуы, мұғалімнің қабілетіне, құзіретіне, педагогикалық әдіс-тәсілдерінің жаңашыл бағдарламада қолдануына байланысты. Әр пән мұғалімнің алдында тұрған міндеттерінің бірі-табысты және қабілетті, өз орнын нақты сезіне алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі оқыту жүйесінің өзіндік ерекшеліктері білім берудің мазмұндық негізін анықтауда баланы оқу материалдарын дайын күйде емес, өзі ізденуге жаңашаландыруға баулу. Сабақ барысында оқушы құзыреттілігін дамыту- мұғалімнің құзыретті тәсілдерін меңгерту, білім беру мазмұнын жетілдіру, сапасын арттыруы нәтижелі білім алуға бағыттайды. Мұғалім пәндерді оқытуда педагогикалық технологияларды тиімді пайдаланып, оқушының сабаққа қызығушылығын ояту, оқушының

өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдылану. Пән мұғалімінің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті пайдалана отырып, заман талабына сай оқушыларға нақты жоғары деңгейде сабақ беру. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге бағыттау- ұстаздың басты міндеті болуымен қатар, оларға жүктелер жауапкершілік жүгінде еселейді. Жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты- бәсекеге қабілетті маман дайындау. Шетел тілі пәні бойынша әдітеме бұл- тілді оқыту заңдылықтары мен ережелері, оны меңгеру жолдары. Әдістеме ғылымы шетел тілін оқытудың мақсатын, мазмұнын, құралдарын, әдістерін ұйымдастыру формаларын зерттейді. Әдістеме терминінің негізгі мазмұнын құрайтын үш ұғыммен әдітемеге анықтама беруді кездестіруге болады.Олар: тілді оқыту (learning), үйрену (acquisition), меңгеру (skill).

Әдістеме педагогика ғылымымен, психология, лингвистика ғылымдарымен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы лингвистика ғылымымен тыгыз байланысгы, себебі лингвистиканың негізгі мәселелері тіл мен ойлау, грамматика мен сөздік, т.б. әдістемеге де қатысы бар. Әдістемеде лингвистика ғылымының оқу материалын іріктеудегі зерттеулері негізге алынады. Көптеген атақты лингистер лингвистика теориясын ғана зертгеп қоймай, оларды тілді оқытуда қалай пайдалану керек екендігін де зерттеген. Шет тілін оқыту әдістемесінің басқа ғылымдар сияқты зерттеу мәселелері бар:

1) шет тілін өз елімізде, шет елдерде оқыту жолдары

2) әр түрлі мектептерде алдыңғы қатарлы мұғалімдердің тәжірибесін зерттеу және қолдану.

3) тәжірибелер арқылы жаңа әдістемелік тақырыптар енгізу

Оқытудың мазмұны негізгі 3 компоненттен тұрады: 1) лингвистикалық; 2) психологиялық; 3) әдістемелік.

Қазақ әдебиетінің классигі, Ұлы Абай атамыз: "Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек",- деген. Шынында да тек қана жігерлі, әр нәрсені үнемі белгісі келетін, ізденетін адам өз мақсатына жетеді. Ағылшын тілі мұғалімі оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру үшін тек қана оқулықты ғана емес, сонымен қатар басқа да қосымша дерек көздерін тиімді қолдану керек. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту үшін, мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет, бірақ әдіс-тәсілдер төменгідей талаптарға сай болуы тиіс:

1. Әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасап, оқушы қызығушылығын ынталандыру керек, тілді практикада қолдануға деген қажеттілігін тудыру қажет.

2. Оқушы тұлғасын толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктерімен байланысты болуы керек.
3. Оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек.
4. Оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек.
5. Оқушыға өз физиологиялық, иинтеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек.
6. Түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен, сыныппен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану керек.

Көптілді оқыту – болашақ жастардың білім ордасында еркін самғауына жол көрсететін , оқушыны жан-жақты дамытатын, өз қабілетін шыңдауға мүмкіндік беретін бүгінгі күнніің ең басты мақсаты. Алдағы уақыта 12 жылдық біліміне көшкен кезде оқу ұйымдарында кейбір пәндер ағылшын тілінде оқытылатын болады. Сол себепті баланы ерте жастан ағылшын тіліне бейімдеу қажет. Ағылшын тілін үйретуді мектеп жасына дейінгі балалардан бастаған жөн. Неғұрлым көп естіп білуге талпынған балалардың есте сақтау қабілеттері соғұрлым жоғары болады. Сол себепті балаға ерте жастан көңіл бөлу қажет. Мектепке дейінгі жастағы балаларға ағылшын тілін үйрету барысында тілге деген қызығушылықтарын ояту керек. Ауызша сөйлеудің алғашқы дағдыларын қалыптастырған жөн. Бала тез есте сақтау үшін ойындар,тез жатталатын сөздер, тақпақтар, өлеңдер үйреткен жөн. Мысалы, отбасы тақырыбын өткен кезде мынандай тақпақ үйретуге болады.

Mother, father
Sister, brother
hand in hand
with one another

Балаға ойын барысында тілді үйрену қызықтырақ болады.Мысалы, “What’s in the bag?” ойынын мен бастауыш сыныптарда “Classroom objects” тақырыбында жаңа сөздерді қалай меңгергендерін тексеру үшін сабақ соңында қолдандым. Сөмке ішіндегі заттарды бір бірлеп алып, көрсетіп “What’s this?”деген сұрақты қойдым. Оқушылар “it is a pen”, “it is a book”деп жауап берді.Оқу үдерісінде ойын түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын көтеру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану мынадай нәтижеге жеткізеді:

- әр оқушының шығармашылығы артады;
- жылдам жұмыс ітеуге дағдыланады;
- оқушының ойлау қабілеті дамиды;
- оқушы топ жаруға ұмтылады;

Ағылшын тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөздің рөлі өте зор. Ауызша сөйлеу арқылы оқушылар бір-бірін түсінеді, өз ойларын ортаға салады,сыни ойлар айтып дәлелдейді.Мысалы,"Profession" тақырыбын өткен кезде сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің бөлімі диалогтық оқыту арқылы оқушыларға ашық және жабық сұрақтар қоя отыра, миға шабуыл жасадым.

1. What is your favourite profession?

2. Who do you want to be in the future? Why? Оқушылар бұл сұрақтарға өз ойларын білдіріп, нақты жауап берді.

Сын тұрғысынан ойлау - бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әртүрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыда дамыту. Жаңа технологияның арқасында оқушының белсенділігі артып, жан-жақты талдауға, ойын ашық айтуға, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді оқушылар тәрбиелеуге болады.Сабақ барысында әр түрлі әдістерді қолданамын. Себебі тиімділігі тақырыпқа байланысты не біледі, соны жазады өз біліміне, тәжірибесіне сүйене отыра немесе өздері тақырыптық сызба жасаулары мүмкін. Бұл жұмыстарды орындау барысында оқушыларда өз күшіне деген сенімділік пайда болып, білімдері кеңейеді.

Ағылшын тілін оқыту үрдісінде оң әсерін көретіп жүрген әдістердің бірі- топқа бөліп, оқушылар арасында ынтымақтастық атмосферасын орнату. Топқа бөліп оқытқанда оқушылардың талпынысы артады, әр бала өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талпынады. Топтық іс-әрекет әлеуметтік өзара қарым-қатынастың дамуы ең алдымен топ мүшелерінің тілдесу, сөйлесу, пікірлесу қабілеттерін дамытудың негізгі өзегі.

К.Д.Ушинский оқушылардың бойында бақылағыштық, танымдық, танымдылық қасиеттерді дамыту үшін жаңа кейіпкерлер тудыратын, өзіңе таныс заттардың жаңа жақтарын ашатын оқу материалдары мен көрнекі құралды неғұрлым көбірек пайдалануға кеңес береді. Себебі, олар бір жағынан оқушылардың ой-өрісін, ауызекі сөйлеу тілін, жазу дағдысын қалыптастырады. Мен өз сабақтарымда тақырыпқа сай бейне фильмдер, суреттер сияқты көрнекі құралдарды көбіне компьютер, ақпараттық технологиялар арқылы көрсетемін. Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. Ағылшын тілі - бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық-электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде

терең қолдану.Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамсыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады.

Сабақта АКТ-ны пайдалану арқылы төмендегідей әдістемелік мүмкіндіктерге ие боламыз. Олар:

-білімнің көрнекіленуі;

-оқытудың дифференциациялануы;

-өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру;

-ақпараттық мәліметтер базасын пайдалану;

-оқытудың мотивациясының күшеюі;

-қиын жағдайда ұтқыр шешім таба білу;

-оқу уақытын тиімді пайдалану;

Менің ойымша, бұл әдістер сабақта колданылатын есту, көру, оқу және жазу қабілеттерін түгел қамти отырып, тіпті үлгерімі нашар окушылардың сол тілге деген ынтасы мен қызығушылыгы пайда болатынына еш күмәнім жок.

Қорыта келгенде, шет тілін окытуда есте сақтау және логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын жоғарыда аталған әдіс-тәсілдермен ғана шектелмейтінін айта келіп әр мұғалім сол әдіс-тәсілдерді қалай сұрыптап пайдалану керек, ол қайткенде тиімді, нәтижелі болады деп толғанса, қазіргі уақыттағы окыту үрдісін соғұрлым жаңаша, мақсатты, сапалы ұйымдастырса, жастардың өз бетімен жұмыс істеуіне, белсенділіктерін арттыруға мүмкіндік берілсе, олардың білімді игеруі соғұрлым жоғары деңгейде болады. Сондыктан да жас ұрпакка жан-жақты білім бере отырып, жақсы білікті маман дайындау-мұғалімнің басты міндеті. Сапалы окыту — мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, ол өзі белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалынған кезде жүзеге асырылады. Сапалы окыту окушылардың, коршаган орта жағдайы және окыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде карастырылады. Сондықтан мұғалімде Шульман «мүғалімнің үш көмекшісі» (Шульман, 2007) деп атаған касиеттер болған жағдайда ғана оқыту жақсы болып саналады (І-кесте)

Қазіргі таңда шетел тілін оқыту әдістемесі ғылымы үлкен қадамдармен дамып келе жатқаны сөзсіз. К.Д. Ушинскийдің айтуынша: «Бала шет тілінде сөйлеуге бірнеше жаска қарағанда, бірнеше ай аралығында жақсырақ үйренеді». Елбасы Н.Ә. Назарбаев биылғы жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз»тақырыбындағы жолдауында «өмір бойы білім алу әрбір қазакстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деген. XXI ғасыр білімді де білікті, бәсекеге қабілетті, көптілді, көпмәдениетті тұлғалар ғасыры болмақ. Білім беру саласында түбегейлі өзгерістер енгізілуде. Қазіргі заман талаптарының бірі мемлекеттік және

халықаралық тілдерді жетік меңгеру болып табылады. Шет тілін меңгеру - тілдік дағдылар жүйесін үйрену дегенді білдіреді, ол үшін тілдік біліктілік керек. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де кымбат, өйткені жақсы мұғалім — мектептің жүрегі» деген екен. Сондықтан біз тек Қазақстанның ішінде ғана емес, әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті жаңа мамандарды дайындай білуіміз керек.

Әдебиеттер

1. Қазақстан мемлекеті №3 2007ж
2. Шет тілін оқытудың әдістемесі Г. Н. Амандыкова, Ш. Е. Мұхтарова
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі №39 2011ж
4. Мектептегі шет тілі №3 2006ж
5. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік – педагогикалық журнал. №3(45), 2010.
6. Ағылшын тілі мектепте. 2015 жыл, №3-5

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН МЕҢГЕРУДЕГІ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ ҮШІН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Амиргалиева А. С.
Смаилова А. Т.
«№7 жалпы орта білім беру бейіндік бейімдеуге мамандандырылған мектебі» ММ
Павлодар қаласы
aidana_94sat@mail.ru

Аннотация. Реализация поставленной цели по анализу эффективности использования пословиц и поговорок в процессе изучения грамматики английского языка, способствовала проявлению инициативы, стремления к самостоятельному поиску истины, коммуникабельности, толерантности и компетентности. Необходимость достижения заявленной в исследовании цели создала условия для развития таких важных умений как умение: вступать в диалог; вести экспериментальная работу; сопоставлять и анализировать различные точки зрения; определять содержание исследования; самостоятельно искать истину.

Annotation. Realization of the put aim on the analysis of efficiency of the use of proverbs and saying in the process of study of grammar of English, assisted displaying initiative, aspiring to the independent search of truth, communicability, tolerance and competence. The necessity of achievement of the aim declared in research created terms for development of such important abilities as ability: to enter into a dialogue; to conduct experimental work; to compare and analyze the different points of view; to determine maintenance of research; independently to search truth.

Ағылшын тілін зерделеу – бұл ең алдымен, шетелдік сөздер мен грамматиканы үйрену арқылы басқа мәдениетпен және өзге өмір салтымен танысу болып табылады. Әртүрлі табиғи тілдегі мәтіндерде нақты фактілер мен оқиғалар туралы хабарлайтын сөздер ғана емес, сонымен қатар әмбебап сөздер де қолданылатыны мәлім. Сөйлеу қарым-қатынасына субъективті құрауышты енгізетін және сөйлеу коммуникациясының саласына қызмет көрсететін мақал-мәтелдерді сөздердің дәл осы санатына жатқызады. [1, 13]

Зерттеудің өзектілігі - ұлттық тілдің қалыптасуын және дамуын айқындайтын ойөрісті және жалпы сипаттамалар түсінігін кеңейту, оның бастауы - маңызды элементі мақал-мәтелдер болып табылатын халық ауыз әдебиеті шығармаларын пайдалануды талап етеді. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер жалпы тілдің лексикасы мен фразеологиясын зерделеу кезінде қолданылып, филологиялық циклдің мектепте зерделенетін пәндерін оқу кезінде пәнаралық байланысты орнатуға және осы байланысты кеңейтуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – ағылшын тілінің грамматикасын зерделеу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін мақал-мәтелдерді пайдалану мүмкіндіктерін анықтау.

Болжам – мақал-мәтелдерді пайдалану оқу материалын анағұрлым тиімді меңгеріп, сөйлеуді грамматика жағынан дұрыс ресімдеу дағдыларын жетілдіру мүмкіндігін туғызады.

Зерттеу нысаны, мәні, мақсаты және болжамы мынадай міндеттерді белгіледі:

- зерделенетін материалды меңгеріп, дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту үшін мақал-мәтелдерді пайдалану мүмкіндіктеріне теориялық талдау жасау;
- сауалнамалар құрастырып, сауалдау өткізуге үйрену;
- грамматикалық тақырыптарды қайталауға және бекітуге арналған тапсырмаларды әзірлеу;
- жасалған болжамның дұрыстығын істәжірибелік жолмен тексеру;
- жүргізілген зерттеу туралы баяндама жасау.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін мына әдістер пайдаланылды:

- теориялық (түрлі деректерге талдау, синтез, жалпылау, қорытындылау жүргізу);
- эмпирикалық (бақылау, сауалдау, тестілеу, істәжірибелік жұмыс, зерттеу барысында алынған деректерді статистикалық өңдеу).

Зерттеудің жаңашылдығы мен теориялық маңыздылығы:

- оқу материалын меңгеру тиімділігінің артуы анықталды;
- мақал-мәтелдерді зерделеумен байланысты материалдың мазмұнына талдау жасалды;
- мақал-мәтелдердің ағылшын тілі білімдерін тереңдету бойынша әлеуетті мүмкіндіктері анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы мынада: зерттеу жұмысын дайындау үдерісінде біз болжам жасап, істәжірибелер жүргізуді, қорытындылар жасауды, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуді және ғылыми мазмұндағы мәтіндер жазуды үйрендік.

Жүйелік ыңғай, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістер кешені алынған нәтижелердің дәйектілігі мен негізділігін қамтамасыз етті. Тапсырмалар 9-10 сыныптардың сабақтарында сыналып, нәтижелеріне талдау жүргізілді.

9-10 сыныптарға арналған "Ағылшын тілі " оқулықтарына (авторы Аяпова Т.) жүргізілген талдау, бұл оқулықтарда 2 жыл ішінде ағылшын тілінің грамматикасымен байланысты мәселелердің үлкен бөлігі зерделенетінін көрсетті. Олардың ішінде мынадай грамматикалық тақырыптар бар: *Present Indefinite (Simple) Tense* (Жай осы шақ), *Modal Verbs* (Модаль етістіктер), *Past Indefinite (Simple) Tense* (Жай өткен шақ), *Future Indefinite (Simple) Tense* (Жай келер шақ), *Possessive Pronouns* (Тәуелдік есімдіктер), *Construction "there is/there are"* ("there is /there are" құрылымы). [2, 21]

Талдау жүргізу барысында, кейбір тақырыптар оқушылар үшін мүлдем таныс емес және жаңа болып табылатынын айқындадық, себебі қазақ тілінде ондай тақырыптар мүлдем жоқ, немесе оларды анағұрлым кешіректеу зерделейді. Бұл факт зерделенетін материалдың ерекше маңызды және күрделі, оны мұқият зерделеу қажет екенін дәлелдейді, тиісінше бұл үдерісті жеңілдету үшін және оны анағұрлым қызықты, әрі нәтижелі ету үшін барлық мүмкіндікті пайдалану қажет.

Осылайша, Present Indefinite (Simple) Tense тақырыбын оқыту кезінде, мына мақалдарды пайдалануға болады: *Laughter* ***is*** *the best medicine. A great sheep* ***asks*** *deep waters. Time* ***flies****. Custom* ***makes*** *things easy. Actions speak louder than words. Still* ***waters*** *run deep. The end* ***crowns*** *the work. Fortune* ***favors*** *the bold (the brave). Appetite* ***comes*** *with eating. Tastes* ***are****differ.* [7]Бұл мақалдар Present Indefinite (Simple) Tense сөйлемдерінде етістіктің формаларын қолдану ерекшеліктерін анықтап, жекеше түрде тұрған 3-жақтағы зат есімдерімен байланысты етістіктер мен басқалардың арасындағы айырмашылықтарға назар аудару мүмкіндігін береді.[4, 63]

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы ағылшын тілінің грамматикасы мәселелерін жетілдіріп, сөйлеу тілін грамматикалық дұрыс ресімдеу дағдыларын жетілдіру мүмкіндігі бар.

Зерттеудің теориялық бөлігі бойынша жұмыс жүргізу барысында жасалған қорытындылар мен болжамды тексеру үшін мақал-мәтелдерді грамматикалық материалды зерделеу және бекіту процессінде практикалық пайдалану бойынша істәжірибе жүргізу қажет. Істәжірибенің мақсаты – ағылшын тілінің грамматикасын зерделеу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін мақал-мәтелдерді пайдалану мүмкіндіктерін анықтау.

Сондықтан, істәжірибені бастар алдында, біз грамматикалық материалды меңгеру қаншалықты қиын екендігін, оқушылардың грамматикаға деген көзқарастарын және грамматика мәселелерін зерделеу үдерісінде мақал-мәтелдерді пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында кіріспе сауалдау өткіздік.

Алынған жауаптарға талдау жүргізіп, оқушылардың көпшілігі грамматикалық материалды зерделеу кезінде қиынсынатынын, ол тек күрделі ғана емес, сонымен қатар өте қызықсыз, әрі жалықтырып жіберетінін және білгенді практикада қолдану қиын екендігін түсіндік. Сонымен қатар, көбі ағылшын мақал-мәтелдерімен танысуға ілтипат білдірді. Алынған нәтижелерге талдау жүргізілді. Бұл нәтижелер мәлімделген болжамды дәлелдеуге немесе оны жоққа шығаруға көмектесетін істәжірибе өткізу қажеттілігіне көзіміз жетті. Негізгі грамматикалық тақырыптарды зерделеу кезінде мақал-мәтелдерді пайдаланумен байланысты тапсырмаларды дайындадық. [3,40]*Мысалы, мақал-мәтелдерді оқып, салыстырмалы сын есімдерді тап:*

1. Two heads better one.

2. Patience is bitter but its fruit is sweet.

3. Better be the head of a dog than the tail of a lion.

4. Actions speak louder than words.

5. A friend in court is better than a penny.

6. Health is better than wealth.

7. Many words cut more than swords.

8. *A good name is better than riches.* [5, 90] [6, 123]

Тапсырмаларды орындау грамматикалық талдау жүргізу тәжірибесін алып, білімдерді толықтыру, жаттығуларды орындау барысында грамматика бойынша теориялық материалмен жұмыс жүргізу, сөздік қорды толықтырып, ойөрісті кеңейту мүмкіндігін берді.

Істәжірибені аяқтаған соң, оның нәтижелілігін анықтау үшін жұмыстарды орындау сапасына талдау жүргізіліп, қайта сауалдау өткізілді. Нәтижелер грамматикалық тақырыптарға, мақал-мәтелдерге деген қызығушылық артып, оқушылар грамматикалық ережелер бойынша тапсырмаларда жіберетін қателер азайғанын көрсетіп, зерттеуіміздің гипотезасын практикада дәлелдеді.

Ағылшын тілінің грамматикасын зерделеу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін мақал-мәтелдерді пайдалану мүмкіндіктерін анықтау мақсатында, біз істәжірибелік жұмысты ұйымдастыру логикасына сәйкес құрылған тәжірибелік-эксперименталдық жұмысты жоспарлап, оны жүзеге асырдық. Әр кезең үшін нақты міндеттер белгіленіп, біздің ойымызша анағұрлым қолайлылары таңдалды және күтілетін нәтижелер болжамданды.

Жүргізілген істәжірибелік жұмыс нәтижесінде мақал-мәтелдерді пайдалану оқу материалын анағұрлым тиімді меңгеріп, сөйлеу тілін грамматикалық дұрыс ресімдеу дағдыларын жетілдіру мүмкіндігін береді деген гипотезамыз дәлелденді.

Әзірленген тәжірибелік-эксперименталдық зерттеу бағдарламасына сәйкес кіріспе және қайта сауалдау өткізілді. Тапсырмалар жасалды және оларға сынау жүргізілді. Оқушылар берілген тапсырмаларды орындау үдерісінде грамматикалық ережелерді қолдану бойынша алған дағдылармен жұмыс жүргізумен қатар, өздерінің қазақ тілі мақал-мәтелдері бойынша білімдерін тексеріп, Қазақстан және Британия тұрғындарының өмірі мен тұрмысы туралы түсініктерін кеңейте алды. Оқушылар біздің елдің тұрғындары үшін де, шетелдіктер үшін жақын адамгершілік құндылықтар туралы түсініктерін толықтырды.

Әдебиеттер

1. Ағылшын-қазақ мақалдарының этнолингвистикалық ерекшеліктері// Мир языка. «Аударманың көкейкесті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы,2001.
2. Аяпова Т, ағылшын тілі оқулығы 9-11 сынып, Алматы «Мектеп» баспасы, 2014
3. Қазақ мақал-мәтелдердің Алтын кітабы // Алматы: «Аруна» баспасы, 2014
4. Ағылшын тілі грамматикасы кестеде. ООО «Виктория плюс».
5. Swan M. Practical English Usage.
6. «Сөзмәйегі», «Даналарданшыққансөз » мақал-мәтелдержинағыМ.Әлімбаев
7. Ғаламтор желісінен: http://english-proverbs

ТРЕХЪЯЗЫЧИЕ – ЭТО ОСНОВА КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ

Нурпеисова О. С.
ГУ «Родинской средней общеобразовательной школы
отдела образования акимата
г.Аркалык

Аннотация. Әлемде кең тараған тіл ағылшын, орыс тілдері. Оларды білу көптік етпейтін ақиқат. Себебі көптілді меңгерген жастардың алар белестері биік. Сондықтан көптілді білім берудің басты мақсаты - әр білім алушының жеке қабілеттерін көптілді дамытуды қамтамасыздандыратын жағдай жасау. Көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Ағылшын тілін үйрететін топтар, үйірмелер ашылуда. Осының барі күнделікті жағдай. Енді көптілділікті техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында халық аралық стандарт деңгейінде тиімді ұйымдастыру үлкен мәселе.

Кілт сөздер: үштілділік, бәсеке, қабілеттілік.

Язык – это не только средство общения, это душа народа ,хранитель традиций и культуры. Языковое многообразие Казахстана всегда было в приоритете. Об этом можно судить по Закону «О языках в Республике Казахстан» от 1997 года. В нем говорится ,что все языки казахского народа – национальное достояние.

Президент Казахстана Нурсултан Абишевич Назарбаев отмечает важность образования для развития республики. В частности ,необходимо делать упор на изучении казахского, русского и английского языков. Часть дисциплин будут преподавать на государственном языке, часть – на русском и часть – на английском. Введения трехъязычного образования должно сделать казахский народ конкурентоспособным на мировой арене. Эта реформа – составляющая программы « Казахстан –2030».

Планируется, что к 2020 году около 20% населения может свободно общаться на английском языке. Усовершенствование системы образования начнут с управления образовательным процессом. Обучение должно носить творческий , деятельный и коммуникативный характер. Акцент делают на системном подходе к преподаванию. В итоге, получая трехъязычное образование, учащийся должен принимать более активное участие в процессе , а преподаватель – стать для него наставником. Такая форма сотрудничества повысит степень ответственности ученика и его способность к самообучению. От учителя в таком случае требуется высокая степень квалификации и хорошие знания английского языка.

Трехъязычие – это перспективная идея, но, чтобы в ней не разочароваться, нужно грамотно продумать план реализации.

Поживем – увидим. Надеемся, что все сложится хорошо, и казахский язык не только не пострадает, а укрепит свое значение. Языки изучались в школах всегда. К данной системе обучения свой подход.

Первый подход – преподавание самих предметов: казахского языка, казахской литературы, русского языка, русской литературы и английского языка. Цель этих предметов направлена на развитие у детей четырех видов речевой деятельности: речь, письмо, аудирование и чтение. Изменяется методика и технология преподавания предмета, поэтому и были подготовлены уровневые программы для изучения трех языков.

Второй подход заключается в том, что дети уже на практике смогут применять знания языков.

Внедрение системы трехъязычного образования- это комплексный процесс, большая важность в котором придается не только обучающим программа, но и воспитательному процессу. Ведь важно не только сформировать картину мира будущего математика, физика или историка, важно воспитать в нем человека, гражданина, патриота.

Президент страны Нурсултан Назарбаев сказал: « Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это казахский язык – государственный язык, русский язык – язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику». Внедрение трехъязычного обучения – веление времени. У знаниям имеется один путь – стремительно двигаться и овладеть тем, что мир знаний , а затем внедрять. Три языка – это минимум сегодня, чтобы не отстать навсегда.

Я преподаю предмет « Русский язык и литература» в классах с казахским языком обучения. На уроках русского языка пытаюсь проводить параллели между тремя языками: использую методы «Кластер», «Синквейн», « Ромашка Блума» и др. В 5 классе по теме « Семья» все члены семьи записаны в два столбика на английском языке. Задание обучающимся: составьте кластер , используя названия членов семьи на английском языке. Как они звучат на родном и русском языках? Далее новые слова , то есть словарная работа ведется на трех языках. В течение урока осуществляются переводы отдельных слов, словосочетаний , предложений на английский и казахский языки.

Сегодня проблему трехъязычия , методы развития этой программы многие видят по- разному. Но нужно помнить о том, что это наша общая задача и ответственность. Потому что мы сегодня, строим свое завтра. Увеличение количества людей , который говорят на трех языках возможно при научном подходе к данному вопросу ,применении и внедрении инновационных методов, а также при употреблении имеющегося опыта , способствующего эффективному изучению языков. Полиязычие помогает расширять мыслительные возможности и повышать интеллектуальный уровень обучающегося. Следовательно, на уроках русского языка я включаю на различных этапах урока задания , способствующие формированию полиязычной личности. Во время проведения словарной работы переводятся некоторые слова или же составляются устно словосочетания на трех языках. Развитию коммуникативных способностей способствуют игры, работа с пословицами, поговорками, загадками, кроссвордами, ребусами. « Подбери к казахской или к английской пословице близкую по значению русскую». Каждый современный учитель старается преподнести учебный материал в ненавязчивой и занимательной форме, чтобы повысить мотивацию у обучающихся. Сильное эмоциональное и мотивационное воздействие на личность производят рифмы.

На сегодняшний день, знание нескольких языков является необходимым навыком и требованием современности. Целью трехъязычного образования является формирование человека, обладающего чувством уважения и понимания к другим культурам, умеющего жить в мире и согласии с людьми разных национальностей.

Я также считаю, что трехъязычное образование необходимо начинать с детства.

Знание языков – это главная необходимость прежде всего для современного человека. Мы с уверенностью можем сказать, что жить в мире со знанием казахского, русского и английского языков – это значит иметь доступ к любой информации. Кроме того, знание языков – это доступ к культуре. Человек будет чувствовать себя уверенно в любой многоязычной среде.

Страна как раз с этой позиции пытается создать равные возможности для всех детей, для того чтобы они могли изучать эти языки в школах.

Язык – это ключевое явление культуры, вероятно, главный механизм национального единения, инструмент возникновения и воспроизводства нации как социальной структуры. В рамках сохранения языкового многообразия в Казахстане предполагается прежде всего , создание условий для обучению родному языку представителей этносов, проживающих в Казахстане. Для этого планируется оказание участникам образовательного процесса учебно- методической помощи, а также привлечения опытных педагогов – носителей языка, использование международного опыта и современных технологий при обучении родным языкам.

В своей практике придерживаюсь принципа триединства языков. Трехъязычие для меня, как для педагога, наполнено еще и некоторыми аспектами профессионального плана. А именно:

-осуществление межпредметных связей на уроках ,интегрирование;

-расширение кругозора учащихся:

- культурное взаимообогащение путям овладения трем языкам:

- воспитание толерантности и интернационализма.

Так как школа основное звено всей системы образования, именно здесь надо подготавливать почву для обучения и воспитания поликультурной личности, создать условия для формирования полиязыковой личности. Центральной фигурой школы, которая реализует все планы и программы , является учитель. Считаю, что учитель должен начинать с себя, а не ждать помощи , заниматься самообразованием. На факультативных занятиях по русскому языку я применяю различные инновационные технологии для повсеместного развития трехъязычия. Отбор текстового полиязыкового материала я осуществляю по таким критериям, как:

- доступность с точки зрения языковых средств;

-актуальность проблематики с позиций общечеловеческих ценностей и с точки зрения проблем современности;

- соответствие речевому и жизненному опыту учащегося.

Я уверена, что разумное, грамотное и правильное внедрение полиязычия дает возможность выпускникам школ быть коммуникативно-адаптированными в любой среде, поможет стать конкурентоспособными, дает молодежи ключ к мировым рынкам, науке и новым технологиям, создает условия для конструктивного сотрудничества в мировом обществе.

Я считаю,что именно мы учителя готовим почву для обучения. Мы создаем условия для формирования полиязычной личности. Мы реализуем все планы и программы.

Литература

1. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда //Казахстанская правда. – 2012.- №218- 219 – 10 июля.
2. Послание Президента РК народу Казахстана «Стратегия « Казахстан – 2050» Новый политический курс состоявшегося государства.

3. Буланкина Н.Е. Проблема эффективного культурного самоопределения личности в полиязыковом образовательном пространстве. – Москва: издательство АПКи ПРО. 2002
- Закон « Об образовании» от 27 июля 2007 года №319 – 3 // Казахстанская правда .-2007 №127.- 15 августа.
- Закон Республики Казахстан « О языках» от 11 июля 1997 года.

TRILINGUALISM IS THE BASIS OF COMPETITION

Тулегенова А.Е.
Родина жалпы орта білім беретін мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Арқалық қаласы

Abstract. Trilingualism - the condition of being trilingual; the ability to speak three languages. Schools provide in-depth study of Kazakh, English and Russian languages. Beginning from 2019-2020 academic year, "Computer Science", "Chemistry", "Biology" and "Physics" will be taught in English. Transition to teaching disciplines in English will be implemented gradually from 2017 to 2023.

Key words: Trilingualism, linguistic development, cognitive benefits, competition.

Trilingualism is mandatory

